

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Павлодарского государственного университета имени С. Торайгырова

---

# ПМУ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық сериясы  
1997 жылдан бастап шығады



# ВЕСТНИК ПГУ

Филологическая серия  
Издается с 1997 года

№ 1 (2016)

---

Павлодар

**МАЗМҰНЫ****НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ**

Павлодарского государственного университета имени С. Торайгырова

**Филологическая серия**

выходит 4 раза в год

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**о постановке на учет средства массовой информации  
№ 14210-Ж

выдано

Министерством культуры, информации и общественного согласия  
Республики Казахстан**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Демесинова Г. Х., *к.ф.н., доцент*

Ответственный секретарь

Шахметова Н. А.

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Брицын В. М., *д.ф.н., профессор (Украина)*  
 Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Россия)*  
 Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*  
 Жусип К. П., *д.ф.н., профессор*  
 Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*  
 Казиминова И. А., *ст. науч. сотр. НАН, Украина*  
 Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*  
 Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Россия)*  
 Ыскак Д., *д.ф.н., профессор*  
 Хасанулы Б., *д.ф.н., профессор*  
 Нургожина Б. В., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели  
 Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов  
 При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник ПГУ» обязательна

<b>Адиева П., Мағжан С.</b> Жырлардағы кейіпкерлердің коммуникация мәселесі .....	9
<b>Адиева П., Мағжан С.</b> Фольклордағы диалогтың зерттелу деңгейі .....	16
<b>Айтбаева Б. М., Мәуленова Б. М., Мәуленова Ә. М.</b> Батырлық жырындағы бейнелеу құралдарының қызметі .....	22
<b>Аитова Н. Н., Сапина С. М.</b> Түркі тілдеріндегі арабизмдер (қазақ, башқұрт тілдері материалдары негізінде) .....	29
<b>Алиясова А. В.</b> Әлеуметтік желілердегі коммуникация жоғары оқу орнын алға бастыру құралы ретінде (Павлодар облысының ЖОО-ның тәлімінде) .....	34
<b>Алиясова А. В.</b> СЛІЛ оқыту тұрғысында оқу және жазу интеграциясы: мен кейбір практикалық шешімдер .....	39
<b>Анафина Н. К., Садықова Л. Н., Күнгөзина Д. Қ.</b> Қазақ пен орыс халқының мақал-мәтелдерін салыстыру .....	47
<b>Әміреев Н. Ә., Бегалиева Л.</b> Іскерлік қатынастағы жазудың рөлі .....	50
<b>Әубәкір С. С., Трушев А. Қ.</b> Тіл және ойлау .....	55
<b>Байдрахманов Д. Х., Сейтешева Т. А.</b> Қазақ және ағылшын тілдеріндегі фразеологияның бірнеше саты арқылы қалыптасуы .....	60
<b>Бердібай А. Р.</b> Ұлтаралық байланыс нәтижесіндегі Жаяу Мұса әндеріндегі музыкалық-поэзиялық құрылымдардың сәтүрлілігі .....	67
<b>Жансейітова С. С., Сүлеева Г. С., Мәшімбаева А. Ж.</b> Музыкалық кәсіби тілдік мәтіннің өзіндік ерекшелері .....	73
<b>Ефремов В. А.</b> Заманауи орыс академиялық неографияның мәселелері .....	78
<b>Жанұзақова Қ. Т., Оңалбаева А. Т.</b> Смағұл Елубайдың «Жалған дүние» романындағы символикалық образдар .....	86
<b>Жанұзақова Қ. Т., Омарова Д.</b> Ж. Әбдіраш өлеңдеріндегі жанрлық ізденістер .....	92
<b>Жарылғапов Ж. Ж.</b> Қазақ прозасындағы «мифологиялану» үдерісі .....	99
<b>Жарылғапов Ж. Ж.</b> Роман жанрының ғылыми типологиясы хақында .....	106
<b>Жұмабекова Г. А.</b> Темірхан Медетбектің тәуелсіздік жылдарындағы публицистикасы .....	113

<b>Жүсіпов Н. Қ., Вафеев Р. А., Баратова М. Н.</b>	
Мәшһүр Жүсіптің фольклор туралы ойлары .....	119
<b>Исаева Ж. Т., Түнеұшбаева Г. Ж.</b>	
Ғылыми білімді таңбамен көрсету формасы ретіндегі кәсіби шағын тіл ...	124
<b>Қадыров Ж. Т., Жәмбек С. Н.</b>	
Тұрсынбек Кәкішев және сәбиттану мәселелері .....	132
<b>Керімбекова Б. Д.</b>	
Қазіргі қазақ поэзиясындағы постмодернизм .....	142
<b>Косбармахова А. А.</b>	
Арнайы мектеп оқушыларының танымдық іс-әрекетін дамытуға бағытталған когнитивті лингвомәдени кешенді үлгілеу .....	149
<b>Күдерінова Қ. Б.</b>	
Қазақ тілі орфоэпиясын оқытуда ескеретін мәселелер .....	158
<b>Құрманбаева Ш. Қ.</b>	
Елдің туристік имиджін арттыруда лингвоелтанымдық сөздік жасаудың маңызы .....	165
<b>Мағжан С.</b>	
«Күлу» просодикалық амалының негізгі идеялары .....	172
<b>Мағжан С.</b>	
Таңба ишараттардың семантикасы .....	181
<b>Мажитаева Ш., Кабыкен Ж.</b>	
Ахмет Байтұрсынұлы «Қырық мысалының» кейбір тілдік ерекшеліктері ..	190
<b>Мәуленова Б. М., Сапина С. М.</b>	
Тілді көпдеңгейлі жүйемен оқыту .....	197
<b>Муталиева Р. М., Муталиева Р. М.</b>	
Бальзак, Достоевский және қазақ жазушылары шығармаларындағы портрет жасау шеберлігі .....	205
<b>Оңалбаева А. Т., Жанұзақова Қ. Т.</b>	
Бейвербалды қарым-қатынастың проксемикалық мәні .....	210
<b>Саметова Ф. Т.</b>	
«Этнос» және «ұлттық мінез» концептілерінің мазмұны туралы .....	215
<b>Сартбаева Д. Қ., Шайхыстамова М. Б.</b>	
XV-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиетін зерттеудің кейбір мәселелері .....	227
<b>Таусоғарова А. Қ.</b>	
Газет жарияланымдары этностереотиптерінің контент-талдауы .....	237
<b>Трушев А. Қ., Кабышев Б. Б.</b>	
XV-XVII ғасырлардағы ақындардың әдеби тілі .....	246
<b>Шастина Т. П.</b>	
Алтай мемлекетінің әдебиеті: ұқсастық талдауда .....	252
Авторларға арналған ережелер.....	260

## СОДЕРЖАНИЕ

<b>Адиева П., Мағжан С.</b>	
Коммуникационная проблема персонажей эпосов .....	9
<b>Адиева П., Мағжан С.</b>	
Уровень исследования фольклорного диалога .....	16
<b>Айтбаева Б. М., Мауленова Б. М., Мауленова А. М.</b>	
Функции выразительных средств в героических эпосах .....	22
<b>Аитова Н. Н., Сапина С. М.</b>	
Арабизмы в тюркских языках (на материале казахского и башкирского языков) .....	29
<b>Алиясова А. В.</b>	
Коммуникация в социальных сетях как инструмент продвижения высшего учебного заведения (на примере вузов Павлодарской области) .....	34
<b>Алиясова А. В.</b>	
Интеграция чтения и письма в контексте CLIL обучения: некоторые практические решения .....	39
<b>Анафина Н. К., Садыкова Л. Н., Кунгозина Д. К.</b>	
Сравнение казахских и русских народных пословиц и поговорок .....	47
<b>Амреев Н. А., Бегалиева Л.</b>	
Письмо – отражение мысли .....	50
<b>Аубакир С. С., Трушев А. К.</b>	
Язык и мышление .....	55
<b>Байдрахманов Д. Х., Сейтешева Т. А.</b>	
Формирование фразеологии в нескольких этапах в казахском и английском языках .....	60
<b>Бердибай А. Р.</b>	
Многообразие типов музыкально-поэтической формы в песнях Жаяу Мусы как результат межкультурного взаимодействия .....	67
<b>Джансеитова С. С., Сулева Г. С., Машимбаева А. Ж.</b>	
Характерные особенности профессионального подъязыка музыки .....	73
<b>Ефремов В. А.</b>	
Проблемы современной русской академической неографии .....	78
<b>Жанузакова К. Т., Оналбаева А. Т.</b>	
Символические образы в романе С. Елубая «Бранный мир» .....	86
<b>Жанузакова К. Т., Омарова Д.</b>	
Жанровые особенности произведений Ж. Абдираш .....	92
<b>Жарылгапов Ж. Ж.</b>	
Процесс «мифологизации» казахской прозы .....	99
<b>Жарылгапов Ж. Ж.</b>	
О научной типологии романного жанра .....	106
<b>Жумабекова Г. А.</b>	
Публицистика Темирхана Медетбека в годы независимости .....	113

<b>Жусупов Н. К., Вафеев Р. А., Баратова М. Н.</b> Мысли Машхур Жусипа о фольклоре .....	119
<b>Исаева Ж. Т., Тунгушбаева Г. Ж.</b> Профессиональный подъязык как форма знакового представления научных знаний .....	124
<b>Кадыров Ж. Т., Жамбек С. Н.</b> Турсынбек Какишев и проблемы сабитоведения .....	132
<b>Керимбекова Б. Д.</b> Постмодернизм в современной казахской литературе .....	142
<b>Косбармахова А. А.</b> Моделирование когнитивно-лингвокультурологического комплекса ориентированного на формирование познавательных навыков учащихся профильных школ .....	149
<b>Кудеринова К. Б.</b> Проблемы обучения орфоэпии казахского языка .....	158
<b>Курманбаева Ш. К.</b> О значимости создания лингвострановедческого словаря в укреплении туристского имиджа страны .....	165
<b>Магжан С.</b> Основные идеи просодического элемента «улыбки» .....	172
<b>Магжан С.</b> Семантика жестовых знаков .....	181
<b>Мажитаева Ш., Кабыкен Ж.</b> Некоторые языковые особенности «40 басен» А. Байтурсынова .....	190
<b>Мауленова Б. М., Сапина С. М.</b> Обучение языку по многоуровневой системе .....	197
<b>Муталиева Р. М., Муталиева Р. М.</b> Мастерство создания портрета в произведениях Бальзака, Достоевского и казахских писателей .....	205
<b>Оналбаева А. Т., Жанузакова К. Т.</b> Проксемический аспект невербальной коммуникации .....	210
<b>Саметова Ф. Т.</b> О содержании концептов «этнос» и «национальный характер» .....	215
<b>Сартбаева Д. К., Шайхыстамова М. Б.</b> Некоторые проблемы изучения казахской литературы XV-XVIII вв. ....	227
<b>Таусогарова А. К.</b> Контент-анализ этностереотипов в газетных публикациях .....	237
<b>Трушев А. К., Кабышев Б. Б.</b> Литературный язык поэтов XV-XVII веков .....	246
<b>Шастина Т. П.</b> Литература Республики Алтай: в поисках идентичности .....	252
 Правила для авторов .....	260

## CONTENT

<b>Adiyeva P., Magzhan S.</b> Communication problems of poetry personages .....	9
<b>Adiyeva P., Magzhan S.</b> The level of folklore dialogue studies .....	16
<b>Aitbaieva B. M., Maulenova B. M., Maulenova A. M.</b> Functions of expressive means in heroic epos .....	22
<b>Aitova N. N., Sapina S. M.</b> Arabism in the Turkic languages (based on the Kazakh and Bashkir languages) .....	29
<b>Aliyassova A. V.</b> Communication in social networks as a tool of higher institutions (on the base of Pavlodar region higher education institutions) .....	34
<b>Aliyassova A. V.</b> Integrating reading and writing into the context of CLIL classroom: some practical solutions .....	39
<b>Anafina N. K., Sadykova L. N., Kungozina D. K.</b> Comparison of Kazakh and Russian proverbs and sayings .....	47
<b>Amreev N., Begalieva L.</b> Role of the business letter's relationships .....	50
<b>Aubakir S. S., Trushev A. K.</b> Language and thought .....	55
<b>Baidrakhmanov D. Kh., Seiteseva T. A.</b> Formation of many stages of phraseology in Kazakh and English languages ..	60
<b>Berdibay A. R.</b> The diversity of musical and poetic form in songs by Zhayau Musa as a result of cross-cultural interaction .....	67
<b>Dzhanseitova S., Suleyeva G., Mashimbaeva A.</b> The characteristic features of professional music sublanguage .....	73
<b>Efremov V. A.</b> Problems of contemporary Russian academic neography .....	78
<b>Zhanuzakova K. T., Onalbayeva A. T.</b> Symbolic images in the novel of S. Elubay «The frail world» .....	86
<b>Zhanuzakova K. T., Omarova D.</b> Genre features of works by Zh. Abdirash .....	92
<b>Zharylgapov Zh.</b> The process of mythology in Kazakh prose .....	99
<b>Zharylgapov Zh.</b> The genre of novel in scientific typology .....	106
<b>Zhumabekova G. A.</b> Publicism of Temirkhan Medetbek in the years of independence .....	113
<b>Zhussupov N. K., Vafeev R. A., Baratova M. N.</b> Mashkhur Zhusip and people's mind .....	119

<b>Isaeva Zh. T., Tungushabaeva G. Zh.</b>	
Professional sublanguange as a form for representing scientific knowledge in symbols .....	124
<b>Kadyrov Zh. T., Zhambek S. N.</b>	
Tursynbek Kakishev and the problems of Sabit-studies .....	132
<b>Kerimbekova B. D.</b>	
The postmodernism in Kazakh poetry .....	142
<b>Kosbarmakhova A. A.</b>	
Modeling of cognitive linguacultural complex directed to the development of cognitive activity of profile school learners .....	149
<b>Kuderinova K. B.</b>	
Problems of teaching the Kazakh language orthoepy .....	158
<b>Kurmanbayeva Sh.</b>	
The importance of creating a dictionary in the strengthening of the country's tourist image .....	165
<b>Magzhan S.</b>	
Key ideas of prosodic feature «smile» .....	172
<b>Magzhan S.</b>	
Semantics of sign marks .....	181
<b>Mazhitayeva S., Kabyken Z.</b>	
Some language features of «40 fables» of A. Baytursynov .....	190
<b>Maulenova B. M., Sapina S. M.</b>	
Multilevel system of language teaching .....	197
<b>Mutalyeva R. M., Mutalyeva R. M.</b>	
Skill of creating a portrait in the works of Balzak, Dostoyevsky and the Kazakh writers .....	205
<b>Onalbayeva A. T., Zhanuzakova K. T.</b>	
Proxemic aspect of nonverbal communication .....	210
<b>Sametova F. T.</b>	
On the concept of «ethnos» and «national character» .....	215
<b>Sartbaeva D. K., Shaikhystamova M. B.</b>	
Some problems of research of Kazakh literature of the XV-XVII centuries .....	227
<b>Tausogarova A. K.</b>	
Content-analysis of ethnostereotypes in mass media publications .....	237
<b>Trushev A. K., Kabyshev B. B.</b>	
Literary language of the XV-XVII centuries .....	246
<b>Shastina T. P.</b>	
Literature of the Altai Republic: searching for the identity .....	252
Rules for authors .....	260

**П. Адиева, С. Мағжан**

ф.ғ.к., доценттер м.а., Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ.

e-mail: magjan\_saule70@mail.ru

**ЖЫРЛАРДАҒЫ КЕЙІПКЕРЛЕРДІҢ КОММУНИКАЦИЯ МӘСЕЛЕСІ**

*Бұл мақалада қаһармандық жырлардағы кейіпкерлердің қарым-қатынасы мәселесі, сол арқылы характерлерінің ашылуы, оқиғаның өрбуі, жалпы диалогтық тәсілдердің қызметінің ерекшеліктері айтылады.*

*Кілтті сөздер: коммуникация, диалог, фольклор, ғалым, ғылыми пікірлер, қолдану.*

Жырдағы оқиғаны тыңдаушыға қызықты етіп жеткізу мақсатында бейнелеу құралдарды, әсіресе жыршылар әр кейіпкерді сөйлету арқылы сол кезеңнің сөз өнерімен характердің тіл байлығын оны орнымен қолданудың ұтымды тәсілдерін пайдаланады. «Өрине жыршы ақындар жырдағы оқиғаларды үнемі баяндай бермейді... орынды түрде диалог пен монологты да қолданады» – дейді М. Ғабдуллин [1, 208 б.]. Диалог көбіне кейіпкердің көңіл-күйінен, ой-өресінен сол мезеттегі шиеленісті қызықтыра түседі.

Жырларды зерттеп жүрген Ш. Ыбыраев: «Іс-әрекет уақыты мен жырлау уақыты бір-біріне жақын болған тұста эпос шындықты мейлінше дәл бейнелейді. Мұндай жағдай жырда диалог, монолог, батырлардың жекпе-жегі, оқ ату, т.б түрінде кездеседі. Бұл жерде эпос сахна өнеріне жақындап, жырды айтудың ойындық (рольдік) сипаты артады. Сөйлеу – іс-әрекетті баяндау емес, соның өзін бейнелеу болып шығады» – дейді [2, 91-92 бб.].

Ғалымдардың бұл пікірлерінің дұрыстығына қазақ эпосының кез-келген мәтінін талдау арқылы көз жеткізуге болады. Өрине, қазақ эпосының әр қилы жанры үлгілеріндегі диалогтың атқаратын қызметінде елеулі айырмашылықтар болуы заңды нәрсе. Соған орай қазақ жырларындағы диалогтардың ерекшелігі туралы ойларымызды қазақ эпосының жанрларына байланысты жүйелей жазуды жөн көрдік.

Зерттеушілердің қазақ эпосының батырлар ерліктерін, ел-жұрттың тыныштығы, тәуелсіздігі жолындағы күрестерін бейнелейтін жырларды «көне эпос», «батырлар жыры» және «тарихи эпос» деп аталатын үш жанр аясына топтастыра қарастыратыны белгілі.

Бұл жанрлық түрлер үлгілеріндегі диалогтың атқаратын қызметі, ерекшеліктері негізінен ұқсас болғандықтан, оның үстіне қаһармандық эпос үлгілерінің саны да, аса мол екендігін ескере отырып, біз бұл тұрғыдағы пайымдауларымызды классикалық батырлар жырларға тоқталу арқылы ортаға салмақпыз. Дегенмен, қазақтың көне эпосы мен тарихи жырларын зерттеп жүрген ғалымдардың пікіріне де арақидік тоқталып отырамыз. Ә. Қоңыратбаев: «Эпос халықтың тарихи өмірінің бүкіл жиынтығын, ұзақ уақыт бойында қалыптасқан оның дүниетанымын, әдет-ғұрпын, арманын, мүддесін, рухани өмірін бейнелейді. Эпос – халықтың рухани және мәдени өмірінің синтетикалық организмі» – дейді [3, 14 б.].

Бұндай ұлық міндетті атқаруда эпоста қолданылатын үш тәсілдің ішінде кейіпкерлердің монологтары мен диалогтарына қандай міндет жүктеледі деген сауалға М. Әуезов «Манас» жыры туралы зерттеуінің бір тұсында «Дастанда геройлардың характерлері көбінесе авторлық сипаттау арқылы емес, үлкенді-кішілі іс-әрекет немесе сөздік арқылы беріледі», – деген тұжырым жасайды [4, 151 б.], ал, екінші бір тұсында: «Кейіпкерлердің жан сырлары, сезім дауылдары, өткір қақтығыстары көбінесе оқиғаны өрбітетін батырлардың сөздері арқылы берілсе, ал, олардың соғысы авторлық баяндау арқылы жеткізіледі. Ұнамды кейіпкерлердің сөздері олардың көңіл күйлері, өзара қарым-қатынастары асқындап шегіне жеткен шақтағы хал-халеттерін сипаттайды немесе олардың іс-әрекеттерінің мотивировкасын тереңдете түседі. Дастанда сөз сөйлеу үлгілерінің әр алуан түрлері бар», – дей келіп [4, 149 б.], бұл жырда ақыл қосу түріндегі сөз, сес көрсететін сөз, айбат шегу, өкіну, қапалануды білдіретін сөздер, өсиет айтқан, бақылдасқан сөз (керез), достық ақыл, наз және басқа да сөз түрлері бар екеніне тоқталады [4, 149 б.].

Көне эпостағы диалогтардың атап айтар ерекше айырмашылықтарының бірі – батырдың жануарлармен сұхбаттасуы. «...оның тұлпары да өзіне сай –ақылды, төзімді, иесіне шын берілген, ол қатерді алдын ала ескертеді, қиын жағдайда адамша сөйлеп батырға қуат береді» [5, 324 б.]. Әрине, батырдың атымен сөйлесуі қаһармандық эпостарға да тән. Дегенмен, көне эпостарда аттың, құстың, арыстанның, дию, пері, жалмауыз кемпірдің, айдаһардың батырмен сұхбаттасуы және сол арқылы мінездердің ашылуы, оқиғаның өрбуі анық байқалады.

Жырларда кездесіп отыратын ақыл қосу түріндегі сөз, сес көрсететін сөз, айбат шегу, өкіну, қапалану, өсиет, бақылдасу, ақылдасу, наз т.б көркемдік элементтер міндетті түрде сұхбат нәтижесінде шешілетін мәселелер. Әрине, өкіну, қапалану, өсиет сыртқы кейпі монологқа келеді. Дегенмен, ғалым көрсеткендей жырдағы бұл сөздің түрлері диалог арқылы жүзеге асып, диалог мағынасында беріледі. Мысалы, тарихи жырлардың поэтикасын зерттеп жүрген Б. Рақымов: «Қақтығыс кезіндегі мұндай диалогтарды тарихи жырлардан молынан кездестіреміз. Батырлық эпостағы жекпе-жектегі

мұндай заңдылық, тарихи жырларда да молынан ұшырасуы мотивке тән ерекшеліктердің бірі» – дейді [6, 207 б.]. Тарихи жырлардағы диалогтардан жекпе-жек кезінде жауына бірінші мүмкіндік беру қазақтың ерекше қасиетін танытатындығын Б. Рақымов атап өткен. «Қаһарманның іс-әрекеті нақты реалды тарихи эпоста көбіне диалог, монолог араласқанда ғана оңынан келеді» – деп түсіндіреді ол [6, 148 б.].

«Қобыланды батыр» жырының тілдік-көркемдік сипатын зерттеген О. Нұрмағамбетова диалогтардың жасалу жолдарында да ерекшеліктің бар екеніне тоқтала отырып: «...диалогтарда дәстүрлі қайталаулармен қатар, ұйқастардың өздері бірде лепті, енді бірде сұраулы сөйлемдер арқылы беріледі. Мұның қай-қайсысы болса да кейіпкердің ойы, психологиялық жай-күйімен тікелей байланысты» – дей келе [7, 108 б.]:

«Бұлғай да, бұлғай бұлғай ма?

Бұлғайдың түбі тынғай ма?

Өтірік айтқан оңғай ма?

Түлкі жиған тоңғай ма? – деген диалогтардағы ойдың ішкі болмысымен, ұйқастардың жымдасып келуі сәтті-ақ» – дейді [7, 108 б.].

Ғалымның пікіріне сүйенсек, диалогтардың жасалу тәсілдерінің өзі әрқилы болып келетініне де көзіміз жетіп отыр. Демек, мысалда көрсетілгендей бұл тұстағы диалог сұраулы сөйлемдер арқылы беріліп тұрса, енді бірде хабарлап не лепті сөйлемдерде жыр жолдарында кездесіп отырады.

Осы тұжырымдар қазақ қаһармандық жырларындағы кейіпкерлер сөздерінің атқаратын қызметтерін де аңғартады. Пікіріміз дәлелді болуы үшін қазақтың батырлық жырлары құрамындағы сөйлесу түрлерін арнайы қарастырайық. Эпостың негізгі арқауы сюжет болғандықтан ең алдымен оқиғаны өрбітетін диалог түрлеріне талдау жасаған жөн секілді эпосы үлгілерінің кіріспесінен бастап, сюжеттік шешіміне дейінгі көрінеді. Қазақ қаһармандық оқиғалардың орын алуына сөз-мотивтердің де елеулі ықпалы болғанын айқын аңғарамыз.

Эпостың баяндау әдісіне құрылатыны белгілі. Бірақ, кейіпкерлердің сөйлесуі, тартысы, қарым-қатынасы жырларда кездесіп отырады. Себебі, адам дамуы коммуникацияның жемісі десек, эпоста сол коммуникация бар. Оның жемісі – диалог. Қаһармандық эпос пен ғашықтық жырларда батыр дүниеге келгенге дейінгі сюжеттің дамуына кейіпкерлер арасындағы диалогтар себепші болады.

Қаһармандық эпос сюжеттік инвариантының бастамасын құрайтын тұрақты типологиялық мотивтердің бірі – кейіпкердің ғайыптан пайда болуы. Бұл мотивтің де алуан түрі кездесетіні белгілі. Дегенмен, қазақ батырлар жырлары үлгілерінің басым көпшілігінде қаһарманның қартайғанға дейін перзентсіздіктің зарын тартқан қарт ата-анасының әулие-әмбиелерді жағалап, зиярат етіп жүріп, Құдайдан сұрап алынған ұл екені суреттеледі

және көбінесе қартайғанға дейін тағдырдың салғанына көніп келген шал мен кемпірді шешуші әрекетке итермелейтін оларды маңындағылардың: «Қу бас!» – деп кемітуі, қорлауы екені анықтап көрсетіледі. Мұрын жырау айтатын Қырымның қырық батыры циклінен алынған «Ақжонасұлы Ер Кеңес» атты жыр: «Қырық таңбалы Қырымда, он екі жарым Үрімде он екі жарым хан өткен. Сол хандардың біреуі Ақжонас болған. Өзінің жасы жетпісте, әйелінің жасы елуде еді.

Өзінің баласы жоқ еді, бірақ Ақжонас оны ойға алмаған», – деген кіріспе сөздермен басталады. Бірақ Ақжонастың қаннен-қаперсіз тыныштығын, бәйбішесінің оған:

Жас болса, жетгі,  
Үлкендік те мендетті.  
Бір перзент бермей бұл күнде,  
Құдайдың өзі шөлдетті.  
Алпыс деген алыс па !?  
Ер өледі намысқа.

Құдайдан бала тілелік, – дегені бұзады [8, 271 б.].

Ханымның бұл сөздерінен кейін мұңға батқан Ақжонас: «Мен ертең қазы, ғұлама, билерімді жинайын, сосын мұның қалай екенін сұрайын», – деген ойға бекініп, ертеңіне би-әкімдерінен ақыл сұрағанда, Аралхан деген бір зор қазы:

«Бас тілесен, сұлтаным,  
Шахмардан оған бар,  
Алланың шері Арыстан,  
Арыстан деп ат қойған,  
Соған барып түнеңіз...» – дейді [8, 271 б.].

Ш. Ыбыраев та “Қобыланды” жырының екінші версиясына жататын нұсқалардың көбінде (Н. Байғанин, Н. Битілеуов, К. Еламанов, А. Байтабынов, Е. Аманжолов, т.б. нұсқаларында) Ақшаханның (кей нұсқаларында Алшағыр, Жәңгір, т.б.) тойына барған болашақ қаһарманның әкесін: «Қу бас! Бұл тойда ұлсыздарға орын жоқ, қызсыздарға қызық жоқ», – деп жәбірлеген соң, Тоқтарбайдың (кей нұсқаларда ол «Қыдырбай» деп аталады) тойдан кетіп қалып, үйіне келіп, әйелімен ақылдасып, екеуі әулиелерді жағалап жүріп, Құдайдан бала сұрап алғаны баяндалатынына назар аударған [8, 271 б.].

Ал, Мұрын жырау репертуарындағы «Қыдырбайұлы Қобыланды» жыры Қыдырбайдың байлығын бассалып, сол елдің ханы – Ақшаханның билері мен бектеріне: «Қыдырбайды өлтіріп, дүниесін қазынаға салайын. Ақ ару қатынын қазынаға мал беріп бағайық», – деп ақыл салғанын баяндауға ұласады. Билері мен бектері: «Мақұл! Ал, оны қалай өлтіреміз?» – дегенде, Ақшахан:

«Алудың есебі табылғанда, өлтірудің есебін өзіңіз табыңыз. Жалғаннан тай жасайық. Қыдырбайға хабар етіңіз, ертең келсін», – дейді.

Ханның тойына жүргелі тұрған Қыдырбайға бір жақыны келіп, мынадай сөздер айтады:

Ай, Қыдырбай, Қыдырбай,  
Ұлың болса орын бар,  
Ұлың да жоқ, қызың да жоқ,  
Маңдайыңның соры бар,  
Дәулетіңнің қоры бар.  
Ақшахандай залымның  
Жалғаннан қылған тойы бар,  
Өлтірейін деген ойы бар [9, 269 б.].

Осыны естіген Қыдырбай үйіне келіп, кемпірімен ақылдасып, әулие-әмбиелерден бала сұрау үшін жолға шығады.

Ақжонастың да, Қыдырбайдың перзентті болуына Аршылан атты әулие септігін тигізеді.

Ал, «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырының Жанақ нұсқасында оқиғалардың дамуына диалогтың зор серпін беретіні байқалады. Бұл трагедияның басталуына екі жас тумастан бұрын олардың әкелерінің құдалық жөнінде уағдаластық жасағаны себеп болады.

«Сарыбай мен Қарабай аңда жүріп дос болады. Екеуі де перзентсіз екен. Достық белгісі үшін екі бай іште жатқан екі баласын бір-біріне қосып, белқұда болады. Сарыбай өзінің ұлын көрместен буаз маралды Қарабай тілегі бойынша атқаны үшін қарғыс қаза табады. Қарабай жетім ұлға қызымды бермеймін» деп бұзыла көшеді [10, 212 б.].

Жырдың жазбаға түскен барлық нұсқаларында осы мотив ауыспастан, ұдайы қайталанып отырады. Барлығында да Қарабай мен Сарыбай екеуі уағдаласады. Жырдың дамуы екі ата сертінің болашақ ғашықтардың өміріне тікелей әсер етуінен бастау алады. Бірақ сол серттің бұзылуы трагедияға ұласады. Жырдың трагедияға ұласуы серттің, анттың бұзылуынан болады. Серт міндетті түрде диалог арқылы жасалады. Ант, серт, уағдаласу жалғыз кейіпкердің еншісіндегі дүние емес, ол екі немесе бірнеше адамның қатысуы арқылы жүзеге асады. Бұл жерде ант, серт, уағдаласу мағынасындағы диалогтар халықтың санасында осы сөздердің үлкен орын алатындығын, сонымен қатар оның бұзылуы үлкен трагедиялық жағдайға апаратынын көрсетіп отыр.

«Жанақтың шеберлеп құрған сюжеттік, композициялық нұсқасында екі жастың трагедиясы, Қарабайдың: «жетім ұлға қыз бермеймін» деп, «мені жұтатын жалмауыз туыпты» деп, «тумай жатып әкесін жалмады» деп айнуынан басталады. Осының бәрін сұмдық белгілердей танып, құдалықтан, батадан бұзылуы жыр ішінде құрылатын ең алғашқы үлкен тартыс, түйін болады» [10, 215 б.].

Жырда екі жастың бақытсыздығына себепші болған Қарабайдың бейнесі мейлінше жиіркенішті болып көрінуі үшін диалог та шебер пайдаланылады.

Елдің жауыз байды жиренішті етіп көрсеткен бір мол көрінісі осы образда. Сексен бес жасқа келген Қарабайдың бәйбішесі қыз туып, бір сақау қатын өліп-өшіп Қарабайдан сүйінші сұрай келгенде, құлқыны жаман бай оны «былшылдама» деп сөйлетпейді. Әйел сонда да:

«Қартайғанда көріпсіз бір перзентті,  
Шыныменен бір шапан бермейсіз бе!»—

дегенде:

Сегіз өрме, бұзау тіс қамшысы бар,

Сақауыңды кетеді быртылдатып,—деп сипаттайды жыр [10, 226-227 бб.].

Қарабайда мейірім, адамгершілік жоқ. Адамды бағаламайды. Соның ішінде өзегін жарып шыққан баласына да мейірімсіз, қатты екенін осы диалогтан да байқаймыз. Яғни, кейде диалогтар оқиғаның өрбуі үшін жақсы қасиеттер мен қатар жаман мінезді ашу үшін де қызмет етеді. Бірақ, Қарабайдың да өз принципі бар типтік бейне екенін де ұмытпауымыз шарт. Бар байлығын аман алып қалған Қодар құлға «таңдауыңды жаса» деп қызын ұсынуына түсіністікпен де қарауға болатын жақтары бар.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының 1910 жылы Кастанье орысша бастырып шығарған нұсқасында, 1898 жылы Пантусов жазып алған нұсқаларында да аздаған өзгерістер көрінетіні белгілі. Біздің мақсатымыз жырдағы нұсқалардың өзгерген түрін емес, диалогтардың оқиғаларда дамытушы қызмет атқаратындығын дәлелдеу.

Диалог эпикалық туындылар композициялық құрылымының барлық бөлшектерінде сюжеттің дамуына септігін тигізіп отыратыны көрінеді. Мысалы, эпос экспозициясының дағдылы қаңқасын құрайтын кейіпкердің ғайыптан пайда болуы, батырға лайық балалық шағы, ат таңдауы секілді типологиялық мотивтердің басым бөлігі диалогтан бастау алады. Мысалы, перзентсіздіктің зарын тартқан қарт жұбайлардың әулие-әнбиелерден бала тілеуіне олардың баласыздығына орай қорлау сөз естуі себеп болады. Кейіпкердің өзіне лайықты тұлпар табуына да оның өзге кейіпкерлермен пікірлесіп, сұхбаттасуы жәрдемін тигізіп жатуы эпоста жиі кездеседі.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Ғабдуллин, М.** Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Екінші басылуы. – Алматы : Қазақтың мемлекеттік оқу-педагогика баспасы, 1964. – 320 б.

2 **Ыбыраев, Ш.** Эпос әлемі. – Алматы, 1993. – 296 б.

3 **Қоңыратбаев, Ә.** Қазақтың «Қозы Көрпеш» жыры туралы. – Алматы, 1959. – 150 б.

4 **Әуезов Мұхтар.** Шығармалар. Он екі томдық. Мақалалар, зерттеулер. – Алматы : Жазушы, 1969. – Т. 11. – 480 б.

5 Бабалар сөзі: Жүзтомдық: Көне эпос. – Астана : «Фолиант», 2008. – Т. 52. – 352 б.

6 **Рақымов, Б. С.** Тарихи жырлардың поэтикасы: филол. ғыл. докт. ... дисс. – Алматы, 2000. – 298 б.

7 Қазақ фольклорының поэтикасы. – Алматы : «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2001. – 250 б.

8 Қазақ фольклорының типологиясы. – Алматы : «Ғылым», 1981. – 271 б.

9 Қырымның қырық батыры. – Алматы : «Арыс», 2005. – 269 б.

10 **Әуезов, М.** Шығармаларының елу томдық жинағы. – Алматы : Жібек жолы, 2007. – Т. 28. – 440 б.

28.01.16 баспаға түсті.

*П. Адиева, С. Магжан*

### **Коммуникационная проблема персонажей эпосов**

Международный казахско-турецкий университет  
имени Х. А. Ясави, г. Туркестан.  
Поступило в редакцию 28.01.16.

*P. Adiyeva, S. Magzhan*

### **Communication problems of poetry personages**

A. Yesevi International Kazakh-Turkish University, Turkestan.  
Received on 28.01.16.

*В этой статье рассматривается вопрос об отношениях персонажей героических поэзий, благодаря этому раскрываются их характеры, развитие событий, а также описываются особенности диалоговых методов.*

*This article discusses the relationship of lyric poetry personages, thanks to this reveals their personalities, developments, and describes the features of interactive methods.*



## П. Адиева, С. Мағжан

ф.ғ.к., доценттер м.а., Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ.  
e-mail: magjan\_saule70@mail.ru

### ФОЛЬКЛОРДАҒЫ ДИАЛОГТЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ДЕҢГЕЙІ

*Бұл мақалада фольклордағы диалог мәселесі бойынша ғалымдардың пікірлері, көзқарастары сөз болады. Диалогтің жазба әдебиетіндегі және ғылымның басқа салаларында қолданыста екендігі, ал халық ауыз әдебиетінде кенже қалғандығы туралы айтылады.*

*Кілтті сөздер: диалог, фольклор, ғалым, ғылыми пікірлер, коммуникация, қолдану.*

Қазіргі қазақ әдебиетіндегі диалог ол өмірдегі тілдесудің, адамдар қарым-қатынасының ғасырларға ұласқан ұзақ тарихында туып, қалыптасып, дамуының нәтижесінде сөз өнерінде өз орнын ойып тұрып алған әдеби ұғым. Ол адамзатта сана, ой, тіл пайда болғаннан бері ұлтымыздың тұрмысына сай дәстүрінде, наным-сенімінде, әдет-ғұрпында, әдебиет, өнерінде т.б түрлі дәрежеде дамып келеді. Диалог – фольклор мен әдебиетке ғана емес, бірнеше ғылымдар салаларына ортақ категория. Оның ішінде тіл, философия, экономика, социология, саясаттану т.б ғылым салаларының қолданысында жүретін маңызды ғылыми түсінік екені белгілі.

Неміс философы Л. Фейербах: «Истинная диалектика не есть монолог одинокого мыслителя с самим собой, это диалог между Я и Ты» [1, 45 б.] – деуінің өзінде үлкен мән бар. Жақсылық пен жамандық, қуаныш пен реніш, бірлік пен тартыс – адам тіршілігінің көріністері. Осы заңдылық туралы К. Ісләмжанұлы: «Егер зер сала қарасақ, олардың арғы тегінің қоғамдағы қос ұйымдық (дуальная организация) жүйеден бастау алып, екі ру (фратрия) арасындағы экзогамиялық некемен іргесін бекітіп, кейіннен фольклордағы жұптық тайталасқа (бинарная оппозиция) ұласқанын байқаймыз» – дейді [2, 130 б.]. Бұл айтылған пікір фольклордағы диалогтың шығу себебін түсіндіретін сияқты. Екі жұп тартысының нәтижесінде әдет-ғұрып, салт-сана сияқты тұрмыстық әрекеттер пайда болды. Ал, жұптық тартыс нәтижесі – фольклорлық диалог.

Осындай пікірді С. Қасқабасов та: «...Адамның жаратылыстан өзін бөлмей тұрған кезде туған көптеген мифологиялық символдар, жануарға немесе табиғат объектісіне арнап сөйлесуге, олармен сырласып, тілдесуге болады деген түсінік кейін фольклорға ауысып, басқа бейнелеушілік сипат

алған»–деп айтады [3, 268 б.]. Алғашқы диалогтың пайда болуына жұп тартысы себеп болса, кейін сол екі жұптың әлемді тануының көрінісі себеп болып отыр. Екеуінің қорытындысы – фольклордағы диалогты шығарды.

Диалогтың қызметіне тоқталмас бұрын оның анықтамасын анықтап алған жөн секілді.

Диалог (грек. dialogos – сөйлесу, әңгімелесу), сұхбат – ауызекі әңгімелесу пішіні, екі не одан да көп адамдардың пікір алысуы; ғылыми және көркем әдеби шығармаларда қолданылатын тәсіл [4, 158 б.]. Диалог сөзімен синонимдес болып жүрген «сұхбат» сөзі де біздің ғылыми жұмыста пайдаланылатындықтан және осы сөздің бүгінде түрлі мағынада қолданыс тауып жүргендігін ескере отырып, түсіндерме сөздіктердің әр жылғы шыққан томдарына назар аудардық. Аталмыш жинақтарда біршама өзгерістердің бар екенін байқадық. Бір сөздікте «сұхбат» [5, 387 б.] – деп берсе, екіншісінде «сұхбат» [6, 587 б.] – деген. Бірақ, екеуіне де берілген анықтама біреу. «Әңгіме-дүкен құрған отырыс, жиын» [6, 587-б.]. Ал, «сұхбат» – түрепет, сүрепет, адамның сырт көрінісі, келбет өте жаман түрмен көрінуі» [6, 585 б.] – деген мағынаны білдіреді. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің» 2008 жылы шыққан нұсқасында «сұхбат» деген сөздің үш түрлі анықтамасын атаған:

1. Екі немесе онан да көп адамдардың жүргізген әңгімесі.

2. Әңгіме-дүкен құрып отыратын отырыс, жиын.

3. Тілші тарапынан алынатын әңгіме-хабар. Бұнымен қоса «сұхбаттас» сөзінің: «Жиналып әңгіме-дүкен құру, әңгімелесу, сөйлесу» – [7, 748 б.] сияқты түсінікті беретіндігін ескерсек, диалогпен сабақтас сөз ретінде “сұхбат” сөзін алуымызға болатынын дәлелдеу. Себебі, сұхбат диалогқа берілген анықтамада баламасы ретінде алынған. Тақырыпты неге «Фольклордағы сұхбат» деп алмасқа деген сұрақ туындауы мүмкін. Бір ұғымды жиі қайталамау мақсатында оны балама ретінде қолданғанымызбен, диалогтың міндетін атқара алмайды. Диалог – әлемдік әдебиеттану ғылымында қолданылып жүрген, ғылыми ортада қалыптасқан өзіндік орны, көркемдік қызметі бар әдеби категория. Диалогтың жазба әдебиеттегі орны, көркемдік қызметі ғылыми ортаға да, жалпы қауымға да белгілі. Диалогтың фольклордағы зерттелуі – тақырыптың негізгі өзегі.

Диалогтың сөз өнері туындыларының ең маңызды құрылымдық бөлігі екенін М. Әуезов: «Жыр оқиғасын айтып беруде үш түрлі әдіс аралас жүреді. Олар: хикаялау, сипаттау, сөйлету» – деп айқындап береді [8, 171 б.].

Жазба әдебиеті дамыған дәуірде барлық жанрлық түрде диалогтың атқарған қызметінің айрықша мәнді екенін қазақ фольклортанушылары баса көңіл аударған. Қазақтың көрнекті фольклортанушыларының еңбектерінен олардың фольклорлық жанрлардағы диалогтың қызметі туралы құнды пікірлерді молынан ұшыратамыз. Өкінішке орай, олардың ешқайсысы да бұл тақырыпты арнайы жазылған жеке еңбектің нысаны етіп алмағаны аңдалады.

«Диалог – екі немесе одан көп адамның бір-бірімен сөйлесуі», – десек, сайып келгенде, фольклорда ол түрлі сипатта ұшырасады. Фольклор – ауызша шығарылып, таратылған рухани мұра. Олай болса, оның орындалуы барысында тыңдаушы да айтушыға өзінің белгілі бір талабымен ықпал жасап, белсенділік танытуы – заңды құбылыс. Соған орай орындаушы мен тыңдаушы аудиториялық сұхбаттың екі субъектісі болып табылады. Фольклор туындысының орындалуы осы екі тұлғаның байланысы болуын қажетсінеді. Фольклордағы диалог пен жазба әдебиеттегі диалогтың айырмашылықтары болуына осы жағдайда әсер етеді. Диалогты зерттеу үшін тыңдаушы, айтушы және нақты мәтін тұрғысынан қарастыру орынды сияқты. Фольклордағы диалогтың қызметі туралы арнайы еңбек жазған ғалымдар жоқ, әрине.

Дегенмен, фольклордағы диалогтың атқаратын қызметіне орыс зерттеушілері арнайы тоқталмағанмен фольклорлық мұраларды зерттеу барысында сүбелі ойларының бар екені рас. Фольклорлық жанрлардың түрлерін әңгімелегенде міндетті түрде коллективтік орта арасында туындайтын диалогтардың қызметіне теориялық тұжырымдар айтқан В. Радлов [9], В. Я. Пропп [10], Б. Н. Путилов [11], В. П. Аникин [12], А. Н. Веселовский [13], М. Бахтин [14], Ю. Г. Круглов [15] сынды ғалымдар болды. Көбінде фольклордың даму тарихын сөз ететін олар, тұрмыс-салт жырларының даму себебіне және поэтикасына да етене тоқталған. Белгілі бір себеппен туындаған маусымдық, ғұрыптық жырлардың хор мен би синкретизмінен туғанын айта отырып, олардың диалог арқылы орындалатынын және ым, ишарат сияқты әрекеттердің диалогқа қатысы бар екеніне де мән берген. Фольклордағы диалогтың анықтамасын қарау барысында да біраз ойлар айтқан. Дегенмен, орыс зерттеушілері эпикалық шығармалардағы диалогтың аз зерттелгенін, тіпті, зерттеудің жоқтың қасы екенін мойындайды.

Н. С. Лесков драмадағы диалог пен эпостағы диалогты зерттей отырып: «Человек живет словами, и надо знать в какие моменты психологической жизни у кого из нас какие найдутся слова» – дейді [16, 14 б.].

А. Н. Гаркавецтің [17] грек-урумдардың фольклорлық шығармаларын зерттеу барысындағы «Частушкаларға» тоқталып, олардың орындалу себебін талдай келіп, диалогтан тұратындығын атап өткен. Және сол диалогтың соңы үлкен мейрамның тууына бастар жол болғандығын айтады. Қазақ фольклорындағы диалогтың атқаратын қызметіне халықтық сөз өнерімізді теориялық тұрғыдан қарастыру ісі қолға алына бастасымен-ақ айрықша көңіл бөлінді.

Қазақ фольклоры туралы үлкенді-кішілі еңбектерде де диалогтың көркемдік тәсіл ретіндегі маңызы ішінара аталып өтілген.

Қазақ фольклорының жанрлары туралы жазылған еңбектердің барлығында, мысалы, «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты іргелі ұжымдық

монографиялардың 1948, 1960 және 2008 жылдары жарық көрген бірінші томдарында, Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Әуезов, С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, М. Ғабдуллин, Р. Бердібай, С. Қасқабасов, Ә. Қоңыратбаев, Б. Абылқасымов және т.б. зерттеушілердің ғылыми зерттеулерінде, орта және жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарда, тағы сол сияқты еңбектерде қарастырылды. С. Сейфуллиннің бәдік жырына байланысты айтқаны, С. Мұқановтың тұрмыс-салт жырларындағы топтасып өлең айтушылардың ерекшеліктеріне тоқталуы, А. Байтұрсыновтың айтыстың орындалу тәсіліне етене көңіл бөлуі диалогты мегзейді Бірақ, аталмыш ғалымдар оның терминдік атауын нақты атамайды. М. Әуезовтың жоғарыда көрсеткен «сөйлету әдісі» – нағыз диалог. Ал, Ә. Қоңыратбаев бұл әдісті М. Әуезов «монолог» ретінде алған деп түсіндіреді [18, 172 б.]. С. Қасқабасов фольклордағы тек пен жанрдың әдебиеттен өзгешелеу екенін айта келіп, фольклорды қара сөз (проза), өлең (стих), сөйлесу (диалог) деп үш үлкен текке бөледі де, проза түріндегі фольклордың жанрларына миф, әңгіме, ертегі жатса, өлең үлгісіндегі фольклордың жанрлары болып жыр, тақпақ, қара өлең, мақал-мәтелдер саналады, ал, диалогқа – айтыс пен шешендік сөзді жатқызуға болатынын айтқан [19, 19 б.]. Әрине, С. Қасқабасов сынды көрнекті ғалым ұлттық фольклортануда диалогтың бар екенін айтуының өзі біздің ізденісімізге сенім берді. Ғалым айтыс пен шешендік сөзді фольклордағы диалогқа балап, ғылыми тұжырым айтқан. Бірақ, эпос пен ертегідегі кейіпкерлерді айтқанда міндетті түрде оқиғаның өрбуі үшін де, кейіпкер характерінің ашылуы үшін де диалогтың қызметі көрінетіндігін ұмытпауымыз шарт. Айтыс пен шешендік сөздің сыртқы көрінісі, яғни екі кісінің сөйлесуі, сұрақ-жауап алуы әрине, диалогты мегзейді.

Сонымен қатар айтысты зерттеген М. Жармұхамедұлы, орындаушы мен тыңдаушы арасындағы байланысты зерделеген О. Нұрмағамбетова, дастандық эпосты зерттеген Б. Әзібаева, қазақтың отбасылық фольклорын зерттеген К. Ісләмжанұлы, драмалық фольклорды қарастырған Қ. К. Бижановтар еңбектерінде диалогтың қызметі арнайы қарастырылмаса да, кейіпкерлердің мінез-құлқын, табиғатын талдау барысында диалогтың рөлі сөз болады. Сонымен бірге Қ. К. Бижанов еңбегінде фольклордағы диалог арқылы драмалық фольклор пайда болды деген пікірлерде айтылған.

Фольклордағы диалогтың қызметі туралы арнайы еңбек жазудың қажеттілігін бірнеше мынадай дәлелдермен түсіндіруге болады.

Біріншіден, фольклордағы диалог зерттелу нысаны ретінде арнайы қарастырылуы ешқандай дау туғызбайды.

Екіншіден, архаикалық, қаһармандық, ғашықтық, дастандық, тарихи эпостардағы диалогтың қызметі, оның ішінде диалог арқылы оқиға өрбітушілік, оқиғаны дамытушылық, адам мінез-бітімінің ашып көрсетілуі анық.

Үшіншіден, тыңдаушы мен орындаушының арасындағы байланыс та жан-жақты зерттеуді қажетсінетіні ақиқат.

Төртіншіден, әрбір фольклорлық жанр үлгілеріндегі диалогтың сапасын айқындаушы факторлар түбегейлі зерттелуі де өзекті.

Бесіншіден, диалогтағы сөйлеудің интонациялық байлығы, эмоциялы болуына жете көңіл бөлінуі қажет.

Оныншыдан, бірнеше кейіпкерлердің қатыстырылуы (полилог) арқылы берілген диалогтарды (аралас) кездестіруге де болатындығын көрсету керек.

Сондай-ақ, фольклордағы қарапайым ауызекі сөйлесу деп ұғынылатын адамның қарым-қатынасының (диалогтың) көркемдік ойлау жүйесінде күрделеніп, өзгерген даму динамикасы арнайы қарастырылуы тиіс.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Фейербах, Л.** Сущность религии: Избранные философские произведения. – М., 1955. – Т.2. – С. 515.

2 **Ісләмжанұлы, К.** Қазақтың отбасы фольклоры. – Алматы : Арыс баспасы, 2007. – 332 б.

3 **Қасқабасов, С. А.** Қазақ халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 558 б.

4 Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы : Аруна Ltd. ЖШС, 2005. – 576 б.

5 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. П-Т (планетарий-таңдыру). – Алматы : Ғылым, 1985. – Т. 8. – 591 б.

6 Қазақ тілінің сөздігі (Жалпы ред. басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы : Дайк-пресс, 1999. – 776 б.

7 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы : Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.

8 **Әуезов, М.** Шығармаларының елу томдық жинағы. – Алматы: Жібек жолы, 2007. – Т. 28. – 440 б.

9 Ел қазынасы – ескі сөз. В. В. Радлов жинаған қазақ фольклоры үлгілері. Алғы сөзі мен түсініктерін жазып баспаға дайындаған Уахатов Б., Қасқабасов С., Ісләмжанұлы К. – Алматы, 1994. – 616 б.

10 **Пропп, В. Я.** Фольклор и действительность. – М., 1976. – С. 325.

11 **Путилов, Б. Н.** Методология сравнительно-исторического изучения фольклора. – М., 1976. – С. 243.

12 **Аникин, В. П.** Русское устное народное творчество. – М., 2001. – С. 726.

13 **Веселовский, А. Н.** Историческая поэтика. – М., 1986. – С. 406.

14 **Бахтин, М. М.** Творчество Франсуа Рабле и народная культура средневековья и ренессанса. – М., 1990. – С. 543.

15 **Круглов, Ю. Г.** Русские обрядовые песни. – М., 1982. – С. 270.

16 **Лесков, Н. С.** Большая Советская Энциклопедия. Т.14. – М., 1957. – 2 изд.

17 **Гаркавец, А. Н.** Фонетическая субстанция как прием «поэтизации» урумской песенной речи // Советская тюркология. – 1986. – № 3. – С. 51.

18 **Қоңыратбаев, Ә.** Қазақ эпосы және тюркология. – Алматы : Ғылым, 1987. – 368 б.

19 **Қасқабасов, С. А.** Жаназық: Әр жылғы зерттеулер. – Астана: Аударма, 2002. – 584 б.

28.01.16 баспаға түсті.

*П. Адиева, С. Магжан*

### Уровень исследования фольклорного диалога

Международный казахско-турецкий университет имени Х. А. Ясави, г. Туркестан.  
Поступило в редакцию 28.01.16.

*P. Adiyeva, S. Magzhan*

### The level of folklore dialogue studies

A.Yesevi International Kazakh-Turkish University, Turkestan.  
Received on 28.01.16.

*В этой статье рассматриваются мнения ученых по вопросу фольклорного диалога. В статье говорится об использовании диалога в письменной литературе и в других областях науки, тогда как в народной литературе оно остается незаметным.*

*This paper examines the opinions of scientists on the issue of folklore dialogue. The article refers to the use of dialogue in the written literature and other fields of science, while in folk literature, it remains invisible.*

**Б. М. Айтбаева<sup>1</sup>, Б. М. Мәуленова<sup>2</sup>, Ә. М. Мәуленова<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.к., профессор, Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ.; <sup>2</sup>ф.ғ.к., доцент, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті; <sup>3</sup>ф.ғ.м., Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ.  
e-mail: beibarys@mail.ru

**БАТЫРЛЫҚ ЖЫРЫНДАҒЫ БЕЙНЕЛЕУ  
ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ**

*Мақалада авторлар қазақтың батырлық жырындағы бейнелеу құралдарының қызметін жан-жақты талдап көрсетеді. Батырлар жыры өзінің образдар жүйесімен, сөз бейнелеу тәсілімен ерекшеленеді. Фантастика мен реализмнен тұратын батырлар жыры кейде шынайы оқиганы сипаттайды. Батырлардың ерлігін суреттеуде көркемдеуіш құралдардың атқаратын қызметі орасан зор.*

*Кілтті: сөздер:батырлық жыры, бейнелеу құралдары, үйлесім, сипаттау, сюжет, батыр, мағына*

Қазақтың батырлық жырларының тарихи негіздері мен жанрлық жіктелісіне қатысты ғылымда біршама пікірлер нақтыланған. Сонымен қоса, эпикалық шығарманың сюжеті ондағы қаһармандар әлемі, ұнамды образдардың жасалу ерекшеліктерімен батыр бейнесімен салыстырыла берілетін ұнамсыз бейнелердің салыстырмалы әдіс-тәсілдер арқылы түсіндіріліп келе жатқандығы мәлім.

Алайда, соншалықты тартымды жасалған қаһармандар образының құдірет-күші не себептен, адам жанын бірден тербеп алатын сиқырлылығы неден? - деген сұрақтарға толық жауап берілді деуге негіз жоқ. Өйткені, зерттеу еңбектерде негізінен жырдағы бейнелі сөздерге қатысты азды-көпті пікірлер айтылғанымен, кең көлемде тоқталып, бейнелі сөздердің образды жан - жақты ашудағы қызметіне байланысты тексерулер жасалмағандығы белгілі жәйт.

Эпостың шығу тегі мен дамуын білу қандай қажет болса, онда ондағы сөз өнерінің күш-қуатын тану да ауадай қажет болады. Өзге де эпикалық шығармаларымыз тәрзіді, батырлық жырлар да тұтас бір дәуірлердің тарихын, соның ішінде халықтың ой арман, қиялын білдіре алатын қымбатты қазынамыз. Оның белгілі бір кезеңдердегі елдің тұрмыс-тіршілігін сипаттайтыны, сөз өнерін орынды қолдана алатын хас шеберлердің болғанын және жырды айтушылардың регионалдық стильдерінің пайда болып, әрі қарай дәстүрге сай қалыптасқандығын зерттеу аса пайдалы іс болатындығы сөзсіз.

Қай халықтың болмасын асыл сөз өнері басқа халықтардың әдебиетінен, ең басты айырмашылығы – өзінің образдар жүйесімен, сөз бейнелеу тәсілдерімен ерекшеленуі. Әдебиеттегі образдар жүйесі және сөз бейнелеу тәсілдері ұлттық болмыс-бітімімізді анықтайтындығы рас. Халқымыздың ғажайып ескерткіштері болып табылатын эпостағы ғаламат кейіпкерлердің сөз өнерінің құдіреті арқылы танылғандығына ешкімнің таласы жоқ. Осы орайда сандаған ғасырлар мен жылдар бойы ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жетіп, жанды баурап, сананы арбайтын қазақтың қасиетті сөз өнерінің ұлттық негізі ауыз әдебиетінде қалыптасқан деудің реті бар. Сөз өнеріндегі ұлттық негіз дегеніміздің өзі – сол рухани мұраны жасаған халықтың тілі. Онсыз образды сөз, көркем сөз дегенді айта алмаймыз. Тіл – әдебиеттің құрылыс материалы, жер бетіне ауа тіршілік үшін қандай қажет болса, әдебиетке тіл де сондай қажет екендігі баршаға түсінікті.

Өнерді тану мен білу туралы ғибраттарға мән берсек, көркем әдебиет деген ұғымның сыр-сипаты образды сөз, көркем сөз атты терең түсінікке тіреледі. «Сөз – адамның ой-сезімін жеткізудегі бірден бір күшті құрал». Ал, көркем ойлау жүйесі шексіз. Көркем әдебиеттің бүкіл болмысы, шынайы табиғаты түр мен мазмұнның бірлігі арқылы жасалған. Түрдің өмір сүру заңдылығы, өзгеріп дамуы, өзінің көріну тәсілдеріне байланысты. Әдебиеттегі түрдің көріну тәсілдерінің бірі бейнелеу құралдары. «Бейнелеу құралдары – әдебиетте көбінесе бұл ұғым сөз қолдану тәсілдері, бейнелі сөздер, мысалы, жалпы түрде құбылту деп аталатын метафора, метонимия, әсерлеу, тұспалдау, астарлау, теңеу, эпитет және стильдік айшықтар, дыбыстық қайталамалар деген мағынада қолданылады» [1; 66 б]. Шындығына жүгінсек, бейнелеу тәсілдерінің мән-мағынасы бұдан да кең, мол екендігі белгілі. Анықтай түссек, көркем шығармадағы бүкіл тіл байлығы – түгелдей бейнелеу құралы. Бұның басты ерекшелігі халықтың айналадағы дүниені өзінше түсініп, көркемдік ой-сезімімен қабылдауында жатыр. Сондықтан бейнелеу құралдары қай ұлттың әдебиетінде болса да сөздік қорға, тіл байлығына байланысты қалыптасады. Көркем әдебиеттің өзіне тән даму заңдылықтары, қоғамдағы алатын өзіндік орны туралы пікірлер ерте заманнан айтылып келеді. Көшпелі қазақ халқының өлең мен әнге деген құмарлығын, ақындық таланты туралы Ш. Уәлиханов мынадай аңызды арнайы дәлел ретінде келтіріпті: «Аңыздың айтары өлең, өнер аспаннан, әуеден келіпті-мыс» [2; 196 б]. Өлең туралы қызғылықты ойлар мен пікірлер қазақтың ақын-жыраулары, сал-серілерінің шығармаларында да айтылған. Ұлы Абайдың «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы», – деуі қай уақытта да дәлелді екендігіне көз жеткіземіз.

Өлеңнің теориясы, құрылысы, техникасы жайында классикалық еңбектердің бар екендігі әдебиетшілер қауымына жақсы таныс. Аристотель, Әл-Фараби, В. Г. Белинский, А. А. Потебня, А. Н. Веселовский, одан кейінгі

В. Брюсов, Б. Томашевский, В. Жирмунский және т.б. алдымен еске түссе, қазақ поэзиясына байланысты Ш. Уәлиханов, А. Байтұрсынов, М. О. Әуезов, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайлов, З. Қабдолов, З. Ахметов, М. Базарбаев деп, бұдан әрі де соза беруге болады. Аталған ғалымдардың еңбектерінде өлеңнің теориялық мәселелері, айрықша атасақ, поэзияның тілі, құрылымы, түзілісі, бейнелеу құралдары жайлы тамтұмдай түсіндірілген. Алайда осымен іс біткен, ендігі қалғаны сол зерттеулердің нәтижесімен шектелуге тиіс дейтін ғылымда қағида жоқ. Қайта осы бағытта сандаған ізденістерімізбен қатар, өлең теориясына қатысты көркем шығарманы талдауда іркілістеріміз де бар екендігі қисынсыз емес.

Сөз өнеріндегі бейнелеу құралдарының бір парасы – ажарлау, бұған қатысты ой-пікірлердің ертеден айтылып келе жатқандығын жоғарыдағы аталған еңбектер де анықтайды. Қазақ әдебиеттану ғылымында Ахмет Байтұрсыновтан бастап енген терминдер өз алдына бірнеше сала болып қалыптасты. Солардың ішінен Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» атты кітабында бар, ғылыми тілімізде орын тепкен бір алуан терминдерді атасақ та болады. Мысалы, теңеу, кейіптеу, тұспалдау, әсерлеу, шендестіру, арнау, сөз өнері, шығарма, ауыз әдебиеті, мазмұн, тармақ, шумақ, бунақ т.б. Бұлардың аса мәнді терминдер екенін атай отырып, Байтұрсынов осы кітабында қолданған басқадай бір терминдердің еленбей, ескерілмей қалғанын да айта кеткен жөн. Олардың ішінен әлі де мәнділігін сақтаған, қолдануға қолайлыларын сұрыптап алып, ғылыми тілімізде ретін тауып орнықтыру алдағы уақытта атқарылуға тиісті міндет, - дейді академик З. Ахметов [3; 9 б.]. Анығына келсек, көркем әдебиеттің тіліне байланысты келелі сөз қозғап, байыпты бағыт пен бағдарды көрсеткен З. Қабдоловтың еңбегі еді. Өзінің «Әдебиет теориясының негіздері» атты еңбегінде ғалым сөз өнеріндегі тіл көркемдігін ажарлау, құбылту, айшықтау, машықтауды жекелей саралай көрсеткен. Мұндағы ажарлау негізгі сөздегі дауыс ырғағынан басталып, дыбыстық қайталаулар арқылы ерекшелетіндігіне алдымен көңіл бөлінген. «Әдеби тілге дауыс ырғағы емес-ау, тіпті дыбыс қайталаулар арқылы да әжептәуір ажар бітіруге болады. Бұл тәсіл екі түрлі аллитерация (латынша –дыбыстас) – бірыңғай дауыссыз дыбыстарды қайталау және ассонанс (французша – үндес) – бірыңғай дауысты дыбыстарды қайталау. Бұлар поэзияда да, прозада да кездесіп отырады» [4; 225 б.].

Сөзді ажарлаудың ендігі бір көрсеткіші болып табылатын айқындау (эпитет), теңеу екендігі осы еңбекте айтылады. Жалпы, бүкіл бейнелеу құралдарын кез-келген шығармадан тауып, жүйелеп шығудың өзі қыруар жұмыс екендігі сөзсіз. Алайда бейнелеу құралдарын ішіндегі ажарлау, құбылту, айшықтау көркем шығармалардан талдап көрсеткен еңбектердің сандық көрсеткіші көңіл қуантпайтындығы тағы белгілі. Рас, жазба әдебиетіне қатысты поэтикалық тұрғыдан Қ. Жұмалиев, З. Ахметов,

З. Қабдолов, Р. Нұрғалиев, М. Атымов, Т. Әбдрахмановалардың еңбектері алдымен аталады.

Ал қазақ фольклорының поэтикасына қатысты көріністер енді ғана басталды десек те болғандай. Ауыз әдебиеті шығармаларының тіл кестесі, өлең құрылысы, құрылымы, образдар жүйесі, сюжет деңгейіндегі қарастырулар С. Қасқабасов, О. Нұрмағамбетова, Ш. Ыбыраев, Б. Әзібаева, Б. Рақышов және т.б. зерттеулерде жүзеге аса бастады. Аталған ғалымдар фольклорлық мұраларымыздағы сөз көркемдігіне арнайы тоқталып, оны жүйелей көрсеткен. Бұның асығыс айтылған пікір еместігін сөз арасында айта кетейік. Эпосты – әуезе, лириканы – толғау, драманы – айтыс деп жүйелеп, сала-салаға жіктеп әкеткен ғалым-теоретик, эстетик-сыншы А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде көріктеу (эпитет) теңеулерге негізгі дәлел батырлық жырлардан алынған еді [5; 353-355 бб.]. Осы бастама Е. Ысмайловтың «Әдебиет теориясының мәселелері», «Ақындар» және Қ. Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы» атты еңбектерінде жалғасын тапқан. Батырлық жырлардан бейнелеу құралдарына қатысты мысалдар келтірілген. Одан кейінде халық ауыз әдебиетіне байланысты жарық көрген еңбектерде шолу түрінде айтылып, мектеп оқулықтарында батырлық жырлардан үзінділер келтіріледі.

Қазақ эпосына байланысты зерттеулер жасаған М. Әуезов және Л. Соболев, А. С. Орлов, В. Жирмунский, Қ. Жұмалиев, М. Ғабдуллин, Ә. Қоңыратбаев, Р. Бердібаев, С. Садырбаев еңбектерінде де жырдағы дыбыстық қайталаулар, эпитет, теңеулер шолу түрінде айтылып отырған. Осындай зерделі еңбектердің негізінде ХХ ғасырдың 40 жылдарынан бастап, «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты көп томдықтар шығарылу көзделген еді. Алғашқы жарық көрген «Қазақ әдебиеті тарихының» бірінші томында және кейінгі басылымдарда да батырлық жырларға қатысты тарауларда жырдың сөз көркемдігі, тіл өрнегіне қатысты мәселелерде ажарлаудың үлгілері қалыс қалмай көптеген мысалдар арқылы түсіндірілген. Сонымен қоса, «Қазақ ауыз әдебиетінен» арнайы жоғарғы оқу орындарына оқулықтар дайындаған М. Ғабдуллин, Ә. Қоңыратбаев, М. Тілеужановтар еңбектерінен де эпостық жырлардан ажарлауға қатысты мысалдарды табуға болады. Солай дей тұрсақ та, бұлардың бәрі ажарлауға байланысты арнайы зерттеу емес. Анығына көшсек, мұнда аңдату, аңғарту, бар екендігіне талас жоқ. Осы тұрғыдан алып қарағанда Т. Қоңыровтың ажарлаудың бір түрі теңеулер жөніндегі зерттеу еңбегіндегі мына төмендегі пікірі дәлелді айтылған:

«Қазақ теңеулерін лингвистикалық тұрғыдан зерттеу былай тұрсын, оны әдебиеттану тұрғысынан тексерген арнайы бірде-бір еңбек жоқ» [6; 3 б.]. Шындығына келсек, бұл ажарлаудың бірі теңеуге қатысты жиырмасыншы ғасырдың жетпісінші жылдарынан кейінгі айтылған пікір екендігі даусыз. Жалпы, басты мақсат – қазақ фольклорының аса бай саласы

болып табылатын эпостық жырлардың көркемдік күш-қуатын таразылау, ондағы бейнелеу құралдарының алатын орны, атқаратын қызметін зерттеу, эпикалық жырлардағы ажарлаудың аса пәрменді көркемдеу, бейнелеу құралы екендігіне көңіл бөліп, осы мәселелердің негізінде ажарлаудың ассоциациялық мүмкіндіктері мен тұрақтылық сипатын, дыбыс үндестігі мен бояу үйлесімдігін анықтау, ажарлаудың жоғарыдағы аталған түрлерінің семантикалық құрылымы қандай, стильдік вариациялары мен эмоционалдық -экспрессивті сапасына назар аудару, сөйтіп, нәтижесінде ажарлаудың қолданыс аялары мен функционалдық негіздерінің мүмкіндіктері қандай деген сауалдарға жауап беру. Осы орайда, ажарлауға қатысты дауыс ырғағы (интонация), дыбыс қайталаулар аллитерация мен ассонанс, эпитет (айқындау) пен теңеу ізденісімізге арқау болып, олардың эпикалық шығармадағы қызметін ерекшелеу алдыңғы орынға шығады.

Жалпы алып қарағанда, қазақ халқының өлеңдік қоры, оның өзіндік ерекшеліктері дейтін мәселелер ерте замандардан айтылып келеді. Қазақтың даңқты перзенті Ш. Уәлихановтың бұл істе елеулі еңбегі бар екендігі әркімге жақсы таныс. Сонымен қатар, қазақ жеріне келіп, оның әдет-ғұрып, салт-дәстүрлеріне үңілген көптеген еуропа ғалымдарының аса қызыға қарағаны халқымыздың поэзиясы екендігі мәлім. Ерте кездің өзінде айтылған академик В. В. Радловтың мына пікірі соның дәлелі: «Қазақтың өз өлеңдерінде бағалы санайтын ертегілердегідей әлдеқандай бір жан түршігерлік және ғажайып дүние емес, ол өзінің сезімі мен талап-тілегін, қоғамның әр мүшесі аңсайтын арман-мұратты жыр етеді. Тындаушыларды сүйіндіретін қисынсыз ғаламат жайлар, керемет зор нәрселер емес, табиғи жайлар, айналадағы өмірдің ақиқат шындығы» [1-9]. Сөз өнеріндегі көркем бейнелер, тіл шұрайы, көркемдік кестелер – ұлттық ерекшеліктің ғажайып бір айғағы. Бұл әсіресе, эпостық шығармалардан айрықша танылады. Белгілі ғалым, академик З. Ахметов былай дейді: «Тілдің, сөз кестесінің табиғилығы мен қарапайымдылығы – дегеніміз халықтың көркем дүние танымы, көркем ой -сезімі қоғамдық өмірімен нақтылы әлеуметтік-тарихи жағдайлармен тығыз байланысты қалыптасқандығының белгісі. Міне, сондықтан да тілінің қарапайымдылығы, көркемдігі мен тартымдылығы жағынан халық поэзиясы әрқашан да тамаша үлгі болып қала бермекші. Нағыз поэзиялық көркемдік шеберлікті танытатын халықтың өлең жырлары болса, халықтық тілдің тұнығынан алынған нелер асыл сөздерді де сол өлең-жырлардан табамыз» [7;29 б.], - депті. Осы пікірдің жалпы эпостық шығармаларға қатысты айтылғандығын да байыптау қиын іс емес. Бір анығы өлең -жыр болсын оның күш-қуаты, сөздік нақышы алдымен айтушы шеберлігіне байланысты екен. Батырлық жырларды жырлаушы шеберлігін анықтау, ондағы сюжеттік ерекшелік пен образ жасаудағы мүмкіншіліктен ғана емес, соны қиыннан- қиыстырудағы сөздік қолданыспен де ерекшеленетіндігін ұмытпайық. Осы қисынның

түп негізі көркемдік ойлауға тіреледі. «Көркемдік ойлаудың табиғаты мен мәні дүниені көркемдік тұрғыдан игерудегі рухани қабілет екендігімен анықталады. Образдық сезімділік тұрғыдан әлемді тану, адам болмысына үңілу, тіршілік-тұрмыс мәнісін бағалау, көңіл-күй құбылыстары және қиял ыркымен жүзеге асатын суретті, бейнелі ұғымдар синтезі көркемдік ойлаудың ерекшелігі болып табылады», – дейді ғалым С. Негимов [8;118 б.].

Жырдағы жойқын жекпе - жек, батыр астындағы пырағының жекелей алынуы, алынбас аса биік тас қамалдар, терең қазылған орлардың жан түршігерлік суреттері батыр бейнесін ерекшелеуден туған. Осының бәрі өнер тілімен, сөз құдіретімен ғана түсіндірілетін күшке ие. Бірақ мұндағы көркемдік ойлаудың негізі – ел қорғанышы болған адамды дәріптеу. Ел қамқоры, қорғаны болатын қаһармандарды жасау ертеден қалыптасқан. Қазақ эпосына елеулі еңбегі сіңген ғалым Р. Бердібаев былай деді: «Эпостың өзіне хас, қалыпты белгілері: онда белгілі бір халықтың эпикалық өткен дәурені суреттеледі, эпопея негізіне жеке бастың емес, ұлттық өмірдің аңыз алынады, мұнда бұрынғы мен қазіргінің арасында ұзақ уақыттық белестер жатады. Эпос – өмір оқиғаларының нақтылы талдауы емес, естелігі. Ал қандай да болмасын ұлттың эпикалық естелігі қайта өзгертуге, басқаша баяндауға болмастай қасиетті ұғым ғой. Ол жеке адамдардың өңдеуіне, әрлеуіне көнбейді, өйткені эпикалық аңыз өз келбетімен қызық, оның бағасы да беріліп, қорытындысы да шығарылып қойылған» [11;45-46 бб.]. Осы пікірдің эпостағы көркемдік ойлау, қиялға немесе бейнелеу құралдарына да қатысы бар. Жырдағы дыбыс ырғағының белгілі үндестігі, дыбыстар заңдылығы, түр-түсті айқындап берулері мен батырдың мінез-құлқын (психологиясын), оның астындағы пырағының өзіне сай келуі, бойына асынған бес қаруының сайма-сайлығы көркемдік тұрғыдан көріктеудің алғашқы озық үлгілерін көрсетеді. Образды сөз жасауға айрықша қызмет етеді екен. Бұларсыз тіптен айтарынды анықтау мен суреттеліп отырған құбылысты, затты нақтылау қиын. Олай болса ажарлау сөз өнеріндегі бейнелеу құралдарының пәрменді бір үлгісі. Қысқаша айтқанда, ажарлау -көркемдік ойлау мен қиялдың келісті бір көрсеткіші.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. /Құрастырушы З. Ахметов. – Алматы : Ана тілі, 1996. – 240 б.
- 2 **Валиханов, Ч. Ч.** Собрание сочинений в пяти томах. Т.2. – Алма-Ата : Наука, 1961. – С. 196.
- 3 **Қабдолов, З.** Әдебиет теориясының негіздері. – Алматы : Мектеп, 1970. – 377 б.
- 4 **Байтұрсынов, А.** Ақ жол. Өлеңдер мен тәржімелер, пуб. мақалалар және әдеби зерттеу. /Құрастырған Р. Нұрғалиев. Алматы : Жалын, 1991. – 464 б.

- 5 **Қоңыров, Т.** Қазақ теңеулері. – Алматы : Мектеп, 1978. – 201 б.  
 6 **Радлов, В. В.** Образцы народной литературы тюркских племен. – Спб., 1985. Т. V. – С. 8-9.  
 7 **Ахметов, З.** Өлең сөздің теориясы. – Алматы : Мектеп, 1973. – 212 б.  
 8 **Негимов, С.** Әдебиет терминдерінің сөздігі. – Алматы : Ана тілі, 1996. – Б. 118.  
 9 **Тілеужанов, М.** Ел әдебиеті. – Алматы : Ана тілі, 1992. – 176 б.  
 10 **Ыбыраев, Ш.** Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы. – Алматы : Ғылым, 1993. – 296 б.  
 11 **Бердібаев, Р.** Қазақ эпосы. Жанрлық және стадиялық мәселелер. – Алматы : Ғылым, 1982. – 232 б.

12.02.16 баспаға түсті.

*Б. М. Айтбаева<sup>1</sup>, Б. М. Мауленова<sup>2</sup>, А. М. Мауленова<sup>3</sup>*

#### **Функции выразительных средств в героических эпосах**

<sup>1,3</sup>Қарагандинский государственный университет имени Е. А. Букетова, г. Караганда;

<sup>2</sup>Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Астана.

Поступило в редакцию 12.02.16.

*В. М. Aitbaieva<sup>1</sup>, В. М. Maulenova<sup>2</sup>, А. М. Maulenova<sup>3</sup>*

#### **Functions of expressive means in heroic epos**

<sup>1,3</sup>E. A. Buketov Karaganda State University, Karaganda;

<sup>2</sup>L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana.

Received on 12.02.16.

*В статье авторы рассматривают функции изобразительно-выразительных средств в героических эпосах казахского народа. Героический эпос зачастую отражает реальные исторические события, содержит элементы фантастики и реализма. В казахском героическом эпосе, наряду с захватывающим сюжетом, поразительно мастерство создания образов, описание переживаний героев богатство языка казахского эпоса – это в первую очередь богатство выразительных и образных оборотов, метких и крылатых слов, что метафоричность и гиперболичность характерна для эпоса.*

*In the article authors examine the functions of graphicly-expressive means in heroic epos of the Kazakh people. A heroic epos often reflects the real historical events, contains the elements of fantasy and realism,*

*abundance of domestic details and deep psychological supervisions. In the Kazakh heroic epos, along with a keen plot, mastery of creation of striking characters, description of experiencing of heroes, the riches of the Kazakh epos language are first of all the riches of expressive and vivid turns, well-aimed and winged words, that the metaphoricity and hiperbolicity is characteristic for an epos.*

ӘОЖ 809.434.2

#### **Н. Н. Аутова<sup>1</sup>, С. М. Сапина<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.к., доцент, С. Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті, Ақтөбе қ.; <sup>2</sup>ф.ғ.к., доцент, КАЗГЮУ университеті, Астана қ.

e-mail: nurly72@mail.ru

#### **ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ АРАБИЗМДЕР (ҚАЗАҚ, БАШҚҰРТ ТІЛДЕРІ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ)**

*Мақаланың мақсаты – қазақ және башқұрт тілдеріндегі араб тілінен енген сөздердің қолданысын талдау. Авторлар араб сөздерінің ену себептерін, олардың қазақ, башқұрт тілдері лексикалық қорының баюына тигізген әсерін көрсетеді. Жекелеген мысалдар арқылы белгілі кезеңде тілдің актив қорын құраған сөздердің пассив қорға кетуінің себептерін көрсетеді. Араб тілінен енген кірме сөздер мағынасының тарылуы, кеңеюі, мағына ауысу сияқты лексикалық құбылыстар мен дыбыстық өзгерістер турасында айтылады.*

*Кілтті сөздер: арабизмдер, актив лексика, пассив лексика, кірме сөздер, фонетикалық өзгерістер, сөз мағынасының кеңеюі, сөз мағынасының тарылуы, сөз мағынасының ауысуы.*

Барлық түбі бір түркі жұртына, соның ішінде қазақ тілі мен башқұрт тілдеріне арабизмдер ислам дінінің таралуы арқылы кіргені мәлім. YIII-XV ғасыр аралығындағы үлкен Халифат мемлекеті Орта Азия халықтарына мұсылман өркениетін қалыптастырып, қазақ-башқұрт тілдеріне тілдік қатынас негізінде арабизмдерді енгізуді қамтамасыз етті. Қоғамдық-саяси, ғылым-білім, салт-дәстүр саласындағы арабизмдер орта ғасыр қоғамындағы өмірде кең қолданылды.

Қазіргі күні арабизмдер қазақ тілінің де, башқұрт тілінің де лексикасының айтарлықтай деңгейін құрайды. Екі тілдің де лексикалық қорына енген арабизмдердің қолданыста өзіндік орын алып, кейбірі сөзжасамдық ұя жасап, аясын кеңейткенін байқаймыз. Тілдің дамуы мен

өзгеру үдерісіне орай кейде арабизмдер дамып, жетіліп отырса, кейбірі актив түрден, пассив түрге ауысқанын көреміз. Осындай арабизмдердің қазақ тілінде қолданылуын, башқұрт тілімен салыстыра қарасақ, башқұрт тіліндегі кейбір араб тілінен енген сөздер күні бүгінге дейін белсенді түрде қолданыс тауып, өз позициясын бекіткендігі көрініс береді. Мысалы: *табиб* сөзі араб тілінде *дәрігер-врач* деген мағынасымен бірдей қолданылса, қазақ тілінде бұл сөз дыбыстық өзгеріске түсіп *тәуіп*, яғни *бақсы-балгер* мәнін білдіреді және ескірген, архаизм түрінде қолданылады. Сондай-ақ, *дауахана* (аптека-дәріхана) сөзінің түбірі *дауа* араб тілінен енген дәрі мағынасында қолданылса, қазақ тілінде бұл сөз ауруға *шипа-дауа* деген мағынада қолданады. *Дауа* сөзі қазақ тілінде көне сөзге жатады, бірақ бұл сөздің қазақ тілінде ауыс мағынада қолданысы сақталған: *Бұған дауа жоқ* деген тіркес өзінің жаман әдетін (қырсық, ұрысқақ, жоқ жерде жанжал шығарып, өрепитін, т.с.с.) қоймайтын, қайталай беретін адамға қатысты қолданылады.

Кеңестік кезеңде арабизмдер саяси мақсатта тілден ығыстырыла бастады. Арабизмдер тек феодалдық кезеңнің мұрасы ретінде бағаланды. Қазақ тілінде олардың көбісі өзге тілдердегі баламасымен ауыстырылды. Діни салаға қатысты арабизмдер лексикадан шығарылып тасталды. Жалпы кірме сөздердің басқа тілге енуі туралы ғалымдар пікіріне сүйенсек, «Арабизмдер в узбекском языке в прикладном и теоретическом аспектах» еңбегінде былайша көрсетілді:

«Сущность заимствований в качестве лингвистического явления определяется следующими основными характеристиками:

1) Заимствования являются результатом контакта двух языков (или культур). Это свидетельствует о процессе лексического взаимодействия этих языков. Заимствования возникают в условиях необходимости в обозначении новых понятий и в дальнейшем подвергаются лексико- семантической ассимиляции.

2) Процесс заимствования предполагает взаиморазвитие как собственно заимствование ассимилируется на различных уровнях: фонетическом, фонологическом, морфологическом, лексико-семантическом, синтаксическом и др. Изменения происходят как в структуре и семантике заимствований, так и в структуре и лексике языка, принимающего данное заимствование.

3) Важным фактором, который способствует процессу заимствования, является билингвизм и мультилингвизм и для него географический контакт не столь значителен.

4) В Средней Азии и на Кавказе существование арабизмов является результатом исторического и глубокого культурно- языкового контакта между народами этого региона с арабами.

5) Арабизмы были исследованы в отношении турецкого, башкирского, казахского, уйгурского, кумыкского, гауазского, Восточно-Кавказского, а

также узбекского языков. По лексико-семантическое состояние арабизмов в каждом из этих языков имеет собственную специфику. Разные языки отличаются между собой способами проникновения и особенностями их ассимиляции [1].

Кірме сөздер қазіргі тілде лексиканы заңды және шынайы түрде байытудың бірден-бір жолы болып табылады. Кірмелердің фонетикалық, морфологиялық игерілуі де қазақ және башқұрт тілдерінің өзіндік ішкі заңдылықтарына негізделіп жасалған. Мәселен, қазақ тілінде *Һукмат* араб сөзі екі түрлі дыбыстық нұсқада орнықтырылып, екі басқа мағына беретін арнайы терминдерді қалыптастырған: *өкімет* – власть, *Үкімет* – Правительство, сондай сөздердің бірі *өкім*- распоряжение, *үкім* – приговор.

Арабизмдер адам өмірінің барлық саласына енген:

а) адамның кәсібіне байланысты лексика: *табиб* – *дәрігер*, *кәсіп* – *ремесленник*, *әмір*, *хаким* – *әкім*, *т.б.*;

б) діни салада: *имам*, *дін*, *рамазан*, *намаз*, *азан*, *ажал*;

в) тұрмыстық лексика: *салам-сәлем*, *ассаламу-алайкум*, *кітап*, *дәптер*, *қалам*, *барака* – *береке*, *аууал* – *әуелі* – *бірінші*;

г) лингвистика, поэтика, көркем әдебиет, яғни гуманитарлық ғылымдардың арнайы лексикасы ретінде: *шайыр* - *ақын*, *аруз* - *өлең өлшемі*, *пәлсапа* – *философия*, *емле араб тілінде диктант* деген мағынада;

д) адамның эмоционалды-сезіміне қатысты лексика: *бәрекелді* – *барака Аллаһ*, *азаб-азап*.

Жекелеген ақын, жазушы немесе ғалымдардың лексикасында кездесетін арабизмдер бар. Мысалы, А. Байтұрсынұлының ғылыми зерттеулерінде лингвистикалық терминдер араб тілінде берілсе, қазақтың бас ақыны Абай өлеңдерінде, Мағжан шығармаларында кездеседі.

Мүлде қолданылмайтын сөздер қатары да бар: Диуани-лұғат-ат-түрік дегендегі *лұғат сөзі*, *уалаят* сөздері кейінгі уақыттарда көнеріп, қолданыстан шығып қалған.

Арабизмдер әртүрлі тілде сол тілдің фонетикалық ерекшеліктеріне қарай ерекшеленіп отырады. *Мемлекеттік университет* деген тіркес башқұрт тілінде *дауләт университеті* деген тіркес түрінде пайдаланылады. Бұл жердегі *мамлакат*, *дауләт* сөздері араб тілінен енген сөздер. *Мамлакат* сөзі орыс тілінде *государства* деген мағынамен сай келсе, *даулат* сөзі *страна* дегенге саяды. Башқұрт тілінде қазақ тілінде қолданылмайтын, қазақ тілінің лексикасында жоқ, бүгінгі күні актив қолданыстағы бірқатар сөздер кездеседі. Мысалы: *Қаһуа-қаһуахана-кофе*, *кофехана*. Арабтың *қаһуа* сөзі башқұрт тілінде сол күйінде қолданылса, қазақ тілінде оның орнын еуропаша *кофе* сөзі алмастырады. Сол секілді башқұрт тілінде *ихтисад*, *синауад* сөздері қолданылса, қазақ тілінде ол қолданыстар мүлдем болмаған, бұл мағынаны беру үшін *экономика*, *өнеркәсіп* сөздері пайдаланылады. Бұдан біз башқұрт



тілінде арабизмдердің арнайы лексика жасауда қазақ тіліне қарағанда басым қоланылатынын көреміз.

Арабша *мадраса* қазақ тілінде игеріліп *медресе* түрінде қолданылады және ол араб тіліндегі төл мағынасы *мектеп* дегенді білдірсе, қазақ тілінде *діни мектеп* ұғымында, *талаба* – *оқушылар*, *білім алушылар*, *студенттер* дегенді білдіргенімен, қазірде қазақ тілінде тек мешіттен білім алушыларды ғана осылай атайды. Бұл мағыналық өзгерістердің мәні қазақ тіліне араб тілінен енген сөздердің көпшілігі діни түсінікпен қатысты ұғынылып қалуымен байланысты. Тіпті кейбір патологиялық атауларды да көруімізге болады. Мәселен, сөзжасамның мутациялық мағынасы ретінде қабылданатын араб тілінен енген *ақпарат* (*информация*) сөзінің морфемалық құрамын талдасақ, *ақпар* – *хабар* деген сөздің көпше түрі (фузиялық өзгеріс), яғни *хабар* жекеше мәлімет дегенді білдірсе, *ақпар* хабарлар деген мағынаны білдіреді. Ал қазақ тілінде оған араб тіліндегі женский родтың көптік мағынаны білдіретін *-ат* тұлғасы үстемеленіп *ақпарат* түрінде терминденуі шындығында артық құрылымдау болып саналады (*хабарларлар теген түсінікке саяды*).

Сана арқылы түсінілетін дерексіз атаулардың қазақ-башқұрт тілдерінде қолданылуы көбінесе араб тіліндегі төл мәніне сәйкес болып келеді. Мысалы, *ақыл*, *бақыт*, *ұждан*, *ықылас*, *махаббат*, *сыр*, *азап*, *құлқын т.с.с.*

*Ақыл*, *бақыт*, *азап*, *махаббат* секілді сөздер қазақ, башқұрт тілдеріне араб тіліндегі төл нұсқасымен дәл сәйкестікпен енгізілген. Ал *ұждан* башқұрт тілінде *выждан* араб тілінде бірнеше мағынада қолданылса, қазақ және башқұрт тілдеріне бір мағынасы ар («совесть», «честь») деген мәнде түсініледі. Қазақ тілінде *ұждан* көбіне *ар* сөзімен қосарланып, *ар-ұждан* түріндегі плеоназм ретінде қолданылады. Ал башқұрт тілінде *выждан* жеке тұрып, өз мағынасында жұмсала береді.

*Ықылас* сөзі қазақ тілінде «таза ниет, ақ тілек, пәк көңіл» ретінде қолданылып, зат есім сөз табына жатқызылады. Араб тілінде [‘ихласун] – шынайылық, ақ жүректілік, ашықтық, адалдық деген мағынада жұмсалатын зат атауы. Ал башқұрт тілінде *ихлас* 1) *сын есім ретінде* – таза жүректі, адал 2) үстеу ретінде – құмарлана, шынайы мәнінде қолданыс тауып жүргенін көреміз (Былар өсен һәр вақыт ихлас кыуандым (М. Кәрім) – Бұлар үшін әр уақыт шын қуандым) [2, 198 б.].

Сыр сөзі башқұрт тілінде *сер* түрінде, араб тіліндегі төл нұсқасы *сиррун* түрінде беріледі, мағыналары: 1) тайна, секрет (құпия, сыр); 2) могила (бейіт, мола); 3) сердце, душа (жүрек, жан); 4) *рел.причастие*; 5) знание сокровенного (қасиеттіні білу). Башқұрт тілінде 1) *құпия*; 2) күшейту мәнінде *сер-сер* (өте құпия) деп қолданылады [2, 198 б.].

Қазақ тілінде *сыр* сөзі 1) әркімнің өзіне тән, өзгеге белгісіз ойы (*Сырын жасырмақ* болды); 2) істің мән-жайы, жай-жапсары мағынасында қолданылады: Бұл үйді сағалап келуінде бір *сыр* бар (Шүкіров) [3, 601 б.].

Кірме сөздердің даму динамикасы әлеуметтік саяси жағдайларға байланысты болып келеді. Айталық, кейбір өзінің мәнін уақытша жоғалтқан лексикалық бірліктер тілдік ментальділіктің арқасында тілге қайта оралуда. Мысалы: *дәріс*, *жұма*, *тамыз*, т.б.

Жоғарыдағы мысалдардан көретініміз, қазақ және башқұрт тілдеріне енген араб сөздері аталған тілдердің лексикалық жүйесінде біршама игерілген, өзіндік уәжділікпен өріс жайған, лексиканың актив және пассив қабаттарында орын тепкен деген тұжырым жасауға негіз болады.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Казакбаева, Г. А.** Арабизмы в узбекском языке в прикладном и теоретическом аспектах// автореферат дис. ... кандидата филологических наук: 10.02.22. – Москва. – 25 с.

2 **Бахтиярова, А. Н.** Абстрактные слова арабского происхождения в башкирском языке// Дискурс теориясының өзекті мәселелері халықаралық электронды конференция материалдары 25 мамыр, 2012. – Ақтөбе, 2012. – 205 б.

3 Қазақ тілінің сөздігі. Алматы, 1999. - 774 б.

27.01.16 баспаға түсті.

*Н. Н. Аитова<sup>1</sup>, С. М. Сапина<sup>2</sup>*

**Арабизмы в тюркских языках (на материале казахского и башкирского языков)**

<sup>1</sup>Актюбинский университет имени С. Баишева, г. Актөбе;

<sup>2</sup>КАЗГПОУ Университеті, г. Астана.

Поступило в редакцию 27.01.16.

*N. N. Aitova<sup>1</sup>, S. M. Sapina<sup>2</sup>*

**Arabism in the Turkic languages (based on the Kazakh and Bashkir languages)**

<sup>1</sup>S. Baishev Aktobe University, Aktobe;

<sup>2</sup>KAZGUU University, Astana.

Received on 27.01.16.

*Цель статьи – анализ арабских заимствований в казахском и башкирском языках. Авторы рассматривают причины проникновения арабских слов, их влияние на лексический фонд казахского и башкирского языков. На отдельных примерах показан переход арабских слов из активного в пассивный лексический запас. Также предметом*

*рассмотрения стали такие лексические явления как сужение, расширение и переход значения слова и фонетические изменения.*

*Purpose of the article – the analys of Arab borrowings in Kazakh and Bashkir languages. The authors examine the causes of crossing Arabic words and their impact on the lexical fund of the Kazakh and Bashkir languages. In certain examples, shows the transition from the active Arab words in the passive vocabulary. Also became the subject of such phenomena as lexical contraction, expansion and transition of the word and phonetic changes.*

УДК 811(574.25)

**А. В. Алиясова**

к.ф.н., и.о. доцента, Инновационный Евразийский университет, г. Павлодар  
e-mail: nastja\_sh@mail.ru

## **КОММУНИКАЦИЯ В СОЦИАЛЬНЫХ СЕТЯХ КАК ИНСТРУМЕНТ ПРОДВИЖЕНИЯ ВЫСШЕГО УЧЕБНОГО ЗАВЕДЕНИЯ (НА ПРИМЕРЕ ВУЗОВ ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ)**

*Цель данной статьи заключается в изучении коммуникации в социальных сетях, которая является инструментом продвижения высших учебных заведений. В статье представлены исследования социальных сетей с позиции их влияния на формирование имиджа высшего учебного заведения. Примером выступает коммуникативная деятельность университетов Павлодарской области, а точнее маркетинговая представленность и эффективность вузов в разнообразных социальных сетях.*

*Ключевые слова: анализ коммуникации, социальная сеть, имидж, рынок образовательных услуг, рыночные технологии, инструмент продвижения.*

Понятия «рынок образовательных услуг», «привлечение потребителя», «конкуренция образовательных программ», «продажа образовательных услуг» все чаще звучат в академической среде. Рыночные технологии целенаправленного воздействия на потребителя, давно и успешно применяемые в бизнесе, стали сегодня актуальными и для учреждений образования [1, с. 150].

Социальные сети прочно вошли в жизнь современного общества. Благодаря их развитию трансформируется массовая коммуникация и появляются новые каналы, через которые можно транслировать различные сообщения на массовую аудиторию. Скорость распространения информации по таким интернет-каналам (социальным сетям, блогам, форумам, порталам и т.д.) гораздо выше, чем по традиционным каналам коммуникации; появляется перспектива четко дифференцировать целевую аудиторию и работать именно с ней, а также оперативно получать различные данные об особенностях поведения аудитории и, как следствие, корректировать контент или способы коммуникации.

Развитие различных площадок в пространстве Интернета и трансформация каналов коммуникации создает дополнительные возможности для специалистов по коммуникации. Особенно активно новые возможности коммуникации в социальных сетях на сегодняшний день используют специалисты по PR, маркетингу, продажам, продвижению – SMM (от англ. social media marketing).

Как показывает практика, в социальных сетях можно продавать не только товары, но и различные услуги. Сегодняшняя реальность такова, что в условиях жесткой конкуренции новыми каналами коммуникации вынуждены пользоваться даже университеты.

Работа в соцсетях, связанная с маркетингом, продвижением или PR, предполагает создание сообщества (бренд-платформы) и организацию в нем живого общения представителей целевой аудитории бренда [2, с. 26]. Через данную бренд-платформу осуществляется деятельность по позиционированию, продвижению и т.д.

Тенденция создания университетами групп в социальных сетях растет, однако стоит отметить, что существует проблема, связанная с незнанием механизмов маркетинга в социальных сетях модераторами, из-за чего группы в социальных сетях модерируются слабо, практически отсутствует пользовательская активность, появляется некачественный контент и т.д. Группы оказываются невостребованными, о чем можно судить по их низкой посещаемости [3, с. 97].

Рассмотрим коммуникационную деятельность в социальных сетях на примере трех университетов Павлодарской области: Инновационный Евразийский университет (ИнЕУ), Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова (ПГУ), Павлодарский государственный педагогический институт (ПГПИ). Выбор вузов для исследования обусловлен тем, что во всех вузах активно на сегодняшний день развиты каналы коммуникации, имеется широкая представленность в социальных сетях. Кроме этого, три вуза являются конкурентами, что представляет особый интерес для проведения исследования и выявления сильных и слабых сторон. Данные приводятся по состоянию на сентябрь 2015 года.

Анализ коммуникации проводился по следующим критериям: количество социальных сетей, в которых представлен университет; количество подписчиков в сообществах; наполненность групп контентом (частота обновления); принадлежность контента (собственный / чужой); активность подписчиков (количество лайков / репостов, наличие дискуссий и т.д.); качество коммуникации (описание группы).

Таблица 1

Критерий	ИнеУ	ПГУ	ПГПИ
Количество социальных сетей	Facebook Twitter Youtube Вконтакте Одноклассники Instagram	Facebook Twitter Мой Мир Вконтакте Instagram	Twitter Youtube Вконтакте Facebook Мой Мир Одноклассники
Количество подписчиков в сообществах (человек)	Facebook (324) Twitter (98) Youtube (5) Вконтакте (567) Одноклассники (601) Instagram (912)	Facebook(775) Twitter (122) Мой Мир (4) Вконтакте (340) Instagram (687)	Twitter (286) Youtube (5) Вконтакте (211) Facebook (1663) Мой Мир (1) Одноклассники (31)
Наполненность групп контентом (частота обновлений)	Facebook – ежедневные; Twitter – редко; Youtube – редко; Вконтакте – ежедневные; Одноклассники – 2-3 раза в неделю; Instagram – ежедневные	Facebook – ежедневные; Twitter – редко; Мой Мир – не обновляются; Вконтакте – ежедневные; Instagram – 2 – 3 раза в неделю	Twitter – ежедневные; Youtube – не обновляются; Вконтакте – 2 – 3 раза в неделю; Facebook – ежедневные; Мой Мир – не обновляются; Одноклассники – редко
Принадлежность контента	Facebook – собственный; Twitter – собственный + чужой; Youtube – собственный; Вконтакте – собственный; Одноклассники – собственный; Instagram – собственный + чужой	Facebook – собственный; Twitter – собственный; Мой Мир – собственный; «вконтакте» – собственный + чужой; Instagram – собственный	Twitter – собственный; youtube – собственный «вконтакте» – собственный; Facebook – собственный; Мой Мир – собственный; Одноклассники – собственный + чужой;
Активность подписчиков (количество лайков/просмотров)	Facebook – 0; Twitter – 0; Youtube – 40-50; Одноклассники – 10-30; «вконтакте» – 0-10	Facebook – 0-5; Twitter – 0-2; Мой Мир – 9-1300; «вконтакте» – 0-10; Instagram – 10 -60	Twitter – 0-2; Youtube – 4-20 «вконтакте» – 0-2 Facebook – 0-5; Одноклассники – 20 - 30; Instagram – 20 -30

На основании проведенного анализа можно сделать вывод о том, что коммуникация в социальных сетях ведут все университеты. Однако наиболее налажена и активно ведется коммуникация с целевой аудиторией у ПГУ имени С. Торайгырова.

У всех вузов качественно коммуникация ведется в социальных сетях «ВКонтакте» и Facebook, что обусловлено популярностью данных ресурсов

у целевой аудитории. На основании проведенного анализа коммуникации в социальных сетях можно выделить некоторые особенности. Все университеты имеют сразу несколько аккаунтов в различных социальных сетях, что обусловлено разрозненностью целевой аудитории. Несмотря на то, что коммуникация ведется на различных ресурсах, однако она теряет качество и эффективность связи с целевой аудиторией. Кроме того, отсутствует связь между всеми аккаунтами, например перекрестные ссылки и т.д. Для повышения эффективности коммуникации во всех социальных сетях, возможно, необходимо выделить стержневой аккаунт, который будет объединять остальные.

Кроме разрозненности аккаунтов в различных социальных сетях, можно также отметить подобное явление и в одной социальной сети. Например, в «ВКонтакте» у Инновационного Евразийского университета насчитывается более 100 сообществ. В то же время работа Павлодарским государственным университетом имени С. Торайгырова ведется в одной, основной, группе, а не разделяется на несколько групп, как у ИнеУ и ПГПИ. У Павлодарского государственного педагогического института также раздробленная система аккаунтов, но среди них первым в ответе на поисковый запрос появляется закрытая группа, что, на наш взгляд, является отрицательным моментом в коммуникации.

«Одна из главных задач SMM – это объединение с аудиторией, которая не приемлет открытую рекламу и готова дать обратную связь» [4, с. 29]. При этом особенностью коммуникации в социальных сетях у всех исследуемых университетов является отсутствие активной обратной связи от подписчиков сообществ во всех социальных сетях. Возможно, это обусловлено тем, что модераторы сообществ ориентированы только на информирование, а не на диалог с подписчиками. Кроме того, об этом говорит и тематика контента в сообществах. Чаще всего тематика контента касается учебного процесса и мероприятий, которые проходят в университете, но у ПГУ им. С. Торайгырова, по сравнению с другими аккаунтами в «ВКонтакте», гармонично сочетается контент собственный и заимствованный.

С точки зрения качества коммуникации в описании группы в «ВКонтакте», наиболее качественной является коммуникация у ИнеУ, так как в тексте присутствует призыв и что очень важно на наш взгляд, размещены ссылки на аккаунты университета в других ресурсах.

Следующим важным моментом является структура аккаунта в «ВКонтакте». У ПГПИ такая структура вообще отсутствует, что существенно снижает качество коммуникации в группе. У ИнеУ и ПГУ им. С. Торайгырова такая структура разработана, что облегчает ориентирование в группе и улучшает удобство коммуникации в группе.

Из данного исследования видно, что работа по ведению коммуникации в социальных сетях ведется всеми университетами, однако, на сегодняшний

день эффективной в полной мере эту работу еще нельзя назвать. Эта проблема требует детальной научной разработки, анализа методов и возможностей коммуникации в социальных сетях, инструментов работы с целевыми аудиториями, выбор оптимальной площадки для коммуникации.

## СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1 **Пивоварчик, Т. А.** Маркетинговые коммуникации как инструмент развития дополнительного образования взрослых / Т. А. Пивоварчик // Дополнительное образование взрослых: перспективы развития и инновации: материалы Республиканской научн.-практ. конф., Витебск, 22 ноября 2012 г. – Витебск: ВГУ им. П.М. Машерова, 2012. – С.150–154.

2 Электронная книга компании «INGATE». Простое и наглядное пособие по маркетинговым коммуникациям в социальных сетях. – М., 2013. – 48 с. – Режим доступа: <http://smm.ingate.ru/smm-issledovaniya/>. – Дата доступа: 12.03.2015.

3 **Медведева, Э. А.** Оценка эффективности продвижения вуза в социальных сетях / Э. А. Медведева, Я. Р. Водатурская // Общество: политика, экономика, право. – 2013. – № 4. – С. 96-101.

4 **Павлов, А. Ю.** Особенности маркетинга в российском сегменте социальных сетей / А. Ю. Павлов // APRIORI. – Сер. Гуманитарные науки. – 2014. – № 4. – С. 25-31.

Поступило в редакцию 28.12.15.

*А. В. Алиясова*

**Әлеуметтік желілердегі коммуникация жоғары оқу орнын алға бастыру құралы ретінде (Павлодар облысының ЖОО-ның тәлімінде)**  
Инновациялық Еуразия университеті, Павлодар қ.  
28.12.15 баспаға түсті.

*A. V. Aliyassova*

**Communication in social networks as a tool of higher institutions (on the base of Pavlodar region higher education institutions)**  
Innovative University of Eurasia, Pavlodar.  
Received on 28.12.15.

*Осы мақаланың мақсаты жоғары оқу орындарын алға бастыру құралы болып табылатын, әлеуметтік желілерде коммуникацияларды зерттеуде тұжырымдалады. Мақалада әлеуметтік желілердің жоғары оқу орнының имиджін қалыптастырудағы олардың әсер*

*ету ұстанымдыдағы зерттеулері ұсынылған. Павлодар облысы университеттерінің коммуникативті қызметі үлгі ретінде болып табылады, нақтырақ айтқанда ЖОО-ның түрлі әлеуметтік желілердегі маркетингтік ұсынылуы мен тиімділігі.*

*The purpose of this article is to study communication in social networks, which is a tool for promoting higher education. The paper presents the study of social networks in terms of their influence on the formation of higher education institution image. The example is the communicative activity of universities of Pavlodar region, and a marketing representation and effectiveness of higher education institutions in a variety of social networks.*

UDC 378.147:81.243

**A. V. Aliyassova**

candidate of philological sciences, acting assistant professor, Innovative University of Eurasia, Pavlodar  
e-mail: beibarys@mail.ru

## **INTEGRATING READING AND WRITING INTO THE CONTEXT OF CLIL CLASSROOM: SOME PRACTICAL SOLUTIONS**

*The aim of this article is to explore the potential of integrated reading and writing activities within the CLIL classroom from the perspective of the students' linguistic achievements. The paper presents a case study of 1 semester-long project involving 19 undergraduate students of Economics, who were offered CLIL classes as an alternative to a traditional EFL course. These CLIL students were learning Organization of promotional activities through English as an instructional medium. More importantly, systematic text-responsible writing assignments were incorporated into the framework of the CLIL formula, and it is assumed that such a variable contributed to the effectiveness of this course in terms of foreign language competence growth.*

*Keywords: reading, text-responsible writing, compare, contrast, effectiveness.*

Promoting reading comprehension and focusing on writing are considered highly significant in CLIL methodology (Wolff, 2005, 16). In this article we

concentrate on the integration of reading and writing, as this approach has major implications for the CLIL classroom.

Integrated reading and writing activities brings benefits to the learner with respect to both content learning and language learning processes. The advantages of integrated reading and writing activities in reference to content learning are as follows: reading texts from a given discipline provides information that can be later used in written production, and therefore contributes to revision and consolidation of content material. Additionally, the necessity of selecting information in the writing practice helps students develop critical thinking skills.

There is also one important quality of these kind of activities – writing becomes text-responsible. Carson and Leki (1997, 41) define this category of a writing task as a task in which “the writers are responsible for demonstrating an understanding of the source text [...], they must produce *text-responsible* prose based on content acquired primarily from text”. The sources from which the students are expected to gain and possibly demonstrate knowledge include books, articles, lectures, etc. The fact that content correctness of the produced text becomes evaluated is absolutely crucial for content learning – text-responsible writing not only helps to adjust material, but it also requires accuracy, precision and correctness. Carson and Leki (1997, 51) furthermore stress that there are disappointing consequences if writing is separated from text responsibility, especially on English for Academic Purposes (EAP) courses where content is treated only as a material for practising some rhetorical skills, reasoning skills or problem-solving skills. In the CLIL classroom this situation can be easily fulfilled as there is a double focus on both language and content learning, and as CLIL teachers usually have both content and language competences.

To sum up: text-responsible writing is beneficial for students in reference to content learning as well as language learning processes, and it may be understood that the CLIL classroom provides excellent opportunities for such an integration of reading and writing tasks.

One of the realistic solutions of integrating reading and writing activities presented here is constructing comparison/contrast essays. Comparing and contrasting is a typical academic task and one of the popular rhetorical techniques found in academic texts. An ability to compare and contrast ideas or topics is a vital part of students’ conceptual and metacognitive knowledge.

A typical task of writing a *comparison/contrast* essay starts with students reading two descriptive source texts, then selecting the main ideas along with supporting details, and finally, comparing and contrasting those two topics with attention paid to similarities and differences. Usually five basic qualities of a comparison/contrast essay are defined: comparing and contrasting two ideas; explaining the similarities between ideas; explaining the differences between ideas; using such expressions as: *alike, different, but* etc. within the text; adjusting

the text to the rhetorical structure of *comparison/contrast* essay (introduction, similarities, differences, conclusion, applying the rule of parallel construction).

There are a number of benefits that students can get from writing comparison/contrast essays. First of all, organizing information according to similarities and differences may be one of the most effective learning strategies (Hammann, 2002). It is due to the fact that a structural organization of a given text influences the amount of information we remember after reading it. Similar results are provided by the research made by Carrell (1987) in which she investigates the influence of various text organizational patterns on the effectiveness of information encoding and recall.

We can also highlight some practical advantages from applying the comparison-contrast rhetorical structure to the CLIL classroom. First, it is a fairly general model that can be used with regard to various subjects, as well as a wide choice of ideas, topics, documents.

Secondly, the comparison/contrast model allows the teacher to create some fresh perspectives on subjects that may stimulate students’ interests and lead to thought stimulating discussions and interesting conclusions. It thus enhances the students’ inspiration and lowers the risk of acts of plagiarism.

Thirdly, the comparison/contrast model is very practical for the teacher with respect to class materials accessibility – for comparing and contrasting, it is sufficient to present the students with two descriptive passages.

And, finally, the comparison/contrast model is evaluated by researchers as the most difficult rhetorical model with reference to its organizational requirement. It is therefore a challenge for the students and helps them develop good writing habits.

Within the theoretical agenda outlined above the following research question was posed: will the experimental (CLIL) group - characterized by systematic text-responsible writing of comparison/contrast essays - make significant progress in developing selected skills and grammatical competence in relation to the control group attending a traditional EFL course?

Our research was conducted at Innovative University of Eurasia in Pavlodar, Kazakhstan during the 2014/2015 academic year. The CLIL group (19 second-year undergraduate students of Economics) was studying Organization of promotional activities in English. The time exposure variable regarding classes taught through English for the group was 150 minutes per week during 1 semester (45 hours in total for the whole course).

The same number of contact hours was allocated to the control group (28 second-year undergraduate students of Economics).

The participants from both experimental and control group were randomly selected out of a larger population of all the students enrolled at the second year of the studies. Both groups were comparable in terms of age and educational background: the students were generally 19 – 20 years old. They mostly came from one city and had attended the same secondary schools found in the local area.

Furthermore, we may assume that they were on a comparable level of English language proficiency when starting their studies as they all had at least 7 years of obligatory English language training at the lower and higher secondary school.

The CLIL group worked with a variety of course resources such as: academic textbooks; Internet resources; handouts prepared by the teacher with explicit instruction on academic writing (with reference to Leki, 1998); and selected grammar exercises. Furthermore, the experimental students' work was organized into collaborative tasks and individual activities. Examples of students' collaborative work would be the following: adapting texts from the Internet to the form of reading exercises (i.e. gap-filling, true or false statements, completing texts with missing words/paragraphs, comprehension questions); presenting viewpoints; class debates and discussions; preparing vocabulary quizzes, etc. The experimental students' individual work included reading the texts assigned for each class (4-6 pages on average); writing summaries of original documents; and, as a systematic homework assignment, writing comparison/contrast essays (approximately 400 words).

The CLIL group classes were generally organized according to the following stages:

1. Feedback:
  - discussing homework essays;
  - grammatical or lexical instruction as feedback to students' written production.
2. Presentation of the new topic:
  - presenting summaries of assigned reading passages by the students;
  - explaining new vocabulary.
3. Practice of content and language elements:
  - reading exercises (text linked with the content topic) along with language exercises prepared by the teacher or by the students;
  - practising new vocabulary in context.
4. Production:
  - discussing examples of criteria for comparison/contrast in class; writing essays based on texts from textbook and other sources – as homework.

At the beginning of the semester a few contact hours were devoted to explicit teaching of some elements of academic writing as well as to explicit teaching of the structure of comparison/contrast essays.

The control group students were following an obligatory foreign language course, which was a part of their studies programme. In Kazakhstan, at BA level, such a course generally involves 150 contact hours in total; it is usually a traditional English as a Foreign Language (EFL), or – in fewer cases – an English for special purposes (ESP) course, followed by a final exam. The course programme material is usually individually selected by a teacher. The control group students were

attending an EFL course, which meant doing reading exercises such as gap-filling, true or false statements, comprehension questions, multiple choice questions, etc. Also there was a strong emphasis on practising grammatical structures, which mostly involved working with tests, such as *Use of English*. There was also an extended writing component. The control group students were expected to produce a selection of 10 essays (mostly narratives or opinion essays on general topics) during their course.

The aim of data collecting stage was to evaluate the students' achievement and progress in selected English language skills. The instruments used to measure students' academic reading and academic writing skills were the standard tests from respective sections of Cambridge ESOL exam, IELTS. The development of grammatical competence was evaluated through the results of the *Use of English* test of Certificate of Advanced English. The testing was carried out in two sessions: at the beginning and at the end of the course.

When comparing the pre-testing and post-testing results of the experimental group and control group, the students achieved the following test results (see Table 1).

Table 1 – Pre- and post-testing results: the experimental group and the control group.

group	Academic reading pre-test results	Academic reading post-test results	Academic writing pre-test results	Academic writing post-test results	Use of English pre-test results	Use of English post-test results
The experimental CLIL group	56 %	77 %	59 %	83 %	34 %	52 %
The control group	50 %	51 %	53 %	52 %	35 %	39 %

Progress made by the experimental group and the control group is seen in Table 2.

Table 2 – Progress results of experimental and control groups

Group	Progress in AR	Progress in AW	Progress in Use of English
The mean of experimental groups	21 %	24 %	18 %
The mean of control group	1 %	-1 %	4 %

The data collected suggests the following experiment results. The experimental (CLIL) group has made considerable progress in the case of *Academic Reading* test 21 %; in the *Academic Writing* test 24 % and finally, in the *Use of English* test

18 %. The control group's results illustrate minimal progress as those students' results seem to be very low: only 1 % in case of the *Academic Reading* test; -1 % in case of the *Academic Writing* component and 4 % in case of the *Use of English* test.

One of the rationales behind the achievement of CLIL is to provide opportunities for specific forms of target language usage and development. One of the CLIL objectives viewed as leading to forms of added value is *the Language Dimension* (see Marsh et al. 2001.) Here CLIL is aimed at improving general English language competence. This results of the experiment propose that systematic text-responsible writing contributed to the effectiveness of the course attended by the experimental (CLIL) group in relation to target language competence gains – the students who attended CLIL classes for 1 semester (60 hours in total) made significant progress in development of academic reading and writing skills, and grammatical competence.

It is highly probable that the following factors contributed to the effectiveness of this method:

1. In-depth processing of information resulting from text-responsible writing: To write an essay the students had to select and recap relevant information from other texts, which may have supported the process of encoding of new lexical items, grammatical structures, etc.

2. Organizing and restructuring information: The students had to categorize the selected information according to the structural requirements of the new text. Texts alteration processes may have helped the students obtain and observe new lexical items and grammatical structures.

3. Efficiency in the written form: Concentrating upon written instead of spoken production helped to make the classes more effective with regard to the linguistic gains. Written production not only makes students process the information both semantically and syntactically, but it also allows enough time for better concentration and thus invites correctness, reflectivity and autonomy, which supports effective learning.

4. Thematically-coherent writing and reading activities: important textual content helped the students enlarge cognitive structures, accumulate knowledge and engage in systematic practice which helped develop discourse skills and acquire specific vocabulary.

Furthermore, when analyzing the outcome of our research, the results of the control group students whose systematic writing was neither text-responsible nor thematically coherent do not match the achievements made by the CLIL group. The progress made by the control group is clearly lower in spite of the same time exposure as well as comparable amount of written production (10 texts per the whole course). We may assume that it is the writing of text-responsible essays (based on textual transformations and in-depth processing) that particularly contributes to the effective language learning.

To sum up, the results of our project suggest that incorporating regular text-responsible writing practice into the CLIL programme may increase the effectiveness of this innovative approach with regard to development of such linguistic skills as reading and writing, as well as the development of grammatical competence in the target language. We may stress that the CLIL principle provides a very suitable educational context for a natural integration of thematically-coherent and text-responsible writing.

Although we have not assessed the content learning results, we may assume on the basis of the theoretical framework that the *comparison/contrast* model facilitated content acquisition. We may also suggest other rhetorical models to be incorporated in CLIL classroom.

## REFERENCES

1 **Carrell, P.** Content and formal schemata in ESL reading, *TESOL Quarterly* 21(3), 1987. –P. 461-481.

2 **Carson, J. & Leki, I.** Completely different worlds: EAP and the writing experiences of ESL students in university courses, *TESOL Quarterly* 31 (1), 1997. – P. 39-69.

3 **Dutro, S., & Moran, C.** Rethinking English language instruction: An architectural approach, in G. Garcia (ed.), *English learners: Reaching the highest level of English literacy*, International Reading Association. – Newark : DE, 2003.

4 **Hammann, L. A.** Teaching compare-contrast writing in the 21st century. – *Ohio Reading Teacher*, 2002.

5 **Hammann, L. A. & Stevens, R. J.** Instructional approaches to improving students' writing of compare-contrast essays: an experimental study, *Journal of Literacy Research* 35, 2003. – P. 731-756.

6 **Marsh, D., Maljers, A. & Hartiala, A-K.** (eds.) *Profiling European Classrooms*. – University of Jyväskylä, 2001.

7 **Wolff, D.** Approaching CLIL, in *Project D3 - CLIL Matrix - Central workshop report 6/2005*, Graz, Austria: European Centre for Modern Languages, 2005,. – P. 10-25. – Accessed [23.04. 2006] [www.ecml.at](http://www.ecml.at)

Received on 25.01.16.

*А. В. Алиасова*

**CLIL оқыту тұрғысында оқу және жазу интеграциясы: кейбір практикалық шешімдері**

Инновациялық Еуразиялық университеті, Павлодар қ.

25.01.16 баспаға түсті.

**Интеграция чтения и письма в контексте CLIL обучения: некоторые практические решения**

Инновационный Евразийский университет, г. Павлодар.

Поступило в редакцию 25.01.16.

*Бұл мақаланың мақсаты болып интеграция оқыту және жазудың CLIL сыныбы мен қатысушының лингвистикалық жетістігі көзқарасы негізінде қорытындылады. Мақала өзінің тақырыптық өзектілігі қысқа мерзімде I семестр оқытылатын жобада экономика CLIL мамандығында бакалаврда оқитын 19 студентке ұсынған ағылшын тілін оқыту болып табылады. Студенттер ағылшын тілінде «Жарнама қызметін ұйымдастыру» пәнін оқытады. Бұл жүйемен мәтіндік тапсырмалардан басқа CLIL оқыту шеңберінде шет тілінің жетістіктері мен оқу деңгейін де оқытады.*

*Цель этой статьи заключается в изучении потенциала интегрированного обучения чтению и письму в классе CLIL с точки зрения лингвистических достижений учащихся. Статья представляет собой тематическое исследование долгосрочного I семестрового проекта с участием 19 студентов бакалавриата по специальности Экономика, которым были предложены занятия CLIL в качестве альтернативы традиционному обучению иностранному языку. Студенты изучали дисциплину «Организация рекламной деятельности» через английский язык. Кроме этого, систематические текстовые письменные задания были включены в рамках CLIL обучения, и предполагается, что такая переменная способствовала эффективности этого курса в условиях роста компетентности иностранного языка.*

**Н. К. Анафина<sup>1</sup>, Л. Н. Садыкова<sup>2</sup>, Д. Қ. Күнгөзина<sup>3</sup>**

<sup>1</sup> «Мәшһүртану» ГПО, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті; <sup>2</sup> директор, К. Кеменгеров атындағы ЖОМ; <sup>3</sup> қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі, 21 ЖОМ, Павлодар қ.

e-mail: idewa@bk.ru

**ҚАЗАҚ ПЕН ОРЫС ХАЛҚЫНЫҢ  
МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІН САЛЫСТЫРУ**

*Мақала авторлары қазақ және орыс тілдердегі мақал-мәтелдерді салыстырады*

*Кілтті сөздер: мақалдар, фразеологизм, сәйкестену, аударма, нақыш сөз.*

Мақал-мәтелдер – халық даналығының, көрегендігінің айнасы, тіл байлығының алтын қазынасы. Олардың көбісі өмір шындығының қорытындысы. Астың дәмін тұз келтіретіні сияқты, сөздің дәмін мақал мен мәтелдер келтіріп, олардың көбісі ондаған, тіпті жүздеген жылдар бойы тіл құрамында бар. Көркемдеуіш мұндай пәлсапалық түйіндер арқылы біз қалжын ойды да астарлы мағынаны да жеткізе аламыз. Қазақ пен орыс халқы мақал-мәтелдерінің көп бөлігінде түпкі ойы тереңдетілмеген, оны жете түсіну үшін бастапқы компонент-сөздер мағынасын жалпы негізгі ойымен салыстырса болды.

Мақал мен мәтелдердің арасында еңбек тақырыбы негізгі болып саналады. Ерінбеген арыстанның аузындағысын алады. Бұл мақалды Ғабиден Мұстафин өзінің «Қарағанды» романында тілге тиек еткен. Және де қарама-қарсы мақал: **Ерінген аузындағысынан айрылады.** Орыс халқының мақалы қазақтікіне ұқсастығы бар: **Еңбексіз тоған судан балықты да аулай алмайсын.** Еріншек қолдағы барынан айырылады. Ал еңбекқор болса, бұйырғанын тіпті **арыстанның аузынан алады.**

**Аққа жақ ел байғұстар келіп қалыпты, ризамын бәріне де.** (Ғабит Мүсірепов «Оянған өлке» романынан үзінді).

Адамның бойында оң көзқарас туғызатын кейбір мінез-құлықтары болады: мейірімділік, елгезектілік, қайсарлық, табандылық. Қазақтарда мейірімді адам туралы былай дейді: **еніреген (еніреп туған).** Мағынасы: мұнаятын, Халқының еркіндігі мен бақыты үшін жанын пида ететін. Өзіне тән ерлік, кең пейілділік және мәрттік қасиеті бар адам орыстың **«Үрей мен жазғыруы жоқ сері»** атағына лайық.



Мазмұны тікелей, біркелкі дәл келді. Құрбай Танабекұлы болса, халық қамы дегенде көкірегінен жалын атып жүрген **еніреген ердің бірі**. (Қ. М. Өзіме де сол керек).

**Ит терісін басына қаптау.** Тура мағынасы: иттің терісін басына кию. Ал ауыспалы мағынада: **біреуді қарғап-сілеу**. Орыс тілінде бұл мақал бірнеше мағынан береді: **Басты сабындау, жоңқаны жону, жерден алып, жерге салу, басына қара бұлт төндіру**.

Мақал барлығына бір «басына» - «голова» сөзімен біріктірілген. Сол жолы Нұртаза болыстың **ит терісін басына қаптағаныңыз әлі есімде**. (Т. Ө. Кертолғау).

**Жүрегі қарс айрылу.** Тура мағынасы: **адам жүрегінің тілім-тілім болып жұлынып кетуі**. Бұл сөз біреу-міреуге жанға батар сөз айтылса, есіркеу сезімі туылған жағдайларда айтылады. Орыс тілінде бұл мақал былай: **Жүрек қанға толы. Жүрек қақ айырылды**. Тура мағынада айтылған сияқты болып көрінгенімен, мақал мен мәтелдердің мағынасы тереңде. Өйткені, әр халық жан дүниесін сезім арқылы жеткізген. Нәтижесінде мағынасы жағынан біркелкі болатын, балама мәні бар ойға жатқызылады.

Ақбала бұл таңды ұйқысыз атырды. Ауық-ауық тынысын тереңнен тартып **жүрегі қарс айрыла** күрсініп қояды. (Әбдіжәміл Нұрпейісов «Қан мен тер» трилогиясы).

Адамдардың толықтай ұқсастығы немесе көзқарастарының бірдей болуын мақұлдайтын, мінездеме-салыстыруды қарастырғанда қазақ халқының мақалдарына жүгінуге болады: **ағама жангем сай, апама жездем сай**. Тура мағынасы: **ағама өзінің жары, ал апама сүйіп қосылған жары ұқсайды**. Орыс фразеологизмы екі адамның ұқсастығын ғана көрсетіп қоймай, оларға деген теріс қарым-қатынасты да білдіреді. Қазақтарда болсын, орыстарда болсын, бірдей түсіндірме тең келеді. Біріне бірі сай. біреуі екіншісінен асқан. **Ағама жангем сай, апама жездем сай демекші, өзіңе балаң да сайма-сай екен ғой**. (ҚЕ).

Қазақ пен орыс нақылдарының образды негізінде түйісетін жерлері көп. Адам мінезінің ерекшелігі әртүрлі. Бұл ерекшелікті бейнелейтін Фразеология да түрліше болып келеді. Мысалға, **жағасы жайлау, төбесі қыстау. Тура мағынасы: барлығы үшін сүйеніш, бауырмал, сезімтал адам. Жаған жайлау, төбең қыстау** аға едің, қалай шыдайын. Қасыңда мылтықты адамдар жүрген соң, қоштасуға жасырын келдім. (Ғабиден Мұстафин «Дауылдан кейін» романы).

Биік шыңға ұшатын маңғаз мырза. **Айтқаны өтіп, атқаны жетіп тұр**. Тура мағынасы: **айтқанының барлығын мүлтіксіз орындалып, атқан оғы дәл тиеді**. Бұл сөз әдетте, лауазымы жоғары, беделі бар адамдарға айтылады. Маңғаз адам. **Айтқаны өтіп, атқаны жетіп тұрғанда, сені бұл жерге келеді**

**деген үш ұйықтасам ойымда жоқ еді**. (АТ) Сені бұл жерден кездестіремін деп ойламаппын, маңғазданып кетіпсің ғой.

Мәтел **Етігің тар болса, дүниенің кеңдігінен не пайда**. Бірақ аяғыңды етігің қысса, дүниенің кеңдігінен не пайда? (М. Ө. Шығ.) **Егер жан-жақтан қысым көрсен, жер жаһанның кеңдігінен не пайда?** Еңбек етсең ерінбей, тояды қарнын тіленбей. Ықтиярлық пен еңбек барлығын женбек. Еңбек етпеген, тамақ жемеген. Қазақта Табан ақы, маңдай тер. Тура мағынада: әр басқан қадамына ақы төлеу, маңайдан терің сорғалау. Адал еңбекпен тапқан нан әрқашан тәтті болмақ.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Кожухметова, Х. К., Жайсакова, З. Е., Кожухметова, Ш. О.** Қазақша-орысша фразеологиялық сөздік. Казахско-русский фразеологический словарь. – Алма-Ата : Издательство «Мектеп», 1988. – 224 с.

2 **Григорян, Л. Т.** Язык мой – друг мой. Пособие для учителей. М. : Издательство «Просвещение», 1976. – 224 с.

3 **Казахская литература: учебное пособие для 7 класса.** Сост.: Сариева К. Н., Махракова И. Р., Молдахметова З. Н., Ставицкая Н. Н. – Алматы : ЗАО «Жеті жарғы», 1999. – 312 с.

4 **Солодуб, Ю. П.** Путешествие в мир фразеологии, Пособие для учащихся старших классов средней школы. – М. : издательство «Просвещение», 1981. – 64 с.

5 Особенности народной педагогики и воспитания представителей казахского этноса. Сборник. – М. : База знаний ALLBEST, сайт Allbest. ru, 29.06.2010 г. - 38,1 К

20.01.16 баспаға түсті.

*Н. К. Анафина<sup>1</sup>, Л. Н. Садыкова<sup>2</sup>, Д. Қ. Кунгозина<sup>3</sup>*

### **Сравнение казахских и русских пословиц и поговорок**

<sup>1</sup>Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар;

<sup>2</sup>СОШ имени К. Кеменгеров, Баянаульский район, Павлодарская область;

<sup>3</sup>СОШ №21, г. Павлодар.

Поступило в редакцию 20.01.16.

*N. K. Anafina<sup>1</sup>, L. N. Sadyaova<sup>2</sup>, D. K. Kungozina<sup>3</sup>*

### **Comparison of Kazakh and Russian proverbs and sayings**

<sup>1</sup>S. Toraihyrov Pavlodar State University;

<sup>2</sup>K. Kemengerov School;

<sup>3</sup>School № 21, Pavlodar.

Received on 20.01.16.

*Авторы статьи для иллюстраций употребления пословиц и поговорок в казахском и русском языке приводят примеры из художественных текстов, сравнивая полные эквиваленты, которые совпадают по своему содержанию.*

*Authors of article, for illustration of using proverbs and sayings in Kazakh and Russian languages, take the examples from art texts, compare comprehensive equivalents, which coincide in content.*

ӘОЖ 81'271; 82.085; 808.5

**Н. Ә. Әміреев<sup>1</sup>, Л. Бегалиева<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>аға оқытушы, Педагогика ғылымының магистрі, <sup>2</sup>ф.ғ.к., доцент, Алматы менеджмент университеті, Алматы қ.  
e-mail: nurlan.amreev@mail.ru

## **ІСКЕРЛІК ҚАТЫНАСТАҒЫ ЖАЗУДЫҢ РӨЛІ**

*Мақалада іскерлік қарым-қатынас саласында ойды жазбаша жеткізудің негізгі қағидалары мен оны іске асырудың әдістері қарастырылған. Автор серіктестермен жүргізілетін іскери қарым-қатынастағы ойды ауызша жеткізу мен жазбаша хат алмасудың ерекшеліктеріне тоқталып, Кәсіби қазақ тілі сабақтарында оны студенттерге игертудің тиімді тәсілдерімен ой бөліседі.*

*Кілтті сөздер: іскери қарым-қатынас, келіссөз, кәдімгі пирамида, төңкерілген пирамида, жазбаша ой.*

Кімде-кім өзінің және өзі жұмыс істейтін ұйымның іскерлік қатынаста үлкен табыстарға жетуін негізгі мақсаты етіп қойса, онда ол іс қағаздарын жүргізу жүйесін де жан – жақты білуі қажет.

Басқа ұйымдармен іскерлік қарым-қатынас жүргізу барысында жеке басыңыздың абыройы болып табылатын сіздің сыртқы түр-тұлғаңыз, киім киісіңіз, сіздің іс-әрекетіңіз, сөйлеу мәнеріңіз табысқа жетудің бірден-бір кепілі бола алады. Алайда, өз ойыңызды жазбаша түрде жеткізе білу де сіздің абыройыңыздың өсуіне қажетті ең маңызды шарттардың бірі болып

табылады. Сіздің жазбаша ойыңызды оқығанда адамдар нақты әрі түсінікті мәлімет ала білуі шарт. Жазуда айтылатын ойдың нақты әрі түсінікті болуымен қатар жазу каллеграфияңыздың көркем, ойыңыздың әдеби тілде берілуі сіздің мәдениетіңіздің өлшеміңізді көрсетеді [1, 98 б.].

Өз ойымызды ауызша жеткізу барысында әңгімелесіп отырған дамыңыздың сіздің сөздеріңізді қалай қабылдап отырғанын, сіздің ойыңызды қаншалықты дәрежеде түсінгендігін бірден бағалай аласыз. Әңгімелесушіңіздің ойыңыздың жақсы түсінгенін сезінесіз, сіз ойыңызды басқаша түрде құрып, тіпті әртүрлі ишараттар арқылы жеткізуге, қайталап, талдап түсіндіруге талаптанасыз. Ал ойды жазбаша жеткізуде сұхбаттасыңыз қасыңызда болмағандықтан мұндай өзгертулер жасай алмайсыз. Ал сіздің жазбаша мәлеметіңізді алған адамға оны өзінше талдауға, өзінше түсінуге тура келеді. Яғни, ол мәліметті алған адам оны өз түсінігінің деңгейінде қабылдайды. Ал бұл түсінік теріс болуы да мүмкін. Сондықтан ойды ауызша жеткізуге қарағанда, жазба түрде жеткізу басқаларға ойды берудегі дәлдікті, нақтылықты қажет етеді.

Көптеген жағдайда басқа ұйымдармен хат арқылы қарым-қатынас жасау мәлімет алмасудың, істің шешімін табудың бірден-бір жолы болуы да мүмкін. Ойды жазбаша түрде жеткізе білу қатынасы сіздің адамдармен тіл табыса білу өнеріңіздің де өлшемі болып табылады.

Қағаз бетіне түскен сіздің жазба ойыңызға қарап сіздің жеке басыңыз, мінез- құлқыңыз жөнінде және сіздің өре-деңгейіңіз жайлы басқалардың қандай ойда болатындығы жайлы ой түйе болады.

Хат, жаңалықтар топтамасы, мақала, баяндама, сауалнама, әңгіме жазу кезінде олардың негізгі мәтінін құрастыруда мына төрт қағиданы есте ұстаған жөн:

1. Мәтінде сіздің идеяңыз, ойыңыз, түсінік-пайымыңыз, көзқарасыңыз немесе зерттеу нысанаңыздың негізгі проблемалық аспектілері ерекше көрініс табуы тиіс;

2. Мәтінді жазу барысында оны оқитын адамның неге қызығатындығы, оның қандай мәселеге ерекше мән беретіндігі ескерілуі шарт;

3. Сонымен қатар, сіз жазып отырған адамыңыздың (оқырманның) өмірдегі мақсатын, сенім-нанымын, жазылған мәтіннің тілін, айтатын ойын, түсіну қабілетін де назардан тыс қалдырмағаныңыз жөн;

4. Мәтінде автордың негізгі идеясы, айтайын деген ойы мен түсінігін жан- жақты жеткізе алатын тілдік құралдар арқылы оқырманға әрі нақты, әрі қарапайым түрде берілуі керек [2, 27 б.].

Кез келген жазба дүниені, мейлі ол әңгіме болсын, мейлі ол хат болсын, эссе, баяндама, іс қағаздары болсын, оны былай жазу керек деп нақты нұсқау беруге болмайды. Ол әр адамның ойлау деңгейіне, қарым-қабілетіне, ойды жазбаша түрде жеткізе білу шеберлігіне байланысты. Алайда, ойды жазбаша жеткізуде мына екі әдістің бірі үнемі қалданылып отырады:

1. Мұны төңкерілген пирамида әдісі деп те атайды. Бұл әдісте айтайын деген ойдың ең негізгі фактілерді алғашқы абзацта-ақ айтылады да, содан соң бұл фактілердің орын алу себептеріне жан-жақты талдау жасалынады. Мұнда оқырман істің қалай аяқталғанын бірден біледі де, оқиғаның басталу себептерін анықтауға, оған талдау жасауға деген қызығушылығы артады.

2. Бұл әдісті кәдімгі пирамида әдісі деп те атайды. Мұнда оқиға мазмұнын оқырманға бірте-бірте, жан-жақты баяндауға мүмкіндік мол. Бұл үдеріс барысында кейіпкерлер туралы кең көлемде мәліметтер, олардың іс-әрекет үстіндегі бейнелері, оқиғаның орны, шығу себептері жайлы оқиға желісін ширықтыра, шарықтау деңгейіне дейін суреттей аламыз. Бұл әдістің тиімділігі – оқиға желісінің даму барысы арқылы оқырманның оқиғаның қалай аяқталуын білуге деген құштарлығын, ынтызарлығын ояту. Бұл әдіс шығарма, мақалалар жазуда кең түрде қолданылып келеді. Кәдімгі пирамида әдісі бойынша жазылған көркем шығармалар оқиғасы қарапайым хронологиялық жүйе бойынша беріледі [3, 18 б.].

Жазылған мәтінді оқу барысында әрбір адам сол мәтіннен қарапайым алты сұраққа жауап алғысы келеді. Ол сұрақтар: «кім», «не», «қашан», «қайда», «неліктен», «қалай». Бұл сұрақтардың мәнін ашуда әрбір жазушы, журналист өз қызметінің алғашқы сатысында-ақ бетпе-бет ұшырасады. Сондықтан кез келген жазба дүниеде осы сұрақтардың жауабы болуы шарт. Енді осы сұрақтар мәтінде қандай мағынада көрініс табуы керектігін қарастырып көрелік.

**Кім?** Көптеген жазбаша хабарламаларда, шығармаларда белгілі бір адам немесе халық туралы айтылады. Ол кім, оның қызмет саласына байланысты деректер, оның осы оқиғаға қатысына әсер еткен жағдайлар туралы жан-жақты, толық мәлімет беріледі.

**Не?** Не, қандай оқиға болып жатыр? Біз не туралы жазып отырмыз? Біздің жазған дүниемізден оқырман нені пайымдауы мүмкін?

**Қашан?** Бұл оқиға қашан болды немесе қашан болады? Оқырманның бұл туралы іс-әрекетін қашан білуге болады? Ол қашан, не айтады, не істейді? Қашан жауап әрекетке көшуіміз керек? «Қашан»: сұрағы көптеген жағдайларда іскерлік қатынаста маңызды рөл атқарады. Мысалы: іскерлік кездесулер мен келіссөздерді белгілеу, бастығыңыздың қашан, қайда іссапарымен баратынын, келетінін жоспарлау т.б. с.с.

**Қайда?** Бұл оқиға қайда болды немесе болады? Сіз ол адаммен қайда кездесесіз? Сізге осы хатты (хабарламаны, мәтінді) жазып отырған адам қазір қайда? Қайда кетті, қайда бармақ, ол қазір қайда тұрады?

**Неге, неліктен?** Бұл жағдай неліктен болды, неліктен болмақ, неліктен болуға тиіс немесе неліктен болмайды? Осы мәселеге байланысты неліктен сіз солай істеуіңіз, айтуыңыз, сезінуіңіз қажет? Неліктен басқа адамдар оны басқаша қабылдауы тиіс? Неліктен бұл жүзеге аспады, орындалмады?

**Қалай?** Оқиға қалай болды? Оқиғаға байланысты жауап әрекетті қалай жасау керек? Оқиға сізге қалай әсер етті? Басқаларға қалай әсер етеді деп ойлайсыз? [4, 72 б.].

Сіздің жазба жұмысыңызда (эссе, баяндама, шығарма, хат, хабарлама, сөз) осы сұрақтарға жауаптың болуының өзі-ақ сіздің айтайын деген ойыңызды оқырманның бірден түсінуіне, дұрыс қабылдауына жәрдемін тигізеді.

Хат, аңдатпа, шығарма, эссе жазуда, сауалнама толтыруда және т.б. әрбір жазба материалдарын сәтті жазу үшін, әр мәтінді құруға кірісер алдында оған негіз болатын мынадай төрт қағидатты есте ұстаған орынды:

1. Жазып отырған материалыңыз жолдайтын адамыңыздың назарын аударатындай болсын;

2. Жазылған материал оның қызығушылығын арттыратындай болуы керек;

3. Оқырманыңыздың талап, тілегін естен шығармаңыз;

4. Олардың мүддесін ескере отырып, олардың қажетті іске деген әрекетіне қоғау салуды есте ұстаған жөн [5,67].

Жазып отырған мәтініңіздегі ең қажетті, үнемі есте ұстайтын нәрсе – жазбаша қарым-қатынаста сіздің нені жазып отырғаныңызда емес, оны оқып отырған адамның іс-әректіне қозғау салу, оған бағыт-бағдар беру негізгі мақсат болуы шарт. Бір сөзбен айтқанда, оқырманның назарын аудару үшін олардың мүдделері мен тілектерін ескере отырып, оларды жауап әрекетке итермелеу. Бұл қағидаттарды ұтымды пайдалану сіздің жазған сөзіңіздің басқаларға әсер ету күшін арттырады және көздеген мақсатыңызға жетуіңіздің кепілі бола алады. Сіз өзіңіздің жазбаша жеткіземін деген ойыңызды жазуға кіріспес бұрын, нені, қалай жазу керектігін, оның негізгі жоспарын жасап алуыңыз қажет.

Сіз жазайын деп отырған жұмысыңыздың жоспарын жан-жақты, ойыңызды толық ашатын күрделі жоспар түрінде немесе ойыңыздың ең маңызды тұстарын қамтитын қысқа шағын жоспар түрінде де құруыңызға болады.

Жоспар қандай түрде болса да, біз жоғарыда атаған алты сұраққа жауап беретіндей белгілі бір жүйемен жасалуы тиіс. Сонда ғана дұрыс құрылған жоспар негізінде сіз айтайын деген ойыңыздың жазбаша түрдегі нұсқасын жан-жақты ашып көрсетуге қол жеткізе аласыз.

Жоспарда қамтылатын әрбір бөлім бір-бірін толықтырып тұратындай жүйелі бірлілікпен түзілуі тиіс. Әрбір келесі бөлім алдағы бөлімде айтылған ойдың жалғасы болып, оны әрі қарай дамытып отыруы шарт. Әрбір бөлімде айтылған, жазылған ой толық және түсінікті болсын. Сіздің жоспарыңыз бастапқыда оқырманға жеткіземін деген ойыңызды белгілі бір тәртіппен толық және нақты жеткізе алатындай, бүкіл жазылған материал мазмұнын ашып көрсететіндей ескерттелер жиынтығы іспетті болуы қажет.

Жоспар әр бөлімде айтайын деген ойыңызды қысқаша бір-екі сөйлеммен берілген нұсқасы, кейде әрбір негізгі тоқталатын ойға қойылатын тақырып, тақырыпшалар болуы да мүмкін.

Жазылатын материалды кең түрде жоспарлауда шартты түрде мына қағидаларды ескерген тиімді болмақ:

1. Әрбір негізгі ойды білдіретін бөлімдерге тақырып, тақырыпшалар қою;
2. Оқырманға жеткізілетін негізгі ойдың түйіні;
3. Пайдаланылған мәлімет көздерін көрсету;
4. Өзіңіз пайдаланған материалдарды негіздеу;
5. Пайдаланатын дәйек сөздер мен сілтемелерді іріктеу;
6. Көрнекілікпен түсіндіру мүмкіндіктерін қарастыру (кесте, сызба үлгілері) [1, 38 б.].

Егер сіз айтайын деген ойыңызда не нәрсеге баса мән беру керектігіне жеке тоқталғыңыз келсе, онда айтылатын әр ойға жеке арнайы жоспар жасағаныңыз дұрыс. Мұндайда сіздің жоспарыңыз жалпы жазылуға тиісті материалға жасалған жоспарды толықтырып тұратын кең көлемді жоспар болып шығады.

Сондықтан жазбаша материалды оқырманға жүйелі түрде жеткізуге жәрдемін тигізетін, өз көзқарасыңызды ұтымды жеткізуге септігі болатын жоспар үлгісін таңдап және сол жоспарды басшылыққа ала отырып жазуға отырыңыз. Дұрыс құрылған жоспар, мейлі ол жай жоспар болсын, мейлі ол күрделі жоспар болсын, сіздің ойлаған мақсатыңызды жүзеге асыруға кепіл бола алады [3, 36 б.].

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Джон Шестера. Деловой этикет – М. : «Гранд», 1999. –182 с.
- 2 Деловой этикет – Киев : «Альтерпрес», 1998. – 148 с.
- 3 Психология и этика делового общения. – М. : «Юнити», 1997. – 126 с.
- 4 **Формановская, Н. И.** «Речевого этикет и культура общения». – М. : «Высшая школа», 1989 – 151 с.
- 5 **Уәлиев, Н.** Сөз мәдениеті. – Алматы: Мектеп, 1984. – 119 б.
- 6 **Сыздық, Р.** Тіл мәдениеті және оның проблемалары / Р. Сыздық // Тілдік норма және оның қалыптануы. – Астана : Елорда, 2001. – 230 б.

15.02.16 баспаға түсті.

*Н. А. Амреев, Л. Бегалиева*

**Письмо – отражение мысли**

Алматинский университет менеджмента, г. Алматы.

Поступило в редакцию 15.02.16.

*N. Amreev, L. Begaliev*

## Role of the business letter's relationships

Almaty Management University, Almaty.

Received on 15.02.16.

*В статье рассматриваются основные методы реализации официально-делового письма в сфере делового общения. Автор, анализируя особенности письменного делового общения между деловыми партнерами, рассматривает эффективные способы овладения письменной деловой речью студентами на занятиях по профессиональному казахскому языку.*

*There are reviewed the main methods of official business letter realization in the business communication sphere in the article. The author analyzes the features of written business communication between business partners and considers effective ways of taking possession of written business speech on the lessons of professional Kazakh language by students.*

ӘОЖ 81. 1

**С. С. Әубәкір<sup>1</sup>, А. Қ. Трушев<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>магистрант, <sup>2</sup>д.ф.н., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.

e-mail: samal\_aub@mail.ru

## ТІЛ ЖӘНЕ ОЙЛАУ

*Берілген мақалада тіл және ойлау арасындағы байланыс және олардың теориялық тіл білімінің ең күрделі мәселесі ретінде қарастырылған.*

*Кілтті сөздер: психикалық үрдіс, тілдік бірлік, лингвистика, абстракция, дыбыс.*

Тіл және ойлау – бір-бірінен өзінің мәні, өздік белгілерімен ерекшеленетін, қоғамдық қызметтің өз ара тығыз байланысты екі түрі. Қазіргі заманда бұл мәселемен әр түрлі ғылым саласындағы ғалымдар айналысуда.

Ойлау – аса күрделі психикалық процесс. Оны зерттеумен бірнеше ғылым айналысады. Бұлардың ішінде логика мен психологияның орны ерекше. Психология түрлі жас мөлшердегі адам ойының пайда болуы, дамуы, қалыптасуы жолдарын, яғни жеке адамның ойлау ерекшеліктерінің

заңдылықтарын қарастырса, логика – бүкіл адамзатқа ортақ ой әрекетінен заңдары мен формаларын айқындайды, адам ойының нақты нәтижесі болып табылатын ұғым, пікір, дәлел, ой формаларының табиғатын зерттейді. Ойлау ерекшеліктерін таным мен ой процесінің сатысы ретінде зерттеу, ойлаудың білім мен тікелей байланысты екендігін көрсетеді.

Тіл дегеніміз – сөздік белгілердің жүйесі. Ал белгі – шындық пен болмысты білдіретін бөлшек. Тіл арқылы ойымызды басқа біреуге жеткіземіз. Ақыл-ой жетістігі болып табылатын, ақиқат, өмірдің бейнелуін қамтамасыз ететін ең жоғарғы таным-түйсік адамға ғана тән және ол-сөйлеу актісімен тікелей байланысты форма. Яғни адамдар бұл бейнелерді қалыптастыруда тілді пайдаланады, бір-бірімен қарым-қатынасқа тіл арқылы түседі, бейненің бар болмасын суреттеу үшін, бір-біріне жеткізу үшін тілдік блоктарды түзеді.

Тіл мен сөйлеу жайындағы ғалымдардың пікіріне келсек, ерекше концепция Ф. де Соссюрдің тұжырымы. Оның пікірінше, тіл дыбыстың өзі, дыбысталу. Яғни, тіл – барлық дыбыстық таңбалардың жиынтығы болса, сөйлеу – дыбысталудың жиынтығы. Ғалым «Язык – это система знаков и правил их комбинирования; речь же это использование нашей языковой системы в целях общения» [2]. Ф. Соссюр тілмен сөйлеуді ажырата келіп, олардың әрқайсынына тән айырмашылықтарды нақтылап көрсетеді.

Тіл – әлеуметтік, ал сөйлеу – жеке құбылыс. Тіл мен ойлаудың өзара байланысы туралы мәселе жалпы тіл білімінің ғана емес, сонымен бірге философия мен логиканың және психологияның ең күрделі мәселелерінің бірі болып саналады. Дыбыстық тіл де, абстракті ойлауда адамға тән құбылыстар. Осы бірліктен тіл мен ойлаудың жалпы ерекшелігі көрінеді. Ой тіл арқылы айтылған мазмұнның негізін құрайды. Ой арқылы, адам миының сәулелендіруші әрекеті арқылы тілдік единицалар объективті дүниенің заттары мен және құбылыстарымен байланысқа түседі, мұнсыз адамдардың бір-бірімен тіл арқылы қатынас жасауы мүмкін болмаған болар еді.

Адамның ой тіл арқылы тілдегі сөздер және олардың тіркесі арқылы айтылды да, материалдық формаға енді. Ойлаудың туып жасалуында тілдің ролі айрықша зор.

Белгілі бір тілдің дыбыстық комплекстері ойлауда сәулеленетін объективті дүниенің элементтерінің сигналдары ретінде қызмет етеді де, бұл дыбыстық комплекстерде адам танымының нәтижелері орнығып бекітіледі, ал осы нәтижелердің өзі ары қарай танып білуге негіз болады. Сондықтан да тіл ойлаудың қаруы, инструменті ретінде, ал тіл мен ойлаудың байланысы бірлік ретінде сипатталады. Тілдің шығуы мен абстракті, жалпылаушы ойлаудың шығуы туралы мәселелер өз ара тығыз байланысты. Мұны И. П. Павловтың екінші сигнал жүйесі туралы ілімі дәлелдей түсті. Ол екінші сигнал жүйесі адамның пайда болуымен байланысты туды және осымен байланысты жалпылаушы ойлау да пайда болды дейді. «Тегінде

айналадағы дүниеге барып тірелетін біздің түйсіктеріміз бен елестеріміз егер біз үшін шындық өмірдің бірінші сигналдары, нақтылы сигналдары болып табылатын болса, онда тілдің өзі сөйлеу органдарынан ми қабығына баратын ең алдымен кинэстезикалық тітіркенулер, екінші сигналдар, сигналдардың сигналдары болып есептеледі.

Түйсіктер, сондай-ақ қабылдау мен елестері образдары дүниедегі заттардың, құбылыстардың және олардың сапа, қасиеттерінің сезім мүшелеріне тікелей әсер етуінің нәтижесінде пайда болады. Ал жалпылаушы және абстракті ойлау сыртқы дүниенің сезім мүшелері арқылы бізге жететін деректеріне, әсеріне сүйенгенімен, оның ұғым, байымдау және т.б. түрде болатын нәтижелерінің өздері сәулелендіретін объективті шындыққа қатысы жанама түрде болады. Әрбір ұғым заттар мен құбылыстардың және т.б. бүтіндей тобын олардың жалпы және басты қасиеттерінде бейнелей отырады да, сол топтағы әрбір затқа, құбылысқа және т.б. тән индивидуальды қасиеттерден дерексізденеді. Кез-келген халықтың таным мен ойлау ерекшелігі оның ұлттық тілінде көрініс табады және ол тек қана сол ұлттың тарихын, мәдениетін ғана емес, оның өркениетін құрайтын талғамдар жиынтығын, өмір сүру әдісін, руханият, ділдік, материалдық саладағы қол жеткен жетістіктерін де белгілейді. Сол себепті тіл тек таным мен ойдың вербалдануы қызметін ғана атқарып қоймай, сонымен бірге ол тарихи, мәдени, өркениеттік құндылықтарды сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, танытушы.

Бізді қоршаған дүниедегі заттар мен құбылыстар, олардың әр түрлі белгілері, бір-бірімен қарым-қатысы адам санасында ойлаудың әр түрлі формалары (ұғым, байымдау) түрінде бейнеленеді де, соңғылар тілде сөздер және сөйлемдер арқылы айтылады, осылар арқылы баянды етіледі. Адам санасында шындық өмірдің бейнеленуі тілсіз іске асуы мүмкін емес. Тіл біздің ойымызды білдіре және баянды ете отырып, бізді қоршаған шындық өмір жайындағы білімімізді сақтаушы болып есептеледі. Тіл объективті дүниедегі заттар мен құбылыстар, олардың сапа, белгілері және бәр-бірімен қарым-қатынасы туралы қандай бір ойды болса да айтып жеткізуге икемді болады.

Тіл мен ойлау бір-бірімен тығыз байланыста болады дегенде, тілдегі категорияларының өз ара байланысы, арақатысы ескеріледі. Мысалы, тілдегі сөз логикалық категория – ұғыммен тығыз байланыста болса, сөйлем байымдаумен (суждение) тығыз байланыста болады.

Сөз бен ұғым бірлікте, өз ара тығыз байланыста болады дегеннен бұл екеуі бір-бірімен тепе-тең екен деген түсінік тумауға тиісті. Олардың арасындағы айырмашылықтары мыналар: кейбір ұғымдар жеке сөздермен емес, сөздердің тіркестерімен айтылады; фразеологиялық сөз тіркестерінің құрамындағы кейбір ұғымдар жеке сөздермен емес, сөздердің тіркестерімен

айтылады; фразеологиялық сөз тіркестерінің құрамындағы кейбір сөздер ұғымды өздігінен емес, тек тұрақты сөз тіркестерінің құрамында қолданылғанда ғана білдіре алады. Бірнеше мағынаны білдіретін бір сөздің өзі әлденеше ұғымды білдіруі мүмкін. Сөз кейде ұғымды ғана емес, байымдауды да білдіруі мүмкін. Мұндай жағдайда сөз сөйлем ретінде қызмет атқарады. Бұл айтылғандардың бәрі де сөз бен ұғымның тепе-тең емес, бірақ өз ара байланысты екендігін көрсетеді.

Ойлаудың тілмен тығыз бірлікте болатынын ойлау формаларының бірі – байымдаудың сөйлеммен байланысынан да көруге болады. Тілдің тіл болуы үшін ең қажетті фактор – ойлау, пайымдау екені белгілі. Адамның ми қабатында жинақталған ой тіл арқылы сыртқа шығады, сөйлеу арқылы неше мәрте айтылса да белгілі бір сөйлеу жүйесіне бағынбаса, түсініксіз болады. Ой тілге әсер етеді, тіл сөзге әсер етеді, сөзден сөйлеу пайда болады.

Тіл-тұрақты және ұзақ өмір сүретін процесс, ал сөйлеу – тұрақсыз және жиі өзгеріп отырады.

Тіл адамның миымен, санасымен бірге өзі қалыптасатын үдеріс, ал сөйлеу әркімнің өзі дамытып отыратын үдеріс.

Тіл – психикалық құбылыс, ал сөйлеу - психофизикалық құбылыс.

Осылайша, тіл мен сөйлеудің ара жігін ажырата келіп, олардың өзара тығыз байланысты екенін де атап өтеді.

Қазақ лингвистикасында тіл мен сөйлеуге қатысты мәселелерді анықтап, олардың айырмашылықтарын көрсетуге тырысқан тілші – Т. Р. Қордабаев. Ол: «сөйлеу дегеніміз – тілді қағынас жасау процесінде өз ойын басқаларға білдіру, басқаның ойын білу мақсатында қолдану деген сөз», – [3, 87] дей келіп, тіл мен сөйлеу бір-бірімен ажырамас бірлікте – деп көрсетеді.

Тілсіз ойлаудың болмайтындығы, әрбір ой тіл арқылы ғана көрінетіндігін, яғни сөйлеуді ойлаудан бөліп алудың мүмкін еместігін түсінеді.

Ф. де Соссюр ойды тілдің семантикасымен теңестіре отырып, тілді қағазбен былайша салыстырады: «Ой дегеніміз, сол қағаздың бет жағы, ал дыбыс – астыңғы жағы, егер қағаздың бет жағын, астыңғы жағын бүлдірмей кесіп алуға болмайтыны сияқты, тілде де дыбыстан, дыбысты ойдан бөліп алуға болмайды. Мұны тек абстракциялық түрде ажыратуға болады» – дейді.

Тіл мен ойлау бір-бірімен тығыз байланыста болады дегенде, тілдегі категорияларының өз ара байланысы, арақатысы ескеріледі. Мысалы, тілдегі сөз логикалық категория – ұғыммен тығыз байланыста болса, сөйлем байымдаумен (суждение) тығыз байланыста болады.

Сөз бен ұғым бірлікте, өз ара тығыз байланыста болады дегеннен бұл екеуі бір-бірімен тепе-тең екен деген түсінік тұмауға тиісті. Олардың арасындағы айырмашылықтары мыналар: кейбір ұғымдар жеке сөздермен емес, сөздердің тіркестерімен айтылады; фразеологиялық сөз тіркестерінің құрамындағы кейбір ұғымдар жеке сөздермен емес, сөздердің тіркестерімен

айтылады; фразеологиялық сөз тіркестерінің құрамындағы кейбір сөздер ұғымды өздігінен емес, тек тұрақты сөз тіркестерінің құрамында қолданылғанда ғана білдіре алады. Бірнеше мағынаны білдіретін бір сөздің өзі әлденеше ұғымды білдіруі мүмкін. Сөз кейде ұғымды ғана емес, байымдауды да білдіруі мүмкін. Мұндай жағдайда сөз сөйлем ретінде қызмет атқарады. Бұл айтылғандардың бәрі де сөз бен ұғымның тепе-тең емес, бірақ өз ара байланысты екендігін көрсетеді.

Ойлаудың тілмен тығыз бірлікте болатынын ойлау формаларының бірі – байымдаудың сөйлеммен байланысынан да көруге болады. Тілдің тіл болуы үшін ең қажетті фактор – ойлау, пайымдау екені белгілі. Адамның ми қабатында жинақталған ой тіл арқылы сыртқа шығады, сөйлеу арқылы неше мәрте айтылса да белгілі бір сөйлеу жүйесіне бағынбаса, түсініксіз болады. Ой тілге әсер етеді, тіл сөзге әсер етеді, сөзден сөйлеу пайда болады.

Тіл – тұрақты және ұзақ өмір сүретін процесс, ал сөйлеу – тұрақсыз және жиі өзгеріп отырады.

Тіл адамның миымен, санасымен бірге өзі қалыптасатын үдеріс, ал сөйлеу әркімнің өзі дамытып отыратын үдеріс.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Психология. Адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. – Алматы, 2009.

2 **Соссюр, Ф.** Труды по языкознанию. Перевод под редакцией А. А. Холодовича. – М. : «Прогресс», 1977.

3 **Қордабаев, Т. Р.** Жалпы тіл білімі. – Алматы : Ы. Алтынсарин атындағы Қаз. білім акад. Респ. баспа каб., 1999. – 195 б.

30.12.15 баспаға түсті.

*С. С. Аубакир, А. К. Трушев*  
**Язык и мышление**

Павлодарский государственный университет  
имени С. Торайгырова, г. Павлодар.  
Поступило в редакцию 30.12.15.

*S. S. Aubakir, A. K. Trushev*  
**Language and thought**

S. Toraihyrov Pavlodar State University, Pavlodar.  
Received on 30.12.15.

*В данной статье рассматриваются отношения между мыслью и языком, а так же наиболее сложные вопросы теоретической лингвистики.*

*This article is about the relationship between language and thoughts, and theoretical linguistics considered as the most difficult issue.*

ӘОЖ 811.512.122:811.111:81'373

**Д. Х. Байдрахманов<sup>1</sup>, Т. А. Сейтешева<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>к.п.н., доцент, <sup>2</sup>магистрант, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Астана қ.  
e-mail: duka\_75@mail.ru

## **ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЯНЫҢ БІРНЕШЕ САТЫ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСУЫ**

*Бұл мақалада авторлар қазақ және ағылшын тілдеріндегі фразеологияның қалыптасуындағы сатыларға жан-жақты зерттеу анализдері мен салыстырмалы мысалдар келтірілген.*

*Кілтті сөздер: парадигма, лингвомәдениеттану, этиолингвистика, концепт.*

Жаһандану заманы жағдайында ұлттық тіл, ұлттық құндылықтар еліміздің әр азаматының бойында тереңінен орын алуы өзекті мәселелердің ең ірі ісі десек қателеспейміз. Сонымен қатар, ұлтаралық қатынастар үйлесімділігін, халықтар достығы мен бірлігін нығайтуда егеменді еліміз бар күш жігерін салуда. Мұның өзі тілдерді дамытуға, сайып келгенде, мемлекеттік тілді өркендетуге келіп тіреледі.

Соңғы жылдары төл тілімізді генетикалық және типологиялық жағынан басқа тілдермен салыстыра-салғастыра зерттеу жұмыстары белсендірілді. Бұған дейінгі салыстырмалы-салғастырмалы түрде жүргізілген зерттеу жұмыстары құрылымдық бағытта қарастырылып келсе, бүгінгі кезде антропоцентристік бағыт тілді парадигмалық жағынан ашады. Мысалы, парадигма сөз бен сөз тіркестерінің қарым-қатынасын, сонымен қатар лексикалық-грамматикалық құрылымдарды да байланыстыра отырып сипаттауға мүмкіндік береді. Әсіресе, тілдерді салыстыру барысында тұрақты сөз тіркестерді диахрондық құбылыс ретінде қарастыру ғалымдардың

қызығушылығын тудырады. Ұзақ қолданыстан кейін ғана тұрақтылыққа ие болатын, мағыналық және құрылым-құрылысы жағынан ерекше, халықтық өшпес мұра саналатын фразеологизмдерді, оларды астарлап жатқан мәдени құбылыстарға талдау жасап, олардың қалыптасу көздерін табу теориялық және практикалық жағынан құнды болмақ.

Бүгінгі таңда салыстырмалы және салғастырмалы тіл білімінің жеке саласы ретінде қалыптасуы көрнекті ғалым Ю. Ю. Авалиани [1] есімімен тікелей байланысты.

Фразеологизмдердің жаңа ұғым, түсініктермен көбейіп, қалыптасуы сол ұлт тілінің даму ерекшеліктерінің және ұлт мәдениетінің танымдық қасиетін көрсетеді. Бірі түркі, бірі герман тілдері тобына жататын қазақ және ағылшын тілдерінің ұлттық мәдени ерекшеліктерін фразеологизмдер бойынан тауып, олардың бір-бірінен ұқсастық немесе бір-бірінен айырмашылық дәрежесін анықтауға, ұлттық нақыштарын тереңірек түсінуге болады. Қазіргі кезде фразеологизмдердің мағыналық, қолданылу табиғатын ашу үшін уәж ұғымы қолданылады.

Жалпы, *уәж*, *уәжділік* ұғымы лингвистикада сөздің дыбыстық таңбалануы мен мағынасы арасындағы байланысты түсіндіретін сөздің құрылымдық-мағыналық қасиеті ретінде қарастырылады. Өткен ғасырдың 20-30 жылдары уәждеме ішкі формаға негізделсе, 70-ші жылдары уәждеме теориясының жеке пән ретінде қалыптасуына көптеген қазақстандық ғалымдардың (М. М. Копыленко [2], М. М. Гинатулин [3], Б. Қ. Қалиев [4], Б. Қ. Қасым [5]) т.б. елеулі еңбектері негіз болды. Қазіргі кезде ол ономазиологиямен, семасиологиямен, философиямен, психологиямен тұтасып, көптеген ғылымдардың тоғысқан жерінде тұр.

Қазақ және ағылшын тілдерінің фразеологизмдер уәждемесін лингвомәдени аспектіде салғастыру әлі де толық дамымаған сала.

Біріншіден, сөздік қордағы фразеологизмдер жүйесі, оның тілдік табиғаты-қандай да бір этностың жалпы әлем туралы, жаратылыс туралы таным-түйсігі, оны қабылдау, бағалау ерекшеліктерін, жалпы кез келген құбылысқа қатысты ұлттық дүниетаным мен көзқарастар тұтастығын толығымен танытатын ерекше лингвомәдени бірліктер. Сондықтан атылған лингвистикалық категорияны екі тілдік семьяның өкілі болып табылатын, әрі екі шалғай құрлықты мекен ететін әртіптес тілдер арқылы зерттеп танудың маңызы зор.

Екіншіден, соңғы кезеңдегі әлемдік лингвистика ғылымы тіл материалдарын адами факторлармен, оның таным концептосферасымен бірлікте қарастыруға бет бұрып келеді. Соның ішінде фразеологизмдер жүйесін зерттеуде олардың өзге тілдік бірліктерден тек ерекшеліктерін ғана атап қоймай, оның қолданыстық мақсаттарының түпкі себептерін ұлт танымымен байланыстыра отырып, аталымға себеп болған қозғаушы күшті ішкі формасы арқылы ашу үдерісі дәстүрге айналып келеді.

Үшіншіден, еліміз егемендігін алып, тіл мәртебесі көтеріліп, экономика, саясат, мәдениет салаларында халықаралық қатынастар дамыған кезеңде, мемлекетіміз өркениетті елдер қатарына қосылуға талпынған тұста ана тілімізді беделді деген шет тілдерімен салыстыра қарастыру-ең бір өзекті де көкейкесті мәселе болып табылатыны даусыз.

Тіл – адамзат болмысы, адамзат жаратылысының негізгі қасиеті. Оның дамуы – қоғамның дамуымен бірге жүретін егіз құбылыс. Тіл – халықтың танымы мен тұрмыс-тіршілігін суреттейтін, қатынас құралы, құндылығы. Қазақ және ағылшын тілдерінің қай-қайсысын алмайық, сол халықтың тұнып тұрған тұрмысынан, тарихынан, мәдениетінен хабар берері хақ. Тіл құдіреті сөз мағынасында. Сөз мағыналарына үңіле отырып, жан-жақты өмір саласынан мағлұмат алуға болады.

Тілдің мәдениетпен байланысты. Мәдениет – сан ғасырлар бойы қалыптасқан халықтың рухани байлығын, қазынасын қамтитын, ұлттық дүние-танымынан хабардар ететін сананың жиынтығы. Қазақ елінің мәдениеті, ағылшын елінің мәдениеті дегенде олардың рухани және материалдық құндылықтары еске түседі. Мәдениет – өз ішінде рухани және материалдық деп бөліне отырып, күллі халықтың ұлттық болмысын бейнелейтін рухани қазына екендігі де бәрімізге белгілі. Мәдениет өте ертеде пайда болғанмен, бүгінгі күнге дейін өз мәнін жоғалтпаған құндылық. Оның тарихы тереңге кеткен сайын, құны жоғарылай түспек. Ол ежелден пайда болып, ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан, бірақ өзгерістерге ұшырағанымен, сол халықтың дүниетанымдық бастаулары мен басты құндылықтарының көзіне айналып, оның өмір сүру салттары мен бағыттарын, тәсілдері мен жолдарын реттеуші. Кейбір ғалымдардың пікірінше, мәдениет қатып қалған ұғым емес, ол біздің күнделікті тіршілігіміздің көрінісі, соған байланысты өзгеріп, дамып отырады деп пайымдайды.

Ал, тіл мәдени ақпараттарды сақтап қана қоймайды, сонымен қатар ол туралы білімдерді жинақтап, саралап, қажет кезінде қайта жаңғыртып отырады. Кез келген халықтың, этностың халықтығы мен ұлттық болмысын танытатын тілі болса, тілсіз мәдениеттің, рухани байлықтың сақталуы мүмкін емес.

Лингвомәдениеттанудың зерттеу нысаны – қайсыбір этнос болмысындығы белгілі бір халық жайындағы мәдени ақпараттарды жеткізуші тіл, ұлттық материалдық, рухани мәдениет және адамзат арасындағы өзара байланыс, қарым-қатынас болып табылады. Лингвомәдениеттану когнитивтік, әлеуметтік лингвистикамен сабақтас. Лингвомәдениеттану мен этнолингвистика ғылымдары тілде бейнеленген және сақталып қалған тілдік көріністердің түп төркінін анықтау жағынан, тілдік фактілерді тіл мен халықтың мәдениетіне қатысты зерттеу жағынан ұқсас келеді. Алайда, олардың өзара айырмашылықтары да бар.

Этнолингвистика – мәдениетті, халық психологиясын, мифологияны тіл арқылы зерттейтін кешенді пән. Оның нысанына тіл мен мәдениеттің арақатынасы шеңберінде болатын түсініктерді (мағыналарды) анықтау, тілдік белгілер жүйесі деп танудан туындайтын мәселелерді шешу және т.б. мәселелер кіреді. Ол қазіргі тілдік материалдарды тарихи тұрғыдан қарастырса, лингвомәдениеттану тілдік деректерді өткен күн тұрғысынан да, қазіргі уақыт межесінен де рухани мәдениет негізінде зерттейді.

Лингвомәдениеттің зерттеу құралы – «тіл – мәдениет – адам» үштігі арасындағы қарым-қатынастың мәдени мазмұнын зерттеу.

Лингвомәдениеттануда *мәдени сема*, *мәдени фон*, *мәдени концепт*, *мәдени коннотация* т.б. сынды терминдер негізгі ұғымдар ретінде саналады. Фразеологизмдер ұлттық мәдениетті мынандай жағдайларда сипаттауы мүмкін: 1) кешенді, яғни тұрақты тіркестер компоненттері тұтасып келіп, идиомалық мағынаға ие болғанда; 2) ұлттық-мәдени ерекшеліктер фразеологизмдерді құраушы компоненттер қатарынан көрінеді; 3) фразеологизмдердегі ұлттық мәдениет өзінің прототипі - еркін тіркестер арқылы да берілуі мүмкін. ФБ-дің ұлттық-мәдени ерекшелігі әлеуметтік, табиғи, географиялық жағдайлармен анықталады.

Фразеологизмдер әр халықтың әлемді танудағы тілдік бейнесі туралы мәлімет береді. Бұл бірліктер тілдік жүйенің ғылыми түрде танылған деңгейінің құралдары болып саналып, қоршаған ортадағы реалийлерді сипаттау қызметін атқарады. Демек, фразеология – дүниенің тұтастай тілдік бейнесінен көрініс береді. Олар субъектіге қатысты, яғни дүниені бейнелеумен қатар, оны түсіндіруге, бағалауға, талдауға мән береді. Сонымен бірге мәдени ақпараттар тілдегі атауыштық бірліктерде бірнеше тәсілдер арқылы көрінісін табады: мәдени сема, мәдени фон, мәдени концепт, мәдени коннотация т.б.

Фразеологизмдердің қалыптасуына қарай да әр түрлі мағыналық топқа бөлінеді: әдет-ғұрып, наным-сенімге орай; тарихи кезеңдер мен тарихи тұлғаларға байланысты; жан-жануарларға байланысты; түр-түске қатысты; адамның дене мүшелеріне (соматизм), олардың әрекетіне, жалпы қоғам мүшелерінің арасындағы қатынастарға; ұзындық, қашықтық, тереңдік өлшемдеріне, сандық көрсеткіштерге, уақытқа байланысты т.б.

Уәждемені фразеологиялық бірліктердің ішкі формасынан бөліп алып қарастыру мүмкін емес. Кейбір ғалымдар еңбектерінде ішкі форманы уәждеуші ономасиологиялық белгі деп алады. Ал орыс зерттеушісі Ю. С. Маслов уәжділік ұғымын аша отырып, дыбыс байланыстарының мағынаға ие болу жолы деп санайды [6]. Ғалым ішкі форманы «мотивировка» терминімен қолдануды жөн санайды. Осы орайда бұл ғалымның ойы уәжділік ұғымын сөзге ғана қатысты ашады. Фразеологиялық тіркестерге қатысты дыбыс емес, сөздер емес, жалпы жағдаятпен байланысты айтылымның



жаңа мағынаға ие болып отырған құбылыс екенін білеміз. Бұл аспектіде фразеологизмдердің ішкі формасын талдауда башқұрт фразеологы З. Ураксин бейнелі-аялық негіз терминін қолданғаны дұрыс деп ойлаймыз [7]. Ішкі форма фразеологизмдердің семантикалық құрылымымен тікелей байланысты және көбінесе оның мағыналық дамуына әсер етеді. Фразеологизмдердің беретін мағынасы оны құраушы компоненттердің жеке мағынасын құрамайды, ол ішкі форма негізінде түсіндіріледі.

Ішкі форманы фразеологиялық мағынаның қалыптасуымен тікелей байланысты десе де болады. Сондықтан тұрақты тіркестің ішкі формасын анықтау үшін, тіркесті тұтасымен ойша сұрыптап алу керек. Осындай қайта сұрыптау нәтижесінде ауыспалы мағынада беріліп тұрған тіркестің нақты нәрсені ойша абстракциялаудан және соның негізінде жаңа ұғымның пайда болатынын байқауға болады. Ішкі форма айқын болған жағдайда фразеологизмдер мағынасын тез, жылдам түсінуге мүмкіндік туады. Ішкі форманы белгілеу үшін фразеологизмнің мағынасы бөлек сөздердің мағыналарынан туындамауы мүмкін. Бір ойды жағдаятқа қатысты білдіретін фразеологизмнің мағынасы сол сөздердің түйіні қандай жағдайда айтылды, сол жағдайда қандай түйін жасалды деген ойлау операциялары сөйлеуші немесе тыңдаушының санасында өтеді. Олай болатынын кей кезде адамдардың реакциясы айтылған сөзге тез болмай жататыны дәлелдейді. Ол бір-екі минут өткеннен ғана, мысалы, тура мағыналы және соған ассоциациялық туынды мағынаны салыстырып, қатты күліп жіберетінін көптеген жағдайда байқаймыз. Сондықтан айтылған сөздердің түйінін жағдаяттан айыруға болмайды. Сонан соң екі жағдаят салыстырылады: қазіргі және тарихи (сол еркін сөз тіркестері қолданылған жағдаят). Осы туралы ғалымдар әлі де толыққанды талдау жасай алды деп айта алмаймыз. Бүгінгі таңда осы ғылым аспектісі «концепт» ұғымымен тығыз байланыстырылып қарастырылуда. Осы туралы ағылшын тілінің тұрақты тіркестерін зерттеушісі А. В. Кунин былай деген: «Фразеологиялық мағынаның уәжділігі дегенде, әдетте оның прототип семантикасы арасындағы синхронологиялық байланысты атайды» [8].

*академиялық лексикографияның қазіргі лингвистикалық ғылымның және сөздік жұмысын суреттеу. Аса қоңіл еп басты мәселелерге, неологияның негізін қалаушыларға, оларды сөздікте жоюдағы мүмкіндігіне және де актуалды неографияның «қауіп аралығына» бөлінген. Қазіргі заманның академиялық неографиясының позитивті және негативті тенденциясы соңғы НСЗ-90 беделді анықтамасында қарастырылуда. Қорытындылап айтқанда жоғарыда қарастырылған мәселелер, отандық неология және неографияның даму мәселесі қарастырылады.*

*The article is devoted to researching different problems of contemporary academic neography (neological lexicography) and possible ways of their solving. The aim of the article is the description of the state of academic and semi-academic lexicography from the point of view of contemporary linguistics. The special attention is paid to the initial problems of the Russian neology, the possible ways of their overcoming, and the «risk areas» of the present neography. Positive and negative trends of contemporary academic lexicography are opened up mostly on the material of the last and the most authoritative neological dictionary: «New words and meanings. Dictionary based on materials of press and literature of 90s» (SPb, 2009). The article concludes about the main problems of the development of Russian neological lexicography and their suggested solutions (above all, the using of electronic and online databases, the development of a new concept neological dictionaries and the creation a complete electronic neological database).*

**Қ. Т. Жанұзақова<sup>1</sup>, А. Т. Оңалбаева<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.д., проф.м.а., <sup>2</sup>ф.ғ.д., проф.м.а., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

e-mail: kuralay\_zhanuzak@mail.ru

## **СМАҒҰЛ ЕЛУБАЙДЫҢ «ЖАЛҒАН ДҮНИЕ» РОМАНЫНДАҒЫ СИМВОЛИКАЛЫҚ ОБРАЗДАР**

*Мақалада С. Елубайдың «Ақ боз үй» трилогиясының үшінші кітабы болған «Жалған дүние» романындағы символикалық образдар қарастырылады.*

*Кілтті сөздер: символикалық образдар, психологиялық талдау, экзистенция, аспан, адырАспан, ақ боз үй, Өктем үн бейнелер, мистикалық сары.*

С. Елубайдың қазіргі қазақ прозасында өзіндік із қалдырған тақырыбы тың, ойы өзекті шығармаларының шоғыры – «Ақ боз үй» трилогиясы. Ол үлкен бір дәуірдің сипатын беретін «Ақ боз үй», «Мінәжат», «Жалған дүние» атты жеке кітаптардан тұрады. Трилогия қазақ қоғамының жиырмасыншы жылдардағы аумалы-төкпелі дәуір шындығын: жаппай ашаршылық, елге төнген нәубет, асыра сілтеу, қазақы дәстүрімізді, ұлттық құндылықтарымызды қирату, одан бергі кезеңдерде жалғасын тапқан заман құқайын, тағдыр тауқыметін шынайы бейнелеп – барлығы біртұтас дүниені құрайды. Салыстырмалы түрде үш кітаптың ішінде «Жалған дүние» романының экзистенциалистік сарыны, мистикалық, философиялық астары қалындау. Мақалада трилогияның соңғы кітабы «Жалған дүние» романындағы символкалық образдар жүйесі қарастырылады.

Адамгершілік құндылықтарды адам тіршілігінің баянсыздығы тұрғысынан қарастыратын экзистенциалистік мәндегі тақырып «Жалған дүние» романында анық байқалады. «Ақ боз үй» трилогиясының алғашқы екі кітабында қазақ халқының басынан өткерген зұлмат-зобалаң күндерін реалистік негізде шынайы бейнелеуге күш салса, «Жалған дүние» романында тіршілік философиясы, адамның жер бетіндегі миссиясы, мақсаты туралы автор толғаныстары молынан ұшырайды. Ол турасында жазушының өзі де «Тағдыр менің қолыма қалам ұстатты» атты мақаласында: «Дүниеге не үшін келдік, бұл неткен әурешілік деген экзистенциалистік сұрақтар әлі күнге дейін мазалайды. Жаратқан Иенің адамды жаратудағы мақсаты не, не үшін жаратты, не үшін Жер бетіне жіберді? Ешбір ойшыл, ешбір философ толық жауап бере алмайтын ұлы жоба... Қаламгер басында қайнаған ой оның

шығармасында бой көрсетпеуі мүмкін емес. Рас, сол өмір деген құпияның сырын ашуға талпындық. Адам жан дүниесі дегенің тылсым ғой. «Жалған дүние» романында да сол философиялық ізденістер лажсыз төбе көрсетті» – дейді [1, 5 б.].

Қаламгердің жан дүниесінен бастау алған осындай құнарлы ойлардың романда өз жалғасын тапқанына куә боламыз. «Жалған дүние» романындағы Едігенің бойынан автордың өз «мені» мұндалап тұр. Автор адам тағдыры арқылы ғалам сырына, адамзат тағдырына көз тігіп, терең философиялық ой түйеді. Едіге де адамның ғаламның бір бөлшегі екенін жүрегімен сезіне біледі. Оқиға психологиялық арнада дамиды: «Телеграф бағанының Аспан үніндей күңіренісі мүлдем соны, тосын саз еді... Тозаңды дауыл қозғаған телеграф сымдары тербеле сарындап әндетеді. Таусыла боздайды. Ары жағындағы алабұртқан Аспан үні екен дейсің. Аспан үні, Аспан мұңы, Аспан жыры. Ұланғайыр шексіздік, кеңістік толғауы. Көмекейі көсілген, зор ауқымды аламан күңіреніс. Күй шерткен ғалам. Күңіренген ғалам. Бұл таң қалып, қалшыып тұрып тың тыңдады. Аласапыран табиғат ана жырына ұйыды. Ұлы жаратылыс тіл жетпес телегей теңіз сыр ақтарды. Мың сан қиял құсыңды сайратып, сан-саққа самғатады... Ақыл жетпес кеңістік өз табаны астындағы мынау бір қылтанақтай жан иесіне – Едігеге қарап тебіренеді. Өзінің ешбір өлшемге сыймас, уақытқа сыймас шексіздік мәңгілік болмысынан хабар береді» [2, 513-514 бб.].

«Жалған дүние» романында аспанның келбетін өмір туралы толғамдармен астастыра беру басым. Едігенің тағдыр теперішін, азапты көп көрген жан әлемі, ішкі «кіші ғалам» табиғат тылсымына, «үлкен ғаламға», шексіздікке үңіледі. Аспан қаһарманды мәңгілік мұнарына сілтейді. Мұнда астрофизикалық құбылыс Едігенің өмірімен салыстырылады. Аспан астындағы Едігенің ертеңгі тағдыры көмескі, ал Аспан – мәңгі, құпиясы мол қол жетпейтін жұмбақ. Қаламгер назарын Едігенің алай-дүлей сезіміндегі арпалысқа бұрады. Адамзат табиғатына қашанда тылсым күштер алдындағы шарасыздық, дәрменсіздік тән, Едіге сол күштердің сырын ұғуға талпынады.

Жазушы романда символдық бейне ретінде ақ боз үймен қатар аспанды да қолданады. Едігенің бейіт басына бара жатқанда қазақтардың дүниетанымында киелі болып есептелетін адырАспан шөбін бытырлата басып, жолға түседі. Байқасақ, шөп атауын берген сөз құрамындағы «Аспан» сөзінің бас әріппен жазылуы, оған арнайы акцент жасалуы да тегін емес. Жалпы Аспан сөзі шығармада символ-сөздің қызметін атқарып, с-йлем ортасында да сыртқы формасы үнемі бас әріппен беріледі.

Қаламгердің қабылдауында Аспан – тұтастай жаратылыс әлемі, ол мәңгі, тұрақты парадигма. Заман өзгереді, адамның ниеті өзгереді, бірақ Аспан – мәңгі, ол адамдардың үстінен қарап тұрады. Едігенің аспанға қарап, үлкен ойларға берілетіні де сондықтан. Хансұлу да түсінде Аспан аясындағы ақ боз үйді

көреді. Жазушы дүниетанымында аспан – ауқымы кең философиялық ұғым. Аспан кейіпкердің санасына мұң ұялатып, өмірдің өткіншілігі, жалғандығы, опасыздығы туралы ойларға мегзейді. Ол өз өмірінде сырына жете түсіне бермеген ұлы құпияның сырына енді ғана жеткендей. Едіге өзін табиғаттың ұлы өмірінің бір бөлшегі, ұлы жаратылыстың бір ұшқыны екенін түсінеді. Аспан үні кейіпкерді «өзі мына әлемде болмаса да, ештеңе өзгермейтіні туралы» үлкен философиялық ойларға жетелейді. Табиғат пен кейіпкер жағдайының арасындағы контраст оның өзгермейтін мәңгілік, жаратылыс заңдылығы мен адам өмірінің өткіншілігі турасындағы ойларында қайшылық туындатады. Аспан адам өмірін философиялық тұрғыда түсінудің, психологиялық талдаудың бір тәсіліне айналады. «Ақ боз үй» трилогиясының сюжеттік-композициялық желілері бір бағытта өрістегенімен, «Жалған дүние» романындағы авторлық, лирикалық шегіністер шығарманы жаңа сапалық қасиеттермен толықтырған.

С. Елубай шығармашылығында адам мен табиғаттың терең байланысы танылады. Әрине, ол ондай қасиетке барлық кейіпкерлері бірдей ие емес. Жазушы «Жалған дүние» романындағы қаһармандар туралы: «Хансұлу да, Едіге де ұлттың ана сүтіне жарыған ұлы мен қызы. Ал одан қалғандары мынау заманның, идеологияның құрығына түскен, немесе алданып алжасқан, күнделікті өтпелі қуаныштың құлы болған, тоғышарлыққа белшесінен батқан ұрпақ өкілдері. Кеңестік кеселден айықпаған ол ұрпақ әлі де арамызда жүр» [3, 10 б.] – деп толғанады. Жазушының өзі атап көрсеткеніндей, «ұлттың ана сүтіне жарыған» Хансұлу мен Едіге сияқты қаһармандардың табиғатпен бірлігі тереңде.

«Жалған дүние» романының алғашқы беттерінен бастап-ақ тығырыққа, *тұйыққа тірелу образы* бой көрсетеді. Бірінші тарауда автор Хансұлудың қазіргі жағдайымен таныстырады. Оның трагедиясын күшейтетін жағдайлар: Шегенің өлімі, жесірлік тауқыметі, қызы Үміттің «бағының жанбауы», күйеу баласының асылып өлуі, баласы Түгелханның отбасымен ажырасуы, араққа салынуы т.б. Тұйықтан шыға алмау идеясы Едігенің де өмірінен сезіледі. Бұл мотив роман барысында тереңдей отырып, жаңа детальдармен толығады. Жеке тұлға тағдырының тұйыққа тірелуі жазушы шығармаларында әлеуметтік реңкке боялған. Әлеуметтік тұйық біртіндеп рухани тұйыққа айналады. Жазушыны кеңестік қоғамда орын алған әділетсіздіктер, жеке тұлға өміріндегі трагедиялық жағдайлар ғана қызықтырып қоймайды, ол адамдардың мінез-құлқын, әсіресе ішкі қарама-қайшылықтарды шешуге талпыныс жасаған жеке тұлғаның рухани әлемін зерттейді. Осы ретте романда басты қаһарман Едігенің образы қызықты. Қоғамнан қысым көрген Едіге рухани, адамгершілік тұйыққа тіреледі. Оны «Тірліктің мәні неде? Не үшін өмір сүрдім? Жаратқан Иенің адамды жаратудағы мақсаты не, не үшін жаратты, не үшін Жер бетіне жіберді?» дегендей ауқымды сұрақтар мазалайды. Шығарма шешімінде тұйықтан шығу мүмкіндігін таңдауда автор дауысын аңғарамыз.

Тұйыққа тірелу символикалық образы арқылы жазушы лиризмді көрінеді. Жеке тұлғаның тығырыққа тірелуі мен одан шығудың жолын шарқ ұра іздеуі романның ырғақтық-интонациялық деңгейі арқылы даму үстінде, қозғалыста беріледі. Едіге тағдырының тұйыққа тірелуі Түгелхан тұйығынан мүлде бөлек. Образдағы жинақтау нысаны өзгеріп, басты бағдар адамның рухани өміріне бағытталады, сыртқы әлеуметтік трагедия ішкі трагедияға ұласады және шығарма шешімінде тұйыққа тірелу образы нақты тарихи дәуірдің шеберінен шығып, жаратылыс алдындағы жалпыадамзаттық мәселеге айналады. Едігенің трагедиясы жеке адамның мұңынан тыс деңгейге көтеріледі. «Жалған дүние» романында жазушы Едіге трагедиясының әлеуметтік астарынан гөрі оның ішкі әлеміне, жалпыадамзаттық, «мәңгілік» құндылықтарға басты екпін жасайды. Едігенің әлеуметтік тұйықтан гөрі ішкі рухани дағдарысына көп көңіл бөлінеді. Пенденің жаратылыс, өлім алдындағы шарасыздығы, дүниенің жалғандығы, өткіншілігі турасындағы ойлары барлық адамға тән. Жазушы Едіге образы арқылы әлеуметтік, нақты-тарихи бағдардан, «уақыттан тыс» жалпыадамзаттық мәселеге назар аударады.

Романда экзистенциалистік мәселелер Едіге бейнесі арқылы адамның рухани өміріндегі экстремальды жағдайды, шешуші кезеңді жинақтап (рухани күрес, жоғалған рухани бағдарды табу т.т.) суреттеуде айқын көрінеді. «Жалған дүние» романында Едігенің *Өктем үнмен* диалогында қаһарманның заманға деген өкпесі, ішін қайнатқан ашу-ызасы ақтарылады. Осы тұста жел екпіні үдей түсіп, Аспан асты ұлы ағысқа ілесе үдере көшеді. Сол ұлы көшкіннің екпіні Едігені «қалт-құлт еткен бір жалғыз түйір жаңқадай» қалтақтатып, итеріп әкетеді. Дедектеп келе жатқан Едігенің көңілі де қым-қиғаш, сезімі алай-дүлей бұрқанысқа толы. Жел екпіні екілене соғып, кейіпкерді ұшыра жаздайды. Ұйытқып, қым-қиғаш аласұрады. Жүгіріп басып келе жатқан қаһарманның ширьққан тебіренісі: «Осы кеткені кеткен. Кейін қайтпақ емес. Біржола кетеді. Мына заман, мына қоғам, мына тозақ тірліктен өстіп, қашып құтылады. Қашып барады Едіге. Бұ заман, бұ қоғамның өгей баласы екен, енді аялдайтын несі қалды?! Кетеді. Бет ауған жаққа безеді. Жоғалады... Қарасын батырады. Екі қолын төбесіне қойып, бас ауған жаққа қаңғып кетеді. Сөйтіп, «мәселені шешеді». Мына қым-қуыт аласапыран шудан азат болады. Мәңгі азат болады. Бұған кер заман сыртын берген екен, бұл неге сол кер заманға сыртын бермеске?! Едігемен ұстасқан, Едігемен тістескен заман!!! Кер заман!!! Мен жеңілдім! Сен жеңдің! Мен жалғыз да, сен – көпсің. Сен қал! Мен кеттім! Қарамды батырдым. Қош!!! Едігесіз қалғанына бұл қоғам, бұ заман қуанбаса, қуармайтын тәрізді. Жалғызға қашанда жабыла кетуге бейім, ылғи да жалғызды жайпап тастауға бейім, қатыгез де әділетсіз дүние кәзірде құлан тұтып тұр, бұны тезірек қыр асыра тұрып қарасын батырғысы келетіндей. Тездетіп ізін сипап өшіргісі келетіндей. Сол үшін жанталасатындай» – деп суреттеледі [2, 519 б.].

Едігенің бұл толғанысының экспрессивті-эмоционалдық әсері мол. Қаһарман мен орта, қоғам, заман арасындағы айқын бітіспес кереғарлық, ымырасыздық бірінші жақтан баяндалған жай сөйлемдердің лепті тынысы мен қысқа атау сөйлемдер арқылы күшейген (*кетеді, жоғалады, кер заман, қош, т.б.*). Күтпеген дауыл, жел екпіні Едіге сезіміндегі өкпе ұшқынын дауылға ұластырады. Табиғат, жынойнақ дауыл кейіпкерге тасбауыр қалпын танытады. Едігені «көрге апарып тықпай тыншымас» түрі бар. Қаһарманның драматизмге толы жан айқайы, өмірден түңілуі патетикалық леппен бейнеленеді. Едігенің заманнан түңілуінің объективтік себептері шынайы бейнеленгенімен, тұлға мен қоғам арасындағы контраст романтикалық өрнектермен айшықталған. «*Кер заман*», «*тозақ тірлік*», «*ұстасқан заман*», «*тістескен заман*» сияқты эпитеттер Едігенің ішкі толғанысындағы ой ағымын жылдамдатады. Кейіпкерді жан алқымға алып, дедекте соққан дауылдың күшеюіне сай Едіге санасындағы қоғамға қарсылықтың арта түскенін байқауға болады. Қаһарман жан дүниесіндегі заманға, қоғамға деген өкпе-реніш, жатсыну мотиві семантикалық градация арқылы өрнектеледі де, өзінің шырқау биігіне көтеріліп, түйінді шешімге келген лепті сөйлемдермен көмкеріледі.

Арқадан соққан дауыл Едігені зиратқа қарай дедектетіп әкеледі. Оның өзі келген жоқ, жел қақпақылдап итеріп алып келді. Оның көз алдында екі бейне тұра қалады. Бірі – жер астында қараңғы лақатта жатқан Хансұлу болса, бірі сонау шырқау биікте қалқып ұшып жүрген рух – Хансұлу. «Осы екі елестің екеуінің қайсысы шындық, қайсысы қиял?!» деп Едігенің басы қатады. Едігенің зират басындағы тоқал тамға кіруі, белгісіз ұйқы құшағында болуы, оны тәнінен жанының бөлініп, қалықтап ұшып барып, қара үңгір арқылы алыстағы жарыққа беттеуі, одан кейіпкер рухының тар ауыздан атылып шығып, ағарған теңбіл жарыққа қарай мақпал түнекті оқша тіліп, шетсіз де шексіз жарық әлемге еніп кетуі шығарманың таза реалистік сипатта емес екеніне негіз бола алады.

«Жалған дүние» романында адамдық, рухани бастау кеңестік қоғаммен, нақтылы болмыспен қарама-қайшылыққа түсіп жатады. Өйткені «қоғам адамды тек рухани жақтан өлтіріп қана қоймайды. Еңсені көтертпеудің мың сан тәсілін қолданады». Қаһарман рухты, рухани биік идеалдарды дәріптеу жолында қиын кедергілерге кезігіп, тағдыр тауқыметін тартып жатады. Ол – тағдыр тәлкегіне қарамастан қайнаған күрестің ортасында жүрген жанкешті адам. Ол рух тәуелсіздігіне қарсы күреседі. Едіге өзі туралы «әділет жолында жапа шектім» дейді. Қоғамдағы рухани тоқырауға қарсы тұрғысы келеді. Едіге рухани болмысын сақтауға тырысып бағып, жаратылыстың мың сан сұрақтарымен санасы қатады. Адам үшін не маңызды? Адам тірлігінің мәні, мақсаты неде? Адам өмірінің мәні – қарынның тоқтығы, көйлектің көктігі ме? Жарық дүниеге келген соң адам баласы үшін тәннің қажеттілігі мен жанның қажеттілігі бар. Бірақ адамға, ең алдымен, жанның қажеті, рухтың азығы қажет.

Соны ұмытқан сәттен бастап, адамның хайуаннан көп айырмасы болмайды. Роман осындай ауқымды ойларға меңзейді. Қаламгер мынау нақтылы болмыс, фәни, жалған дүние мен бақидың, мәңгілік дүниенің арасын бас қаһарман Едігенің дүниетанымы, талғам-таразысы арқылы алуан қырынан таныта алған.

Романның көркемдік шешімінде ұлтсызданған ортамен, қоғаммен ішкі жан дүниесінің талаптары қарама-қайшы келген ұлттың саналы азаматы Едігенің өлімі заңдылық есебінде қабылданады. Едігенің табиғатын ескерсек, оның сондай сорақы қоғаммен ымыраға келуі мүмкін емес. «Едіге ондай қоғамнан кетуге тиіс тұлға» ретінде көрінеді. «Қоғам үшін оның тағдыры алдын ала солай шешіліп қойған».

«Жалған дүние» романында символикалық тұспалдаудың күрделі көрінісін айқынырақ байқаймыз. Шығармадағы пейзаждың автор психологиясы мен қаһарманның жан дүниесін, ішкі өмірін бейнелеудегі қызметі зор. Сонымен қатар мұндағы табиғат суреті реалдық сипатта емес, ол тұспалдау символикасы арқылы қаһарманның «*зар замандық*», аласапыран көңіл-күйін, ішкі сезімдерін жеткізу мақсатында қолданылған.

Романда символикалық образдар арқылы берілген жатсыну тақырыбы айқын көрінеді. Шығармада қоғам тарапынан көрсетілген қысым мен сол қоғамды қабылдамаған қаһарманның оның өгейсінуі суреттелген. Кейіпкерлер характері қоршаған ортада, тұрмыстың күйкі тірлігінде қалыптасқанымен, қаһарман сол күйбең тіршіліктен жоғары көтеріліп, жаратылыстың мәні туралы күрделі әрі қиын сұрақтарға жауап іздейді, жалпы адамзаттық мәселелерге басы қатады. Сондықтан болар романда өмірді суреттеуден гөрі, сол өмір туралы философиялық ойларға берілу басым. Өз ортасына, қоғамға қарсы тұрған Едігенің өзімен-өзі оңашалануы, өз ойымен жеке дара қалуы, тіпті қоғамды тастап, басқа әлемге сапар шегуі – романдағы негізгі мотивтердің бірі. Жалпы туындыда жаратылыс жұмбақтарының алдындағы адамның дәрменсіздігі мәселелері негізгі орын алған. Жазушы өткен дәуірлердің рухани және адамгершілік тәжірибесін бейнелеп, әлеуметтік-философиялық жинақтауларға, экзистенциалистік мәселелерге ден қояды.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Елубай, С.** Тағдыр менің қолыма қалам ұстатты // Қазақ әдебиеті. – 2007. – № 14 (3018). – Б. 5.
- 2 **Елубай, С.** Ақбоз үй. Трилогия. – Алматы : Жазушы, 2005. – 528 б.
- 3 **Елубай, С.** Күйреген дүниенің көлеңкесінде // Қазақ әдебиеті. – 2006. – № 10 (2962). – Б. 10.

19.02.16 баспаға түсті.

К. Т. Жанұзақова, А. Т. Оналбаева

### Символические образы в романе С. Елубая «Бранный мир»

Казахский государственный  
женский педагогический университет, г. Алматы.  
Поступило в редакцию 19.02.16.

K. T. Zhanuzakova, A. T. Onalbayeva

### Symbolic images in the novel of S. Elubay «The frail world»

Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty.  
Received on 19.02.16.

*Статья посвящена анализу художественно-стилевых поисков, символических образов в романе Смагула Елубая «Бранный мир», вошедший в трилогию «Одинокая юрта».*

*This article deals with existential themes and eschatological issues in the novel of Smagul Elubay «The frail world», that is the third part of the trilogy «The lonely yurt».*

ӨОЖ 821.512.122.

### Қ. Т. Жанұзақова, Д. Омарова

<sup>1</sup>ф.ғ.д., проф.м.а., <sup>2</sup>магистрант, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.  
e-mail: kuralay\_zhanuzak@mail.ru

### Ж. ӘБДІРАШ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ЖАНРЛЫҚ ІЗДЕНІСТЕР

*Мақалада Жарасқан Әбдіраш шығармаларындағы жанрлық, стильдік ерекшеліктер айқындалады. Ақын өлеңдерінің тақырыптық табиғаты, жанрлық-көркемдік жүйесі, тілдік-стильдік сипаттары бүгінгі күннің өзекті мәселелерімен сабақтастықта қарастырылады. Эпиграмма жанрының ерекшеліктері, көркемдік таным арналары зерделенеді.*

*Кілтті сөздер: эпиграмма жанрының ерекшеліктері, лирика, ақындық «Мен», юмор, достық әзіл.*

Қазақ поэзиясының жарық жұлдызының бірі – Жарасқан Әбдіраш. Артына «Құлпытас», «Көңіл көкпары», «Сана соқпағы» сынды кесек дүниелерін қалдырған ақын шығармаларының қазақ әдебиетіндегі орны

бөлек. Ақынның әдеби мұрасы соңғы жылдары әр қырынан қарастырылып, зерттеліп келеді. Ж. Әбдіраштың шығармашылық жолы мен өмірбаян беттері бүгінде зерттеу еңбектерінің нысанына айналып, жаңа кезеңнің дәстүрлі үрдісі ретінде көрініп келеді. Баспасөз беттерінде М. Әлімбаев, Ә. Кекілбаев, Т. Жұртбай, А. Кеңшілікұлы, Б. Ыбырайым т.б. мақалалары жарық көрді. Ж. Әбдіраш поэзиясының қоғамдық өмір мен табиғат құбылыстарын көркем оймен қабылдаудағы және жеткізудегі көркемдік танымы мен тарихилығы өзара тереңнен тамырласып жатқан тақырыптық-идеялық, эстетикалық, философиялық ізденістері мен даму жолдары, стильдік, тілдік бейнелеу амал-тәсілдері, ақындық өрнектерінің қалыптасуы жайында зерттеу жүргізу – қазақ әдебиеттану ғылымындағы көкейкесті мәселелерінің бірі.

Ақынның ең алдымен өз заманының перзенті екенін бағамдаған Ж. Әбдіраш шығармаларында ұлттың өзекті мәселелерін, мұң-шерін, халық өмірінің бет-бейнесін ашып көрсетеді. Шығармаларының алтын қазығы да – ұлты мен туған жеріне қызмет ету, ел мүддесі мен ұлттық құндылықтарды жырлау болды. Ол өлеңдерінде сыншылдық қасиетін, суретшілдік даралығын, адамның ішкі сезіміне әсер етуші тапқырлығын танытады. «Сана соқпағы», «Көңіл көкпары», «Құлпытас» жинақтарында ақынның өлең табиғатына мүлде жаңа түр, тың ізденіс, жаңалықтар әкелгеніне куә боламыз. Ж. Әбдіраш поэзиясы түрлі құбылтулар, айрықша өлең өрнектерімен көзге түсіп, дараланып, парасатты түйіндеулер жасауда да өзгеше қалып танытады. Сондықтан да Ж. Әбдіраш поэзиясының көркемдік ерекшеліктерін, сөз айшықтарының ішкі, сыртқы мазмұны мен мәнін ашу, ақын өмірі мен өмір сүрген қоғамның бет-бейнесіне үңілу, оның өлеңдеріндегі әрқилы ізденістер арқылы түйіп, түйсіну қажеттілігі туындайды. Ақынның интеллектуалдық мәдениеті, шығармашылық қарымы, өмірлік, көркемдік тәжірибесі, жанрлық ізденістері поэзиядағы жаңашылдық рухқа, өшпес өрнектерге, сан қилы сирек кестелерге бой ұруынан көрінеді.

Ақын поэма жанрына да мазмұндық, формалық жағынан жаңалықтар әкелді. Поэма – қазақ әдебиетінде өркендеген, қалыптасқан, дамыған түр және екі тектің қасиетін жинақтаған лиро-эпикалық, аралас жанр. Фольклордағы эпос үлгілері: батырлық, ғашықтық жырлар, жыр-толғаулар, Абай дәуіріндегі шығыстық сюжеттерге негізделген дастандар - осы жанрға жол салған қайнар-көздер. Ж. Әбдіраш өмір құбылыстарын кеңінен қамтып, баяндауға, лирикалық сюжетке құрылған, көлемді туындыларында өткен дәуірлердің тарихи тағылымын бүгінгі күннің көкейкесті мәселелерімен шебер ұштастырады. Оның поэмалары ұлттық характер қалыптастырып, қазақ әдебиетінің көркемдік қазынасын байытты. Қазіргі қазақ әдебиетінде Ж. Әбдіраштың «Келешекпен кездесу» *поэма-диалогы*, «Дәуір дабылы» атты *публицистикалық поэмасы*, «Ертегім менің – ертегім» *поэма-монологы* ақынның жан-жақты ізденісін байқатады. Ж. Әбдіраштың «Арманым – алыс

күндерім» лирикалық шегінісінің прологында ақындық өнердің азабы мен өлең дерті туралы алғы сөзі енсе, эпилог ақынның елегізген көңілі жайындағы сырдан тұрады.

Ж. Әбдіраштың «Ақын сыры» өлеңінде ақынның жан сыры, шығармашылық «Мені», дүние қабылдауы анық аңғарылады:

Өкіндіріп,  
жылатып,  
еңіретіп,  
өмір өтіп барады,  
өмір өтіп!  
Өлшеулі күн,  
санаулы ай,  
жүрер жолдың  
азы қалған сияқты  
көбі кетіп!..  
Аласұрам,  
асығам,  
толғанамын..  
Тамыр емес –  
тамырым толған ағын!  
Жабырқасам –  
өзімді жек көргенім –  
қабак түйсем –  
өзімді қарғағаным!.. [1].

Осы өлең жолдарын оқығанда, ақынның өз өмірін қорытындылап, мәнін салмақтаған терең ойынан өрілген, қас-қағым сәттегі мұңына, нәзік жүрегі мен сыршыл сезіміне суарылған лирикалық образ көз алдымызға келеді. Адамның ішкі жан әлемінің шынайы сырын жасырмай, бүкпесіз ақтаратын лириканың ғұмыры шексіз. Жан Поль Рихтердің сөзімен айтсақ, «лирика - барлық поэзияның өмірі мен жаны». Шығарманың тілі экспрессияға қанық, мұнда ол айқындаушы күшке ие. Тілдің экспрессивтік күші, әуезділік сипаты лирикалық шығарманы музыкамен жақындастырады.

Ақын сатира жанрын терең меңгеріп, уытты, өткір тілімен қоғамдағы келеңсіз құбылыстарды сынайды. «Жарасқанда ақындардың көпшілігіне біте бермейтін тағы да бір қасиет бар. Ол сатира жанрында да қаламын еркін сілтейді. Әр эпиграммасында ақын алып отырған объектісінің өмірдегі орнын, мінез-құлқын дәлме-дәл көрсетіп, керемет минипортрет, миниобраздар жасайды. Бұл – көрінген ақынның маңдайына жазыла бермейтін байлық!» – дейді Қалтай Мұхамеджанов [2, 70 б.].

Ж.Әбдіраш қазақ поэзиясындағы: эпиграмма мен эпитафия сияқты соны жанрларды дамытып, жаңа белеске, тың сапалық биікке көтерді.

Эпиграмма – белгілі бір адамды, затты, болмыс-құбылысты әзіл тұрғысынан бағалайтын сатиралық поэзияның шағын жанры, арнау өлеңдер. Әдебиет тарихы мен теориясынан бағамдасақ, эпиграмма қысқа жазудың, белгілі ойды емеуірінмен, тұспалмен түсіндіру құралы екендігін, сондықтан үлкен шеберлікті, ой тапқырлығын, ұтымдылығын талап етететін жанр екендігін білеміз. Жарасқан Әбдіраш көркемдік құбылыс ретінде қалыптастырған эпиграммаларында, сатиралық өлеңдерінде аңғарғыштығын, тапқырлығын байқатады. «Фаусты» жазған жанға басымды иемін, әйтсе де эпиграмманы сүйемін...» – деген А. С. Пушкиннің сөзін бәрі біледі. Ұлы орыс ақыны эпиграмманы жоғары бағалаған, алайда қазақ әдебиетінде кеңінен дами қоймаған эпиграмма жанрының арғы тарихы көне дәуірлердегі антикалық әдебиеттен бастау алады.

XX ғасырдағы қазақ әдебиетінде бұл жанрда М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, кейінен С. Ерубәев Қ. Аманжолов т.б. қалам тартты. Қазақ әдебиетіндегі эпиграмма жанры туралы айтқанда Жарасқан Әбдіраш есімі ерекше аталады. Себеп – бұл жанрдың ұлттық әдебиетімізде жанр ретінде тамыр жаюына ақынның үлесі зор. Ж. Әбдіраштың «Әзілің жарасса» (1989), кейіннен толықтырылып «Құлпытас» (2002) деп жарияланған жинағындағы достық әзіл ретінде жазылған эпиграммалары осы жанрды жаңа көркемдік биікке көтерді. «Әзілің жарасса» жинағына – 179, кейінгі кітабына 261 эпиграмма енген. «Құлпытас» жинағының құрылымдық сипатының өзі жүйелі түрде түзілген. Әдеби қауымдағы алдыңғы буын, кейінгі буын өкілдерінің мінезі мен болмысын, әрқайсысының ерекшелігін қалтықсыз аңғарып, қапысыз бейнелеген ақын эпиграмманы жанрдың барлық тараптарына жауап берумен бірге, тілдік қуаты, ойнақы әзілі, көркемдігі, өткірлігі жағынан қазақ поэзиясының үлкен жетістігі, табысы деп бағалауымызға болады.

Мысалы, «Хамит Ерғалиевке» эпиграммасында ақын ағасына жылы жайлы юмормен наз айтады:

«Мақтау үшін Хаманды,  
Білу керек шаманды.  
Бір көргеннен таниды ол  
Жақсы менен жаманды!  
«Қамал бұзып қырықта»,  
көнбей келген ырыққа,  
Ақжал асау және сол,  
Алдырмаған құрыққа.

Ақынның өзі де бұл кітапты құрастыру барысында туған халқымыздың «әзілің жарасса атаңмен ойна» деген тапқырлығын темір қазық етсе де, үлкенді үлкендей, кішіні кішідей, ал құрдастарын құрдастай сыйлайтын әдебін жадында тұтқанын ақтарыла жазады. «Сөз тапқанға қолқа жоқ» деп



анау-мынау айтыс-тартыстан арашалап алатын сөзі мен қалжыңдағысы келгенде кімге де болса қарсы қояр қисындарына арқа сүйеді. Сөйтіп, «Әкелерге – наз», «Ағаларға - уәж», «Он жас – о да құрдас», «Бес жас – бел құрдас», «Құлын-тайдай тебіскен» деп бес бөлімге бөлді.

Эпиграмма жанрына ден қойып, қаламдық қуатын танытқан ақын Ж. Әбдіраш бұл жанрдағы тапқыр да турашыл, сезімтал да сыншыл туындыларын көбіне өзі араласқан ақын-жазушыларға арнаған. Олардың күнделікті өмірдегі адамдық мінез-құлықтарын, қаламгерлік қасиетін замандас көзімен қырағы бақылап, бір жағы наз, бір жағы әзіл-қалжыңға құрылған шығармасына арау етеді. Бірақ қай-қай туындысы болмасын астарында шындық жатады. Сөйтіп шындық шығарма шырайына, эстетикалық-көркемдік қуатқа ие болады. Мәселен қазақ поэзиясының «Көне қоңырауы» атанған Ә. Тәжібаевқа арналған эпиграммасында:

Бағасы жырыңыздың белгілі ғой,

Бағасын батаңыздың түсірмеңіз,

– дейді. Бір жағы әзіл, бір жағы наз астарында шындық бар. Қазақ поэзиясындағы жырларының салмақты орнын, маңызын көрсете отырып, ақсақал ақынның баташыл ақынға айналуын Ж.Әбдіраш емеурінмен ескеріп өткендей.

Жалпы эпиграмма жанры тапқырлықты, дәлдікті, нақтылықты ұнатады. Кім-кімге де сын айту орынсыз дәрежелікке айналмауы тиіс. Ақынның эпиграммасында осы талап байқалады. Бастапқы шумақта ақсақал ақынға құрметін, інілік еркелігін білдіріп, автор тапқыр оймен өз мақсатын, мұратын да ашық жеткізе білген. Ақын эпиграммасында қаламдастар болмысы мен мінезі кейде уытты әзіл, кейде ашылу, сықақ арқылы өрнектеледі. Мысалы, С. Мәуленовке арналған әзілінде:

Бұл күнде біздің Сыраған –

Молладан бетер бір адам

«Ақырған ащы су» түгіл,

татпайды тіпті, сырадан.

Зауқы жоқ мүлде сусынға,

Өзінің өзі уысында...

Жырының, бірақ, қызуы

баяғы гра –

ду-

сын-

да [3, 173 б.]

– деген орынды әзіл түрінде жырлады.

Әзіл астарында шындықты көмкеретін Ж. Әбдіраш И. Исаевқа арналған туындысында оның ағаларға еркелеп, көп сынға алынбағанын орынды айта келіп:

Алақанға салғанға,

Артық туған дүрсін бе...

Ибрагим болғанға

Абаймын деп жүрсін бе? – деп қайырады [3, 233 б.].

Ақынның өлеңдері елдің көңілінен шығып, ойын дөп басты.

Ж. Әбдіраш Зейнолла Қабдоловқа арнаған өлеңінде:

Жазушылық

ғалымдыққа жол беріп,

ғалымдылығың

ұстаздығын өңгеріп

бара жатыр...

Зерттегендер Зәкенді

Қиналады-ау үш салаға тең бөліп.

Мұндай мінез мықтылардан жұғады,

Ұқсас сырын әмбебаптар ұғады...

Анық ойлы үш Зәкенді қосқанда –

Абыройлы бір Қабдолов шығады!... – дейді [3, 181 б.].

Эпиграммаға тән сипат – көркемдік, ұшқыр, тапқыр сөйлеу. Ж. Әбдіраштың «Құлпытас» жинағындағы «Әкелерге – наз», «Бес жас – бел құрдас» атты бөлімдеріндегі аға ұрпақ өкілдеріне арналған өлеңдері эпиграмманың жанрлық табиғатына толық жауап береді. Мысалы, З. Қабдолов пен Ш. Мұртазаға берген мінездемелері тұлғалардың адамдық кейпін ашатын нақтылығымен, әрі әдемі әзілімен, ішкі де сыртқы көркемдік қуатымен әлемдік әдебиеттегі эпиграманың кейбір озық түрлерімен тең түсе алады.

Ақынның Ф. Қайырбековке арнаған эпиграммасында:

Теледидарды қосып қалсаң – Ғафекен,

Радионы басып қалсаң – Ғафекен.

Журналдарды парактасаң – Ғафекен

Газеттерді қарап қалсаң – Ғафекен.

Дунай бойлап араласаң – Ғафекен,

Думан-тойға бара қалсаң Ғафекен

«Мына біреу оңашалау кафе екен»

деп кіріп ем...

Мұнда да отыр Ғафекен, – дейді [3, 183 б.].

Қазақтың арқалы ақындарының бірі Ғафу Қайырбековке арналған бұл эпиграмма оның шығармашылық табиғатын, мінез-құлқын, қарым-қабілетін дөп басқан шынайылығымен оқырман жүрегінен орын алды.

Ж. Әбдіраш өз эпиграммаларында әдебиеттің өткір де өзекті мәселелерін жеке ақын шығармашылығы негізінде шебер қозғайды. Адамның мінезін, болмысын терең сезіну эпиграмма жазушыға аса қажет қасиет екенін жанр табиғатынан анық. Ақын шығармашылықтың жүгі ауыр екенін, оған үлкен

жауапкершіліктің қажет екенін, сыналмаған ақын, жазушының барлығы классик емес екенін де өткір әзілімен әдемі жырлайды. Әдемі әзілмен автор шындықтың бетін ашады. Әзілмен астарланған шындықтың аты – шындық. Оны кейіпкер, орта қалай қабылдайды, ол уақыт еншісіндегі жағдай, бірақ, эпиграмма авторына қажетті шарттылықтың бірі тазалық, әділдік екенін тағы да байқаймыз.

Эпиграмма жанрында сөзді ойната білу, тапқырлық, қысқа да болса нұсқалық қажет. Кейіпкердің бір белгісін ала отырып, оны әзіл-қалжыңмен астарлап, дамытып айту, сол шындықты шым-шымдап жеткізу. Көркемдік деталь арқылы образды ашу – эпиграмма талабы. Көпсөзділік, тізбеліп айтуда бұл жанрдың табиғаты көтермейді. Осы шарттар толығымен Жарасқан Әбдірашқа сәтімен үйлескен. Әр қаламгердің мінезін, қасиетін дөп басып, дәл тану үшін эпиграмма жазушыдан үлкен шеберлікті қажет етеді. Жарасқан ақын да осы шеберлікті орнымен пайдалана білді. Жарасқан ақын қазақ поэзиясын биік талғам, асқақ сезім, сұлу сөзбен, шындық пен сыршылдық сипатымен байытты.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Әбдіраш, Ж.** Құлпытас. – Астана : Фолиант; 2009. – 400 б.
- 2 **Мұхамеджанов, Қ.** Дәуірмен үндес дарын // Жалын; 2004. №1. – 70 б.
- 3 **Әбдіраш, Ж.** Әзілің жарасса. – Алматы; 1989.

19.02.16 баспаға түсті.

*К. Т. Жанузакова, Д. Омарова*

### **Жанровые особенности произведений Ж. Абдираш**

Казахский государственный  
женский педагогический университет, г. Алматы.  
Поступило в редакцию 19.02.16.

*К. Т. Zhanuzakova, D. Omarova*

### **Genre features of works by Zh. Abdirash**

Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty.  
Received on 19.02.16.

*В статье выявляются жанровые, стилевые особенности произведений Ж. Абдираша. Рассматриваются тематическо-идейная, жанрово-художественная, языковая, стилевая природа лирических стихотворений Ж. Абдираша, а также анализируются жанровые особенности его эпиграмм.*

*The article identifies the genre, stylistic features of works by Zh. Abdirash. In the article there are considered thematic ideological, artistic genre, language, style of lyrical poems of Zh. Abdirash, as well as genre points of his epigrams.*

ӨОЖ 82.0:821.512.122

### **Ж. Ж. Жарылғапов**

ф.ғ.д., профессор, Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ.

## **ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ «МИФОЛОГИЯЛАНУ» ҮДЕРІСІ**

*Бұл мақалада қазақ прозасындағы мифологиялық мәтіндер мен мифтік образдардың жаңаша қолданысы қарастырылады. Жазушылар шығармаларындағы мифопоэтикалық форманың даму үдерісі талданады. Ұлттық әдебиеттегі неомифологизм ағымының негізгі ерекшеліктері көрсетіледі. Әлемдік модернистік әдебиеттегі классикалық үлгілермен типологиялық сәйкестіктері талданады.*

*Кілтті сөздер: қазақ прозасы, мифопоэтика, мифологизм, неомифологизм*

1970-80 жылдардағы қазақ прозасында модернистік эстетиканың әбден орнығуы неомифологизммен тығыз байланысты. Қазақ әдебиетінде ескі аңыздары қайта жандандыра отырып көркем игеру, мифтік сюжеттерді көркем сюжетке айналдыру тарихы ХІХ ғасырдың басталады. ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде аңыздарды көркем құралдар арқылы игеру дәстүрін қалыптастырған М. Жұмабаев, С. Сейфуллин шығармашылықтарында поэмалық сюжет жасаудың үлгілері түрінде көрінді. Ұлттық прозада бұл орайдағы Ғ. Мүсіреповтің сәтті бастамалары («Ер Қаптағай», «Жеңілген Есрафил» тәрізді әңгімелері) мифологиялық ойлаудың, мифологиялық мәтіндерге, кейіпкерлерге иек артудың мысалдары ретінде көзге түседі. Біз қарастырып отырған кезеңдегі проза ертедегі және классикалық аңыздарды көркем шығарма құрылымына батыл енгізе отырып, оларды трансформациялау, стилизациялау арқылы жаңаша мән үстеуге деген ізденістерімен айрықшаланды. Ә. Кекілбаев, М. Мағауин, О. Бөкей, Т. Нұрмағамбетов, С. Жүнісов, Д. Досжанов, Р. Сейсенбаев, Ә. Тарази т.б. жазушылардың шығармашылығындағы мифопоэтикалық форманың өріс алуы әдебиеттанушылардың назарын соңғы кездерде ерекше баурап келе

жатқаны рас. Қазақ прозасында айқындала көрінген бұл құбылысты архетип категориясы тұрғысынан талдаған А. Исмақова: «Миф поэтикасы қазіргі әлемді ауқымды уақыттық мүмкіндіктер арқылы бейнелеулермен байытып, қолданыстағы мәдени метафоралар мен ассоциациялар қорын кеңейтеді. Өз мағыналарын бұрын да танытып үлгерген поэтикалық формулалардың (архетиптердің) «қайта тірілуі» байқалады», – деген пікірді алдыға тартса [1, 381-382 бб.], мифологизмнің нақты бір жазушы (О. Бөкей) поэтикасы арқылы зерделеген Ж. Аймұхамбетова «Қазіргі қазақ ақын-жазушылары авторлық позициясын танытуда, шығарманың идеясын ашып, көркемдік айшықтарын бедерлей түсуде мифтік сюжеттерді, мифологиялық түсініктерді, оның ішінде мифтік құбылушылықты мақсатты түрде пайдаланып, шығармашылықпен дамыта қолданғанын байқауға болады», – деген тұжырымын ұсынады [2, 54 б.]. Кейінгі зерттеулерде мифопоэтиканың «реминесценциялар, мотивтер, сюжеттер, тәмсіл сөздер (притчи), аллегориялар, дәйек сөздер, аллюзиялар» формаларындағы нақты көріністерін саралау қолға алына бастады [3, 32 б.].

Қазақ прозасының бұған дейінгі даму сатысында мифтік желілерді, аңыздық сюжеттерді қоғамдық-әлеуметтік ойдың тірегі түрінде, экспрессивтік әр үшін, таза реалистік мақсатта қолданылып келгендігін таныған болар едік. Мәселен, көпшілік ғалымдар модернистік поэтиканың ілкі көрінісі сипатында талдап жүрген «Қорғансыздың күніндегі» Күшікбай аңызы кейіпкер ахуалына бастайтын жол, сюжет дамытылуына тығыз байланыстырылған, фабула шеңберінен тысқары шықпайтын шығарма құрылымының тірек-компоненті қызметін атқарады. Бұл аңызды қолдануда модернистік мүддеден гөрі реалистік ұмтылыстар басым. Сондай-ақ С. Мұқановтың «Ботакөз» романының финалында көзге түсетін мифологизм элементтері де жазушының саяси идеалдарына негізделіп, реалдық ситуациялардың қосымша күшейткіші мәнін иеленген. «Сұлушаш» романындағы мифологемалар көбінесе романтикалық пейзаж қалыптастыру үшін алынады. Осындайлық сипат М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, Ғ. Мүсірепов сынды қабырғалы жазушыларға да тән еді. Бүгінгі өмірдің шындығы мен өткен тарихты сабақтастыруда мифологиялық құрылымдар ХХ ғасыр ортасынан бастап қаулай дамыған тарихи прозада өрісін кеңейтті. Оның жарқын мысалы – І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясындағы Абылай хан, Кенесары образында түс жору мотивтеріне көрінетін мифологиялық ойлау дәстүрі. Кейін мифтік ойлауға негізделген архетиптік сана Ә. Кекілбаевтің «Үркер», «Елең-алаң» романдарының поэтикасында да маңыз алды.

Фольклорлық мұралардан нәр алып, қазақ әдебиетінің классиктері қалыптастыра алған мифологиялық ойлау жүйесі із-түзсіз жоғалып кеткен жоқ. Ол дәстүр 1970-80 жылдар прозасында жаңа мән иеленіп, реалистік принциптер аясынан табыла бермейтін сипат алды. Енді аңыздық желілер,

мифологиялық кестелер тарихи-реалды уақытқа негізделген түрде ғана емес, шығарма логикасынан шет тұра да беретін автономдық мағынасын күшейте бастады. Сонымен қатар мифологияланған образдар архаикалық сананың қайта жаңғыруы ғана емес, түрленуі кейпінде көрініс тапты. Мифологизмді енді қазақ жазушылары болмыс жұмбақтары мен өмірдің мәнісі туралы философиялық ой айтудың тәсілі тұрғысынан өрістетті. Бір сөзбен айтқанда, неомифологизм құбылысы аталмыш кезеңнің модернистік сипатын толықтыра түскен тәуелсіз әдеби ағымдардың біріне айналды.

Әлемдік әдебиетте мифтің, мифтік сарынның басқа сюжеттік-образдық формаларына, оның ішінде әдебиетке мифологияланған жарқын образдар бере алғандығын, ол желінің Эсхилдің «Орестеясынан» Булгаковтың «Мастер и Маргаритасына» дейін тартылып, әлі үзілмегендігін айтатын Н. Будур мен И. Панкеевтердің: «Миф, өзіндік құндылық ретінде, толық қалыптасқан жүйе ретінде өмір сүруін жалғастырып қана қоймай, толыса түсу және басқа құрылымдарды байыта түсу арқылы өмір сүру кеңістігін ұлғайтып келе жатыр», – дегеніне келісеміз [4, 26 б.]. Ал неомифологизмді таза модернистік әдебиеттің еншісіндегі құбылыс екенін айтатын Е. Мелетинский, З. Минц, Ю. Лотман тұжырымдары дау туғызбайды [5, 62-63 бб.]. Мифологияға жаңаша интеллектуалдық қатыныс тұрғысынан үңіліп, мифтік қолданыстарға жаңаша эстетикалық қуат дарыту айнала келгенде мифологизмді дүниетанымның өзегіне айналдырудан туындайды. Қазақ прозасының аса айқын түрде көрінген «мифологиялану» үдерісі туынды құрылымы мен бейнелеу, баяндау сипаттарына ірі өзгерістер ала келгенін өзіміздің ғалымдар да айта бастады [6, 22-26 бб.]. Зерттеуші А. Жаксылықов Р. Сейсенбаевтің шығармашылығын талдай отырып айтқан: «Шайтанның тағы» романындағы мифтің, аңыздың рухани энергиясын пайдалану арқылы адамды психологиялық ракурсте терең ашу – соңғы он жылдағы әдеби техника мен поэтиканың белгілі стильдік тенденцияларынан хабар береді», – деген ойы да осы өзгерістердің жекеліктен гөрі жалпылық сипат алғандығын танудан туындағаны анық [7, 3 б.]. Ә. Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры», «Күй», «Ханша-дария хикаясы», О. Бөкейдің «Айпара-ана», «Жасын», «Құм мінезі», «Сайтан көпір», «Қар қызы», «Жетім бота», Р. Сейсенбаевтың «Шайтанның тағы», «Өлілер құмды кезіп жүр», С. Санбаевтың «Ақ аруана», Т. Әбдіковтің «Тозақ оттары жымындайды», М. Ысқақбаевтың «Ұят туралы аңыз», «Ғажайып бала» т.б. туындыларында мифологиялық жүйелер мен аңыздық құрылымдар арқылы адамзаттың мәңгілік рухани құндылықтары турасында философиялық жинақтаулар жасалып отырды.

Ә. Кекілбаевтың «Күй» повесі мен «Аңыздың ақыры» романындағы асқан дәулет пен мансапқа қол жеткізген, айналасын қаһарлы зәрімен билеп-төстеген тиран-кейіпкерлердің шексіз трагедиясы өткен ғұмырдың баянсыздығы мен тіршілік тұрлаусыздығын саналаудан туады. «Бірін-бірі

жалмап жатқан бір дүние. Үлкені кішісін жоқ қылады; күштісі әлсізін жоқ қылады. Ертең ол үлкенге одан да үлкен, ол күштіге одан да күшті жолығады. Сөйтіп, шеті жоқ, шегі жоқ бірінің басын бірі алып жатқан аласапыран тірлік. Сонда мынау мігірсіз кимыл-қыбырдың, итжығыс алыс-жұлыстың мәні не?» деген сипаттағы тұйық ситуация – Жөнейіттің психологиялық-мінездік бітімін бүткіл қалтарыстарымен ашылуының кепілі [8, 254 б.]. Қаһарманның жан-дүние қозғалыстарының психологиялық дәйектемесі шебер үйлесіп жатқанымен, Жөнейіттің қарама-қайшылықты тұлғасына «логикалық дәлелдеме жетіспей жатқандай әсер ететіні» де рас [9, 203 б.]. Алайда модернистік әдебиетте өмір шындығын бейнелеу дәлдігі, уақыт пен кеңістік теңдігі негізгі шарт емес-ті. Жазушы сюжет, образ логикасынан тыс монологтық формалар арқылы өзінің эстетикалық концепциясын айғақтай алады. Осындайлық көркемдік модель «Аңыздың ақыры» романында да іске асады. Романда сюжет доминанты мүлде сезілмейді. Нақты шындықтан қол үзуге дейін баратын сана ағымы көрінісі туындының жүлге-жұлынын ұстап тұратын басты тәсілге айналады. Бұл шығармалардағы сана ағымы эгоцентристік тұлғаның психикалық үдерістері түрінде беріледі. (М. Мағауиннің «Көк мұнар», Д. Исабековтың «Қарғын» романдарында да осындай тәсіл жүзеге асады). Ой толқындары көркем бейненің өткендегіні таразылау, яғни жадыда қатталып қалған мәліметтерді ояту, сол арқылы жаңа ақиқаттарға (ол абсурдты болса да) көз жеткізу күйінде бейнеленеді. Бұл жердегі «сана ағымы» «өзіндік сана ағымына» айналады. Жер-жаһанның жартысын тітіренткен Алмас ханның өткен күн мен бүгінгі халді салыстырудан тапқан жаңалығы – «аспан мен жердің арасындағы баянсыздықтан басқаның» болмауы. «Мынау көл-дария аспанның астында кімнің болмасын мәңгі серігі құлазыған жалғыздық екенін де енді ғана ұққан сияқты» [8, 44 б.].

Қазақ прозасындағы неомифологизм үрдісінде айрықша бөліп айтуға тұратын тәсілдердің бірі – мифтік құбылушылық. Адамзаттың балаң санасы тудырған архаикалық мифтердегі адамның басқа заттардың кейпіне ене алуы турасындағы сенімдері кейінгі жылдар прозасында жаңа стилизацияға түсті. Адам мен табиғат, адам мен жануарларды тұтастандыра қарайтын сарынның жаңа уақыт өңдеуіне, интеллектуалдық сүзгіге түсуі қазақ әдебиетінде анималистік прозаның өрістеуіне де мұрындық болды. О. Бөкейдің «Бурасы», «Кербұғысы», М. Мағауиннің «Тазының өлімі», «Жүйрігі», Ө. Кекілбаевтың «Бәйгеторысы», С. Санбаевтың «Ақ аруанасындағы» хайуанаттарға адами сипаттар берудің өткір философиялық-эстетикалық астарлары болды. Мифологизмнен тамыр тартатын анималистік образдар адамның болмыспен қарым-қатынасын тереңдей зерделеудің ұтырлы тәсіліне айналды (Бұл жерде дидактикалық сипаты бар, балалар санасына лайықталып жазылатын анималистік шығармалар мен анималистік-философиялық

туындыларды шатастыруға да болмайды). Өмір құбылыстарының мәнісіне тереңдеу арқасында туған анималистік проза баяндау үдерісіне «төртінші жақты» әкелді. Авторға айналадағы ақиқатқа бірнеше позициялардан үңілу мүмкіндігі туды. «Анималистік персонаждың көркемдік қызметінің бірі адам өмірі мен оның мәңгілік құндылықтарға деген қатынасының табиғилығын хайуанаттың «бұзылмаған, таза» көзқарасы арқылы тексеріп көру қабілетіне байланысты», – дейді осы мәселемен айналысып жүрген зерттеуші Г. Алтаева [10, 13 б.].

Әлемдік модернистік әдебиеттегі мифтік құбылушылықтың классикалық үлгісін көрсеткен жазушылардың бірі – Ф. Кафка. Әсіресе оның «Басқаға айналу» («Превращение»). Ғалымдарымыз бұл шығарма атауын «Құбылушылық» деп аударып жүр. Алайда бұл шығарма логикасына тым үйлеспейтін сәтсіздеу аударма деп білеміз. «Құбылу» ұғымына бір ахуалдан басқа ахуалға ауысып тұрудағы циклдық тән). Ш. Айтматов та «Боранды бекеті» мен «Ақ кемесіндегі» мифтік құбылушылықты өзінің философиялық концепциясына сай дамытты. Ал қазақ прозасындағы бұл тәсілдің ең үздік көрінісі О. Бөкейдің «Атау-кересі» болды. Ж. Аймұхамбетова «Оралхан Бөкей прозасындағы мифологизм мәселесі» зерттеуінде мұндайлық ұқсас тәсілдерді және қазақ жазушысының өзіндік ізденістерін нақты түрде айқындап көрсетті деп ойлаймыз [2]. Қазақ халқының байырғы мифтік сюжеттерінде адамды басқаға айналдыру жаза түрінде қолданылғаны белгілі. Оралхан танымында да архаикалық мазмұн іздері жоқ емес. Ерікті сонау айналдыру – оны шексіз жалғыздыққа тастау. Модернистік әдебиеттегі трагедиялық санаға бастайтын жай – адамның абсолютті жалғыздығы. Кафка шығармасында Грегор Замзаның жәндікке айналуы детальды тұрғыда суреттеледі. Новелладағы Замзаның бұл халіне қатты қайғырған қалпын көрмейміз. Қырқаяқ жәндігіне тән тықырмен бөлме кезіп жүрген Замза оқырманға тітіркеніс сезім тудырады. Алайда жазушы сентменталистік сарыннан мүлде алшақ. Бұл метаморфозаны ғалымдар әр түрлі түсіндіреді. Соның ішінде көңілге қонымдысы Д. Затонскийдің пікірі деп білеміз. Ғалым: «Грегор Замзаны қырқаяққа айналдыру арқылы жазушы адамның әлемдегі нақты алатын орны оның трагедиялы әрі жеңіп шыға алмайтын жалғыздығымен белгіленетінін көрсетуге ұмтылатындай. Индивид белгілі бір ортада, қоғамда өмір сүреді... Бірақ мұның бәрі – алдамшы, ақылға сыймайтын иллюзия. Шындығында адам нағыз шөлде, дәлірек айтқанда вакуумда, жылтыр қолбаның ішінде өмір сүреді, сондықтан да ол өзінің қорқынышты түрмесінің қабырғаларын көрмейді, – дей отырып, пікірін былай түйіндейді: Кафка үшін жалғыз жол нақты шындықты «қиратып бұзу» болды, сонымен бірге оның шегінен шықпауға тиіс. Ол дәл солай жасады: Замзаны әлеммен байланыстырып тұрған барлық жіпті үзді (қаһарманды жәндікке айналдырды), бірақ оны өз отбасынды қалдырды» [11, 88-89 бб.].

Реалды шындық шекарасын аттап өтпей-ақ, сол шындықты «бөлшектеу» – «Атау-кере» финалына да тән жағдай.

Сонымен, ХХ ғасырдың 70-80 жылдары социалистік реализм принциптерінің дағдарысқа ұшырауы рухани құндылықтарды қайта салмақтауға деген сұраныстар туғызды. Түбегейлі өзгерістерге деген қажеттілік қазақ әдебиетінде бөлекше эстетикалық ахуал қалыптастырды. Оны «постсоциалистік реализм эстетикасы» деп шартты түрде атап отырмыз. Өйткені бұрын қоғамдық идеал, әлеуметтік-саяси фон, кеңес адамына тән болуға тиісті делінетін мінездер мен әрекеттерді суреттеу сынды тенденциялар жетекшілік етсе, енді жеке адамды рухани феномен деңгейінен қарап, оның болмыспен қарым-қатынасы хақында жаңа концепциялар жасалды. Бейнелеудің, жаңа көркемдік танымның өзгеше жүйесін әкелген модернизм адам тұлғасын жаңаша тану ұмтылыстары нәтижесінде орнықты. Мұны қазақ прозасының идеялық тұрғысынан, образдар табиғатынан, баяндау үдерісінен, тілдік-бейнелілік бітімдерінен қиындықсыз аңғаруға болатын еді.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Исмакова, А. С.** Казахская художественная проза. Поэтика, жанр, стиль (начало ХХ века и современность). – Алматы : Ғылым, 1998. – 394 с.
- 2 **Аймұхамбетова, Ж.** Оралхан Бөкей прозасындағы мифологизм мәселесі. Филология ғыл. канд-ы ғылыми дәр. алу үшін дайынд. дисс... Астана, 1999. – 126 б.
- 3 **Ғалиева, А.** Қазіргі қазақ романы құрылымындағы мифопоэтикалық пішіндер. Филология ғыл. канд-ы ғылыми дәр. алу үшін дайынд. диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2006. – 26 б.
- 4 **Будур, Н., Панкеев, И.** К читателю. // Мифы и легенды народов мира. – М. : «ОЛМА-ПРЕСС», 2000. – С. 3-26.
- 5 **Лотман, Ю. М., Минц, З. Г., Мелитинский, Е. М.** Литература и мифы. // Мифы народов мира. Энциклопедия в 2-х т. Т.2. – Москва: «Большая Российская энциклопедия», 1998. – С. 58-65.
- 6 **Бейбытова, К.** Неомифологизм современной казахской литературы // Вестн. Евразийского ун-та. 2002. – № 3-4. – С. 22-26.
- 7 **Жақсылықов, А.** Образы, мотивы и идеи с религиозной содержательностью в казахской литературе. Типология. Эстетика. Генезис. – Алматы : Қазақ университеті, 1999. – 520 с.
- 8 **Кекілбаев, Ә.** Екі томдық тандамалы шығармалар. – Алматы : Жазушы, 1989. – 400 б.
- 9 Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 9-том. – Алматы : ҚАЗАҚПАРАТ, 2005. – 998 б.

10 **Алтаева, Г.** Казахская анималистическая повесть 1960-70-х годов (генезис, образность, повествовательные формы). Автореферат дисс-ии на соиск. уч. степени канд. филол. Наук. – Алматы, 2004. – 30 с.

11 **Затонский, Д. В.** Франц Кафка и проблемы модернизма. – М. : «Высшая школа», 1965. – 115 с.

25.01.16 баспаға түсті.

*Ж. Ж. Жарылғапов*

### Процесс «мифологизации» казахской прозы

Карагандинский государственный университет  
имени академика Е. А. Букетова, г. Караганды.  
Поступило в редакцию 25.01.16.

*Zh. Zharylgapov*

### The process of mythology in Kazakh prose

Academician E. A. Buketov Karaganda State University, Karaganda.  
Received on 25.01.16.

*В статье рассматривается использование мифических образов и мифологических текстов в казахской прозе. Рассмотрен процесс развития мифологической формы в произведениях писателей. Указаны основные особенности неомифологического течения в национальной литературе. Анализированы типологические соответствия с классическими образцами в мировой современной литературе.*

*This article deals with the use of mythological texts and characters in Kazakh prose. The ways of development of mythological and poetic forms in writers' works are also considered in the given article. It also shows the features of neomythological current in national literature. And here is given the analysis of typological similarities and classical examples of world modern literature.*

**Ж. Ж. Жарылғапов**

ф.ғ.д., профессор, Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ.

**РОМАН ЖАНРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ  
ТИПОЛОГИЯСЫ ХАҚЫНДА**

*Бұл мақалада көркем сөздің поэзиялық және прозалық түрлерінің айырмашылықтары қарастырылады. Қазақ прозасының, оның ішінде романының қалыптасу жолдары көрсетіледі. Прозаның халықтық үлгілері делінетін жанрларға сипаттама беріледі. Ұлттық әдебиеттанудағы романның ғылыми типологиясын жасауға, түрлік ерекшеліктері туралы концепциялар айқындалады. Қазақ романының пайда болуына басқа әдебиеттерде де кезесетін мынадай нақты жағдайлар талданады.*

*Кілтті сөздер: жанрлар эволюциясы, роман, типология, проза, қазақ әдебиеті*

Жанрлар эволюциясы әдеби туындыдағы көркем сөздің орналасу типтері – поэзия мен прозаның жанрлық түрлерінің әралуан мүмкіндіктері мен тарихи маңыздары деген мәселеге қарай алып келеді. Барлық елдер әдебиетінің алғашқы дәуірлеріндегі туындылар өлеңдік формада, өлең жүйесіне тән ерекшеліктермен жазылды немесе айтылды. Қара сөзбен жазылған шығармаларды проза деп атау қалыптасса да (философиялық трактаттар, ғылыми-публицистикалық, ғылыми-ақпарат т.т.), оның бәрі көркем проза деп қабылданбайтыны анық. Көркем проза көп уақыт бойы фольклор құрамында (ертегілер, аңыздар, шешендік сөздер) өмір сүрді. Өлем әдебиетінің тарихында «Жаңа дәуір» деп аталатын кезеңде ғана проза поэзиямен иықтаса, тең тұрғыда қолданыла бастады. Ал қазақ әдебиетінде прозаның халықтық үлгілері ХІХ ғасырдың ортасына дейін жетекшілік жасап келгені ақиқат.

Көркем сөздің поэзиялық және прозалық түрлерінің артықшылықтары мен қарама-қайшылықтары туралы сөз эстетика тарихында сол ХІХ ғасырда-ақ басталып кеткен болатын. Мысалы, Гегель, Потебняның алғашқы еңбектеріне поэзия мен қара сөзді (көркем проза емес) бір-біріне қарсы қоя отырып зерделеу тән екені белгілі. ХХ ғасырда проза мен поэзияның сыртқы ерекшеліктерімен қоса ішкі өзгешеліктері де кең талқыға түсті. Әсіресе өлеңтану саласында маңызды шаралар атқарылды. Өлеңтанушылық ұғымдар мен терминдер, өлеңнің құрылысы мен метрикасы, ұйқастық өлшемдері мен әуезділігі – әдебиет теориясында біршама қаузалған мәселелер. Ал

көркемдік таным көкжиегі кеңейіп, әдебиет алдына күрделі адамзаттық мәселелердің қойылуы, оны тереңдеп, ауқымды түрде бейнелеуге деген түрлі тәжірибелердің нәтижесінде өрістей бастаған прозалық форманың да құрылымдық-мазмұндық сипаттарын ғылыми тексеру әлі толастаған жоқ. М. Бахтин прозалық шығармашылық пен поэзиялық шығармашылықтың үлкен айырмашылықтарының бірі деп сөздің диалогтік (диалогичность слова) бағытталуын көрсетеді. «Поэзиялық жанрлардың (сөздің тар мағынасы) көпшілігінде, біз жоғарыда атап өткендей, сөздің ішкі диалогтігі көркемдік тұрғыда пайдаланылмайды. Ол поэтикалық сөзде (бұл жерде – өлеңдік сөз. Ж. Ж.) шартты түрде өшіріледі. Ал романда ішкі диалогтік ең маңызды жайттардың біріне айналады және өзіндік көркемдік өңдеуге түседі», – дейтін зерттеушінің тұжырымдауынша, поэзияда басқа біреудің сөзімен қарым-қатынасу қабілеті жоқ [1, 97 б.]. Ал прозашы осы ерекшелігімен түрлі жағдайлар мен түрлі сәттерде өз шығармасынан өзін бөлектей алады. Ол сөзге толығымен берілмей-ақ, оны бейтарап қолдана алады. Прозашы сөзді жартылай жалғыз немесе бүтіндей жалқы тастай алады да, сонымен бірге, өзінің ырқына қызмет етуге мәжбүрлей алады. «Романға көпүнділік және сөздің көп түрлілігі тән және олар қалыпты көркемдік жүйе құрайды. Романдық жанрдың өзіндік ерекшелігі – осында... Әрине, поэтикалық (өлеңдік) сөздің де әлеуметтік сипаты бар. Бірақ поэзиялық формалар өте ұзақ әлеуметтік үдерістерді, былайша айтқанда, «ғасырлық тенденцияларды» танытса, романдық сөз әлеуметтік атмосфераның өте шағын қозғалыстары мен ауытқуларына тұтас түрде, барлық сәтте де мән береді» [1, 113 б.].

Қазақ прозасының, оның ішінде романының қалыптасуына үлкен мән берген ғалым А. Исмақова жанр шектерін «хронотоп» сынды жаңа терминмен анықтауды ұсынған М. Бахтин мен А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышындағы» прозалық жанрларды оқиғасы мен мезгіліне қарай ұсақ әңгіме, ұзақ әңгіме, ұлы әңгіме деп жіктейтін теориялық көзқарастарын салыстырып, көп сәйкестіктер тапқаны белгілі. «Әдебиетте реалды тарихи уақыт пен кеңістікті және оны ашып көрсететін тарихи-реалды адамды игеру үрдісі өте күрделі, әрқилы жүргенін екі ғалым да мойындайды. Адамзаттың сол кездегі даму сатысына сәйкес уақыт пен кеңістіктің белгілі бір жақтары игерілді де соған сәйкес өмір шындығын игерудің жанрлық және стильдік тұрғылары қалыптаса бастады», – деп жазады зерттеуші [2, 17].

Көркемдік әдіс пен жанрлар арақатынасы туралы мәселені бірден күн тәртібіне алып шығу қиын еді. Мұндай проблеманы алға тартуымызға мүмкіндік берген – қазақ әдебиетіндегі алуан түрлі жанрлардың пайда болуы сияқты ұзақ тарихи үдерістерді зерттеуге арналған бірнеше ғылыми еңбектер. Қазақ әдебиетін зерттеушілер ұлттық проза жанрларының түп негіздерін халық ауыз әдебиетінің мұралары: лиро-эпикалық дастандардан, қиссалар мен аңыздардан, жыраулар шығармашылығының басты жанры – толғаулардан,

шежірелерден т.б. іздейді. Мұндай әдістеме қазақ әдебиеттануында әбден орнығып, ол арқылы бірнеше ғылыми жетістіктерге қол жеткізе алдық. Халық мұраларының прозалық үлгілерін қарастырып, оның өзіндік көркемдік-эстетикалық ерекшеліктерін ашқан С. Қасқабасовтың «Қазақтың халық прозасы» (1984), қазақ романының жанрлық тамырларын зерттеуде ежелгі мифтер мен фольклордан бастап жазба әдебиетіне дейін көктей қарастыру жүйесін әкелген Ш. Елеуқеновтің «От фольклора до романа-эпопеи» (1987) сияқты монографиялық еңбектері біршама көкейкесті мәселелерді шешіп, ең маңыздысы, бұл тараптағы болашақ ізденіс бағдарларын айқындап берді.

Б. Шалабаевтың «Қазақ прозасының тарихында» (1968) да ұлттық проза жанрларын фольклорлық мұралармен байланыстыруды кездестіреміз. Бірақ аталмыш еңбек прозалық жанрлар эволюциясының бастау көздерін халық шығармашылығы мен поэзияда екенін айтқанымен, жіті теориялық талдауларға бара бермеген. Прозаның халықтық үлгілері делінетін жанрларға үстірт сипаттама берумен шектеледі. Ал әдебиетіміздегі роман сынды жанрдың пайда болуын тек қана орыс әдебиетінің жемісі деп бағалауын қолдау қиын. Сондықтан да болар, ол еңбек өз кезінде біраз сынға ұшырады. Дей тұрғанымызбен, бұл еңбек тың ғылыми проблемаға жол салуымен, қазақ прозасының дәні фольклор мен ауыз әдебиетінде жатқандығын меңзеуімен, зерттеу материалы ретінде қыруар көркем шығармаларды қамтуы жағынан өз уақытының сұранысын біршама ақтай білді деп санаймыз.

Ш. Елеуқенов реалистік әдебиетте ауқымды артықшылыққа ие, финалды жанр деп қарастырылып келе жатқан романның ғылыми типологиясын жасауға, түрлік ерекшеліктерін айғақтауға ден қойды. Ол жанр мәселесін шешуде нақты бір дәуірдегі әдеби үдерістің негізгі ерекшеліктерін танытатын көркемдік құрылымдар типологиясының маңызына тоқталып өткен болатын. Қазақ романының өзіндік даму заңдылықтарына үңілген зерттеуші осы жанрдың шет елдік, көршілес елдердің ғалымдары негіздеген бірнеше концепцияларға талдаулар жасайды. Сондықтан да ол тұжырымдарды қайталаудың қажеттігі жоқ. Біз үшін маңыздысы – роман жанрының поэтикасындағы бүкіладамзаттық көркемдік даму заңдылықтары мен ұлттық топырақтағы эстетикалық факторлардың тоқайласу шектері. XX ғасыр басындағы адам санасы мен өмірдің күрделенген қайшылықтарына дендеу үшін қазақ әдебиетінің жанрлық репертуарында роман басымдыққа ие болғаны аян. Ш. Елеуқенов «Неліктен роман? Неге өлең емес? Неге эпикалық поэма емес? Неге мысал емес?» деген сұрақ қоя отырып, «бүтін бір дәуірдің идеясын бойына сыйғыза алатын, ол дәуірдегі қаһармандық пен күнделікті өмір ағысын, комедиясы мен трагедиясын, саясаты мен философиясын, сол дәуір адамының жан дүниесінің қозғалысы, аңсары мен әрекетін бейнелеуде» романдық форманың үстемдігі қазақ әдебиетінің жана, жоғарғы сатысы деп табады [3, 98 б.]. Және қазақ романының пайда

болуына басқа әдебиеттерде де кезесетін мынадай нақты жағдайлар себеп болды дейді: «1) Өмірдің өзінде де түбегейлі өзгерістер қажет екенін сезіну пайда болды; 2) Ол қажеттіліктерді таныту үшін әдебиет өз дәуірінің тақырыптарына қарай ұмтылды; 3) Дәуір ұсынған тақырыптарды бейнелеу үшін дәуір мәселелерін тұтастай қамтитын, яғни саясатты да, философияны да, моральды да, психологияны да, қысқасы, адамның немен өмір сүретінін, немен тыныстайтынын түгел біріктіре алатын жаңа баяндау формалары керек еді; 4) Құндылықтарды қайта бағалауда өзінің айрықша мүмкіндігін дәлелдеген жаңа дәуірге лайықты эпос жанры, яғни роман қажет болды» [3, 108-109 бб.].

Ұлттық топырақта пайда болған әрбір жаңа жанрдың сол ұлт өнерінің даму логикасынан шығарып барып әлемдік көркемдік өріспен сабақтастыру – ең өнікті, әрі дұрыс жол. Ш. Елеуқенов еңбегінде қазақ әдебиетіндегі жанрлық-стильдік құрылымдар өзгерісіндегі сыртқы әсерлер, басқа әдебиеттердің орны жоққа шығарылмайды. Әсіресе ғалымның ұлт әдебиетіндегі өмір құбылыстарын бейнелеу ұстанымдары мен дәстүрлі жанрлардың ауқымының кеңеюінде әдеби аударманың ролін өте орынды бағалайды. Расында да, әдебиетімізде сонет, элегия, мысал, романтикалық поэма, шағын эпистолярлық роман сияқты жанрлық формалардың көрініс беруі – қазақ суреткерлерінің ұлттық таным мен талғамды ескере отырып жасаған талантты аудармаларының нәтижесі. Абайдың төл шығармаларымен қатар, аудармалары романдық сюжет, романға тән психологиялық және әлеуметтік талдау қалыптастырудағы орны орасан. М. Сильченко өзінің «Абайдың шығармашылық биографиясы» кітабында: «Аудармалар Абайдың өзіндік шығармашылығы деңгейінің өсуіне сеп болды, идеялық тереңдік пен тақырып ауқымының кеңеюіне, образдың ритмикалық-интонациялық құрылымының дамуына, лексикасы мен фразеологиясының дами түсуіне, сюжетті-романтикалық поэзия жанрлары мен романның пісіп-жетілуіне өзек болған дәстүрлі жанрлардың ауқымын кеңейтуге көмектесті», – деп жазды [4, 242]. Орыс классикалық мұраларынан бұрын әжептәуір мөлшерде аударылған шығыс поэзиясының туындылары болғанымен, олардың жаңа ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде жанрлық құрылымдар түзудегі ізі бірте-бірте көмескілене бергені де ғалымдар назарынан сырт қалған емес. Мұны ұлттық әдебиеттің еуропалануы деп тануға әсте болмайды. Қайта қазақ әдебиетінің өзіндік заңдылықтарына сәйкес жаңа мазмұндық-формалық ізденістерге бой ұрғаны деп қабылдаған жөн. Жаңа фазаға көтерілген көркемдік таным мен көркемдік ойлау осыны қажетсінді.

Қазақ әдебиеттануында жан-жақты қарастырыла бастаған бұл мәселені идеологиялық талап-шарттардан тыс, еліміз тәуелсіздік алған жылдары зерттеген А. Исмақова еңбегі толымды болып шығуы заңды. Өйткені бұрынғы зерттеулерде ашық талдауға болмаған қазақ романының

карлығашы – «Бақытсыз Жамал» мен Шәкәрімнің өзгеше қырын танытқан «Әділ-Мәриясынсыз», М. Жұмабаевтың классикалық әңгіме жанрының бүкіл шарттары сақталған, прозаның күрделі формаларының қалыптасып кетуіне алабөтен серпін берген «Шолпанның күнасынсыз», Ж. Аймауытовтың әңгімелері, повесі, ұлттық прозаның жаңа эстетикалық сапасы – «Қартқожасы» мен «Ақбілегінсіз» біздегі проза жанрларының даму тенденциясын толық айқындап шығу мүмкін емес еді. Сонымен қатар аталған еңбекте ауыз әдебиеті жанрларының роман құрылымын түзуге қандай компоненттер бере алғандығы, әр жанрдың қандай мазмұндық-түрлік үлес қосқандығы туралы нақты мақсатты көзделген. Мысалы, «Романды дайындаудағы фольклордың ролі шектеулі екені түсінікті. Біздің байқағанымыздай, фольклор көбінесе авантюралық баяндау сипатындағы романдық сюжеттер мен композициялардың көбеюіне жол ашқанымен, жекелік болмыс трагедиясы мен жеке тұлғаның қайталанбас қасиетін бейнелеуге бейімделген роман тудыра алған жоқ», – дей отырып, жеке адамның күйініш-сүйініші, жан-дүниесі мен тағдырын бейнелеуге біршама жақындатқан, «романның фольклорлық аналогы» – лиро-эпикалық жырлар екенін көрсетеді [2, 35 б.]. Тағы бір айта кетерлігі – қазақ кәсіби прозасы мен романының қалыптасуына орыстың реалистік прозасы, ол арқылы келген батыстық әдебиеттің жоққа шығаруға болмайтын ықпалының қаншалықты деңгейде болғандығына көңіл аударылуы. Зерттеушінің бағамдауынша, «орыстың реалистік романы қазақ ауыз әдебиетінің эпикалық мұраларына дем берушілік роль ғана атқарды. Егер әдебиеттерде жанр дәстүрінің «тектік» және «түрлік» негіздерін жинақтау үдерісі жүріп жатпағанда роман бұлай тез орнығып қаламас еді» [2, 18 б.].

Бұл салада осыншалық ауқымды істер атқарылғанына қарамастан, ұлттық проза жанрларының қалыптасуында басқа да қосымша факторлардың бар екендігі мәселені әрі қарай індетте түсуге жетелейді. Біз аталған еңбектердің маңыздылығын ескере келіп, ондағы ғылыми тұжырымдарды басшылыққа ала отырып басқаша жол таңдап көреміз. Ол – қазақ әдебиетіндегі прозаның тууы мен дамуына әсер еткен көркемдік әдістердің ролі.

Әдебиетіміздің көркемдік-эстетикалық тұрғыда толысуының нақты айғағы болған проза жанрларының өркендей дамуын тек қана реализммен байланыстыру аздық етеді. Әрине, реализм принциптерін қазақ әдебиеті бойына бірте-бірте сіңіру арқылы әдеби шығармашылықтың болмысты танып-білудегі қабілетін күрт арттырып, өресін шығандатты. Сондықтан да реалистік ойлау типіне орай өрістеген суреткерлік белсенділік, адам болмысының рухани-психологиялық күрделі қатпарлары мен өмір құбылыстарының ішкі мағынасына тереңдеушілік ғалымдар мен сыншылар назарына бірден ілікті. Бірақ қазақ прозасының, оның ішінде романының қалыптасуы мен еңсесін тіктеп кетуіндегі басқа да әдістердің орны жете

талданбай келеді. Керек десеніз, әдебиетіміздегі әңгіме, повесть, роман жанрлары натурализм, сентиментализм тәжірибесін де басынан өткерді. Әсіресе біздің прозадағы романтизм мәселесі – кеңінен қаузалмаған мәселе. Алғашқы романдардағы айрықша дараланып тұратын романтикалық бейнелер, суреткерлердің шектен тыс субъективтілігі мен өз қиялындағы өмірді бейнелеуге деген ұмтылысы сияқты жайларды, бір сөзбен айтқанда, ұлттық прозаның өсіп-жетілуіндегі романтизм эстетикасының мәнін ғылыми тұрғыдан саралап шығу міндет.

Тұжырымдай айтқанда, қазақ прозасы өзінің қалыптасу шағында бірден прозаның күрделі жанры – романға иек артуы ерекше эстетикалық құбылыс болды. Ұлттық прозаның толысуы новелла, әңгіме, повестер арқылы бірте-бірте жүзеге аспай, алғашқы сатысында-ақ «роман» деген жанрлық айқындамасы бар шығармалар шоғыры арқылы қанат жаюы халық ауыз әдебиетіндегі мықты эпикалық дәстүрдің арқасы. Сондықтан да халықтың эпикалық мұралары: батырлық, ғашықтық, тарихи жырлардағы, жыраулар шығармашылығындағы асқақ романтикалық рух пен романтизмге тән бейнелеу амал-тәсілдері ешқайда жоғалып кете қойған жоқ. Қайта әдебиеттің жаңа жанрларының дүниеге келуіне тұғыр бола білді. Әдебиетіміздегі роман жанрының алғашқы үлгілері деп саналатын М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал», Т. Жомартбаевтың «Қыз көрелік», М. Кәшімовтың «Мұңлы Мариям», С. Көбеевтің «Қалың мал», С. Торайғыровтың «Қамар сұлу» шығармалары реализм ұстанымдарының түпкілікті орнығуы екені рас. Бірақ сол кезең үшін мұндай жаңа форманың өркен жаюын тек қана реализммен байланыстырып келуіміз, басқа да көркемдік-эстетикалық ықпалдарды ескермеу болып саналады. Бұл туындылардағы басты кейіпкерлер – Жамал, Ғайша, Қамарларды типтік образдар деп тануымыздың негіздеріне тағы да бір қайырылып келу керек сияқты.

Халық ауыз әдебиетінің көлемді жанрларындағы, жеке авторлығы бар толғаулар мен дастандардағы, XIX ғасырдағы жазба әдебиетінің ірі өкілдері мен Абай шығармаларындағы романтизмге тән бейнелеу амал-тәсілдері алғашқы прозалық туындыларда суреттеудің реалистік әдісімен жалғас, аралас келіп жатты. Бір қаламгердің шығармашылығында, тіптен бір шығарманың бойында көркемдік әдістердің сабақтаса келуі жайында сөз қозғаған академик З. Ахметовтің: «Романтизмнің құнды, ұтымды жақтары оған ілесе өркендеген реализмге үлкен тірек болды. Алайда романтизмді реалистік әдіске қарсы қойып, оған алыс-жақындығы тұрғысынан қарап бағалау дұрыс болмас еді. Романтизмнің бағалы жақтары, өзіндік артықшылықтары да, осалдығы да бар. Романтизм мен реализмді екі түрлі көркемдік әдіс деп қарасақ, олар бірін-бірі толықтырып та тұрады», – деген пікірінің орынды екеніне тағы да көз жеткіземіз [5, 289-290 бб.].



1 **Бахтин, М.** Вопросы литературы и эстетики. – М. : «Худ. литература», 1975. – 504 с.

2 **Исмакова, А. С.** Казахская художественная проза. Поэтика, жанр, стиль (начало XX века и современность). – Алматы : Ғылым, 1998. – 394 с.

3 **Елеукенов, Ш.** От фольклора до роман-эпопеи. (Идейно-эстетическое и жанровое своеобразие казахского романа). – Алма-Ата: Жазушы, 1987. – 352 с.

4 **Сильченко, М. С.** Творческая биография Абая. – Алма-Ата : Наука, 1957. – 294 с.

5 **Ахметов, З.** Романтизм. // Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. – Алматы : «Ана тілі», 1998. – Б. 288-290.

25.01.16 баспаға түсті.

*Ж. Ж. Жарылғапов*

#### **О научной типологии романного жанра**

Карагандинский государственный университет  
имени академика Е. А. Букетова, г. Караганды.  
Поступило в редакцию 25.01.16.

*Zh. Zharylgapov*

#### **The genre of novel in scientific typology**

Academician Karaganda State University  
E. A. Buketov, Karaganda.  
Received on 25.01.16.

*В статье рассматриваются различия прозаических и поэтических видов художественного слова. Указаны пути формирования казахской прозы, а именно, романа. Даны описания жанров, называемых народными образцами прозы. Определены концепции о видовых особенностях строения научной типологии романа в национальном литературоведении. Анализируются фактические условия появления казахского романа, встречающиеся в других литературах.*

*This article describes the poetic and prosaic distinctions of creative word. It also deals with the development of novels in Kazakh prose. Here is given the description to the so called genre of national prose examples. In this article there are defined the concepts about features of the scientific typology of novel in national literature that come across in the development of Kazakh novel.*

#### **Г. А. Жұмабекова**

2-курс PhD докторанты, баспасөз және электронды БАҚ кафедрасы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.

### **ТЕМІРХАН МЕДЕТБЕКТИҢ ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ПУБЛИЦИСТИКАСЫ**

*Бұл мақалада тәуелсіздік жылдарындағы қазақ публицистикасы, Т. Медетбектің публицистикасының ерекшелігі қарастырылады.*

*Кілтті сөздер: тәуелсіздік, көсемсөз жанры, қазақ публицистикасы, публицист ерекшелігі.*

Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ ақын-жазушыларының публицистикасын зерттеу қазіргі кезде тың тақырыптардың бірі деп айта аламыз. Қазіргі таңда тәуелсіздік жылдарында жарық көрген публицистикалық шығармаларды жаңаша зерделеу, оларды жүйелеу, саралау және талдау жұмыстарын жүргізуді қажет етеді.

Тәуелсіздікке дейінгі қазақ публицистикасын қарастыра отырып, заманалы қазақ ақындарының көтерген мәселелерінің, мәселен, оқу, білім, әлеуметтік, ел, жер, тәрбие, ұлт құндылықтары және т.б. қандай көрініс тапқандығын, оның ерекшелігін, әлеуметтік маңызын, көкейкестілігін де зерттеуді талап етеді.

Публицистика журналистиканың да, әдебиеттанудың да қалыптасқан жанры екенін білеміз. Көркем әдебиет пен публицистика арасындағы байланыс, екеуінің ерекшелігі, әдебиеттануға да, публицистикаға да көркемдік әдіс тән екендігі бізге дейін көп айтылғандығы мәлім [1].

Жалпы публицистика жанры туралы зерттеген ғалымдардың еңбектерінен публицистиканы зерттеу қаншалықты маңызды екендігін көруге болады. Мысалы, диссертациялық еңбектерден Қ. Бекхожиннің («Қазақ баспасөзінің даму жолдары». Алматы, 1964), Р. Идрисовтің (Казахская военная публицистика (1941-1945). Алматы, 1970), Т. Амандосовтың («Публицистика – дәуір үні». Алматы, 1974), С. Қисымовтың («Қазақ публицистикасының зерттелуі: ізденістер, проблемалар». Алматы, 1998), З. Сағымбайдың («Қазақ әйелдерінің публицистикалық мұрасы (20-жылдар баспасөзіндегі жарияланым-дар бойынша)». Алматы, 1998), Г. Сұлтанбаеваның («Саттар Ерубаев – журналист, публицист». Алматы, 1998), Б. Сердәлінің («Камал Смайылов – публицист». Алматы, 1999), Е. Дудинованың («Публицистика Олжаса Сулейменов». Алматы, 1999), А. Мектептің («Халел Досмұхамедұлының публицистикасы». Алматы,

1999), К. Асановтың («Е. А. Букетовтың публицистикасы». Алматы, 2002), Р. Жақсылықбаеваның («Шерхан Мұртаза – публицист». Алматы, 2002), Б. Жақыптың («Қазақ публицистикасының қалып-тасу, даму жолдары (генезис, эволюция, поэтика)». Алматы, 2004), А. Әлжанованың («Казакская тематика в творчестве российских и западных публицистов второй половины XIX века». Алматы, 2008.), Ф. Ақсейіттің («Сапар Байжановтың публицистикасы». Алматы, 2009.), К.Қамзиннің («Қазақ публицистикасы жанрларының эволюциясы». Алматы, 2010), ғылыми мақала-лар мен монографиялар, оқу құралдарынан М. Әбешованың (Публицистика жанрының қалыптасуы // Семей мемлекеттік педагогикалық институтының хабаршысы. 2006. №1.), Б. Жақыптың (Публицистикалық шығармашылық негіздері. Оқулық. Алматы, 2007), К. Қамзиннің («Қазақ көсемсөзі жанрларының кемелдену үдерісі». Монография. Алматы, 2009), С. Әділбеков., Д. Баймолда., С. Қозыбаевтың (Қазақ публицистері. Оқу құралы. Алматы, 2010), Б. Носованың (Публицистика современности как часть коммуникативного ресурса // Вестник КазНУ. 2013. №3), және т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектері зерттеуімізге арқау болатыны анық.

Жазушы, журналист Ақыш Нұрдәулет өз мақаласында қазақ көсемсөзіндегі ұлттық мәселелер, мәселен, қазақ тарихындағы ақтаңдақтар, түрлі әлеуметтік-моральдық қиыншылықтар, қазақтың кейінгі ұрпақтарын сақтап қалу жолындағы күрес сияқты ұлттық өзекті мәселелерді арқау еткен [2].

Зерттеуші З. Ермағанбетова публицистиканың айрықша бір саласы көркем очерк туралы, публицист К. Қазыбаевтың очерктерін талдап, ондағы авторлық позицияның ерекшелігіне тоқталады [3].

Зерттеуші Г. Әшірбекова, А. Тоқмағамбетовтің көркем-публицистикасындағы мазмұн мен пішім үйлесім туралы, ондағы публицистің шынайы деректі жинастыру, сұрыптау, талдау, қорытынды шығару, жариялау секілді шығармашылық процесті көрсеткен [4].

Қазақ ақындарын тек өлең жазушы ретінде ғана емес, сонымен қатар публицистер қатарынан көріп жүргеніміз белгілі. Әсіресе, тәуелсіздік жылдарында бұл үдеріс өзіндік бір қарқындылығымен көзге түседі. Мәселен, заманалы қазақ публицистикасында Темірхан Медетбектің «Күретамыр», «Толғауы тоқсан дүние», Ұлықбек Есдәулеттің үш томдық шығармалар жинағының 3-томы «Әбілхаят», Ғалым Жайлыбайдың таңдамалысының 3-томындағы эссе, ой-толғамдары, Аманқан Әлімұлының «Өткірдің жүзі» атты публицистикалық мақалалары бүгінгі ұлттық көсемсөздің өзекті мәселелеріне, замана ерекшелігімен көзге түсетін сүбелі ойға құрылған туындылар қатарына жататыны сөзсіз. Осы ретте, біз Т.Медетбектің публицистикасын қарастырмақпыз.

Жоғарыда аталған Т. Медетбектің «Күретамырына» 30 публицистикалық мақала, 13 сұхбат, 7 эссе енгізілген. Кітаптың мазмұны 4 бөлімнен тұрады.

Олар: 1. Күретамыр. 2. «Алтынкөпірліктер». 3. Сұхбаттар. 4. Бағдарлар мен байламдар. «Күретамыр» бөліміндегі әрбір мақала әр ақынға арналған. Мәселен, «Мен не жаздым, соншама қорлық кешкендей» (Қасым Аманжолов туралы), «Рухани әкем деп білем» (Әбу Сәрсенбаев), «Шамырқанған намыстан асқақ рух туады» (Қадыр Мырзалиев), «Шыңырау» (Әбіш Кекілбайұлы), «Жүмекен ағамды аңсаймын» (Жүмекен Нәжімеденов), «Аңсар сағыныш пен кәусар сезім ақыны» (Сабырхан Асанов), «Қызыл мылтық» (Сайымжан Еркебаев), «Мейірім мен қайырымның ақыны» (Мендекеш Сатыбалдиев), «Кеңістіктің кемел жыршысы» (Дүйсенбек Қанатбаев), «Қимас асыл досым-ай» (Сайлаубек Жұмабеков), «Жұлдызынан жаңылмаған ақын» (Жәркен Бөдешұлы), «Тауы шағылып, тауаны қайтқандар» (Қуандық Түменбай), «Өзегінде бар қазақтың зары бар» (Есенғали Раушанов), «Құлағың шалсын даусымды!» (Нұрлан Мәукенұлы), «Өткеннің өкінішінен де рух іздеген» (Қасымхан Бегманов), «Көңілімде мың әбігер, мың сұрақ» (Болат Шарахымбай).

Осындағы «Өзегінде бар қазақтың зары бар» атты публицистикалық мақаласында қазіргі кезде сынның бар екендігін, сында көркемдіктің болуы шарт екендігін алға тартады. Талантты ақын Есенғали Раушановтың поэзиясына оң және әділ баға беріп, оны ұлт ақыны деп әспеттегіні көңілге жылулық ұялатады. Ұлт ақындарына XIX ғасырдан бастап қазіргі кезге дейінгі ұлт ақындарын атап өтеді. Публицистің өзі «нағыз ұлттың бояу-нақыштары бірден көзге түсетін ақындарды ғана атап отырмын» деп ескертіп те қояды. Ұлт ақындарын Махамбеттен бастап, Абайды, Мағжанды, Лиясты, Сұлтанмахмұтты, Қасым Аманжоловты, Жұбан Молдағалиевті, Ғафу Қайырбековті, Қадыр Мырзалиевті, Жүмекен Нәжімеденовты, Мұқағали Мақатаевты, Төлеген Айбергеновты, Фариза Оңғарсынованы, Мұхтар Шахановты, Кеңшілік Мырзабековті, Әбдіраштың Жарасқанын, Иранғайыпты, Ұлықбек Есдәулетті, Серік Ақсұңқарұлын, Есенғали Раушановтарды атап өтеді.

Аталмыш мақалада Кеңес үкіметінің идеологиясы туралы біраз сөз қозғайды. Қазақтың санасын улап, еңсесін басып тастағандықтан әлі де болса соның салқын салдарын тартып келе жатқандығына қынжылады. Қазіргі кезде де сол қалыпта отырғанымызды тілге тиек етеді. Бұның босқа сөз болмағандығын мақаланы оқу барысында түсінеміз. Бұл мақалада Есенғали Раушановтың өлеңдеріндегі ұлттық болмыс-бітімге аса мән беріп, талдайды. Оның өлеңдерінен еркектік мінезді, қайсарлық пен батылдықты көреді. Осы ретте публицистің «Не болғанда да, қазір ептеп болса да, бойымызға ұлттық қан, ойымызға ұлттық жан кіре бастады» [5], – дейді. Осы бір сөйлемнің өзінде публицист тәуелсіздікте болған өзгерістерді, қазақтың санасының өзгергендігін шешен тілмен жеткізген. Бұдан біз публицистің тіл көркемдігін аңғарамыз. Ол өз мақаласына Е. Раушановтың өлеңдерін тегін алмаса керек.

Ақын өлеңдері арқылы («Қазақ ауылы») қазақтың аңғалдығын, істеген кейбір шала жансар істерін бетке басады. Публицист «жауға тапталып иленеміз, сонан кейін бірде біліп, бірде білместен өзімізді-өзіміз өлімші етіп сабаймыз» дегені қазіргі қазақтағы хал-ахуалды дөп басып көрсеткендей.

Ендігі кезекте, Т. Медетбектің мақаласындағы көздеген мақсатына және ерекшелігіне тоқталайық. Біріншіден, публицист ретінде, ең алдымен өзіндік сөз саптауы көзге түседі. Екіншіден, Е. Раушанов өлеңдеріндегі ұлттық болмыс-бітім туралы айта отырып, қазіргі қоғамдағы әрбір қазақ зер салатын әлеуметтік мәселені көтереді. Ол, әрине, мақаланың мәнмәтінінде (астарлы ой, сөз) жатқандығында деп білеміз. Үшіншіден, қай мақаласың алсаңыз да, тақырыптың атауына аса мән беріп қарайтындығы тағы бар. Сөзді өзінше құбылтуға шебер екенін де бағамдаймыз (Есенғали ақынның «Әр қазақта он қазақтың зары бар» дегенді «Өзегінде бар қазақтың зары бар» деп өзгертіп қолдануы дер едік).

«Алтынкөпірліктер» (Қазіргі жастар поэзиясы хақында) бөлімінде де әр ақынға жеке атау беріп, олардың поэзиядағы ерекшелігіне, сол өлеңдердегі қоғамдық мәселелердің жырлануын сөз етеді. Енді осы «Алтынкөпірліктер» қатарындағыларға тоқталайық. «Рухымды қан мен сүтке илеп ем» (Маралтай Райымбекұлы), «Көңіліме тауды алып, сеніміме аспанды ап» (Әмірхан Балқыбек), «Ақын болу азап қандай, тәңірім» (Жарас Сәрсек), «Кірпігіне қан қатып, қоғамың тұр» (Бауыржан Бабажанұлы), «Орманды сөздің аймағын омбылаған ой бұзар» (Нұржан Қуантайұлы), «Сордан бақыт тартып алдым бір сәттік» (Батырболат Айболатұлы), «Көңілді мұңмен көктеппін» (Әлібек Шегебай), «Зарынды айтып көкке ұшады тырналар» (Бақыт Беделханұлы), «Улаған сайын жанарың ұлы ақын болып барамын» (Дәурен Берікқожаұлы), «Тамұқтамын күндіз, табыттамын түнде» (Бақытжан Алдияр), «Күрсінуден күн өтіп, өкінумен өтті күн» (Алмас Темірбай), «Ұйықтап кет, қайғы, сен де енді» (Танакөз Толқынқызы), «Сергелдең етпей сертімді не жолға баста, не сорға» (Айнұр Әбдірасылқызы), «Күздің суық жолы едім мен егілген» (Ұларбек Дәлел). Бұл – үлкен жұмыстың жемісі. Публицист оқырманды ақындармен таныстырып қана қоймайды, олардың әрбіреуіне тән, бір-біріне ұқсамайтын дербес даралықтарынан да құр қалдырмайды. Зерттеушіге зәру, ал қалың оқырманға қажет дүниелер.

Кітаптың үшінші бөлімінде «Қазақ әдебиеті» газетіне (1990, 1998, 2003), «Жас алаш» газетіне (1998, 2007), «Нұр Астана» газетіне (2005), «Түркістан» газетіне (2005), «Айқын» журналына (2006), «Мұқағали» журналына (2010), «Ақ жол, Қазақстан» газеті, «Ана тілі» газетіне берген сұхбаттарында өткір ойға, шешен тілге тәнті боламыз. Қай сұхбатын алып қарасаңыз да, бәрінде ұлт болашағы, қоғамдық-әлеуметтік мәселе жатады.

Енді «Бағдарлар мен байламдар» атты эсселеріне тоқталайық. Эсселерінің тақырыптық, көркемдік жағынан ерекшеленіп тұратын бір

«ғажайып сыры» бар. Ол ғажайып сыр – публицистің тілі мен аса қуатты, тұшымды ойларында жатыр. Бұл бөлімге «Адамды қорғайық», «Омыртқаның ішіндегі жұлыным», «Келімсектер», «Сенім туралы сөз», «Әке мен бала төңірегінде туындаған ойлар», «Оқыған азамат». Ол кім?, «Бір ұлт неге екі тілде сөйлейді немесе мәңгірттікке зомбилық келіп қосылмай ма?» тақырыбындағы эсселер енген.

«Адамды қорғайық» эссесінде: «Менің ойымша, ең көп бүлінуге ұшыраған, барынша ластанған адамның табиғаты, адамның ішкі әлемі сияқты (407 б). Көл мен өзендердің тартылуы – ең алдымен – адам бойындағы қайырымдылық қайнарларының тартылуынан. Орман, тоғайлардың оталуы – адам бойындағы аяушылық сезімдердің оталуынан. Адам мен адамның бір-біріне салқын тартуы – олардың бойындағы мейірімділік шуағының салқындауынан (408 б). Дәстүрден, тілден айырылу – тек ұлттың ғана емес, ең алдымен, табиғаттан қол ұзу. Табиғаттан қол ұзу – тамырсыз қаңбақ болу деген сөз. Ал ол адамдық, имандық қасиеттерден жұрдай болу ғой» (413 б). Шынымен де, публицистің қозғап отырған мәселесі өте күрделі, оны әрбіреуімізге қатысты деп ұғынуымыз керек, «адамды қорғауға» ұмтылуымыз керек. Қазіргі заман адамының бет-бейнесін бұдан артық көрсету мүмкін емес сияқты. Бұны біз әрбір саналыға ой салатын қаламы ұшталған қарымды публицистің «жан айғайы» деп түсінгеніміз абзал. Алда әлі де қаламгердің басқа эсселеріне арнайы тоқталмақ ойымыз бар.

Қорыта келгенде, Т. Медетбектің публицистикасы дәуір ерекшелігімен, ұлттық құндылықтардың бой көрсетуімен құнды. С. Мақырұлы айтқандай «Азат, құнарлы ойды бұғауда отырып айту қиын. Оны ерікті елдің еркін азаматы ғана айта алады. Қазақ жазушыларына тәуелсіздік осындай хұқық берді. Шамаң, талант қарымың жеткенше тәуелсіздік қоғамымыздың алдына қойып отырған өзекті жайларды жырла, айт, көтер» [6] демекші, Т. Медетбек «тәуелсіздік қоғамымыздың алдына қойып отырған өзекті жайларды» көтеріп келе жатқан ұлттық публицистикамыздың дамуына өзіндік мол үлес қосушы, дара із салушы, замана зарын толғайтын шебер көсемсөзші екені сөзсіз.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Байбол, Ә.** Көркем әдебиет пен публицистика арасы // Қазақ әдебиеті, 2011. – 11 наурыз. – Б. 5.

2 **Ақыш, Н.** Қазақ көсемсөзіндегі ұлттық мәселелер // Жұлдыз, 2014. – №10. – Б. 164-170.

3 **Ермағанбетова, З.** Публицист ерекшелігі // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы, Филология сериясы. – 2006. – №5. – Б. 195-197.

4 **Әшірбекова, Г. Ш.** Асқар Тоқмағамбетовтің публицистикасы //Ф.ғ.к., ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған кандидаттық диссертацияның авторефераты. – Алматы; 2007. – Б. 24.

5 **Медетбек, Т.** Күретамыр. – Алматы; 2012. – Б. 464.

6 **Мақырұлы, С.** Тәуелсіздік әдебиетімізге қандай өзгерістер әкелді? // Заман-Қазақстан, 1997. – 25 шілде. – Б.16.

22.01.16 баспаға түсті.

*Г. А. Жумабекова*

**Публицистика Темирхана Медетбека в годы независимости**

Казахский национальный университет  
имени аль-Фараби, г. Алматы.  
Поступило в редакцию 22.01.16.

*G. A. Zhumabekova*

**Publicism of Temirkhan Medetbek in the years of independence**

Al Farabi Kazakh National University, Almaty.  
Received on 25.01.16.

*В данной статье рассматривается исследование публицистики в годы независимости и особенности публицистики Т. Медетбека.*

*The article describes research of publicism in the years of independence and peculiarities of publicism by T. Medetbek.*

UDC 398.224(574)

***N. K. Zhussupov<sup>1</sup>, R. A. Vafeev<sup>2</sup>, M. N. Baratova<sup>3</sup>***

<sup>1</sup>doctor of philological sciences, professor, S. Toraighyrov Pavlodar state University, Pavlodar, Kazakhstan; <sup>2</sup>doctor of philological sciences, professor, Yugor state university, Russian Federation; <sup>3</sup>candidate of philological sciences, professor, S. Toraighyrov Pavlodar state University, Pavlodar, Kazakhstan  
e-mail: nartai1970@mail.ru

***MASHKHUR ZHUSIP AND PEOPLE'S MIND***

*This article discusses Mashkhur Zhusip and people's mind.*

*Keywords: folklore, folkloristics, collecting activities, the legend.*

One of the main principles of folklore collection – to consider folklore as the reflection of peoples' world outlook or world view. For example, in the story “Nuh paigambar men bir kempir” (“The prophet Noah and an old woman”). The plot of the story is as follows: in the city of Kufa lived the prophet Noah. He spent twenty years of his life building an ark as he was sure that someday the Deluge would inundate the earth. Others mocked at him constantly not taking his actions and suspicion seriously. Only one person, decrepit old woman, believed his words. Everyday, on milking her only cow, she made the qatyq (Kazakh sour milk) and brought it to Noah with a single request to take her on the ark when the Flood would start. But when the disaster finally happened Noah was in such a hurry that he forgot about the woman and leaves her with the rest. In six months and twelve days the world dried out and the old woman came with the milk telling the same things about taking her to the ark when the flood would come. It turned out that God, having noticed her kind-heartedness, took the compassion on her, made her fell asleep and let her survive the catastrophe. So when she finally woke up she knew nothing of it and as usually went to Noah to bring the milk. The moral of the story is that good wishes and deeds would never be forgotten [1].

Mashkhur Zhusip also wrote that people should put down the words and record the actions of the saints when they are alive, and after their deaths venerate their shrines, ask for a baby, stay there overnight, to ask for the remedy for the cattle, etc. For example, in the story “Asan Qaigy”: “Nowadays people come to Bokenbai to hunt. They get astonished, having seen the height of Baianauly!” [2]. In another story: “...That day the cattle grazed by Zhamanshat fell ill. So spend overnight at the grave of Baidaly bi, and they became well” [3].

It becomes clear that peoples' belief into the holiness of saints, the benevolence of God to them has its roots in peoples' worldview. Mashkhur Zhusip wrote: “On the river Sileti there is the grave of Zhanaq, the son of Zhanabatyr bi.

Kerei and Qanzhygaly used to make their cattle spend at the grave the night to get rid of different diseases” [4].

Kazakh people also thought that what goes around always comes around, in other words if you do somebody something bad, sooner or later it would betide you. That idea found its proof in the composition “Bir aieldin qargysy turaly” (“About one woman’s curse”) [5].

The opinion that one should never appropriate the other’s property or belongings and that one always gets what he deserves is also reflected in the manuscripts. The vivid example is the story “Zhaqsy Gabdolla khan” [6].

If the head of family was far away from home, the name of the newborn child had to be connected with the travelling. For example, when one person was away to make a hajj, his son was named Mekebai (Mecca the city where the hajj was made) [7]. He also wrote that people believed that good features or genes of a person were transmitted from generation to generation. If the person was good, people said that he was like his father or grandfather. If he imbibed only drawbacks, there was danger that the name of their family would sink into oblivion, because people would not mention it. It would not remain in history.

In the time of Musa, Sekerbai there were two persons Izden, Dos, who were much respected among people. One of them was a rich person, who always helped the poor. They had three children: Tanatbai, Serkebai, Myrzagul. They acquired all bad characteristics of their parents and were completely ruined at the end of their lives [8].

As we can see those were the folklore samples that had been created under the influence of imagination and belief of people. Mashkhour Zhusip also understood the importance of folklore as the reflection of the culture and traditions of Kazakh people.

Let us now draw our attention to the assumptions of Mashkhour Zhusip concerning the legends about Abylai khan. Those assumptions and explanations can also be divided into several types: the names of places and plants, historical events, the history of different tribes, laws and rules, et cetera.

The largest type contains the explanations on various historical characters. For example, in the story “Abylai aspagan sary bel” his depiction of Edige and Belbolat was as follows: “Bekbolat was sixty-five, Edige was twenty-five. Bekbolat was spending the winter in the place where the descendants of Zhaman Dalba batyr usually spend it. Edige’s winterpass was the brook Zhaqsy Dalba Qaragaily” [9].

The following conclusions can be made on reading that extract: firstly, Mashkhour Zhusip accepted the verisimilitude of the depicted events, because the characters were famous, well-known and respected people; secondly, Mashkhour Zhusip, who did not confine himself to just putting down the story, also wrote when and where the event had happened, for that purpose he provided the reader with such information as what age the characters were. Thirdly, while writing

the manuscript Mashkhour Zhusip very often used the word “eken”, which is very common for colloquial style. In the fourth place, he gave the exact information in order to make the reader believe in the legend.

From the explanation the author gave to the name Zhanai we can see that Mashkhour Zhusip was well-conversant with history and chronicles [10].

In the legend titled “Abylai khan dauiri” there are the following lines describing Zhanaidar biy: “In the time of Abylai khan that Zhanaidar was called “Zhaqsy Zhanaidar” (“Good Zhanaidar”) [11].

Giving such exhaustive information shows how many-sided the collection process conducted by Mashkhour Zhusip was. He also paid great attention to the origin, family, upbringing of the described character, elucidated the conditions that influenced his achievements, etc. Thus, it becomes clear that Mashkhour Zhusip distinguished historical folklore and imaginary folklore.

In another manuscript he gave the historical background of Zhanibek batyr: “Zhanibek’s mother was the daughter of Tursyn khan, who was killed by Esim khan. Shaqshaq batyr was Esim khan’s strongest batyr. After conquering Tashkent Esim khan captivated Tursyn khan’s two daughters: one for his own son Zhangir, another one for Shaqshaq’s son Qoshqar batyr. Zhanibek was his descendant” [12]. As far as we can see that fragment bears not only folklore but some historical features. For instance, we know for certainty that the feud between Esim khan and Tursyn khan, the ruler of Tashkent, did take place in history. When Esim khan was away fighting with outer enemies, Tursyn khan organized the revolt and later was defeated by Esim khan. Mashkhour Zhusip wrote that Tursyn khan’s two daughters were captivated as the loot. One of them was intended for Esim’s son Zhangir, and another one for Shaqshaq batyr’s son Qoshqar. The extract reflects the political and social situation and events that occurred in Kazakh khanate during the XVI-XVIII centuries. It also shows us the relationships among khan dynasties, their members and their further fate. For example, we found out that Salqam was Zhangir’s mother and Tursyn’s daughter. Therefore, we can make a conclusion that Mashkhour Zhusip had a good knowledge of Kazakh history and was able to write his assumptions and explanations on different historical events and ethnography.

Those explanations can be found mostly in the middle of the narrative intertwined with the text. The information concerning Esim khan and Tursyn khan is given in the manuscript “Ensegei boily Er Esim” [13]. The same event was described in the article by M. Magauin titled “Esim khan zhane onyn zamany” (“Esim khan and his time”) [14] (the source of the information was not indicated – N. Zh.).

Sometimes Mashkhour Zhusip deliberately gave the explanations at the end of the story. This is the description, given to one of the Dzungar batyrs: “He had eleven villages, but he was not satisfied, he ravaged other Dzungar people and came back with his loot” [15].

Mashkhur Zhusip's another manuscript "Abylai khan zamanyndagy batyrlar turaly" [16] judging by the style of writing, manner of narration can be considered as the scientific historical article. The whole text is consisted of the descriptions of different batyrs, written in verse. Kazakh batyrs, who lived in Abylai's day: Kokzharly kokzhal Baraq, Olzhabai, Uaq Sary Baian, etc. All those batyrs were able to besiege the fortresses separately all by themselves. Kazakh people say that there was no batyr, who could outshine Qarakerei Qabanbai, no bi to outclass Uisin Tole bi". Thus, we can see that in providing the reader with the information about those famous people Mashkhur Zhusip tried to write the most significant points.

The story "Zharylgap pen Abylai khan" [17] contains the following information: "People would say: "Such things as the richness, nobleness, and sealing cannot combine in one person. Zharylgap managed to combine them all. Why? Because he got the blessing from Abylai khan. We saw the elder son of Baimurnyn Shotaq bai. He was a modest, noble person, almost a saint. His children from his first wife Isaq, Ermek- Musa, and Sekerbai were the greatest thieves of their time. The notorious Qyshqysh was also the descendant of Zharylgap".

Mashkhur Zhusip considered the folklore as the source of ethnographic data. In other words, he tried to collect the information concerning the origin, tribal system, development, migrations, surroundings, even their everyday life - clothes they wear, food they eat, spiritual values and culture, etc. He also wrote how many head of horse or sheep the person had – in other words he gave economic information.

Mashkhur Zhusip often used the word "legend". But what he considered as legend? As far as we can see, in his understanding the word "legend" meant the story about well-known people, not the story with the plot. Such example was the description given to Zharylgap's descendants. Some scholars attribute it to the folk prose [18].

## REFERENCES

- 1 The information can be found at the "family archive"// Qazaqstan mektebi, № 4-5, 1994. – P. 79. – N. Zh.
- 2 The same // Aqiqat, № 7, 1992. – P. 83. – N. Zh.
- 3 The same// Qazaq biyleri. – Zhuldyz, № 8, 1992. – P. 195. – N. Zh.
- 4 Qaharly Zhanaq.// in the selection "Qazaq biyleri". – Zhuldyz, № 8, 1992. – P. 192-193
- 5 The information can be found at the "family archive" – N. Zh.
- 6 The same
- 7 The same
- 8 The same
- 9 Abylai khan. – A., 1993, – P. 318.

- 10 Note: that part of the story misses in the book "Abylai khan". – A., 1993. can be found only at the "family archive" – N. Zh.
- 11 Abylai khan. – A., 1993. – P. 301.
- 12 The same. Abylaidyn Zhanibek batyrdyn tusin zhoruy. – P. 311.
- 13 **Kopeev, M. Zh.** Esim khan.// «Tarihi angimeler». – Zhuldyz, 1994, № 10-12. – P. 199-201 (prepared by N. Zh.)
- 14 Qazaq adebieti. – December 10, 1993. – P. 12-13.
- 15 Zhanibek batyrdyn tusin Abylai khannyn zhoruy. Abylai khan. – A., 1993. – P. 313.
- 16 The same. – P. 315-316.
- 17 Zharylgap pen Abylai khan // Qazaqstan mektebi, № 6, 1993. – P. 78-79 (prepared by N. Zh.)
- 18 **Chistov, K. V.** K voprosu o principah klassifikatsii zhanrov ustnoi narodnoi prozy. – M., 1964. – P. 4-5.

Received on 16.02.16.

*Н. Қ. Жүсінов<sup>1</sup>, Р. А. Вафеев<sup>2</sup>, М. Н. Баратова<sup>1</sup>*  
**Мәшһүр Жүсіптің фольклор туралы ойлары**

<sup>1</sup>С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., Қазақстан;  
<sup>2</sup>Югор мемлекеттік университеті, Ресей Федерациясы.  
 16.02.16 баспаға түсті.

*Н. К. Жусупов<sup>1</sup>, Р. А. Вафеев<sup>2</sup>, М. Н. Баратова<sup>1</sup>*  
**Мысли Машхур Жусипа о фольклоре**

<sup>1</sup>Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар, Казахстан;  
<sup>2</sup>Югорский государственный университет, Российская Федерация.  
 Поступило в редакцию 16.02.16.

*Бұл мақалада Мәшһүр Жүсіптің фольклор туралы ойлары жан-жақты қарастырылады.*

*В данной статье рассматриваются мысли Машхур Жусипа о фольклоре.*

**Ж. Т. Исаева<sup>1</sup>, Г. Ж. Тунгушбаева<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>к.ф.н., доцент, <sup>2</sup>ст. преподаватель, Казахский национальный медицинский университет имени С. Д. Асфендиярова, г. Алматы

e-mail: bntb@mail.ru

## **ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЙ ПОДЪЯЗЫК КАК ФОРМА ЗНАКОВОГО ПРЕДСТАВЛЕНИЯ НАУЧНЫХ ЗНАНИЙ**

*Причина, по которой любая научная дисциплина на определенном этапе развития начинает нуждаться в профессиональном подъязыке, заключается в том, что накопленные ею научные знания ищут знаковую систему – язык своего выражения: код, язык для записи содержания знания в виде символов, слов, словосочетаний, предложений; типы текстов, в которых находит свое оформление научное знание; логико-понятийная система знания; терминосистема.*

*Ключевые слова: функциональная разновидность, профессиональная сфера общения, язык науки, профессиональные знания.*

Формы знакового представления научного знания различаются: кодом, языком для записи содержания знания в виде символов, слов, словосочетаний, предложений и т.п.; различными типами текстов, в которых находит свое оформление научное знание; логико-понятийной системой знания; терминосистемой. В системе понятий, которыми оперирует та или иная научная отрасль, отражаются множественность научных мировоззрений и подходов.

Будучи формой знакового представления научных знаний, профессиональный подъязык трактуется как язык «второго порядка», т.е. язык, на котором говорят о языке-объекте; язык, объектом которого является содержание и выражение другого языка» [1, с. 64; 2, с. 560; 3, с. 232]. В общем пространстве полифункционального общенаучного языка вычленяется особая функциональная разновидность, обслуживающая профессиональную сферу общения – подъязык.

По мнению ряда исследователей, введение термина «подъязык» позволяет рассматривать язык как суперкомплекс подъязыков (Н. Д. Андреев, Б. Ю. Городецкий, Л. И. Скворцов, В. П. Коровушкин [4]). Если язык в целом дифференцируется в зависимости от сфер использования и от выполняемых функций, то естественно предположить, что в подъязыках происходит то же самое, так как они обслуживают группы лиц, различающихся областью своей деятельности.

В лингвистической литературе встречаются различные обозначения языковых подсистем по признаку «профессиональная сфера употребления»: «подъязыки, или отраслевые языки, – это функциональные языки, употребляемые в пределах специальной сферы коммуникации» [5, с. 30; 30, с. 45]; термины «социально-профессиональный вариант языка» и «подъязык» употребляет как синонимы Ю. Д. Дешериев при анализе проблемы социально-профессиональной дифференциации языка [6]; термин «подъязык» используется для обозначения обобщенного понятия языковых подсистем, к которым относятся профессиональные языки; термины «профессиональная речь» и «профессиональный подъязык» Д. С. Лихачев употребляет недифференцированно, называя ими совокупность средств выражения, используемых в общении представителей каких-либо отраслей профессиональной деятельности [7, с. 193].

Таким образом, целый ряд терминов для обозначения функциональной разновидности языка, обслуживающей профессиональную сферу общения, подчеркивает сферу или тот или иной аспект его функционирования: «язык науки», «субъязык», «регистр», «отраслевой язык», «подъязык», «специальный язык», «язык для специальных целей», «социально-профессиональный вариант языка», «профессиональная речь», «профессиональный подъязык», «язык научной литературы», «научная речь», «язык науки», «научно-техническая терминология» и др.

Большинство авторов термин «функциональный язык» как язык описания ставят в один ряд с «языком для специальных целей», представляющим собой средство общения в каждой из специальных сфер. Специальный язык, являясь средством общения в узкопрофессиональной сфере (наука, техника, искусство и др.), трактуется как функциональный тип общенаучного языка. Специальный язык по своей функциональной и структурной направленности в конкретных условиях реализации достаточно легко разделяется на отдельные профессиональные разновидности. И это важно: в каждой из таких профессиональных разновидностей последовательно выделяются язык науки и профессиональный разговорный язык (язык практики). Последнее обстоятельство дает возможность рассматривать язык науки в рамках (а не за пределами) специального языка.

В практике преподавания языков встречается определение специального языка как синонима терминов «язык специальности» и «язык профессии». Разграничение этих терминов мы считаем возможным вследствие прозрачности их внутренней формы. Специальность (от лат. *specialis* ‘особый, особенный’) – «комплекс приобретенных путем специальной подготовки и опыта работы знаний, умений и навыков, необходимых для определенного вида деятельности в рамках той или иной профессии» [8, с. 313]. Профессия (от лат. *profiteri* ‘объявляю своим делом’) – «это

официально указанное занятие, род трудовой деятельности человека, обычно являющейся основным источником его дохода» [8, с. 155]. Эквивалентом термина «специальный язык» считают понятие «терминологический подъязык», под которым понимаются «терминологические системы плюс все элементы, используемые в данной отрасли науки и техники» [9, с. 135-136], входящие в своей совокупности в широкое понятие «язык науки».

На наш взгляд, совмещение понятий «специальный язык» и «терминология» является обоснованным, так как именно термины являются носителями специальной, научной информации. «Именно поэтому наряду с номинацией «специальный язык» существует как равноценная номинация «подъязык», «язык профессии» [10].

Обозначение профессионального подъязыка терминами «язык научной литературы», «научная речь», «язык науки», «научно-техническая терминология» вполне оправдан, поскольку для сферы профессионального общения и соответствующей ей формы профессионального сознания типичным является научный стиль. Такая форма сознания непосредственно связана с понятийной системой той или иной научной области, а в случае использования научного стиля средства выражения специальных понятий (т.е. термины) достигают максимальной концентрации, что делает научные тексты насыщенными предметно-логическим содержанием в наибольшей степени.

Известно, что коммуникация на данном языке сводится к тому, что общение осуществляется по системе «человек – человек», при этом имеется в виду человек как член определенной социальной группы, профессионально работающий в конкретной области знания (науки, техники, производства, управления и т.п.). Основным необходимым качеством носителя данного подъязыка является владение понятийно-категориальным аппаратом определенной сферы деятельности и соответствующей системой терминов.

Мы используем терминологическое выражение «профессиональный подъязык», который признается лингвистами наиболее удачным [11; 12]. Термин «подъязык» в достаточной степени условен, однако достаточно определен и оправдан особенностями функционирования. Компонент *профессиональный* подчеркивает сферу функционирования подъязыка, а компонент *подъязык* – его отнесенность к общенациональному языку как части к целому.

Традиционно термин «профессиональный подъязык» употреблялся в исследованиях по функциональной стилистике в рамках научного стиля речи и классифицировался в соответствии с отраслями научного знания, напр., подъязык химии, подъязык медиков, нефтяников и др. Содержанию каждой отрасли знаний соответствует свой подъязык как определенный «минимальный набор лексических и грамматических категорий и элементов,

необходимых для общения в узкой сфере деятельности и описания определенной предметной области» [11, с. 16]. Профессиональный подъязык как коммуникативное пространство специалиста, среда его «языкового существования» [13], в отличие от обычной языковой среды, имеет жесткие законы, известные как «норма научного стиля».

В связи с проблемой определения статуса профессионального подъязыка в лингвистике рассматриваются такие вопросы: взаимоотношения профессионального подъязыка и общенационального языка, соотношение функциональных разновидностей языка, специфика профессиональной речи, стилистика, структура научного текста, специальная лексика русского языка (Р. А. Будагов, В. В. Виноградов, И. Р. Гальперин, М. Н. Кожина, О. Д. Митрофанова, О. А. Шведова, Н. А. Метс, Е. И. Мотина, Н. М. Резинкина, Е. С. Троянская, Л. Л. Кутина, П. Н. Денисова, Т. А. Ганиева, Г. А. Солганик, С. А. Гончарова, С. А. Мамекбаева, Р. А. Казина, Н. А. Андропова, А. Х. Азаматова и др.).

Анализ литературы по вопросу о профессиональном подъязыке свидетельствует об отсутствии единого мнения о том, с применением какой методологической базы следует его изучать. Имеющиеся работы носят разрозненный и несистемный характер, ограничиваются описанием отдельных групп терминов, отобранных по принципу равной предметной отнесенности, изучением единичных фактов, связанных с онтологией и функционированием терминологической лексики.

Профессиональный подъязык предполагает, как правило, общение членов определенной профессиональной группы, решающих и обсуждающих профессиональные задачи, проблемы, принятие решений между профессионалами на профессиональную тему. Профессиональный подъязык предполагает обсуждение учеными проблемы, конкретного вопроса или факта. В связи с этим «профессиональный подъязык предельно диалогизирован, во всех своих внешних формах, будь то письменная речь или устная» [14, с. 239]. Не случайно в понятие «научный диалог» вкладывается глубокий смысл, определяя его как «вид речевой деятельности, в котором реализуется не только процесс научного общения, но и процесс коллективного научного творчества в его динамике», как диалог, который становится «не только формой речи, но и формой мысли» [15, с. 258-261].

Психологические и социальные особенности статуса участников диалога – отправителя речи и адресата – позволили выделить интерпрофессиональную и интрапрофессиональную коммуникации [16, с. 32]. Интерпрофессиональная коммуникация представляет собой «речевые акты, в которых профессиональные роли коммуникантов не совпадают», напр., врач-пациент [16, с. 32]. Все сказанное подтверждает мысль о неоднородности профессионального подъязыка. При осуществлении процессов общения (вербализации,



понимания, интеракции) в профессиональной деятельности ключевой является категория профессионального знания. Существуют различия между бытовыми и профессиональными знаниями, которые определяются степенью существенности отражаемых признаков предмета, степенью проникновения в сущность отражаемых предметов. Профессиональные знания характеризуются обширностью, систематичностью, готовностью к припоминанию и использованию в коммуникативных процессах, им свойственна высокая динамичность и целостность [17].

По поводу статуса профессионального подъязыка существуют различные точки зрения: профессиональный подъязык представляет собой особую функциональную разновидность общенационального языка, обслуживающая сферу профессионального общения, профессионально ориентированный регистр речи; он является особой самостоятельной формой существования языка, особой разновидностью функционального языка [18, с. 120-121], полностью автономной формой существования языка.

Мы определяем профессиональный подъязык как функциональную разновидность общенационального языка, социально ограниченную разновидность, его подсистему, меньшую по объему, занимающую в нем подчиненное положение, относящуюся к нему как часть к целому.

Профессиональный подъязык, связанный с определенным профессиональным узусом, является социально ограниченной разновидностью общенационального языка. Специфичность профессионального подъязыка в значительной мере относительна, так как ни один профессиональный подъязык не обходится без общеупотребительного и общенаучного ядра. Попытки противопоставить подъязык и общенациональный язык носят во многом субъективный характер, так как речь, по сути, идет об одном и том же языке, употребляемом либо для общих, либо для специальных целей.

Профессиональный подъязык подчинен целям профессиональной деятельности, но он не является самодостаточным. Подчиненность подъязыка целям другой деятельности делает обязательным следование нормам речевого поведения, закрепленным за определенным видом деятельности в виде ролевых ожиданий, т.е. нормам речевого жанра. Иными словами, подъязык характеризуется степенью соответствия речевого поведения коммуникантов ролевым ожиданиям, соотносимым с данной ролью. Эти качества являются определяющими для общения профессионалов.

Причины, по которым специалисты переходят на профессиональный подъязык, в меньшей степени связаны с национальной принадлежностью его носителей и не зависят от идеологии и мировоззрения. Этими причинами являются: специальная тематика, специальные цели беседы. Такое использование подъязыка позволяет говорить об определенной его коммуникативной ограниченности.

Профессиональный подъязык, в отличие от общенационального языка, не является общепонятным и общедоступным. В ходе своего развития он сознательно преобразуется субъектом. Опосредуя и оптимизируя процесс научного общения, профессиональный подъязык способствует развитию познания и обогащения научной картины мира. Основная функция подъязыка состоит в том, чтобы по возможности точно выразить специальное понятие и тем самым способствовать эффективной коммуникации в профессиональной области знания и профессиональной деятельности.

Будучи частной подсистемой общенационального языка, подъязык сохраняет его основные функции и, соответственно, рассматривается как средство обобщения, накопления, хранения, передачи информации.

Таким образом, подъязык – это система специализированных средств, меньшая по объему, чем общенациональный язык, занимающая в нем подчиненное положение, относящаяся к нему как часть к целому. Имея многообразные формы своего проявления, общенациональный язык «сосуществует» с имеющимися в нем разновидностями, «отражающими особенности восприятия мира людьми, связанными друг с другом той или иной профессиональной деятельностью и т.д.» [19, с. 244].

Как указывалось выше, ряд терминов подчеркивает именно функциональную разновидность общенационального языка: «язык науки», «субъязык», «регистр», «отраслевой язык», «подъязык», «профессиональный подъязык», «язык научной литературы», «научная речь», «язык науки» и др.

Таким образом, профессиональный подъязык – это профессионально ориентированная, функционирующая в определенной области знания разновидность общенационального языка.

Вследствие этого профессиональный подъязык, имея свои специфические признаки, обладает общими с общенациональным языком признаками: системность как единое концептуальное целое, строящееся как «система терминов, причем, чем строже эта система, тем научнее дисциплина, которая используется этой системой; соотносимость с конкретной областью знаний; интернациональность профессионального подъязыка предполагает общепринятость терминологии, конвенциональность, ее международный статус; наличие определенных функций; особенности номинации заключаются в отсутствии различных коннотаций, свойственных словам общей лексики; письменная и устная формы реализации профессионального подъязыка; использование невербальных средств (цифровые, буквенные, графические), которые выполняют функции номинации специального понятия, функции его дефиниции (как дополнительный материал в виде рисунков, чертежей, схем и т.п.); обладает определенным набором словообразовательных средств создания терминов, диапазон которых весьма широк: от продуктивных моделей, активно используемых в словообразовании

общенационального языка, до моделей, функционирование которых вне сферы профессионального подъязыка ограничено.

Таким образом, профессиональный подъязык, являясь подсистемой общенационального языка, сохраняет его характеристики и рассматривается как средство обобщения, накопления и хранения информации, обслуживая общество, точнее, ту его часть, которая связана с определенным профессиональным узусом. Профессиональный подъязык как носитель специальной информации позволяет создавать единое информационное пространство для специалистов, следовательно, он должен специально формироваться в процессе профессионализации личности и сопровождаться изменением не только в лексиконе и тезаурусе языковой личности, но и в прагматиконе.

### СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

- 1 **Гвишиани, Н. Б.** К вопросу о метаязыке языкознания // Вопросы языкознания. – 1983. – № 2. – С. 64-72.
- 2 **Васильева, Н. В.** Терминология лингвистическая // Русский язык. Энциклопедия / Под ред. Ю. Н. Караулова. – М. : Большая Российская энциклопедия; Дрофа, 1998. – 672 с.
- 3 **Ахманова, О. С.** Словарь лингвистических терминов. – 2-е изд., стереотип. – М. : Эдиториал УРСС, 2004. – 224 с.
- 4 **Коровушкин, В. П.** Контрастивная социолектология как автономная лингвистическая дисциплина // Язык в современных общественных структурах: Сб. науч. трудов – Н. Новгород, 2005. – С. 7-13.
- 5 **Лейчик, В. М.** Языки для специальных целей – функциональные разновидности современных национальных языков // Общие и частные проблемы функциональных стилей. Сб. ст. отв. ред. М. Я. Цвиллинг. – М. : Наука, 1986. – С. 19-43. – 214 с.
- 6 **Дешериев, Ю. Д.** Социальная лингвистика. К основам общей теории. – М. : Наука, 1977. – 384 с.
- 7 **Лихачев, Д. С.** Текстология. Краткий очерк. – М.- Л. : Наука, 1964. – 102 с.
- 8 Большая советская энциклопедия. – 3-е изд. – М. : Сов. энциклопедия, 1976. – Т. 24. – 608 с.
- 9 **Городецкий, Б. Ю., Раскин, В. В.** Термины с лингвистической точки зрения // Научный симпозиум «Место терминологии в системе современных наук». – М., 1970. – С. 133-136.
- 10 **Даниленко, В. П., Скворцов, Л. И.** Лингвистические проблемы упорядочения научно-технической терминологии // Вопросы языкознания. – 1981. – № 1. – С. 7-16.
- 11 **Солнышкина, М. И.** Профессиональный морской подъязык. – М. : Academia, 2005. – 256 с.

- 12 **Митрофанова, О. Д.** Научный стиль речи. Проблемы обучения. – М. : Русский язык, 1985. – 128 с.
- 13 **Гаспаров, Б. М.** Язык, память, образ. Лингвистика языкового существования. – М. : Новое литературное обозрение, 1996. – 352 с.
- 14 **Даниленко, В. П.** Язык для специальных целей // Культура русской речи и эффективность общения. – М., 1996. – 234 с.
- 15 **Славгородская, Л. В.** О логико-смысловых связях в научном диалоге // Лингвостилистические исследования научной речи. – М. : Наука, 1979. – С. 258-261. – 264 с.
- 16 **Гарбовский, Н. К.** Профессиональная речь (функционально-стилистический аспект) // Функционирование системы языка и речи. Сб.ст. – М. : изд-во МГУ, 1989. – С. 31-35. – 158 с.
- 17 **Залевская, А. А.** Введение в психолингвистику. – М. : РГГУ, 1999. – 382 с.
- 18 **Дрозд, Л. К.** К проблеме лингвистической теории терминологии // Infoterm. – München, 1981. – Series 6. – 215 с.
- 19 **Сидорова, Л.** Судебная профессиональная речь в социолингвистических и психолингвистических исследованиях // Структуры языкового сознания. – М., 1990. – С. 235-243.

Поступило в редакцию 05.02.16.

*Ж. Т. Исаева, Г. Ж. Тунгұмбаева*

**Ғылыми білімді таңбамен көрсету формасы ретіндегі кәсіби шағын тіл**

С. Д. Асфендияров атындағы  
Қазақ ұлттық медициналық университеті, Алматы қ.  
05.02.16 баспаға түсті.

*Zh. T. Isaeva, G. Zh. Tungushabaeva*

**Professional sublanguage as a form for representing scientific knowledge in symbols**

Kazakh National Medical University after S. D. Asphendiyarov, Almaty.  
Received on 05.02.16.

*Кез-келген ғылыми пән белгілі бір даму кезеңінде кәсіби шағын тілді қажет ете бастауының себебі оның жинаған ғылыми білімі өз мазмұнын білдіру үшін таңба жүйесін іздейтіндігінде: таңба, сөз, сөз тіркестері, сөйлем түрінде білім мазмұнын жазып тіркеу үшін код, тіл; ғылыми білім рәсімделетін мәтін типтері; қисынды-ұғымдық білім жүйесі; терминдер жүйесі.*

*The reason why any scientific discipline feels a need for a professional sublanguage at a certain stage of development is that the knowledge it accumulated seeks for a symbolic system – an expression language: a code, language to record the knowledge in a form of symbols, words, word combinations, sentences; text types that reflect the scientific knowledge; logical-conceptual knowledge system; term system.*

ӘОЖ 821.512.122.32.09

### **Ж. Т. Қадыров<sup>1</sup>, С. Н. Жәмбек<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.к., профессор м.а., қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Петропавл қ.; <sup>2</sup>ф.ғ.к., профессор м.а., Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, Көкшетау қ.  
e-mail: zhkadyrov\_777@mail.ru

## **ТҰРСЫНБЕК КӘКІШЕВ ЖӘНЕ СӘБИТТАНУ МӘСЕЛелЕРІ**

*Мақалада Т. Кәкішевтің әдеби сынның тарихының қалыптасуына байланысты еңбектері мен ой-пікірлері сараланады. Т. Кәкішевтің қазақ әдебиеті сынының туу дәуіріне, қазақ әдебиеті сынның жанр ретінде қалыптасуы және әдебиеттану ғылымының туу дәуіріне, қазақ әдебиеті сынының өсіп-өркендеуіне, қазақ әдебиеті сынының қалыптасу дәуіріне байланысты ғылыми сыншылық ой-пікірлері қарастырылады.*

*Т. Кәкішевтің сәбиттану мәселелеріне байланысты айтылған ой-тұжырымдары жүйелі сараланып беріледі.*

*Кілт сөздер: қазақ әдебиеті тарихы, қазақ әдебиеті сынының тарихы, қазақ әдебиеті сынының туу дәуірі, қазақ әдебиеті сынының жанр ретінде қалыптасуы, сынның өсіп-өркендеуі және әдебиеттану ғылымының қалыптасу дәуірі, тарихи сабақтастық, сынның өресі, сын дәрежесінің субъективті, объективті себебі.*

Қазақстан ғылымында өзіндік дәстүрі мен тарихы бар арналы салалардың бірі-әдебиеттану ғылымы. Өзінің түр-тарихын сонау әл-Фарабидің «Поэтикалық өнер қағидалары» атты трактат пен Шоқан Уәлихановтың қазақ поэзиясының түрлері жайында жазған еңбегінен бастау алатын бұл сала өзінің берік тұғырын өткен ғасырдың 20-30 жылдарынан бастап қалай бастады. Осы көштің басында ұлы ағартушы-ғалым, тәржімашы, ақын, үлкен

қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов тұрды. Оның 1926 жылы Қызылорда-Ташкент қалаларында жарық көрген «Әдебиет танытқыш» еңбегі осы салада жазылған тұңғыш қазақ тілінде жазылған теориялық еңбек еді.

Кейін бұл көшті Сәкен Сейфуллин, Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезов, Әлкей Марғұлан, Есмағамбет Ысмайылов, Темірғали Нұртазин, Бейсембай Кенжебаев, Қажым Жұмалиев, Әнуар Дербісалин, Ысқақ Дүйсенбаев, Айқын Нұрқатовтар жалғастырды. Кейінгі екінші толқында алынғы топтан кем емес, қуатты да, күшті, талантты толқын болды. Олар: Мұхаметжан Қаратаев, Серік Қирабаев, Тұрсынбек Кәкішев, Зейнолла Қабдолов, Рақманқұл Бердібаев, Зәки Ахметов, Мүсілім Базарбаев, Ханғали Сүйіншалиев, Ә. Нарымбетов, Н. Ғабдуллин, Ш. Елеуқенов, Р. Нұрғали т.б.

Міне, осы соңғы топтың ішіндегі әдебиеттану саласындағы қыруар еңбектерімен, ыждағатты еңбекқорлығымен танылып, ерекшеленген, қазақ әдебиеттану ғылымының үлкен өкілі-халықаралық жоғары мектептер ғылым академиясының академигі, Еларалық қоғамдық Айтматов академиясының академигі, Қазақстан Жазушылар Одағының Сәкен Сейфуллин атындағы сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері, филология ғылымдарының докторы, Қазақтың әл-Фараби атындағы Мемлекеттік ұлттық университетінің профессоры Тұрсынбек Кәкішев.

Тәуелсіздік алған соңғы жылдардың бедерінде де ол Сәкенге қатысты, бұрынғырақ зерттелмеген, таратып айтатын болсақ «Тар жол, тайғақ кешу» романының шығармашылық тарихы, Сәкен мен Гүлбаһрам, Сәкен сүйген арулар, Сәкен мен Мағжан, сонымен қатар ақиық ақын, жазушы, әдебиет зерттеушісі Сәкен Сейфуллиннің азаматтық және саяси тұлғасына, қоғамдық протреті мен кісілік келбетіне байланысты және Сәкеннің ізбасар інісі белді жазушы, Сәбит Мұқановтың азаматтық және қаламгерлік тұлғасына қатысты бұрын қарастырылмаған жалпы оқырман мен ғылыми қауымға тың да тосын мәселелердің бетін ашқан, батыл пікірлер мен соны тұжырымдарға негізделген, қадау-қадау ойлары бар танымдық та тағылымы мол зерттеу еңбектерді жазды.

Өткен ғасырдың 60 жылдарының басынан ол енді ақтала бастаған Сәкен Сейфуллиннің қоғамдық, әдеби шығармашылық жолдарын зерттей бастаған Сәкен туралы толымды зерттеу еңбегінен басқа, қалың оқырман қауым мен ғылыми ортаға әлі де белгісіздеу болып, назардан тыс қалып келген Смағұл Сәдуақасов, Ғаббас Тоғжанов, Елжас Бекенов, Жиенғали Тілепбергенов, Зейнеғабиден, Мұхамедсәлім Кәшімов, Әкрам Ғалымов, Мақыш Қалтай, Ақылбек пен Сабал, т.б. туған әдебиетіміздің көрнекті тұлғаларының есімдерін қалың жұртшылыққа танытуда Тұрсынбек Кәкішевтің еңбегі ұшан-теңіз. Ғалымның талай ізбасар шәкірттері қазақ әдебиетінің көкейкесті мәселелері бойынша, кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғады. Ғалым салған сүрлеу жолмен игілікті істі әрі қарай жалғастырды.

Әдебиеттану ғылымының арнаулы үш саласының бірі – әдебиет тарихының басында кезінде С. Сейфуллин, М. Әуезов, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайыловтар тұрып, негіздесе, кейін бұл абыройлы істі профессор Б. Кенжебаев жалғастырды. Әдебиет теориясын дамытудың басында академик З. Қабдолов тұрса, қазақ әдеби сыны тарихын негіздеудің басында профессор Тұрсынбек Кәкішев тұрды. Оның қаламынан бұл салада «Октябрь өркені», «Дәуір дидары», «Поступь» атты монографиялар туды.

«Қазақ совет әдебиетінің қалыптасуындағы идеялық-көркемдік ізденістер» деген тақырып кандидаттық диссертациясының, ал «Қазақ әдеби сынының тарихы» докторлық диссертациясының өзекті тақырыбына айналды.

Бұрынғы кеңес одағында 1972 жылы «Әдеби – көркем сын туралы» қаулы қабылданды. Сыншы кадрларды дайындауға айрықша маңыз берілді. Әдебиет сыны тарихына байланысты арнайы оқулық жазу қолға алынды. Кеңес дәуіріне дейінгі «Орыс сынының тарихына» арналған В.Кулишевтің оқулығынан басқа оқулық бола қойған жоқ. Оның өзі кеңес дәуіріне дейінгі кезенді қамтыды. Ал кеңес дәуіріндегі сын тарихына қатысты бір сыдырғы зерттеу еңбектер бар болғанымен, арнайы оқулық тіпті орыс тілінде де жазыла қойған жоқ болатын. Университеттердің оқу жоспарларында әрбір ұлт әдебиеті сынының тарихы жалпы пәнге айналу міндеті тұрды. 1967 жылдан бастап «Қазақ әдеби сынының тарихы» Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінде арнайы, 1974 жылдан бастап жалпы курс ретінде оқытылу жолға қойылды.

Міне, осындай өрелі іске ұйытқы болып, Тұрсынбек Кәкішев «университет студенттеріне арнап» «Қазақ әдеби сының тарихы» деген оқулық жазды. Бұл оқулықты жазарда әдебиеттану ғылымының олқы соғып жатқан, кенжелеу қалған саласы әдебиет сынының да өзіндік шығармашылық, ғылыми проблемалары бар екенін ескертіп өтеді. Әдебиет сынының да тарихы мен қалыптастыру процестері бар екенін, оның өзіне тән ғылыми өзекті ғылыми мәселелері арнайы зерттеуді талап ететінін айтады.

Әдебиеттану ғылымы мен сынының қалыптасып, даму тарихындағы кезеңдерді байқап, жүйелеуге қатысты пікірлерін былайша өрбітеді: «Қазақ әдебиеті сыны мен ғылымының тарихы белестерінен үш кезенді анық байқаймыз. Бірінші кезең – қазақ әдебиет сынының туу дәуірі. Қазақ әдебиеті сынының туу процесі Қазан төңкерісіне дейін созылған. Екінші кезең – қазақ әдебиет сынының жанр ретінде қалыптасу және әдебиеттану ғылымының туу дәуірі. Бұл процесс 1917-1937 жылдардың арасын қамтиды. Үшінші кезең – қазақ әдебиет сынының өсіп-өркендеу және әдебиеттану ғылымының қалыптасу дәуірі 1938-1985 жылдар аралығы» [1].

Оқулық ретінде жазылған бұл еңбекте зерттеуші әдеби сын арналарының халықтың көркемдік мұраттары мен әсемдік туралы ой-толғамдарында,

сұлулық туралы талғамында, халықтық эстетикалық інжу-маржандарында, тұнығында жатқанын зерделі байыптап, қазақ ағартушыларының пікірлеріндегі сыни ойларды сараптай отырып, алғашқы қазақ баспасөздеріндегі сынды, рухани аңсарларын Абайдан бастайтын жаңа тұрпатты, жаңа сападағы жазба әдебиеттегі сыни ой-пікірлерді қарастыра келіп, кеңестік дәуірдегі әдеби сынның эстетикалық және социология табиғатын бағамдайды. Әдеби өркендеудегі тарихи сабақтастық мәселелерін ортаға салады. Әдеби сынның туу, қалыптасу проблемалары тек шығармашылық қана емес, саяси-әлеуметтік мәселелерімен де тікелей байланысты екендігін, әдебиет сыны тарихында оны орағытып өту мүмкін емес екендігін, сынның социологиялық және эстетикалық деңгейі көркем әдебиеттің биігіне тәуелді екенін ғылыми-сыншылық тұрғыда баса көрсетіп кетеді.

Әдебиет сынының көркем әдебиетпен тығыз байланысқан дүние екенін, сын дәрежесі оның субъективтік және объективтік себептеріне байланысты екендігін байыптаған құнарлы ойларын: «Әдебиет сыны көркем әдебиетпен үзінгілес дүниеге келді. Көркемдік даму мен эстетикалық талап-талғамның өркендеу процесі уақыт жағынан бір-бірінің ілгері-кейінділігіне қарамастан, өзара байланысты болады. Бұл заңды да. Ал енді көркем әдебиетпен үзінгілес дүниеге келген сынның дәрежесі қандай болмақ деген мәселеге келгенде, екі себепке, атап айтқанда, субъективтік және объективтік себептерге тоқтала кеткен жөн.

Түптеп келгенде, сынның эстетикалық дәрежесі көркем әдебиеттің шыққан биігімен өлшенеді. Сының кейде социологиялық, кейде эстетикалық таңдауларға ден қоюының өзі де әдебиеттің қамтыған өмір шындығына белгілі дәрежеде тәуелді болатын кезін естен шығармау қажет» – деп [1] түйіндей келіп: - Сын дәрежесінің субъективті себебі, ең алдымен, сыншының білім деңгейі мен эстетикалық талғамының мол-аздығын еске алуы қажет екенін, мұның ең негізгі қажетті субъективтік себеп екенін естен шығармау керек екенін айтып өтсе; ал оның объективті себеп – көбіне әдебиеттің жалпы дәрежесін тәуелді екенін, көркем шығармалар өзінің қоғамдық мәні жағынан көркем бейнелер жасау, типтік жағдайларды көрініспен суреттеу, тіл байлығын теру, оқушыны ілгері ұмтылдыратын эстетикалық идеяларды белгілеу жағынан биік деңгейден табылып жатса, онда сынның өресі де биік болмақ» – деп ой түйеді.

Тұрсынбек Кәкішев тек қана сын төңірегінде шектеліп қалмаған, ғылыми көкжиегінің өресі кең арналы, кең тынысты, аса мол эрудитке ие, сан қырлы талант иесі. Қазақ мәдениетіне, әдебиетіне, руханиятына қатыстының барлығын тергіштеп, түгендеп жүретін еңбекқор, ыждағатты жан. Мәскеу, Санкт-Петербург, Қазан, Уфа, Омбы, Ташкент қалаларының үлкен кітапханаларындағы сирек қолжазбалар қоры мен архивтердің шаң басқан сөрелеріне үніліп, қазаққа қатыстының барлығына көз майын

тауысып, тезірек қазақ оқырмандарына жеткізуді өмірлік парызы деп біледі. Бұл еңбектерден елінің өнеріне, мәдениетіне, әдебиетіне деген зор сүйіспеншілігі, ұлтжандылық сезімі азаматтық позициясы әрдайым сезіліп тұратын.

Төңкеріске дейінгі 1915-1978 жылдары Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесінде оқыған қазақ шәкірттерінің қилы тағдыры, олардағы шығармашылық істер жайында қызғылықты зерттеулер жазды. «Ғалия» медресесінде оқыған қазақ шәкірттері Бейімбет Майлин, Жиенғали Тілепбергенов, Зейнелғабиден Иманжанов, Армия Ешекеевтер бас болып шығарған қолжазба «Садақ» журналының қилы тағдыры туралы «Сандалтқан Садақ», «Садақ» сияқты танымдық мәні зор дүниелер туғызды.

Әдебиет пен мәдениет қайраткерлерінің қилы-қилы тағдыры, ұлттық рухани мұраның жай-жапсары туралы ой-толғаныстары, өз басынан кешкен талайлы өмір өткелдері туралы «Кер заманның кереғар ойлары», «Ескірмейді естелік» атты еңбектерінде шынайы көңілмен сыр шертеді.

Еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бастап, қоғамдық-саяси идеялогияның қыспағында қыстығып келген тұмшалауда болған ой-пікірлердің тиегі ағытылып, томағасы сыпырылды. Іште запыран күй кешкен ой- пікірлердің қанаты кеңге жазылып, тілге еркіндік беріледі. Рухани еркіндікті сезінген әдебиет, мәдениет өкілдері, зиялы қауым ақтандық тұлғалар туралы, өткен арыстарымыз туралы жапатармағай, оңды-солды жаза бастады. Архив құжаттарына, тарихи деректерге, біреуден естігендеріне сүйенеді. Мақсатқа сай, нысанаға дөп тиіп жатқандары да, артық-кем айтылып жатқандары да болмай қалған жоқ.

Эмоцияға, көңіл-күйге алдырғандары да баршылық. Бірақ ғылым салқынқандылықты, объективтілікті қажетсінеді. Эмоцияны көп көтере бермейді. Әдебиетіміздің тарихында орын алып, шешуші мәнге ие болған социалистік реализм идеялық-көркемдік табиғаты, қоғамдық-эстетикалық болмысы, әдебиеттану ғылымының эстетикалық принциптері тұрғысынан, ғылыми сарабалд ойлармен терең талданып, оның әдебиетімізге әкелген жетістігі мен зара-заланы, пайда, зияны өлшеніп, әдебиетші-ғалымдар тарапынан зерделеніп, ой-сүзгісінен толық өте қойған жоқ. Түйінді пікір, байламдар жасалмай, мәселенің басы ашық қалып, дискуссия жалғасып келеді. Осы тұста бұл мәселеде өз замандастары, тұтастары арасында Тұрсынбек Кәкішев мәселені батыл қою принципімен, тың да тосын ой-пікірлермен ерекшеленеді. Аға буын әлі де жалтақтық поэзия ұстанып, сипай қамшылап, жалпақшешейлік танытып жүргенде, Тұрсынбек Кәкішев қуатты логикасымен, мығым ойларымен, ғылыми дәлел-дәйектерімен мәймөңкелемей мәселені ашуда батыл поэзиясымен көрініп жүрді.

Сөз бостандығы, тіл, ой еркіндігін пайдаланып өткенді біріңғай қаралауға, қоғам дамуының объективті, диалектикалық заңдылықтарын

ескермей, біржақты ой-пікірлер түйіндеп, осыдан ұпай жинап, ұтысты көздеушілер де баршылық. Соның бір парасы кезінде қазақ әдебиетінің белді тұлғалары болған, классик жазушылар Сәкен Сейфуллин мен Сәбит Мұқановтың шығармашылық тұлғалары мен көркем мұраларына қатысты оңды-солды, артық-кем айтылып жатқан қаралау, жазғыру, бірыңғай күйе жағу тенденциясының қылаң беріп, орныға бастауы. Бір кездері Сәкентанудың негізін қалаған, Мәскеуден «Тамаша адамдар» циклінен «Сәкен Сейфулин» деген ғұмырнамалық кітап жазған ғалым мұндай артық айтылған негізсіз байламдарға құрылған желбуаз пікірлерге батыл тойтарыс беріп келді. Ғалым өзінің дәлел-дәйектерін құрғақ эмоцияға құрмай, Сәкен, Сәбит тұлғаларын олардың өмір сүрген дәуірлерімен тұтастықта қарастырып, қоғамның жалпы болмысын, өзіндік сипатын, трагедиясын бүкпей, жасырмай, қоғам трагедиясын, жеке бас трагедиясының эволюциясын, заман қайшылығын, оның жеке тұлғаға тигізген зіл батпан жүгі мен ауырлығын байыпты сипатына жүйе-жүйесімен жүлгелі ой құнарлы пікірлері мен тарата сабақтайды.

Тұрсынбек Кәкішев ғалым ретінде соңғы жылдары Сәбиттану мәселелеріне де көп барып жүрді.

Сәбит Мұқанов өз дәуірімен бірге жасасқан, оның төл перзенті еді. Өз зманының төл перзенті ретінде оның жетістігі болса, бірге иеленді, адасса бірге адасты, қателесе, бірге қателесті. Қоғамның трагедиясы, оның да трагедиясы болды. Ол коммунизмге сенді. Халқы үшін жанын ойламады. Халқымның алдында борышым шаш етектен деп, халқы үшін көп нәрсе бергісі келді.

«Оның осы сөзі бұлжымастан іске айналды: ақын Сәбит, прозаик Сәбит, драматург Сәбит, зерттеуші-ғалым Сәбит, қоғам хәм мемлекет қайраткері Сәбит, Кәдімгі адам, Азамат Сәбит Мұқанов, өзінің замандас-әрі әріптестерінің қай-қайсысынан да ұшан-теңіз, ұланғайыр көп, жазған қаламгер десек, оның әдеби-ғылыми-публицистикалық мұрасы өз өмір сүрген дәуірдің аспан секілді көкжиегі көз жетпес кең шарайнасы тәрізді.

Бұл айнаның бетіне Сәбит Мұқановтың өзі өмір сүрген тұста өзі мұқият ұстанған үлгі бір идеялық бағытта, идеал жолында өрнек салмаған дәуір суреттері кем де кем. Сан салалы туындылар ішінен тек прозалық шығармаларының басты-бастыларын ғана іріктеп, екшеп алатын болсақ, кеңес классикасының алтын қорына асыл қазына боп кірген, «Ботагөз» романынан аяқталмаған «Аққан жұлдыз» дилогиясына дейінгі (ойы тетрология жазу еді ғой!) «Теміртас» пен «Есілде», «Мөлдір махаббат» пен «Сырдарияда», «Біздің заманның батырлары» мен «Балуан Шолақта», «Өмір мектебі» мен «Тыңдағы толқындарда» тұтас алғанда күллі қазақ қоғамының, жеке-даралап алсақ, қазақтардың ғасырлық тұлғасын сомдап соқты» [2, 515 б.].

Кеңестік дәуірде өмір сүріп, классик жазушы атанған сөз зергері Ғабит Мүсірепов өз тұстасы Сәбит Мұқановқа мынадай баға береді: «Сәбит тарихтан алатын ерекше орны-егіз саламен келіп, бір арнаға құятын еңбегінің нәтижесі. Сол екі ерекше қасиеті. Оның бірі – әдебиет қазынасына қосқан шығармалары болса, екіншісі-қазақ совет әдебиетінің қозғалысынан ұйымдастыру, басқару жағындағы еңбегі» [3, 229 б.].

Міне, осындай қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар үлкен тұлғаны орынсыз ғайбет, негізсіз жаладан арашалауда әдебиетші ғалымдардың арасында Тұрсынбек Кәкішевтің өзіндік ерекше поэзиясын, азаматтық қайрат-жігерден туған шынайы сезім, алғаусыз көңіл, бағалайтын қасиет деп білуіміз қажет.

Сәкен мен Сәбит тұлғасына байланысты ғалым: «Әр адамның өз амандығы үшін қолынан келгенді жасауға талаптануын ғайбаттану әрине кейінгілерге, әсіресе басына іс түскендер үшін оп-оңай Сәкеннің де, Сәбиттің де тарих алдындағы трагедиясы коммунистік идеалға ойланбай сенуден туғанын ашық айту керек. Сәкен иілмей, шұбалаңбай мерт болды. Сәбит көрер тегерімін мықтап көрді, өзгеге де көрсетті. Әйтеуір, қазақ әдебиетінің бақытына аман қалды» [4, 73 б.] – дей келе: «Совет өкіметі құралғаннан бері біздің көптеген зерттеушілеріміз, публицистеріміз, әсіресе, партиягерлікпен даурығып жүргендеріміз таптық идеологияны насихаттаушы Сәкен, Тұрар, Сәбит деп қыр соңдарынан қалмай, көрінген жерде байбалам салып жүр. Қазақ халқын басқа елдермен терезесін тең етеміз, мәдениетін марқайтамыз деп марксизм-ленинизм туы астына кіріп, сатылып соқпағандар некен-саяқ. Тіпті, алаш азаматтарының ішінен советке іш тартқандары да бар» [5, 7 б.] – деп, ой түйеді.

Тұрсынбек Кәкішев Сәбиттану саласында өнімді еңбек етіп жүрген авторларға сәтті қадам тілей отырып, олардың Сәбит тұлғасына байланысты әлі де тайсақтай, бата соға алмай отырған мәселелердің бетін ашады. Ол-Сәкен, Мағжан, Сәбит тұлғаларының арасындағы адами, саяси түйіні мол күрделі қайшылыққа толы мәселелердің бетін ашу. Осы тарапта ол белгілі сәбиттанушы, әдебиетші-ғалым «Баянғұмыр» жинағының авторы Құлбек Ергөбековтің баспасөз беттерінде жарияланған «Ой қайнары-күнделік», «Хат жаздым қалам алып...», «Жүрек қанымен жазылған хаттар» деген эссе типіндегі мақалаларына тоқтала келіп, ондағы құнды ой сараптарына үңіледі. «Құлбектің азғана жыл ішінде кексе ақын-жазушылар, ғалымдармен ой да, бой да теңестіруіне Сәбит мұражайындағы рухани дүниелер себепші болғандығын аңғармасақ болмайды. «Алматы ақшамы» газетінде жарияланған «Адасқандар ақиқаты» атты әрі қызықты, әрі танымдық қасиеті мол эссенің жазылуы, әрбір ой-пікір архивтік-тарихи деректермен дәлелденуі бұған айқын мысал бола алады. Зерттеуші бақыты-эстетикалық таным-білікті деректеп дәйектеу болса, зерттеуші автор мен шығарма

бақыты-көрген-білгенін дөңгелетіп айтып берер қалам ұшқырлығы мен ажарлығына байланысты. Осы қасиеттер сәтін тауып Құлбек дарынына қоюласқан екен» [4, 72 б.].

Құлбек мақаласында жазушыны сүйе, құрметтей отырып шындықты жасырмай айта білу, сынай білу қасиеті жетілгендігін, жақсылық пен жамандықты салмақтай білетін парасат, атқарылған іс-әрекеттің құпия сырын жыға түсінетін көзқарас, өткеннің артық-кемін таразылай алатын білімдарлық бар екенін айта келіп, «Құлбектің ызғары алыстан соғып, қалың өкінішке оранған жан ашуы мен адалдығын қалтықсыз көрсеткен, құбылып соққан замана желі-ай...» деген мақаласынан алар ғибрат мол» – деп ой түйеді.

Құлбектің бата соға алмай отырған мәселесі-Сәкен-Сәбит-Мағжан мәселесі. Бұл жөнінде Тұрсынбек Кәкішев былай деп жазады: «Осындай ойды Құлбек бір қыдыру тұздықтан айтқанымен қисынды бір мәселеге батылы жетіп бара алмағанын да көріп отырмын. Ол-Сәкен-Сәбит-Мағжан қарым-қатынасы жайындағы мәселе. Осыған тереңірек бару керек еді. Сәкен мен Сәбит әсіресе Мағжанға қарсы 1929 жылға дейін идеологиялық тағы да қайталаймын, идеологиялық тұрғыдан күресті, солай бола тұрса да Алаш зиялыларының 1929-1931 жылғы қуғын-сүргіндеріне сот процесіне бұлар араласқан жоқ. Өйткені Голощекин Қазақстанда контрреволюциялық топ бар, оның көздегені – Совет өкіметін құлату деп мүлдем басқа жолға, көздерін жою мақсатына бұрып жібергендіктен, Сәкен мен Сәбит идеялық әшекерлеуден арыға барған жоқ. Тіпті әрі – беріден соң Сәкен 1929 жылғы «партиялық тазалауда» олардың аяғын құшуға, сәл-ақ қалған болатын. Бұдан басқа бірденелер болса маған беймәлім. Ондай пәле жоқ сияқты, көптеп жарияланып жатқандарында кездеспейді, өйткені газет тілшілерінің әр жиналыстардан берген хабарларына молданып Сәкенді Сәбитке, Сәбитті Сәкенге қарсы атыстырып-шабыстырушылар кездесіп те жатыр. Ондайлар Сәкен мен Сәбиттің алашыл азаматтардың адами тағдырына араласы болса, тартынып қалмасы тағы шындық. Сондықтан мен Сәкен – Сәбит және Мағжан проблемасы жайындағы Құлбекке жәрдемдесуім қажет-ақ деп отырмын. Жасыратыны жоқ, Құлбек осы жайында шындыққа терең сүңгімегеніне өкініп те қоямын. Өйткені қадырлінің қасиетін түсірмей, бар шындығымен көрсетуге талпынғанының өзі құптарлық. Сәбитті қазақ әдебиетінің тарихының аластайтын дәуір бола қоймас» [4, 73 б.].

Сәкен мен Сәбиттің Мағжанға деген адами көз қарасы мен шынайы адамгершілік қасиетерін, Мағжан 1936 жылы М. Горький мен Е. Пешкованың араласып, көмек қолын созуымен елге оралғанда жолдастық қолдарын созып, адамгершілік, азаматтық танытуын Т. Кәкішев: «1937 жылдың көктемінде С. Мұқанов Алматыға келген Мағжанды жападан жалғыз қарсы алады. Ол жөнінде «Қазақстан әйелдері» журналындағы естелігінде Мағжанның

жары – Злиха апай жазды, теледидардан айтты. Поездан түскеннен кейін Мағжан Сәбитке: «Мен алдымен Сәкеге сәлем берем. Оның жолы – дұрыс, менікі – бұрыс болды» – деген екен. Екінші Алматыға жеткізетін есен-арба іздеп жүргенде Сәбең Сәкенге телефон шалады. «Алып кел» деген жалғыз ауыз сөз болыпты бар айтқаны. Бұл тұста Москвадағы Нығмет Нұрмақов, Тұрар Рысқұловтың ұсталып жатқан хабары Қазақстанға дүңкілдей жетіп жатқанда. Ғаббас Тоғжанов пен Илияс Жансүгіровтың көп уақыт жазушылар одағына хатшы болған Қадыр Қуанышевтің тағдыры шешіліп, тұтқұндалу сәті тақалып қалғанды. Әлгі бір ауыз сөзден кейін Сәкеннің үй іші айрықша қырдағы үйіміздің ауласында қазан көтердік. Сәбең жұмысқа баратындай сәндене киініп, қара костюміне ажар беретін әдемі галстугін тағып алып, ауланың ішінде Мағжандар келгенше теңселді де жүрді» дегенді Гүлбаһрам Сейфулинадан өз құлағыммен естіген едім» – деп жазады.

Тұрсынбек Кәкішев Сәбит Мұқановтың өткендегі ғылыми – шығармашылық сипатына объективті тұрғыда үңіліп, оң бағасын береді.

«Сәбит жүріп өткен жолдың кедір-бұдыры көп. Қолынан шыққандардың бәрі де даусыз қабылдана қалар асылдар емес. Жасығы да даулысы да татымсызы да бар. Солардың ішінде 1932 жылғы «20 ғасырдағы қазақ әдебиеті» деген еңбегінің орны мүлдем ерекше. Біреулер тек мақсатпен жазылған қызылқөз шығарма, ал екінші біреулер тапшылдығын шегіне жеткізе отырып келешек қамын ойлаған тарихи туынды деп біледі. Өзім соңғы көзқарасты жақтайтындардың бірімін, өйткені Сәбитті әр кезеңде әр қилы жаманатқа қалдырып келе жатқан ғылыми зерттеу еңбегінің қазақтың қоғамдық тарихын білуге үлкен, тіпті таптырмас деректермен дараланатынын ешкім жоққа шығара алмайды. Қасы да досы да үңіліп оқиды. Әрі-беріден соң шығарма үшін бұдан шыққан бақыт жоқ».

Өткен әдеби мұраларымыз бен тұлғаларымызға қатысты бірінғай күйе жағудан аулақ болуға шақырып, оларды дәуірлік контексте қарастыра отырып, сарабал да байыпты, ғылыми-объективті талдап-таразылаудың үлгісін тағы да профессор Тұрсынбек Кәкішев көрсетіп отыр. Оның бір мысалы – Сәбиттануға қатысты қордаланған құнарлы ойлары мен тұжырымдары.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Кәкішев, Т.** Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алматы, 1994.
- 2 **Қабдолов, З.** Таңдамалы шығармалар. Екінші том. – Алматы, 2003.
- 3 **Мүсірепов, Ф.** Суреткер парызы. – Алматы, 1998. – 229 б.
- 4 **Кәкішев, Т.** Сәбит пен Мағжан түйіні. «Сарыарқа» журналы. – N2. – 1992. – 73 б.
- 5 **Кәкішұлы, Т.** Әдебиетіміздің Қазбегі мен Эльбрусы. – «Қазақ әдебиеті» газеті. – N9. – 2002. – 7 б.

*Ж. Т. Кадыров<sup>1</sup>, С. Н. Жамбек<sup>2</sup>*

### **Тұрсынбек Какишев и проблемы сабитоведения**

<sup>1</sup>Северо-Казахстанский государственный университет имени М. Козыбаева, г. Петропавловск;

<sup>2</sup>Кокшетауский государственный университет имени Ч. Валиханова, г. Кокшетау.

Поступило в редакцию 08.02.16.

*Zh. T. Kadyrov<sup>1</sup>, S. N. Zhambek<sup>2</sup>*

### **Tursynbek Kakishev and the problems of Sabit-studies**

<sup>1</sup>M. Kozybayev North Kazakhstan State University, Petropavlovsk;

<sup>2</sup>Sh. Ualikhanov Kokshetau State University, Kokshetau.

Received on 08.02.16.

*В статье проанализированы труды и взгляды Т. Какишева на становление истории литературной критики. Рассмотрены научно-критические взгляды Т. Какишева, связанные с появлением, становлением и развитием эпохи казахской литературной критики, формированием жанра казахской литературной критики и литературоведения, расцветом казахской литературной критики.*

*Систематизированы и проанализированы взгляды Т. Какишева на проблемы, сабитоведения.*

*This article deals with the analysis of T. Kakishev's works and his views on the establishment of literary criticism. It is also connected with the scrutiny of his scientific-critical conceptions related to the appearance, establishment and development of Kazakh literary criticism and literary studies – genres, temporal framework, and prosperity.*

*T. Kakishev's views on the problems of Sabit-studies have also been analyzed and systematized.*

**Б. Д. Керімбекова**

ф.ғ.к., ассис.профессор, Сулейман Демирель атындағы университет,  
Алматы қ.

e-mail: muza\_bayan@mail.ru

**ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ  
ПОСТМОДЕРНИЗМ**

*Қазақ әдебиеті тарихында әрбір кезеңнің өз бағытымен дамитындығы анық. Қазіргі қазақ поэзиясында постмодернистік үрдіс кеңінен көрініс табады. Әлем әдебиетінде өткен ғасырдың соңына таман белең алған бұл үрдістің қазақ поэзиясына да жасат еместігі байқалады. Көптеген ақындар постмодернистік бағыттың белді өкілдеріне айналды. Олар өмірге де өздеріне де сынмен, ащы мысқылмен қарайды.*

*Аталған мақалада қазіргі қазақ поэзиясындағы постмодернизм мәселелері Т. Әбдікәкімұлы, А. Елгезек, Ерлан Жүніс сынды ақындар өлеңдері аясында сөз болады. Постмодернизм үрдісімен енген ақындар поэзиясындағы ізденістер мен эксперименттер анықталады. Сондай-ақ, поэзиядағы оқырман мен автор, «мәтіндегі автор» ұғымдары да назарға алынды.*

*Кілтті сөздер: қазіргі қазақ поэзиясы, постмодернизм, автор, оқырман, ақындық ерекшелік*

Көркем шығарманың «шын өмірі» оқырманның оқуынан басталады. Оған дейін ол – қапқа түспеген ұн секілді, жұмсалмаған пұл секілді. Қысқасы, тұтынушысыз тауар іспеттес. Сапалы тауарға қашан да сұраныс бар, оның кейінгі тағдыры «иесін» алаңдатпайды. Ал автордың көңілі толғатып болған соң да күпті. Өйткені, оқырман бағасы, қабылдауы оның «іштен шыққан шұбар жыланының» тағдырын шешеді. Қазақстандық ғалым Темірғали Есембековтің «Көркем мәтін поэтикасы» еңбегінде айтылғандай, «...XX ғасырдан бастап мәтінге «оқырманның» көзімен баға беруге тырысқан зерттеулер пайда болған. Т. Липпс, Б. Христиансен, Л. Выготский, А. Ричардс көркем шығармашылықтағы оқырман рөліне белсенді сипат берді. Бірақ әртүрлі саяси-әлеуметтік жағдайлар бұл көзқарастардың әдеби үдеріске араласуын тежеді. Бұрынғы «көркем шығарма оқырман үшін» деген көзқарас шетке ысырылды» [1,104].

Байқағанымыз, бүгінгі қазақ поэзиясы оқырманымен ашық-жарқын араласпайды, тіпті оны кейде орта жолда адастырып, қанғыртып кететіні бар.

Менің деңгейімде болмасаң, сенімен айтар әңгімеміз жоқ деген сыңайлы. «Теп-тегіс жұмыр келгенге» үйренген тыңдаушы алғашында кімге кінә артарын білмей қалды. Бірақ, постмодернизмнің «ауасын жұтып» отырғаннан кейін бұл үдеріске де бейімделе бастады. Бірқатар жас ақындарымыз постмодернизмнің «бел баласына» айналды. Постмодернизммен келген «жаңалықтың» бірі – «біртүрлі» жазу, яғни, барынша күңгірт, астарлы жазуға, құпия болып көрінуге ұмтылу. «Қазақтың дәл өзіндей қарапайымдылық» аз. Оқырманына саналы түрде түсініксіз болуға ұмтылатын тұстары да байқалады. Мәселен, қазіргі қазақ жастар поэзиясының белді өкілі Ерлан Жүністің:

Тү-С., І., М., – пайғамбардыкі,  
Өңім – пенде,  
Ақын кім?  
О.-й – мұңлықы,  
Зарлықы – сезім кешіп жатырмын.

Ара ұшады: Ж., Ж.,Ж.,  
Гүлге қонар: М., М., М.,  
Дүниенің Қ.-ы-З.-ығы-  
Дүниеде құмығы.

Кәрі бақт-А. бір кісі.  
С.-үйеніп тұр еменге...  
Бақи-Ф.,Ә.-нидің түсі

Жорамалы – Ө.-лең бе?! /2, 36/, – деген эксперименттік «Құпия» атты өлеңін оқырман қалай қабылдауы, талдап-бағалауы мүмкін? Бұл «құпияны» жазып, оқырманды «азаптаудағы» автор мақсаты не еді? Автор мен оқырманның интеллектуалды деңгейі бірдей болғанда ғана поэзия өз мақсатына жетпек. Бәлкім, мәтін табиғатын тануды автор физиологиясы мен психологиясын танудан бастаған жөн болар?

«Мәтіндегі автор» мәселесі сөз болғанда ұлттық әдебиеттегі оның көріністері туралы талай әңгіме айтылған. Сыншылардың бір парасы автордың томаға-тұйық емес, ашық болғанын қалайды. ...Саяқ жайылған таутекедей сайынға емес, қиынға, ұланға емес ұшанға ұмтылғанды тәуір көру бар. Қиыннан қозғап, қиялға бұлтару, оқырманды барынша сынауға деген авторлық ниеттер қолдауға лайық» [1, 50 б.], – дейді ғалым Т. Есембеков. Әрине, ізденіс болған жерде ілгерілеу бары анық, ақынның бұл бір эксперименті болар. Бәлкім, ақынның мұнысы «Оқырман үшін жазып, өзіңді жоғалтып алуға болады, өзің үшін жазып оқырманды жоғалтуға болады. Шын жазушы екінші жолды таңдайды. Өйткені, өзің үшін жазып, оқырманды жоғалтсаң, бірақ күндердің күнінде оқырман қайта айналып келеді», - деген әдеби қағидаға сая ма? [3].



«Іңірдегі пессимизм» атты өлеңінде ақын:

Жоғалған армандарыма

Көңіл айтып қара түн

*Жыладым...*

Жарығы түбінен артпаған шамдай –

Бұл қала мені *жылыта алмады..!*

Жанымның сыңар қанатын

Көтере алмай

Сұладым –

көз жасындай салмағы! [2,16].

«Жылаған» һәм «Жылатылмаған» лирикалық кейіпкер екіұдай күй кешіп, өзіне-өзі қарсы келіп отырады. Бүгінгі жас ақындардың поэзиясына тән ерекшеліктің бірі – өздерін мысқылдай отырып, ішкі қарсылығын білдіру.

Дымқылдау қараша демін.

Жұтамын бар жандай өші.

*Бір досым бар еді менің –*

*Ал оның жоқ екен досы.*

... Тәңірім, осы бір сәттің

Ешқандай жауабы жоқ па?

*Мен бүгін – өзіме жатпын,*

*Бауырмын –*

*өзіме жатқа!* [2,31].

ЖАЛҒЫЗДЫҚ, ЖАТСЫНУ, ОҚШАУЛАНУ сынды ХХ ғасырдың бас кезіндегі әдебиетте бой көрсете бастаған құбылыстар бүгінгі ХХІ ғасыр поэзиясынан да жиі байқалады. Бірақ, мұндағы жатсыну қоғамнан, ортадан емес, өзін жатсыну. «Постмодернизм үрдісіндегі қазіргі қазақ поэзиясында айналасына көңілі толмау сарыны бәрінен басым. Лирикалық кейіпкер тартысты ғұмыр кешеді. Өлемдегі техногенді заман өзгерістеріне жылы ұшырай алмады. Байырғы ұлттық құндылықтардың жойылып бара жатуына наразылық күшті. Тәркі дүние соққыларына төтеп беру қиын» [4], – дейді ғалым Б. Майтанов.

Әрине, әдебиетке де инновация керек. Сен неге Абайша жазбайсың немесе Мұқағалиша жазбайсың деп талап қоя алмаймыз. Не десек те, бүгінгі еркін заманның ақындары сөз қолдануда да өте еркін. Өз қалауларын бірінші орынға қоятын қалау райындағы «жылағым келеді», «жазғым келеді», «көргім келеді», «өлгім келеді», т.с.с. сарындағы өлеңдер жиі жазылуда.

Жылағым келеді...

Жылағым келеді егіліп,

Ойыма бәрі оралып,

Көзіме бәрі көрініп,

Сабырым мүлде тоналып,

Жылағым келеді...

...Неліктен, неге екенін,

Сұрама, жаным, сұрама,

Айтпаймын оны, себебі

Жылағым келеді... [5, 54 б.], – дейді жас ақын Бауыржан Қарағызұлы «ЫММ» өлеңінде. Қазіргі қазақ поэзиясының «көз жасы» да қызық. Бәлкім, неге жылағысы келетінін лирикалық кейіпкердің өзі де білмейтін болар. Оқырманға да оның себебі қызық емес болар, дегенмен оқырман эмпатиясы арқылы өлеңнің эмотивті қуаты арта түседі. «Әдеби туындының өзі де кезінде бәзбір өмір сұрақтары мен сауалдарына жауап іздеуден туған деген пікірге ден қою керек осындайда», – дейді ғалым Темірғали Есембеков. Эстетикалық тұтастықты әлсіретпеу үшін автор өзі қойған сұрақтарын мәтінде анық көрсете бермейді [1, 134 б.].

Тәуелсіз күннің ақыны Танагөз Толқынқызы:

Өлгім келеді! Өлгім келеді!

Тек сені ғана көргім келеді!

Қаңғырып жүрмін, қарашы маған,

Қажет пе саған желдің дерегі?

Кеткім келеді...

Өбкім келеді...

Өлімге бұлттай шөккім келеді!

Құшақтап тұрып әлдебіреуді,

Жанымды ақтарып төккім келеді!

...Өлгім келеді! Өлгім келеді!

Жоқ, маған сенсең, жердің керегі!

Ауа да! Ай да! Күн қажет емес!

Тек сені ғана көргім келеді!!! [6], – дейді өзінің «Өлгім келеді» өлеңінде. Өлім – әдебиеттегі мәңгілік тақырыптардың бірі болғанымен, «Өлгім келеді» деп дауыстап айту бұрынғы-соңды поэзияда болмаған. ХХ ғасырдың басындағы «Мені де өлім, әлдиле» деген Мағжанның «оқырман мен суреткерді жақын табыстыратын» /Л.Толстой/ – символизмі сол уақыттағы қазақ поэзиясында сілкініс тудырған. Десек те, автор айтуға болмайтын нәрсені айта білуімен, интеллект әлеуетімен оқырманнан биік болғаны жөн емес пе? «Менің өлеңдерімде көбіне тақырып қойылмайды. Ол бала кезден келе жатқан әдет. Сондықтан өзгелер белгілі бір қажеттілікпен: «Бұл өлеңнің тақырыбын не деп жазайық?» – деп сұрағанда, өлеңнің бірінші жолын тақырып етіп ала салыңыз деймін», – дейді ақын бір сұхбатында.

Шығарма атауы қай өнер түрінде болмасын маңызды рөл атқарады. Өлеңді де көп оқырман атауына қарап оқиды. Т. Есембеков айтқандай, «Көркем туындыны оқу оның атымен танысудан басталады, поэзияда оның қызметін кейде өлеңнің бірінші жолы атқаруы мүмкін. Шығарма атауын оқырман назарын аударатын минимум деп тану бар, оның құрамына автордың аты-жөні, лақап аты кіргізіледі, өйткені бұл ақпараттардың предикативтік мағыналары болатыны мәлім» [1, 94 б.]. Сонымен қатар, ғалым: «Шығарманың атауы, жанры, эпиграфы мен авторлық арнау оқырманға ақпарат беру үшін ғана емес, сонымен қатар оның оқырмандың ынтасын қалыптастыру үшін қызмет етеді. Француз ғалымы П. Колердің әдеби жанрларды өнерді өндіруші мен тұтынушының арасындағы келісім шартқа тенегені тегін емес. Көркем мәтіндегі «кодтар» /астарлы образдар, дәйексөз, дерексөз/ да оқырманға салмақ салады [1, 87]», – дейді.

Қазіргі жас ақын Ақберен Елгезек жырларында да *мұң, жалғыздық, қара тұс* басым. Өлеңдерінің атауы да осыны аңғартқандай: «Депрессия», «Абстракция», «Нала», «Жалғыздық симфониясы», «Күзгі элегия», т.б. «Жастар өз ішінен өзін іздеп жүр, – дейді Ақберен. Бірінші орынға Жаратушы Тәңірді тану мен Оны сүю мәселесі шықты. Мұның иманды әдебиеттің қалыптасуына әсер ететіні хақ. Демек, жастардың рухани дүниесінде өзін арқылы әлемді қабылдау, Жаратқан арқылы өзін табу жұмысы жүріп жатыр. Ал оған барар жол мұң алқабы арқылы өтеді. Мұң деген бұл жерде түңіліс емес, сұлу жолсерік есебінде айтылып отыр» [7].

... *Қара барқыт көбелек* қанаттарын қомдайды,  
Қалтыраған гүл оған нала хатын жолдайды.  
*Түңгі қара сұлбамды қабырғаға жапсырып,*  
*Кісікік көлеңкем* болмысымды сомдайды.

...Мұхит асты тізеден кіріп кетіп аяғы.  
*Қара кісі – қара жын алақанын жаяды.*  
Оны басты тілегі амандығы өлеңнің,  
Сосын менің өмірім, қиялдарым баяғы... [7].

Қазақтың дәстүрлі ұғымында «қара» қасиет пен киенің символы болғанымен, мұндағы «қара» автордың ішкі дүниесіндегі күйзелістерден, сыртқы әлемге қатынасынан хабар беретін сигнал қызметін атқарады. Өр кезеңнің поэзиясына тән түстер болады және ол түстердің атқарар семантикалық қызметі болады. *Қара барқыт көбелек, алақанын жайған қара жын, кісікік көлеңке, қабырғаға жапсырылған қара сұлбалар* – Ақбереннің автометафоралары.

*Түстерімде сабылып сан аруақ,*  
Біреу маған сыбырлар таң астында.

*Періштеге тіл қатпай оң жақтағы.*  
*Сайтанға сағым шашып иықтағы.*

...*Жындарына еріп кетті бір адам,*  
Барар жері белгісіз...

*Көшелерде сұлбалар жүр бұлыңғыр,*  
Марғау ғана есінейді тау ғана.

Ол күрсініп, бір шындық айтқан болар:  
Балам, балам Астанада баспана қымбат...  
*Содан кейін денеме қарап алып,*  
*Шошып кетіп сұрақ қояды маған:*  
*«Бас қайда, шырақ?!...» [7].*

Мифологиялық ойлаудан туған ақын өлеңде оқырман мистикалық, реалдық екі әлемде қатар өмір сүреді. Ұлттық поэзиямызда әріден келе жатқан архетиптерді, тылсым күштерді постмодернистерге тән құбылта қолданған ақын өлеңіне осылайша астарлы мағына дарытқан. Өр ғасыр өз өлеңін тудырады. Жаһандану дәуірінде қазақ поэзиясы томаға-тұйық жалғыз өмір сүріп жатқан жоқ. Ақпараттық дамудың биігінде тұрған бүгінгі күнде ізденіске жол ашық.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Есембеков, Т.** Көркем мәтін поэтикасы: Оқу құралы. – Алматы : Қазақ университеті, 2012 .
- 2 **Жүніс, Е.** Киелі түндердің дұғасы. Өлеңдер жинағы. – Астана : Профи Медиа, 2011.
- 3 **Әсемқұлов, Т.** Коммерциялық әдебиеттің бүгінгі мен ертеңі//Қазақ әдебиеті. – 05.02.2010.
- 4 **Майтанов, Б.** Қазіргі поэзия және постмодернизм. Кітапта: Тәуелсіздік – күрес мұраты. – Алматы, 2012.
- 5 **Қарағызұлы, Б.** Өң. Мен. Түс. Өлеңдер жинағы. – Алматы : Жалын, 2011.
- 6 <http://www.massagan.com>
- 7 [abai.kz](http://abai.kz) ақпараттық порталы.

22.01.16 баспаға түсті.

*Б. Д. Керимбекова*  
**Постмодернизм в современной казахской литературе**

*B. D. Kerimbekova*

### **The postmodernism in Kazakh poetry**

Suleyman Demirel University, Almaty.

Received on 22.01.16.

*Данная статья посвящена проблемам постмодернизма в современной казахской литературе. А так же рассматриваются понятия «автор», «читатель», «текст» в контексте поэзии Т. Абдикакимова, А. Елгезек, Е. Жуниса.*

*It is clear that every period of Kazakh literature develops in its own way. In modern Kazakh poetry the postmodernism is widely distributed. This tradition also is not strange for Kazakh poetry. Many Kazakh poets became representatives of postmodernism. The problem of postmodernism mentioned in poems of poets' such as: T. Abdikakimuly, A. Elgezek, E. Zhunis. There appeared postmodernism poems' experiments and investigations. Although, the view – reader and author, "author of article" are mentioned.*

ЭОЖ 372.8

### **А. А. Косбармахова**

магистрант, Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ, Алматы қ.

e-mail: azi\_92.kz.92@mail.ru

## **АРНАЙЫ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН ДАМУҒА БАҒЫТТАЛҒАН КОГНИТИВТІ ЛИНГВОМӘДЕНИ КЕШЕНДІ ҮЛГІЛЕУ**

*Еліміздің әлеуметтік жағдайына түбегейлі өзгеріс енгізу мен қоғамның барлық саласын интернационалдандыру шетел тілін еліміздегі әр түрлі ұлттар мәдениеті арасындағы қарым-қатынас құралы ретінде пайдалану мүмкіндігін арттырды. Білім беру саласына қойылатын бүгінгі күннің басты талабы – сабақ барысында берілетін дайын білімді игеріп қана қоймай, игерілген білімді өз бетімен ұштастыруға бейімдей отырып, оқушының танымдық іс-әрекетін қалыптастыру. Бұл тұрғыда оқушылардың бойында ізденіспаздық әрекеті және оны қалыптастыру, үйреніп отырған шет тілінің мәдениет ерекшелігін ескере отырып жүйелі қорытынды жасай білу, дәлелді пікір айту іскерлігін арттыру, оқу материалдарын сараптау, талдап салыстыру іскерліктерін үйрету қажеттілігі туындайды.*

*Кілтті сөздер: арнайы мектеп, танымдық іс-әрекет, когнитивті лингвомәдени кешен, үлгілеу.*

Еліміздің әлеуметтік жағдайына түбегейлі өзгеріс енгізу мен қоғамның барлық саласын интернационалдандыру шетел тілін еліміздегі әр түрлі ұлттар мәдениеті арасындағы қарым-қатынас құралы ретінде пайдалану мүмкіндігін арттырды. Қоғамның барлық өмірлік салаларының түбегейлі әрі тиімді өзгеруінің келесі үрдісі оқушылардың өзбетімен және шығармашылық әрекеттерін қалыптастыруға бағытталған білім берудің жаңа стандарттары негізінде қалыптасқан білім беру саласының жаңаруын талап етеді. Сонымен бірге, бүгінгі күннің басты талабы – сабақ барысында берілетін дайын білімді игеріп қана қоймай, игерілген білімді өз бетімен ұштастыруға бейімдей отырып, оқушының танымдық іс-әрекетін қалыптастыру. Бұл тұрғыда оқушылардың бойында ізденіспаздық әрекеті, ізденіспаздықты қалыптастыру, үйреніп отырған шет тілінің мәдениет ерекшелігін ескере отырып жүйелі қорытынды жасай білу, дәлелді пікір айту іскерлігін арттыру, оқу материалдарын сараптау, талдап салыстыру іскерліктерін үйрету қажеттілігі туындайды. Осы орайда, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, елбасымыздың «Болашақ»,

«Дарын» бағдарламаларында, «Қазақстан -2030» атты Қазақстан халқына Жолдауында, «Қазақстан Республикасында» білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында» білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басты принциптері ретінде жеке адамның білімділігін ынталандыру және дарындылығын дамыту, білім берудің дамытушы сипатын арттыру мәселелері айқындалып, басым міндеттер қатарына қойылған [1]. Бүгінгі күні де оқытушыға қойылатын негізгі мақсат-оқушыны танымдық іс-әрекеті арқылы жан-жақты дамыған, шығармашылықпен жұмыс істейтін жеке тұлға ретінде қалыптастыру болып табылады. Аталмыш мәселені шешу оқушының танымдық іс-әрекетке, білім алуға, ғылымға және танымның ғылыми әдістеріне деген жағымды көзқарасын қалыптастырады. Танымдық іс-әрекеттер тұлғаның мақсатты, жоспар мен алдағы әрекеттің мазмұнын алдын-ала ұйғаруына, аталмыш әрекет барысын, өз іс-қимылы мен мінез-құлқын санасында елестету, өз әрекеттерінің қорытындысын алдын-ала болжай алу мен орындау барысында өз әрекетін бақылай алуға ықпал етеді. Оқушының білім алуының оңтайлығы мен тиімділігі оның танымдық іс-әрекеттерінің даму деңгейіне байланысты.

Т. И. Шамованың пайымдауынша, оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың құралы ретінде оқу мазмұны, оқытудың әдістері мен ұйымдастыру формалары есептеледі. Ғалымның пікірінше танымдық белсенділікті арттыру құралдарының жүйесі төмендегідей талаптарға жауап беруі тиіс:

- оқытуды ұйымдастырудың барлық кезеңдерінде оқушылардың ішкі оқу ынтасын ояту мен дамыту,
- оқушылардың алдына қойған іс-әрекетінің мақсатын қою мен жоспарлауды қамтамасыз етуге бағдарлауды көтермелеу;
- оқушылардың оқу ақпаратын өңдеуде интеллектуальдық іскерлігін қалыптастыру;
- оқушылардың өзін-өзі бақылауы мен түзетуі негізінде оқытуда оқу танымдық іс-әрекетін қамтамасыз ету.

Оқушылардың танымдық іс-әрекетін қалыптастыру – оқу үдерісін ойдағыдай ұйымдастырудың негізгі шарты болып табылады. Ол оқу үдерісінің тиімділігін арттыру, оқушылардың оқу әрекетінің психологиялық ерекшеліктеріне сай дидактикалық әдіс-тәсілдерді қолдануды, оқытудың дамытушылық қызметін толық пайдаланып, танымдық іс-әрекетті дамытуды талап етеді. Оқушылар танымдық міндеттерге өз бетінше қол жеткізуі арқылы дамитын танымдық іс-әрекет мәселесі өткен ғасырдың ортасынан кеңінен талқылана бастады. Оның ішінде, мектептер мен жоғары оқу орындарында танымдық іс-әрекетті қалыптастыру – оқушылардың оқуға деген ынтасы мен құлшынысы дамыту құралы (Дж. Брунер, Л. С. Выготский, П. Я. Гальперин, Н. Ф. Талызина, А. Е. Әбілқасымова, Р. С. Омарова т.б.); тұлғаны танымдық іс-әрекетті қалыптастыру үрдісі барысында дамыту (Б. Г. Ананьев,

А.Н. Леонтьев, В. А. Петровский, Л. С. Рубинштейн т.б.); іс-әрекет түрлерін оңтайлы оқыту үрдісінде қолдану (И. Я. Лернер, М. И. Махмутов, И. М. Чередов т.б.) ретінде қарастырады.

Өз елімізде бүгінгі таңда танымдық іс-әрекет, шығармашылық қызығушылық, ізденімпаздық мәселелері жеке бағыттар ретінде А. Е. Әбілқасымованың, А. С. Мустояпованың, Р. С. Омарованың, Б. Т. Абыканованың Т. С. Сабыровтың, М. А. Асылжанова және т.б. ғалымдардың зерттеулерінде терендетіледі.

Орыс ғалымы Г.Н.Щукинаның пайымдауы бойынша, танымдық іс-әрекеттің субъектісі болу оқушы болуға тиісті деп есептейді. Олай болса, әлеуметтік-педагогикалық негізі бар оқып-үйренудің де «қайнаған ортасында» оқушы, оның жеке басының тұлғасы, оның санасы, танылуға тиісті және танылу үстіндегі айнала қоршаған дүниеге қатынасы, таным процесіне қатынасы және танымдық іс-әрекетке қатысушы – оқушыларға, оқып-үйрену ісін ұйымдастырушы және бағыт беруші мұғалімдерге қатынасы, көзқарас болады. Әрі бұл оқып үйренудің әлеуметтік мақсатқа, оны мұғалімнің ұйымдастырумен бағыт беруіне тәуелділікте болатындығын және соған қарамастан өзінің субъективтік-тұлғалық негізін жоғалтпайтынын ұмытпауға тиіспіз [2, 44-45 б.].

Танымдық іс-әрекетін қалыптастыру үрдісі нәтижелі жүргізілу үшін оқу-танымдық үдерісте оқушылардың ынтасы мен қызығушылығын, ерік-жігерін дидактикалық негізделген дидактикалық принциптерге бағыттау қажет деп пайымдайды А. С. Мустояпова өзінің жұмысында. А. С. Мустояпова ойының әрі қарай дамығаны Омарова Р. С. жұмысынан байқалады. Ғалым танымдық іс-әрекет терминіне келесідей түсініктеме береді: танымдық іс-әрекетті таным үдерісінде кездескен қиындықтарды жеңе білуімен байланыстырып, ол үшін жеке тұлғаның белгілі бір деңгейде ерік-күш жұмсауы және өзінің танымдық іс-әрекетін саналылықпен реттеуі қажеттігін негіздейді және танымдық іс-әрекеттің негізгі құрылымдық бөлімдерін: танымдық қызығушылық, танымдық ізденімпаздық және шығармашылық әрекет ретінде ажыратады.

Қоғамның бұл талаптары оқушылардың танымдық іс-әрекеттерін дамытуға бағытталған жаңа әдістер мен оқытуды ұйымдастыру, оны жүргізу құралдарын іздестіруді жеделдетті. Оқытудың жаңа тиімді әдістері мен амалдарын іздестіру **үлгілеу** арқылы жүзеге асады. Яғни, шеттілдік білім беру іскерліктерін дағдыландыруды, осы іскерліктерді тиімді басқару үрдісін ұйымдастыру жолдарын іздестіруді **үлгілеу** деген сөз. Білім беру үрдісінде үлгілеуді кең көлемде қолдану, стратегиялық және тактикалық жоспарда бір уақытта келесі екі міндетті орындау қажеттілігіне шартталған: прагматикалық-қатысымдық және дидактикалық. Бұл екі міндет шындыққа жақын оқу жағдаяттарына сай кәсіби дәлме-дәл міндеттерді үлгілеу үрдісінің тиімді әдістемесімен қамсыздандырылады.

Пассовтың пайымдауы бойынша «үлгілеу» ұғымының астарында үлгіні жасау арқылы нақты жүйені сәйкестендіру, яғни, осы жүйені ұйымдастыру ұстанымдары мен оны іске асыру арқылы жаңғырту деген түсінік жатыр. Шеттілдік білім берудегі үлгілеу – қатысымға түсушілердің өзара әрекетінің арнайы үлгісін жасау. Бұл үлгі келесі талап бойынша жасалады: коммуниканттардың болашақ кәсіби іскерліктеріне нақты жағдаяттарымен жақынырақ, яғни, болашақ маман иесін қатысымға еркін түсуге дайындау мен шеттілдік кәсіби дайындығының нақты деңгейін қалыптастыру талаптары орындалуы тиіс [3, 47 б.]. Яғни, қарым-қатынас үрдісін үлгілеу тиімдірек болып саналатын қатысымдық іскерлікті қалыптастыруға бағытталған оқыту-басқарушылық амалына, тілдік әрекеттің барлық түрін (айтылым, жазылым, оқылым, тыңдалым) бір уақытта әрі кешенді қалыптастыруды қамтамасыз ететін мамандықтың оқыту кешенінің пәндік мазмұнын ашу әдісіне негізделеді. Оқыту кешенінің негізі ретінде Д. Н. Кулибаеваның «қатысымдық кешені» алынады. Ғалымның пайымдауынша, шетел тілін арнайы-кәсіби бағыттылығы жағдайындағы қарым-қатынастың функционалды ерекшелігі шетел тілі курсының кәсіби-бағытталған пәндік мазмұнына негізделген, сонымен қатар, бұл өз кезегінде оқыту өлшемдерін қатысымдық кешенге құрылымдайды. Осындай кешеннің көмегімен этикетті, байланыс орнатушы, бағалаушы және басқа да еркін кәсіби қатысымға өтуге бейімдейтін сипаттар көмегімен метақатысымдық функционалды-бағытталған іскерліктерге жағдай жасалады. Ғалым қатысымдық кешен құрамына аталмыш салаға тиесілі тақырыптар жиынтығын, күнделікті қарым-қатынас жағдаяттарын, метатілдік лингвистикалық материалдарды, әр түрлі инофонды тілдік-шығармашылық мәтін түрлерін (суреттеу, сипаттау, баяндау және т.б.), тілдік жанрларды (интервью, дискурс, көрсетілім, пресс-конференция және т.б.) қосуды ұсынады.



Сурет 1– Лингво-мәдени кешен құрылымы

П. К. Елубаеваның еңбегінде Д. Н. Кулибаеваның ұстанымы бойынша жоғарыда келтірілген қатысым үрдісін үлгілеу амалын орындау әрекеті жасалды. П. К. Елубаева ұсынған қатысымның пәндік-процессуалдық үлгісіне сүйене отырып, аталмыш үлгіні арнайы мектептегі, оқушылардың танымдық іс-әрекетін дамытуға бағытталған когнитивті лингвомәдени кешенді үлгілеуді шеттілдік білім беруде қолдануға болады. Автордың үлгісі бойынша, пәндік мазмұнға, арнайы мектептердегі шеттілдік дайындық талаптарына және қатысымдық іскерліктерді қалыптастыру мақсатына сүйене отырып, қатысымның пәндік мазмұнын қамтамасыз ететін және оның процессуалды қамсыздығын қанағаттандыратын ұйымдастырушы кешен ретінде **лингво-мәдени кешен (ЛМК)** (1-сурет) ұсынылды. Қатысымның пәндік мазмұнының үйретуші кешені – оқытылып жатқан тілдің лингво-мәдени ережелерін игеруді талап ететін, нақты қатысым талаптарына сай «қатысым үрдісінің үлгісі» ретінде ұйымдастырылған лингво-мәдени кешен. Сол себепті, лингво-мәдени кешеннің компонентті құрамына мынадай сипаттамалар беруге болады (1-сурет):

- коммуниканттар орны;
- коммуниканттардың әлеуметтік-рөлдік қарым-қатынасы;
- қатысым мақсаты;
- мотивтер мен қатысымдық қызметтер;
- қатысым саласы;
- қатысым нысаны;
- жағдаяттың даму траекториясы.

Сонымен қатар, қатысым ұғымының астарында **коммуникант** ретінде ең кемі екі мәдениетаралық қатысым субъектерінің ой мен ақпарат алмасуы жатыр.

Мәдениетаралық өзара әрекет жағдайында нақты байланыс құзыреттіліктерін оқытуға бағытталған арнайы мектептің пәндік мазмұнын қатысымдық салалар арқылы саралау мен ұйымдастыру, мәдениетаралық-қатысымдық оқытудың мақсатты нұсқаулығының өзгеруімен объективті шартталған МБС талаптарына сәйкес төменде келтірілген салалар арнайы мектеп оқушыларының **қатысымдық әрекетінің негізгі салалары** болып табылады:

- 1) қоғамдық;
- 2) әлеуметтік-мәдени;
- 3) экономикалық;
- 4) саяси;
- 5) білім және ғылым.

Е. И. Пассовтың пайымдауынша, коммуниканттардың өзара қарым-қатынасы барысындағы ақпарат алмасу, пікір алмасу, ұсыныстарды талқылау, болжамдау, алдағы әрекеттерді жоспарлау секілді әрекеттері **қатысым нысаны** ретінде аталмыш ұғымның психологиялық мазмұны болып табылады. Сонымен бірге, мақсатты-бағытталған, танымдық, регулятивтік мотивтер мотивтің негізгі түрлері болып табылады [4, 216 б]. Коммуниканттардың әрекетіндегі қатысым нысаны келесі сұрақтарды қамтиды: қоғамдық үрдістер мен мәдениет аралық қатысым, ішкі саяси үрдістер, экономикалық мәселелер, болашақ мамандық пен білім және ғылым. Қатысушылардың өзара келісіміне олардың мүдделері мен құндылықтарын ашық түрде пысықтау арқылы қол жеткізуге болады. Егер коммуникация барысында қатысушылар өз мүдделерінің «қарсылас» мүддесімен тең дәрежеде ескерілгенін байқар болса, көп жағдайда, келісімдер қайта қаралып, өзгеріп отырады. Сонымен қатар, үнемі **жағдаяттың даму траекториясының** тиімділігін күту мүмкін емес.

Жаңа когнитивті-лингвомәдени кешендерді игеруге бағытталған мазмұнның пәндік көрнісінің ұйымдастырушылық негізі жалпы мақұлданған қатысымдық салалар шеңберінде анықталады немесе қатысым саласының **біріккен мазмұн бірлігі** болып табылады. Бұл бірлік зерттеушінің пәндік

мазмұнның негізгі орталығы ретінде қарастыруына қарай оқу бірлігі ретінде де қарастырылады. Сонымен, И. Л. Бимнің пікіріне тоқталсақ: *«Егер педагогикалық үрдісті талдайтын болсақ, онда біз оқу пәнінің оқу бірлігі ретінде шеттілдік материалды (сөз, типтік сөйдемі, мәтін) емес, іс-әрекет бірлігін, яғни, мұғалім мен оқушы арасындағы өзара әрекетті қарастыруымыз қажет. Бұл жағдайда алғашқысы тапсырма береді және оны шешудің жолын көрсетеді, ал екіншісі берілген мысалға қарап отырып, оны шешуге тырысады және т.б. Материал бірлігін оқу әрекетіне енгізу, яғни, жаттығудың құрылымы мен қызметін анықтап көрсету оның тез игерілуіне септігін тигізеді»* [5, 45 б.].

Профессор А. Т. Чакликованың пікірінше, берілген нысандардың қарым-қатынасын келесі кесте арқылы көрсетуге болады: **оқу бірлігі** → **іс-әрекет бірлігі**. Бұл кесте «мақсаттар пен міндеттер кез-келген материал бірлігінен кейін, ең соңында олардың тілдік әрекеттің көзделген түрінің игерілуіне бағытталған әдісте іске асуын «бағдарламалайтындығына» негізделген.

Оқу бірлігі ретінде қолданылатын мазмұнның біріккен бірлігі ретінде ғалымдар төмендегідей қарастырған:

– «тақырыптық кешен» (Н. К. Стамғалиева) оқу материалын ұйымдастыруда мән-мәтіндік-тақырыптық құрамда болады, ал, «мән-мәтіндік оқудың» астарында болашақ кәсіби қызметтің «пәндік» және әлеуметтік мазмұны жатыр;

– «қатысымдық-қызметтік блок» (А. Б. Тыныштықбаева), кәсіби-маңызды білімдер мен қатысымдық іскерліктерді қалыптастырушы;

– «тақырыптық-мәтіндік бірлік – ТМБ» (Д. Н. Кулибаева) оқу материалының мазмұнды-қызметтік және тақырыптық бірлестігі ретінде;

– «жағдаяттық-тақырыптық блок» (Г. Д. Закирова) тақырыптық негізделген қатысым жағдаяты арқылы оқу мазмұнын талдау және ұйымдастыру;

– «тақырыптық-ақпараттық модуль» (Чакликова А. Т. [6, 117 б.]), ақпараттық-қатысымдық технологиялардың техникалық мүмкіндігі арқылы ақпараттық артықшылықты, өзгергіштікті, ашықтықты болжайтын ақпараттық материалдың мазмұнды-қызметтік және тақырыптық бірлестігі ретінде;

– «білімдік-қызметтік лингвомәдени бірліктер» (Нарымбетова Ж. С.) концептуалды ұйымдасқан инофонды әлем бейнесі мен өзге лингво-мәдени әлеует өкілімен тең дәрежедегі өзара әрекетті игеруді қамтамасыз етуші бірліктер;

– «аймақтық концепт» (Елубаева П. К. [7, 101 б.]) болжамды негіздерді және нақты тәжірибені игеру мен мәдениетаралық-қатысымдық құзыреттілікті оқу, кәсібилік және жеке кәсіби қызметте іске асыруды қамтыған, таңдалған тілдік-қатысым мен тілдік минимумдарды игерген

аймақтанушының мәдениетаралық-қатысымдық құзыреттілігінің жалпымәдени кәсіби тезаурусының дамуына негіз құраушы бірлік.

Жоғарыда келтірілген анықтамаларға сілтеме жасай отырып, арнайы мектептегі шеттілдік білімнің пәндік мазмұнын айқындайтын бірліктер тілдік-қатысымдық және тілдік минимумдарды меңгерген оқушының мәдениетаралық-қатысымдық құзыреттілігінің жалпымәдени тезаурусты игеруін қамтамасыз ететін «**лингво-мәдени кешен**» ретінде анықталады.

Ұсынылған когнитивті лингвомәдени кешенді негізінде шетел тілін үйрену барысында оқушылардың танымдық іс-әрекетін тиімді ұйымдастыруға ықпал етеді деп сенемін. Ұсынылған білім беру үлгісі бойынша оқушылар алған білімін өмірдегі әр түрлі жағдайларда қолдана алатындай іс-әрекет атқаруға икемделуі негізінде олардың білігі, дағдысы, әрекет жасау амалдары, т.б. дамиды. Өйткені ол оқушы міндеттері шешіліп, мақсат, мотив, танымдық ақпаратты қабылдаудан бастап, күрделі шығармашылық үдерістің қалыптасуымен аяқталатын түрлі сезімдік көріністермен т. б. сипатталады.

Қорытындылай келе, шетел тілін оқытатын арнайы мектептерде оқушылардың танымдық іс-әрекетін дамытудың негізгі қағидаларына тоқталып өтетін болсақ:

– оқушылардың таным әрекетін ұйымдастыру формалары, құралдарын және әдіс- тәсілдері лингво-мәдени кешені негізінде ұйымдастыру.

– шетел тілі сабағында танымдық ойындар ұйымдастыру, пәнаралық байланыстарды тудыру, оқушылардың өздігінен орындайтын жұмыстарын тиімді ұйымдастыру, білімін тексеру мен бағалаудың алуан түрлерін ұтымды пайдалану арқылы оқытудағы кері байланысты жетілдіру.

**Лингво-мәдени кешен** – кәсіби-бағытталған қатысымның пәндік мазмұнының білімдік кешені. Бұл кешен «қатысым үрдісінің үлгісі» ретінде ұйымдастырылған және оқытылып жатқан тілдің лингвомәдени заңдылықтарын игруді талап ететін нақты қатысым талаптарын сай құрылған. Лингво-мәдени кешеннің құрамдық бөліктеріне: коммуниканттар рөлі; серіктестердің элеуметтік-рөлдік қарым-қатынастары; қатысым мақсаты; қатысымдық қызметтер мен мотивтер; қатысым салалары; қатысым нысаны; жағдаят траекториясының дамуы жатады.

Яғни, арнайы мектеп оқушысының шеттілдік білімінің пәндік мазмұнын айқындайтын бірлік ретінде **лингво-мәдени концепт** айқындалады. Бұл концепт когнитивті-лингво-мәдени кешеннің көптүрлілігі ретінде шынайылықты мәдени әлем бейнесі арқылы айқындайтын шетел тілі мен өзге мәдениетті оқыту мәселесін шешуге бағытталған алдын-ала таңдалған тілдік-қатысым және тілдік минимумдарды қамтыған.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 kzbydocs.com/docs/108/index
- 2 **Абуханова, А.** Танымдық белсенділікті қалыптастырудың педагогикалық ерекшеліктері. – Қазақстан мектебі. – № 2. – 2007. – 44-45б.
- 3 **Пассов, Е. И.** Коммуникативный метод обучение иноязычному говорению. – М. : Просвещение, 1991. - 223 с.
- 4 **Пассов, Е. И.** Основы обучения иностранному языку. - М. : Русский язык, 1977. – 216 с.
- 5 **Бим, И. Л.** Методика обучения иностранному языку как наука и проблема школьного учебника. - М. : Русский язык, 1977. – 288 с.
- 6 **Чакликова, А. Т.** Научно-теоретические основы формирования межкультурно-коммуникативной компетенции в условиях информатизации иноязычного образования автореф...дис.док пед.наук. 13.00.02. - Алматы, 2009. - 389 с.
- 7 **Анисимов, В. Е., Пангина, Н. С.** Методологические вопросы разработки модели специалиста//Советская педагогика. – Выпуск №5. – 1987. - С. 100-108.

18.01.16 баспаға түсті.

*А. А. Косбармахова*

**Моделирование когнитивно – лингвокультурологического комплекса ориентированного на формирование познавательных навыков учащихся профильных школ**

КазУМоиМя имени Абылай хана, г. Алматы.

Поступило в редакцию 18.01.16.

*А. А. Kosbarmakhova*

**Modeling of cognitive linguacultural complex directed to the development of cognitive activity of profile school learners**

KazUIR and WL named after Ablai Khan, Almaty.

Received on 18.01.16.

*Иностраннный язык может быть использован в качестве инструмента для радикального изменения социальных условий нашей страны и интернационализации отношений между различными национальными культурами в стране. Одно из основных требований в образовании является не только освоение данного знания, но и формирование познавательной деятельности студента на основе освоенного знания. В этом случае, необходимо формирование*

*исследовательской деятельности, имея ввиду особенности культуры иностранного языка уметь составлять структурное заключение, развивать аргументативную деятельность, анализировать учебный материал, и т.д.*

*Foreign language can be used as a tool of communication to the radical changes in the social conditions of our country and the internationalization of relations between the different national cultures in the country. One of main demands for an education is not only the knowledge enlargement, but also the development of students' cognitive activity based on their knowledge. In this case, it is necessary to form research activity, referring to the cultural differences of a target language, to make a learner be able to make structural conclusion, to develop argumentative activity, to analyze teaching material, etc.*

ӘОЖ 378.02:37.016

### Қ. Б. Күдерінова

ф.ғ.д., доцент, Сулейман Демирел университеті, Алматы қ.  
e-mail: kuderinova-70@mail.ru

## ҚАЗАҚ ТІЛІ ОРФОЭПИЯСЫН ОҚЫТУДА ЕСКЕРЕТІН МӘСЕЛелер

*Мақала қазақ орфоэпиялық нормасының қалыптасу тарихын, қазіргі айтылым нормасындағы өзгерістерді, қазақ тілі орфоэпиялық сөздігінде көрсетілген нормаларды оқытуда ескеретін мәселелерді қозғайды.*

*Кілтті сөздер: қазақ тілі, орфоэпия, оқыту, дыбыстық құрам, әдеби тіл, қазақ жазба тілі.*

Мқаланы жазудағы негізгі мақсат мынау еді. Қазіргі әлемде өмір сүріп жатқан 15 шақты түркі тілдерінің ішінде қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алған 6 тілдің біреуі болып табылады. Қазақ тілі Ресей империясы мен Кеңестер одағы құрамында болған 130 жыл ішінде тілдік ортасынан айырылды. Бірақ қазақ тілі мемлекеттік мәртебені 57 пайыз ғана сөйлеушілердің күшімен, тілдік ортаның жартысымен ғана алды. Бұл саяси-әлеуметтік фактор тілдің өз жүйесі мен құрылымына, әсіресе фонетикалық құрамына әсерін тигізбей қоймады. Сондықтан қазақ тілінің дыбыстық құрамы қандай еді, қандай өзгерістерге ұшырады, болашақтағы бет-бейнесі қандай болмақ, оқытуда нені ескерген жөн деген сұрақта төңірегінде болмақ.

Қазақ тілі түркі тілдерінің ішінде қыпшақ, оның ішінде ноғай, қарақалпақ тілдерімен бірге қыпшақ-ноғай тобына жатады. **Қазақ** сөзінің ресми түрде тарих сахнасына шығуы 20 ғасырдың 30 жылдары саналады, оғанға дейін **киргиз тілі, киргиз-қайсақ** халқы деген атпен аталып жүрді. Бүгінде қазақ тілінде 12 млн қазақ сөйлейді. Әсіресе қалада тұратын қазақ отбасыларының жалғасқан 2 ұрпағы да қазақ тілінде сөйлеуі 90 жылдан бермен қарай, яғни Қазақстан тәуелсіздік алған жылдардан басталады. Сөйтіп, қазақ тілінде орыс тілінің акцентсіз сөйлейтін қазақтар қалада да көбейді.

Жалпы қазақ тілінің тарихына көз жүгіртсек, қазақ тілі үнемі өзге тілдің әсеріне тез шалдығып, тез есін жиып, иммунитетін тез көтеріп алып отырғанын көреміз. Ал тез әсерленудің себебін іздесек, қазақ халқының білімге, ғылымға, жаңа ақпаратқа құштарлығы ма дейміз. Ислам мәдениеті мен шығыс әдебиетіне еліктегенде, мысалы, араб тілінің әсеріне ұшырады. Сондықтан қазақ тілі 19 ғасырдың II жартысына дейін екі кеңістікте өмір сүрді. Оның бірі - қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерінен көретіміздей – қазіргі жалпыхалықтық тілдің негізі болып табылған қазақ тілі де, екіншісі – Түркі кеңістігінде XV-XVI ғ. бастап, XIX ғ. екінші жартысына дейін қолданылған, ғалымдар арасында әртүрлі аталып келген **ескі қазақ жазба тілі** (Н. Уәлиұлы) болды [1, 154].

Осы әдеби тіл мен сөйлеу тілі синтезделген тілде жаңа қазақ тілінің фонологиялық құрамы қалыптасты. Яғни сөздің абсолют басында, бірінші буында ғ, г айтылатын болды және ә дыбысы пайда болды [2, 5]. Әйтпесе «V-VIII ғасыр, сондай-ақ орта ғасырлардың алғашқы кезеңіндегі жазбалар тілінен ә фонемасы кездеспейтін» [2, 10]. Ә фонемасының пайда болуымен бірге **ж, ш** дыбыстарынан кейін айтылатын жуан дауысты дыбыс жіңішкеруге бейімделді, мысалы, *жәй, шәй*. Сондай-ақ қазақ тілінің (басқа да түркі тілдерінің) ежелгі заңдылығы – **қ, ғ** дауыссыздарының тек жуан дыбыстыларымен тіркес құруы бұзылды. Едәуір сөздер құрамында қ дауыссызы жіңішке дауыстылармен айтылып, қалыптасты: *қате, қызмет* [2, 6]. Сонымен қатар кеңестік қазақ грамматикалары дифтонг дыбыс деп қараған *су, келу* сөздерінің құрамындағы у дыбысын араб жазуын пайдаланған ғасырда жеке фонема ретінде бір әріппен таңбалады (кейін жартылай дауысты деп түсіндірілді). Дифтонг деп танылуы алдынан көмескі болса да бірде **ү**, бірде **ү** естілеуінен. Ал ол хақас тілінде – *суг*, башқұрт тілінде – *һуу*, қырғыз тілінде – *суу* болып, мына дыбыс сәйкестігін көрсетеді: *уғ//ыу//уу//у* [2, 11]. Сонда қазақ тілінде орыс тіліндегідей таза **у**, таза **и** фонемасы жоқ.

XX ғ. басындағы «Қазақ» газеті ескі жазба тілден біржола ажыраған қазақ тілінің жаңа өмірі болды. Қазақ интеллигенттері жазуды ауызша тілге жақындатты. Аталған газет халық сөйлеген сөзді бастырды. Бұрынғы тілде қосымшалардың бір ғана ұяң варианты болса, ендігі жерде қазақ тіліндегі сингармонизм заңына сәйкес қосымшалардың 6 варианты да таңбаланатын



болды. Сөйтіп, қазақ жазуы фонетикалық жазуға айналды. Алғашқы орфографиялық ереже жасалған 1929 ж. конференцияда тілші-ғалым Е. Омаров морфологиялық принципті халықтың жалпы сауаты көтерілгенде, 5-10 жылдан кейін жүзеге асыруына болады деп, фонетикалық принципті дұрыс көрген.

Сөйтіп, 20 ғ. басында таңдалған емледегі басты фонетика-морфологиялық принцип қазақ тілінің ауызша және жазба жүйесін бір етіп жіберді. Сондықтан тілді зерттеу тек қана жазылған тілді зерттеу болып шықты. Жазылған тіл ауызша тілге ешқашан сәйкес түсе бермейтінін ешкім мойындамады. Қысқасын айтқанда, қазақ тілін зерттеушілер табиғи емес, жасанды қазақ тілін зерттеді. Қазір де зерттеп жүрміз. Ол әсіресе, қазақ тілінің фонетикасына қатысты.

Қазақ тілі өзінің грамматикалық құрылысы мен лексикалық қорын 15-16 ғғ. нормалап алды десек те, сол дәуірдегі қазақ әдеби тілінің алғашқы дыбыстық нормасы туралы ақпарат беретін жазба ескерткіштер жоқ. Тек шығармалары ауызша жеткен 15-16 ғғ. өмір сүрген ақындардың өлеңдері деген авторлық туындыларды білеміз. Сол дәуірдегі ауызша әдебиет үлгілерінің тілін зерттеудің жалпы қиындығы осында.

Фонетикалық деңгейді зерттеудің қиындығы – өткен ғасырлардағы дыбыстық нормадан хабар беретін аудиомәліметтердің жоқтығы екендігі белгілі. Өзге тілдің, әсіресе орыс тілінің әсеріне шалдықпай тұрғандағы дыбыстық ерекшелікті тану тіптен қиын. Ал бізге дәл сол қазақты дыбыстық ерекшелікті білу керек. Қазақ даласына бір жағы миссионерлік мақсатпен келген орыс зерттеушілері В. В. Радловтың ел аузынан естіген күйінде қағазға түсірген сөзформалары, Н. И. Ильминскийдің қазақ сөзіне арнаған әліпби құрамы, Ы. Алтынсариннің әліпбиінде келтірілген мысалдар біршама мәлімет бере алады.

Өйткені 20 ғ. басы – қазақ халқының ұлы перзенті А. Байтұрсынұлы айтқандай, мынадай заман болды: «Қалыпты шаруамыз өзгеріліп, қалпымыз да өзгерілейін деп тұр. Қалпымыз өзгеленсе қалай болатынымыз белгісіз, іргеміз тұтас ыдырамай, бірыңғай жатқан халық едік. Енді арамызға бөтендер келіп кірісейін деп тұр» [2]. Іргесі бұзылмаған елдің арасына кірген бөтендер – орыс тілінің үстемдігі кесірінен қазақ тілінің дыбыстық жүйесі өзгерді.

17-19 ғғ. қазақ тілінде 9 дауысты, 19 дауыссыз болғаны көрінеді. Ал қазір 12 дауысты, 25 дауыссыз. Фонемалар санының көбеюі кірме терминдерді жазу үшін алған орыс тілі әріптері (в, ф, э, щ, х, ч, ц, я, ю, и, ь, ь) есебінен жүрді. Яғни бұл әріптер тек орыс тілі арқылы енген сөздерде жазылды және айтылды. Орыс тілі орфоэпиясы сақталуы міндет болды. Соның кесірінен қазақ тілінің өз фонемаларында вариациялар пайда болды: а) *газет, актив* тәрізді сөздердің тілімізде орнығуы арқылы **а** дыбысының тіл ортасы арқылы дыбысталатын жаңа бір сапалық вариациясы – **а** мен **ә** арасында айтылуы қалыптасты (*Күләш, мінәжат*); ә) *электр, элеватор* сөздерінің айтылуына

орай бірінші буындағы е дыбысының вариациясы шықты (кет – *кэт, Ербол – эрбол*), б) тілімізде ертеден орныққан, г, з дыбысынан басталатын сөздер молайды [3, 5]. Сондай-ақ кирил графикасымен бірге енген **и, у** әріптерін де фонема деп тану біржола бекіді [3, 20].

Орыс тілінің әсерінен бе, әлде қазақ тілінің артикуляциялық жолының босандануынан ба, әлде жазба тілдің кесірінен бе қазақ орфоэпиясында мынадай вариациялар пайда болды және пайда болып жатыр. Алдымен, сөздің ұяңдану бағытын көрсетейік:

1. Екі дауыстының, үнді мен дауыстының арасында келген **б** дыбысы екі еріннің сәл жуысуы арқылы айтылады, бірақ **б** әрпі жазылады. Бұл – орыс тіліндегі ерін-тіс жуысуы арқылы жасалатын **в** фонемасы емес, түрік тіліндегі ерін-ерін жуысуы арқылы жасалатын жұмсақ **б** вариациясы. Мысалы: *ебедейсіз, сабақ*.

2. **ш, с** дыбыстарының алдынан келген **п** фонемасы «жұмсарып», екі еріннің жуысуы арқылы **п** мен **ф**-ның аралығында айтылады: *тепсе, көпшік, топса*.

3. **ш, с** дыбыстарының алдында **к, қ** дыбыстары жұмсарып, өзінің негізгі, яғни *қор, қала, тапқыр, көк, тек* деген сияқты сөздерді айтқандағы реңкінен айнып, жуысыңқы айтылады. Мысалы: *ақша, бақшаң-бақшаң ету, көк шәлі* [4]. Қазіргі жастардың тілінде тоғысыңқы **қ** фонемасын жуысыңқы айту жаппай құбылыс болып келеді. Мысалы, *мақта* сөзін *махта* деп айту деген сияқты.

4. **п** фонемасы өзінен кейін айтылған дауысты не үнділердің әсерінен босаң **б** вариациясына айналады: *дөп-дөңгелек, көпбұрұш*.

5. Қазақ тіліндегі сөздер жалпы алғанда бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке айтылады және жазылады да. Бірақ бұл заңдылыққа қайшы сөздер де бар. 20 ғ. басындағы жазу нормасымен дәстүрге айналып кеткен *құрмет, қошемет, кітап, құдірет, қауесет, рақмет* сөздері тіл заңдылығына сәйкес *күрмет* не *құрмат*, *кітап* не *қытап*, *құдырат* не *күдірет*, *қауасат* не *кәуесет* болып жазылуы және айтылуы керек еді. Олай болмады. Сондықтан жазылуы бойынша оқу себебінен тек жуан айтылатын **қ** фонемасының жіңішке айтылатын вариациясы пайда болды. Проф. Н. Уәли «Бұл жерде алдымен [к]-ның жіңішке тембрінің пайда болуына әсер ететін түрткіжайтқа назар аударуға тура келеді. Сөздің соңғы буындарындағы жіңішке дауыстылар бірінші буындағы дауыстының жіңішке түрленіміне, ал ол өз кезегінде [к]-ның жіңішке тембрлері реңк алуына әсер етеді. Сөйтіп, *құдірет, рақымет* дегендегі [к] дауыссызы жіңішке [к'] реңкпен айтылады» дейді [5]. Сол сияқты [к] дыбысының әдеттегі жіңішке тембірінен басқа жуан тембрі бар.

Енді қазақ тіліндегі қатаңдану процесіне келсек.

1. **Т**-дыбысымен іргелес айтылған **с** дыбысында негізгі, *сай, тас* деген сияқты сөздерді айтқандағыдай реңкінен бөтен айтылу сазы пайда болады.

Екеуі де тоғысыңқы болып табылатын дыбыстар қатар келгенде, соңғы **с** жабысыңқы айтылады. Мысалы: *сәтсіз*, – *сәтсіз*, *отсыз* – *отсұз*, *самса* – *самса*. Бұл **тс** дыбыс реңкін орыс тіліндегі **ц** дыбысымен шатастыруға болмайды [4].

2. **Т**-мен іргелес келген **ш**, **ж** дыбыстары өзінің жуысыңқы айтылуынан айнып, жабысыңқы айтылады. Мысалы: *самшы* – *самшы*, *жам жер* – *жамшиер*, *жамжерлік* – *жамшиерлік*. **Тш**, **тж** дыбыс реңкін орыс тіліндегі **ч** дыбысымен шатастыруға мүлде болмайды. Оның үстіне **тш** дыбысына карағанда, **тж** реңкі сәл жуысыңқы айтылатынын білген жөн. Әйтпесе сөз мағынасы өзгеріп немесе түсініксіз болып қалады [4]. Жалпы бұл нормалар Қазақ тілінің 2005 жылы шыққан орфоэпиялық сөздігінде көрсетілген [6].

Қазақ тілінің негізгі дыбыстық заңдылығы – үндестік заңы (сингармонизм заңы). Сөздің бірінші буыны жуан болса, соңғы буынға дейін сөз жуан айтылады. Бірінші буын жіңішке болса, соңғы буынға дейін сөз жіңішке айтылады. Және сөздің бірінші буыны еріндік дауыстымен айтылса, кейінгі буындардағы дауыстылар да, дауыссыздар да еріндікпен айтылады. Сонда қазақ тілінде жуан-еріндік үндесім, жіңішке-еріндік үндесім, жуан-езулік үндесім, жіңішке-езулік үндесім болып келген. Алайда В. В. Радловтың жинаған материалдарында ерін үндестігі кейде бұзылып, ерін-езу араласып отырады. Бұл 19 ғ. бірінші жартысындағы қазақ тілінің дыбыстық заңдылығында тіл үндесімінің (лингвалды сингармонизм) жетекші рөл атқарғанын, ал ерін үндесімінің (лабиалды сингармонизм) жаппай құбылысқа айналмағанын көрсетеді.

Әлем тілдерінің ішіндегі қазақ тілінің өзіндік орнын тауып, негізгі дыбыстық заңдылығын көтерген ғалым проф. Ә. Жүнісбек қазақ тілтануына негіз болып келген үстем тілдер теориясынан арылу арқасында тілдің ақиқат дыбыс құрамы мен жүйесін төл теория тұрғысынан анықтаудың мүмкін екенін айтқан. Радловтардың жазбаларын шынайы тіл деген. «Фонем ұғымын ендірген ғалымдар І. Кеңесбаев, Талипов, Ж. Аралбаев екпінді негізгі, ал үндесім заңдылығын көп фонетикалық құбылыстардың бірі етті» деп жазады автор [7, 3].

Қазақ халқының ұлттық ерекшелігі ретінде бір феноменді құбылыс болған және қазір де бар. Ол – эпостық жырларды бірнеше күн бойы тоқтамай, жатқа айта білетін, есте сақтау қабілетінің күштілігі. Жыр мақамынан жаңылмау, өлең жолдарының үсті-үстіне түйдектіліп құйыла беруі – осы қазақ тіліндегі үндесім заңының әсерінен деген де көзқарас бар (А. Фазылжанова).

Сөздің бірыңғай айтылуы эстетикалық жағынан жағымды әсер береді. Кедергісіз қабылдатады. Оны мақал-мәтелдердің құрамынан да байқай аламыз: *тоғыз тоңқылдақ, бір шіңкілдек, жер-жебіріне жету*. Үндесім арқылы жағымды әсер беруді тоқтатпау, үзіп алмау, сөз ағымын тұтастыру,

сөйтіп келесі ой түйдегін, сөз ұйқасын шақыру, ұмыттырмауға үндесім заңдылығы қызмет еткен деген ойдамыз. Өйткені ғалымдар (Радлов, Бодуэн де Куртенэ, Қ.Жұбанов) анықтағандай, сингармонизмнің түбір мен қосымшаны қатырып ұстап тұратын («цемент») қызметі, сөзжасаушытық қызметі негізгі.

**Ерін үндесімі** – бірінші буындағы ерін дауыстылардың әсерінен (**о**, **ө**, **ұ**, **ү**) екінші-үшінші буындағы езуліктердің (**ы**, **і**, **е**) еріндікке айналып, ұқсап, жуықтап айтылуы. Қазақ тіліндегі ерін үндестігі қырғыз, алтай, тува тілдеріндегідей жаппай қамтитын құбылыс емес екені белгілі. Сондықтан ерін үндестігі жазба тілде көрініс таппаған. Қазақ тіліндегі ерін үндестігі – 2-3 буынға дейін сақталатын, ары қарай сөз неше буыннан тұрса да соңында езулікпен айтылатын құбылыс. Ерін үндестігінің 2-3 буынға дейін анық естілетін, айтылатын тұсы ашық буын жағдайында. Мысалы: *көбелек* – *көбөлөк*, *құбылыс* – *құбұлұс*, *сүйініш* – *сүйүнүш*, *бөдене* – *бөдөнө*, *бұрылыс* – *бұрұлұс*, *бүлініс* – *бүлүнұс*, *көпене* – *көпөнө*, *күйініш* – *күйүнүш*, *құйылыс* – *құйұлұс*.

Жалпы, ерін дауыстыларын еріндік реңкінің күштісінен әлсізіне қарай орналастырсақ, былай болады: **ө**, **о**, **ұ**, **ү**. «Ашықтан қысаңға қарай а, ә, о, ө, е (э), ы, і, ұ, ү, и, у; езуден ерінге қарай и, а, ә, ы, і, е, (э), о, ө, ұ, ү, у.

Сондықтан **ө** дыбысы үшінші бітеу буында сирек айтылады да, ашық буынды жоғарыдағы түбір сөздерден басқа жағдайда, мысалы, түбір мен жалғау жағдайында үшінші буын **е** болып дыбысталады. Болмаса өзінен еріндігі әлсіз **ү** болып айтылады. Мысалы: көркемдік – көркемдүк, өзенге – өзөнге, көркемдеу – көркемдеу.

Тіліміздегі ерін үндестігінің жаппай қамтитын құбылыс емес екенін жалғаулар арқылы білуге болады. Жалғаулар қатарында **ө**-мен келетін еріндік варианттар жоқтың қасы. Сондықтан сөз ашық буынды болса да, үшінші буындағы жалғау езулікпен айтылады. Мысалы: *төбеле*, *төпеле* [4]. Ерін үндестігінің бұл нормасы әдеби норма болып табылады. Кейбір әсіресе Қазақстанның шығыс аймағында ерін үндесімі 4-5 буынға дейін айтылады. Бірақ ерін үндесімінің 3-буынға дейін айтылатын нормасы қазіргі жастардың тілінде мүлде жоғалып бара жатыр деуге болады. Бұл қатарда қала жастары бірінші орында тұр. Орта буын өмірден кеткенде қазақ тіліндегі ерін үндесімі де езуден кететін сияқты.

Бүгінде ықшамдау құбылысы, яғни дауысты дыбыстың бірінің түсіріліп, сусып, көмескі айтылуы көбірек және заңды құбылыс. Мысалы: *алты атар* – *алт'атар*, *екі ағайынды* – *ек'ағайынды*, *төргі үй* – *төрг'үй*, *қараауыз* – *қар'ауыз*, *саптыаяқ* – *сапт'айақ*.

Сөйтіп, 19 ғ. бірінші жартысына дейін қазақ тіліндегі үндесім заңдылығы тіл және ерін үндестігі түрінде болды. Үндестік заңын 19 ғасырда да, бүгінде де кірме жұрнақтар бұзып келеді (хана, паз, қор, кер). 19 ғ. басында қазақ халқының ұлы перзенті А. Байтұрсынұлы қолданыстағы араб

жазуына реформа жасады. Қазақ тілінің фонологиялық құрамын анықтады. Таңбаланатын дыбыстардың санын анықтады. Негізгі дыбысқа, инвариант фонемаларға ғана әріп арнады: 24 әріп, 1 дәйекшеден тұратын қазақтың тұңғыш әліпбиі мен емлесін жасады. Бұндағы негізгі мақсат қазақ тілінің төл дыбыстық табиғатын ғасырлар бойында, өзге халықтармен араласатын заман ішінде сақтап қалу еді. 21 ғ. қазақ тілінің жоғалмауына латын графикасына көшу арқылы, орфоэпиялық нормаға нұқсан келтірмейтін жазу жүйесін жасау арқылы қол жеткізе аламыз ба деген ойдамыз.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Күдерінова, К.** Қазақ жазуының теориялық негіздері. – Алматы, 2010. – 376 б.
- 2 «Қазақ» газеті 1913. – Алматы : Арыс, 2009. – 477 б.
- 3 **Томанов, М.** «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» Фонетика. Морфология. – Алматы : «Мектеп», 1981. – 206 б.
- 4 **Күдерінова, К.** Жеке дыбыстардың орфоэпиясы // Қазақ тілінің орфоэпиялық анықтағышы – А., 2005.
- 5 **Уәлиев, Н.** Қазақ тілінің орфоэпиялық анықтағышы. – А., 2005.
- 6 Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі. – А., 2005.
- 7 **Жүнісбек, Ә.** Қазақ фонетикасы. – А., 2009. – 312 б.

14.01.16 баспаға түсті.

*К. Б. Күдерінова*

### **Проблемы обучения орфоэпии казахского языка**

Университет имени Сулеймана Демиреля, г. Алматы.  
Поступило в редакцию 14.01.16.

*К. В. Kuderinova*

### **Problems of teaching the Kazakh language orthoepy**

Suleyman Demirel University, Almaty.  
Received on 14.01.16.

*В статье рассматриваются история формирования норм казахского языка, современные изменения норм казахской орфоэпии и некоторые аспекты орфоэпических норм в обучении.*

*This article discusses the history of the Kazakh language, rules formation change of the modern Kazakh orthoepy rules and some aspects of orthoepic standards in education.*

ЭОЖ 81 .432.1-4

### **Ш. Қ. Құрманбаева**

п.ғ.д., профессор, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Өскемен қ.  
e-mail: shkapantaykizi@mail.ru

## **ЕЛДІҢ ТУРИСТІК ИМИДЖІН АРТТЫРУДА ЛИНГВОЕЛТАНЫМДЫҚ СӨЗДІК ЖАСАУДЫҢ МАҢЫЗЫ**

*Мақалада Қазақстанның туристік индустриясының ақпараттандыруға мұқтаждығы мәселесі сөз болады. Автордың ойынша, лингвоелтанымдық сөздік жасау елдің тұрақты дамуының факторы ретіндегі табиғи және мәдени мұраларының нысандарын әйгілеуге ықпал етеді.*

*Кілтті сөздер: лингвоелтанымдық сөздік, туризм, имидж, топонимдер.*

Қазақстанның халықаралық туризмге енуінің өзіндік болашағы бары белгілі. Біздің әлеуетті нарықтарымыз – Ресей, Қытай, Европа, Таяу Шығыс. Тек Ресей мен Қытайдың өзі ғана 150 миллионнан астам туристермен қамтамасыз етеді. Бүгінде Қазақстанда 52 елмен визасыз режимге көшу жөнінде келісімдер жасалған. Одан басқа «ЭКСПО-2017»-ні өткізуге дайындық барысында басқа да көптеген елдермен виза режимін қарапайымдандыру жұмыстары жүргізілуде [1].

Солай бола тұра, Қазақстан туризмінің бүгінгі даму қарқыны бар әлеуетті толық пайдалануға мүмкіндік бермей отыр. Әлемде біз жайлы туристік мақсатпен баруға тұратын ел ретінде әлі өте аз біледі. Бірнеше халықаралық жәрменкелерге қатысу күтетін әсерге қол жеткізуге мүмкіндік бермей отыр. Туристік саланың дамуының төмен деңгейі елдің туристер үшін жағымды имиджін қалыптастыру мәселесіне қатысты ғылыми зерттеулердің жоқтығымен де тікелей байланысты. Қазақстанда туризм саласында белсенді PR-кампаниялар, имидждік жобалар жасау мәселесі бойынша кешенді және жүйелі талдаулар жүргізетін ғылыми-зерттеу құрылымы жоқ. Елімізде қалалар мен аймақтардың туристік имиджін көтерумен шұғылданатын мықты мемлекеттік-жекеменшік ұйымдар да жоқ. Аналитиктердің айтуынша, «туркомпаниялардың 80 пайызынан астамы қазақстандықтардың шет елдерде демалуын ұйымдастырумен шұғылданады, демек, олар шетелдік түрөнімдерді сату-сатып алумен айналысады» [2].

Турист үшін саяхат жасалатын ел туралы ақпарат неғұрлым көп болса, ол елге бару соғұрлым арзанға түсетіні белгілі. Түрлі аналитиктердің көзқарасы бойынша, республиканың қазіргі туристік нарығындағы жағдай маркетингті қолдануды, жаңа тұтынушының басты ерекшеліктерін зерттеуді, туристік қызметтерді қолданушының уәждемесі мен мінез-құлық ерекшеліктерін айқындауды талап етеді.

«Туризм елге валютаның келуін арттыру, жаңа жұмыс орындарын тудыру, инфрақұрылымдарды жақсарту т.б. арқылы аймақтың экономикасы мен дамуына өте ықпал етеді. Туризмнен максимум табыс табу үшін әрбір мемлекет өзінің әлеуметтік-экономикалық саясатының бір бөлігі ретінде туристік саясатын жетілдіре түседі» [3]. Бүкіләлемдік туристік ұйымның мәліметтері бойынша елге келген әрбір турист сол елде орта есеппен 1.000 \$ қалдырады да туристік саланы қамтамасыз ететін халық шаруашылығының 32 түрлі саласында 9 жұмыс орнының ашылуына ықпал етеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 28 ақпандағы № 192 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2020 жылға дейін тұжырымдамасында Қазақстан бай туристік-рекреациялық мүмкіндіктерге ие бола отырып, туризмнің жеткілікті деңгейде дамымауымен сипатталатындығы баса көрсетіле отырып, бұл саланы ақпараттық қамтамасыз етудің маңыздылығы ескертіледі [4]. Елдің туристік имиджін қалыптастыруда ақпараттық өрісті кеңейту, Қазақстан жайлы барлық деңгейлерде сауатты, сапалы жарнама жасаудың қажеттілігі дау тудырмайды.

Туристік индустрияның ақпараттандыруға мұқтаждылығы бизнестің бұл түрінің ел экономикасындағы маңызымен байланысты. Аталмыш тақырыпты зерттеу барысында аймақтың туристік имиджін көтеруге және нығайтуға кері әсер ететін бірнеше мәселелер анықталды. Бүгінгі күнде ол мәселелер төмендегідей:

1. Қазақстан жайлы шетелдіктерге арналған да, өз отандастарымызға арналған да ақпараттардың болмауы, PR құралдарының жеткіліксіз қолданылуы;

2. Туристердің назарын өзіне аудартатын туристік және басқа да нысандардың лингвоелтанымдық анықтамасының болмауы.

Ақпараттың жоқтығынан туындайтын маңызды мәселелердің бірі ретінде аймақтардағы туризмді жете бағаламаушылықты айтуға болады. Ғалымдар бұл мәселенің төмендегі себептерін атап көрсетеді: «Түкпірдегі» дамымай қалған аймақ деген ментальды категория, дотациялы экономика, инфрақұрылымның болмауы, инвесторлардың қызықпаушылығы, азрентабельділік, мамандардың жетіспеушілігі, ресурстармен объектілерді білмеу, тұтынушылардың төмен уәждемелілігі; алайда ең алдымен – туризмнің мәдени-танымдық миссиясын төмен бағалаушылық» [5].

Ғалымдардың айтуынша, ««Тарихқа саяхат» ретіндегі мәдени туризм әсіресе мәдени-тарихи құндылықтар жоғары бағаланатын және ұлттық танымның дамуына аса мән берілетін елдерде ерекше дамыған» [6, с. 14]. Осыдан келіп, жасалатын кешен туристердің мәдени-танымдық қызығушылығын қанағаттандыруға бағытталатын болады. Оларда аймақтың тарихи дамуының ерекшеліктері, оның табиғи жағдайлары, географиялық жағдайы, экономикасы, қоғамдық құрылымы, салт-дәстүрі мен тұрмысы т.б. көрініс табатын болады.

Мемлекеттің имиджі тұтас алғанда бір елдің мүддесін қорғайтын және алға жылжытатын тиімді механизмі, қорғанысын қамтамасыз ететін құралы болып табылады. Мемлекет өзін қоршаған сыртқы әлемде неғұрлым жақсы жағынан көрсетсе, оны шет елдерде соғұрлым жақсы қабылдайтын болады, ал имиджді ескермеу тек қана саяси емес, экономикалық жағынан да негативті салдарларға алып келуі әбден мүмкін.

PR-дың басты құралдарының бірі - туризмді дамыту. Елдің жағымды бет-бейнесін сол елге келіп-кететін туристер жасайды. Ал Қазақстан жайлы шетелдік туристердің көзқарасы бұлыңғыр немесе тіпті жоқ деуге де болады. Қазақстанның шетелдегі нақты портретін айқындап алудың мерзімі баяғыда жеткен. Бұл кезеңде әлемдік қауым әлі күнге біздің аймақтарымыз жайлы ғана емес, жалпы Қазақстан туралы өте аз біледі.

Көптеген отандастарымыздың өздері туған жерлерін білмейтіні және оған мүлдем бейжай қарайтыны белгілі. Осыдан келіп, мемлекетіміздің имиджін туристік нарықта және жалпы экономикалық тұрғыда көтерудің қажеттілігі туындайды. Көптеген ғалымдар елдің туризмін дамыту мен табиғи-мәдени ескерткіштерді қорғау мәселесін аймақтардан бастау қажет деп есептейді [6].

Туристік индустрияның әлемдік тәжірибесінде туристерге арналған ақпараттар ағымының молдығы мен сапалылығы негізінен қаланың, аймақтың туристік саясатының дұрыс жолға қойылғандығының белгісі болып табылады. Ол арқылы жағымды имидж қалыптасып, туристік қызметтер табысты алға жылжитын болады. Осыдан келіп, бұл ақпараттар PR-саясаттың негізгі құрамдас бөліктерінің біріне айналады, қоғам тарапынан дұрыс қарым-қатынастың болуына, аймақтың бәсекеге қабілеттілігінің арта түсуіне ықпал жасайды.

Туризмде түрлі коммуниканттар арасындағы мәдениаралық қатынас ерекше көрініс табатыны белгілі. Туристік мәтіндер – бұл бүгінгі күнде аса кең тараған шетелдік мәдениетті баяндау құралдарының бірі. Түрлі мәдениеттер тоғысында туындайтын тікелей мәдениаралық диалог кезінде халықаралық қарым-қатынас тілі түріндегі арнайы бір тіл туады. Ерекше қызығушылық тудыратын туризмнің тұрмыстық лексикасы болып табылады. Бұл – Қазақстанға келген шетелдік туристердің алдынан шығатын көп ұлтты мәдениетке тән тақырыптардың кең спектрі.

Г. Д. Томахиннің айтуынша, мәдени нысандарды адекватты қабылдау тек қана мәдени-тарихи сипаттағы аялық білім негізінде жүзеге асады [7]. Елдің ұлттық-мәдени ерекшелігін көрсететін осындай мәтіндерді бойына жинақтап, тұратын бір өнім лингвоелтанымдық сөздік болып табылады. Лингвоелтанымдық сөздіктер - әлемдік тәжірибеде туристер үшін бөтен ел, басқа мемлекет, өзге мәдениет жайлы аялық білімнің үлкен ақпарат көзі. Әуел баста оқыту-үйрету қызметін атқарып келген лингвоелтанымдық сөздіктер бүгінгі күнде өз бағытын ауыстырып, басқа елдің мәдениеті жайлы ақпарат іздеген оқырманға қарай бұрылған, осылай өз мойнына танымдық бағыттағы міндеттерді қатар жүктеп алған.

Лингвоелтанымдық сөздіктер әрқилы, тартымды, қызықты ақпараттар мен ережелер, қағидалар, құндылықтар жүйесін вербалды және паравербалды түрде жеткізеді, елдің мәдени-туристік аясы мен онда тұратын өкілдердің салт-дәстүрлері, ділі мен құндылықтары, сөйлеу мәдениеті жайлы терең мағлұмат жинауға ықпал етеді. Бұлардың барлығы өз кезегінде туристерге өз мәдениетін тереңірек тануға мүмкіндік береді.

Лингвоелтанымдық лексикография әуел баста тілді тұтынушылар тарапынан, өз елінің мәдениетін басқа ұлт өкілдеріне таныстыру мақсатында жасалды. Ал орыс тіл білімінде соңғы жылдарда оқыту, үйрету мақсатында басқа елдердің лингвоелтанымдық сөздігін жасаудың үлкен тәжірибесі жинақталды. Атап айтқанда, Ресей ғалымдары тарапынан ХХ ғасырдың соңы мен ХХІ ғасырдың басында жарық көрген Греция [8], Америка [9], Германия [10], Великобритания [11], Австралия және Жаңа Зеландия [12] жайлы лингвоелтанымдық сөздіктер және Ресей жайлы мол ақпарат беретін «Россия» атты мультимедиалық сөздік [13] бұған дәлел бола алады. Аталған сөздік өнімдерінен Ресей лексикография ғылымының анағұрлым алда дамып келе жатқанын көруге болады.

Осы орайда Қазақстан жайлы лингвоелтанымдық сөздіктің осы күнге дейін болмауы тіл білімінің лексикография саласының ғана емес, жалпы еліміздің инновациялық-индустриялық дамуына да кері әсерін тигізіп отырғандығын мойындауымыз қажет.

Лингвоелтанымдық сөздіктерде тарихи тұлғалардың аттары мен географиялық атаулар ел жайында басты мәдени ақпарат тасушы болып табылады, олардың көпшілігі символикалық немесе метафоралық мәнге ие болады. Соған байланысты Шығыс Қазақстан жайлы лингвоелтанымдық сөздіктің көлемді бір бөлімі жер-су атауларын қамтиды.

Шығыс Қазақстан облысының туристік саласының дамуына байланысты Алматы мен Астана қалаларынан кейін 3-орынды иеленеді. 2020 жылдарға дейінгі Қазақстан Республикасының туристік саласын дамыту Тұжырымдамасында «Шығыс Қазақстан кластері «Табиғат таңғажайыптары әлемі» және экологиялық туризмді дамыту орталығы ретінде» белгіленетіні жайлы айтылған [4].

Шығыс Қазақстан кластеріне ШҚО-ның солтүстік және шығыс бөліктері енеді. Кластердің орталығы кластердің орталығы болады, оған туристік қызығушылық тудыратын 8 басты жер енгізіледі. Олар: «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайының нысандары; Бұқтырма су қоймасы; Ертіс өзені мен Жайсан көлі; Катон-Қарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі; Қалжыр өткелі; Риддер-Анатау және Иванов таулары; Алакөл көлі; Семей қаласы [4].

Табиғи-климаттық тұрғысынан алғанда Шығыс Қазақстан теңдесі жоқ өңір болып табылады. Облыстың шекарасында 9 аудан орналасқан: Риддер, Бескарағай, Бородулиха, Зайсан, Катонқарағай, Тарбағатай, Үржар, Шемонаиха және Күршім аудандары.

Өңір туристік мүмкіндіктері бойынша тартымды және перспективалы болып табылады. Облыс шегіндегі рекреациялық аймақтар - Бұқтырма жағалауы, Сибина көлі, Алакөл көлі, Катонқарағай, Глубокое ауданы, Риддер, Өскемен қаласының маңы.

Облыстың өңірлеріне тән 5 басты туризм түрлерін ерекше атап өтуге болады. Олар: 1) Экологиялық туризм (Катонқарағай, Күршім аудандарында және Риддер қаласында); 2) Мәдени – танымдық (Семей қ., Абай және Ұлан аудандары); 3) Емдеу – сауықтыру (Катонқарағай, Үржар аудандары); 4) Жағажай (Зырян, Ұлан, Күршім аудандарында); 5) Тау шаңғысы (Глубокое, Зырян аудандары және Риддер қ.).

Өңірде Батыс-Алтай мемлекеттік табиғи қорығы, Алтай ботаникалық бақшасы «Ак-кем», «Ак-Кем-Риддер», «Бумеранг», «Радуга» турклубтары, 2 тау шаңғы базасы, 4 демалыс базасы – «Синегорье», «Климовка», «Громотуха», «Кедровка» бар. Катонқарағай ауданында Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі бар. Күршім ауданында Марқакөл ұлттық қорығы және Марқакөл көлі бар. Тұзсыз, ағынсыз Алакөл көлі Балқаш-Алакөл белдеуінде орналасқан, ол Алматы және Шығыс Қазақстан облыстары шекарасында Үржар ауданында орналасқан.

Облыс аумағы су ресурстарына бай, жерінен 800 өзен ағып өтеді, олардың жалпы ұзындығы 10 мың км-ден артық. Басты күретамыры өзінің көп сулы салалары – Үлбі, Үбі, Қарақаба, Қалжыр, Күршім, Нарын, Бұқтырма және басқа да таулы өзендері бар Ертіс өзені болып табылады. Облыста Зайсан, Марқакөл, Алакөл, Сасықкөл сияқты ірі көлдер бар. Мұнан бөлек көп ұсақ көлдер, су қоймалары бар, олардың ең ірісі Бұқтырма су қоймасы болып табылады.

Лингвоелтанымдық сөздік мәтінде осы жоғарыда аталған жер-су атауларының қысқаша сипаттамасы беріледі, онда туристер үшін барынша толық мәліметті қамту қағидасы ескеріледі.

Елдің тұрақты дамуының факторы ретіндегі табиғи, мәдени нысандарын сақтау, дамыту және насихаттау жұмысының нәтижелі болуына оның

туристік жерлері жайлы ақпараттар ағымын кеңейту арқылы қол жеткізуге болады. Сондықтан туристік нысандар жайлы жан-жақты сипаттама жасалған мәтін пен сапалы суреттерді қамтыған лингвоелтанымдық сөздік кез келген тұтынушы үшін, оның ішінде туристер үшін таптырмас құнды еңбек болары сөзсіз.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Депутат Д. Назарбаева: Формирование имиджа Казахстана за рубежом должно вестись системно // [Электронды ресурс]. – Кіру режимі: <http://www.zakon.kz/4593836-deputat-d.nazarbaeva-formirovanie.html> (қаралған күні: 19.07.15).

2 Дуйсенғалиев, Т. Мировой опыт развития туристической индустрии в применении к нашей стране // [Электронды ресурс]. – Кіру режимі: <http://www.zakon.kz/217500-mirovoj-opyt-razvitija-turisticheskoyj.html> (қаралған күні: 19.07.15).

3 Дмитриев, М. Н. Экономика и предпринимательство в социально-культурном сервисе и туризме / М. Н. Дмитриев, М. Н. Забаева. – М. : ЮНИТИ-ДАНА, 2006. – 399 с.

4 Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2020 жылға дейін тұжырымдамасы. [Электронды ресурс]. – Кіру режимі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300000192> (қаралған күні: 19.07.15).

5 Масленникова, О. Н. Путеводитель: сотворение новой реальности // Вестник Гуманитарного факультета Ивановского государственного химико-технологического университета. Выпуск 5. Научный журнал. – Иваново : ИГХТУ, 2012. – С. 52-58.

6 Никифорова, А. А. Состояние и охрана памятников природного и культурного наследия в регионах ресурсного типа: автореф. канд. ... культурологии. – Нижневартовск, 2011. – 24 с.

7 Томахин, Г. Д. Понятие лингвострановедения. Его лингвистические и лингводидактические основы // Иностранные языки в школе. – М. : 1980. – С. 77-81.

8 Николау, Н. Г. Греция: лингвострановедческий словарь.– Издательство : М. : Эдиториал УРСС, 1995. – 288 с.

9 Англо-русский лингвострановедческий словарь Американа // Americana English-Russian Encyclopedic Dictionary. – Смоленск : Издательство «Полиграмма», 1996. – 1208 с.

10 Мальцева, Д. Г. Германия: страна и язык. Лингвострановедческий словарь. - М. : Русские словари, 1998. – 382 с.

11 Великобритания: Лингвострановедческий; словарь: Литература. Театр. Кино. Музыка. Танец. Балет. Живопись. Скульптура. Архитектура.

Дизайн; СМІ: / Сост. Г. Д. Томахин. – М. : ООО «Изд-во АСТ», ООО «Изд-во Астрель», 2001. – 336 с.

12 Австралия и Новая Зеландия. Лингвострановедческий словарь / Под рук. В. В. Ощепковой, А. С. Петриковской. М.: Рус. яз., 1998. -216 стр.

13 Мультимедийный лингвострановедческий словарь «Россия» — инновационный проект Гос. ИРЯ им. А.С. Пушкина. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: /<http://ls.pushkin.edu.ru/lsslovar/index.php?title/> (дата обращения: 19.07.15).

04.02.16 баспаға түсті.

*Ш. К. Курманбаева*

**О значимости создания лингвострановедческого словаря в укреплении туристского имиджа страны**

Восточно- Казахстанский государственный университет  
имени С. Аманжолова, Усть-Каменогорск.  
Поступило в редакцию 04.02.16.

*Sh. Kurmanbayeva*

**The importance of creating a dictionary in the strengthening of the country's tourist image**

S. Amanzholov East Kazakhstan  
State University, Ust Kamenogorsk.  
Received on 04.02.16.

*В статье поднимается проблема потребности туристской индустрии Казахстана в информатизации. Автор считает, что создание лингвострановедческого словаря способствует популяризации объектов природного и культурного наследия, как фактора устойчивого развития страны.*

*The article raises the problem of the needs of Kazakhstan tourism industry in the informatization. The author believes that the creation of dictionary contributes to the promotion of natural and cultural heritage, as a factor of sustainable development.*

**С. Мағжан**

ф.ғ.к., доцент м.а., Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ.

e-mail: magjan\_saule70@mail.ru

## **«КҮЛУ» ПРОСОДИКАЛЫҚ АМАЛЫНЫҢ НЕГІЗГІ ИДЕЯЛАРЫ**

*Мақалада «күлу» просодикалық бейвербалды элементінің семантикалық типологиясы жайлы баяндалады.*

*Күлімдеудің үлкен бөлігі прагматикалық тұрғыдан меңгерілген ишаралар ретінде көрініс табады, яғни аталған ұлт немесе аталған мәдениеттің адамдары үшін үйреншікті және тұрақты бірліктерді еске алайық. Олар салыстырмалы түрде ауызша сөйлесу процесінде адамдар арқылы жиі-жиі қолданылады және стандартты түрде түсіндіріледі, сол уақытта оған қарама-қарсы қойылған прагматикалық тұрғыдан меңгерілмеген бірліктер коммуникативтік әрекетте өте аз дәрежеде қолданылады және ишаралар ретінде таныла бермейді. Прагматикалық тұрғыдан меңгерілген күлімдеулер дене тілінің бейвербалды жүйесінің орталық бөлігіне, ал меңгерілмегендер – оның шегіне орналасады немесе жалпы айтқанда қарастырылып отырған бейвербалды тілдің лексиконының жолында табылады. Күлімдеудің прагматикалық тұрғыдан меңгерілген ишараға қатысты екендігінің маңызды көрсеткіші ондағы бекітілген атау түріндегі стандартты тілдік белгіледің бар болуы. Прагматикалық тұрғыдан меңгерілмеген немесе нашар меңгерілген күлімдеулер жалпыға бірдей тілдік атауға ие болмайтыны түсіндіріледі.*

*Кілтті сөздер: бейвербалды, таңба, паралингвистика, тұрыс қалпы, мәдениет, семантика, коммуникант, этикет, паравербал, экстравербал, арақашықтық, дене тілі, дауыс тоны, кинесика.*

Паратіл туралы тіл білімінің бір элементі просодикалық амалдарға дауысы дірілдеу, дауысын ақырын/қатты шығару, мінгірлеу, күлу, жылау, қырылдау, қырылдай сөйлеу, сыбырлай сөйлеу, күрсінуге, ышқыну, үйілеу, демін ішіне тарту, демі дірілдеу, т.б. амалдарды жатқызамыз. Соның ішінде **күлу** просодикалық амалына тоқталып өтеміз.

Просодикалық амалдардың бір түрі ретінде қарастырылатын күлкінің физиологиялық тұрғыдан оны ерін ұштары созылатын бет бұлшық еттерінің әрекеті ретінде сипаттауға болады. Қазіргі таңдағы ірі теолог Ганс Урс

фон Бальтазар 1988 жылы жасаған өзінің соңғы дәрістерінің бірінде былай деген: «Сәби тек анасының махаббатымен, күлімсіреуімен ғана есейеді. Бұл кездесуде шексіз болмыстың көкжиегі ашылады».

Сәби жүзіндегі алғашқы күлкіні оның өмірге келгеніне 8-10 болған күндері байқауға болады, алайда мұндай ерте кезеңде күлкінің дамуын әрқашан қандай да бір қатаң анықталған стимулмен тіркестіру өте қиын: көптеген бақылаулар көрсеткендей, сәбидің күлкісі алуан түрлі факторларға реакция ретінде пайда болады. Оның арасында бұл кезеңнің өзінде күлімсіреу адресатқа арналған белгі болып табылатындығын және сәбидің әрқашан да бір нәрсеге қол жеткізгісі келетін немесе бір нәрседен қашып құтылғысы келетін қалауын білдіретін таңба екендігін айғақтайтын мәліметтер де өте көп. Сәби есейген сайын оның күлімдеуі барынша белгілі таңбаға айнала бастайды және күлімдеу «ләззат алу, қуаныш, бақытты» білдіреді. **Кең күлімдеу** және **қарапайым күлімдеу** осы позитивті мәндердің иелері болып табылады.

Күлімдеудің үлкен бөлігі **прагматикалық тұрғыдан меңгерілген ишаралар** ретінде көрініс табады, яғни аталған ұлт немесе аталған мәдениеттің адамдары үшін үйреншікті және тұрақты бірліктерді еске алайық. Олар салыстырмалы түрде ауызша сөйлесу процесінде адамдар арқылы жиі-жиі қолданылады және стандартты түрде түсіндіріледі, сол уақытта оған қарама-қарсы қойылған **прагматикалық тұрғыдан меңгерілмеген бірліктер** коммуникативтік әрекетте өте аз дәрежеде қолданылады және ишаралар ретінде таныла бермейді. Прагматикалық тұрғыдан меңгерілген күлімдеулер дене тілінің бейвербалды жүйесінің орталық бөлігіне, ал меңгерілмегендер – оның шегіне орналасады немесе жалпы айтқанда қарастырылып отырған бейвербалды тілдің лексиконының жолында табылады. Күлімдеудің прагматикалық тұрғыдан меңгерілген ишараға қатысты екендігінің маңызды көрсеткіші ондағы бекітілген атау түріндегі стандартты тілдік белгілеудің бар болуы. Прагматикалық тұрғыдан меңгерілмеген немесе нашар меңгерілген күлімдеулер жалпыға бірдей тілдік атауға ие болмайды (кейбір меңгерілген күлімдеулердің стандарттық тілдік атаулары болмайтынын көрсетейік, мәселен, төмендегі алынған **«ауыздың бір бұрышымен күлімсіреу»**).

Бұл жерде мұндай күлімсіреудің айтарлықтай маңызды әлеуметтік және мәдени құбылыс болып табылатындығын айта кету керек, өйткені бұл ишараның рөлі әрқашан да тұрақты түрде өсіп отырады. Және бірінші кезекте бұл қазіргі қоғамдағы әлеуметтік және мәдени рәсімдердің мәнінің және мөлшерінің артуымен байланысты. Мұнда ресми таныстыру – танысу, іскерлік кездесулер, коммерциялық, дипломатиялық және саяси келіссөздердің, рәсімделген іссапарлар мен қабылдаулардың жүргізулері, банктерге, дүкендерге, заң кеңселеріне, медициналық және басқа да қоғамдық мекемелерге бару және т.б. сияқты маңызды әлеуметтік қатынас жағдайлары туралы әңгіме қозғалып жатыр. Адамның күлімсіреуі ең міндетті элемент

болып табыла жаздаған бүгінгі таңдағы жарнаманың қоғамдық рөлін де атап көрсетейік. Осы және осыған ұқсас жағдайларда біз әртүрлі типтердегі, түрлердегі және пішіндегі **әлеуметтік күлімсіреулермен** қақтығысып қалып отырамыз. Көрініп тұрғандай, барлық мәдениет түрлерінде күлімдеулер мекемеде және әлеуметтік өмір мен адамдардың қарым-қатынасының қолдау табуы кезінде басты рөл ойнайды. Әрбір достық жүздесу және диалог бірінші күлкіден, достықтан немесе жай жақсы қатынастан басталады, олар басқа біреуде осындай сезім үшін жауапкершілік қасиетін тудырады. Біз шынайы күлімсіреуді жақсы белгі ретінде жанымызға жақын қабылдай отырып, жақсы көреміз.

Негізінен күлімдеулердің негізгі әлеуметтік белгісі және мотивациясы – адресатқа жағымды әсер қалдыру, жекелей алғанда, оны тыныштандыру және оған жақсы сезім көрсету. Көптеген күлкілер серіктес адамның бойында жақсы көңіл-күй қалдырады немесе оны белгілі бір сезімге қанаттандырады. Мысалы, *Ол жақсы адам ба? Солай сияқты – барлық уақытта күлімсіреп жүреді, жағымды нәрселерді айтады.*

**Коммуникативті мимикалық эмблемалық ишаралар** ретінде қолданыла отырып, күлімсіреулер өзінің семантикалық құрылымында «мен сенің ... білгеніңді қалаймын» мәнді білдіруге жұмсалады. Кейбір коммуникативтік күлімсіреулер сәлемдесу және қоштасу белгілері ретінде қолданылады, адамдар оларды *басқаларға* қалыптасқан байланыс немесе болашақтағы қатынас белгілі ретінде тарту етеді, мысалы, *Ол бірнеше рет оның қолын қысты және қоштасарда газжап, бірақ барынша бақытсыз күлкісін қалдырып кетті, ол мені таңғалдырды (Г. Л).* Басқаша айтқанда, өзінің бастапқы физиологиялық табиғаты жағынан, күлімсіреулер **симптоматикалық эмблема-белгілер** болып табылады. Олар берілген бейвербалды тілдің шегінде дара лексикалық мәнге ие болатын және коммуникативтік әрекет үстінде субъектінің эмоционалдық жағдайын білдіріп, сөйлеуден шалғай көрініс табуға қабілетті ишаралар болып табылады, мысалы, *қуаныш, қайғыру, абыржу, қайғылы сықақ күлімсіреулері және т.б.* Симптоматикалық күлімсіреулер сырттан сезім қабатына енеді, ол өзін жекелей алғанда, күлімсіреп тұрған адам сол уақыт сәтінде бастан кешірген позитивті сезімдер туралы куәлік беретін мимикалық сигнал ретінде көрсетеді. Адам өзінің ойларына және сезімдеріне, тіпті өзі жалғыз қалғанда да жымия алады.

**Негативті эмоцияның көрсеткіші** вербалды немесе бейвербалды сөйлеу әрекеттері сияқты қандай да бір амалдар жоқ жерде адамның физикалық немесе психикалық дертіне куә боламыз немесе эмоцияның өзінің толық көрініс таппауын көреміз. Ишаралаушы, жиі-жиі айтылғандай, *өзінің сезімдерін саналы түрде қымқырады* немесе *жасырады*. Басынан өтіп жатқан қайғыны көрсетпеуге қабілетті адамның қасиеті немесе қауіптің алдында сабыр сақтау қасиеті, яғни *сақтау (sic!) салқынқандылық*, басқа адамдар тарапынан жағымды

қасиет ретінде бағаланады. Алайда адамдар бастарынан позитивті эмоциялар күйін кешіп жатқан кезде жағдай басқаша: күлімсіремейтін, ауылдық немесе томсырайған жүз, сол сияқты тас болып қатқан меңіреу көзқарас немесе абсолютті суып қалған, қозғалыссыз тұрыс «жансыз адам» кейпінде көрініс береді және бұл барлық бейвербалды көріністер теріс бағаланады. Қысқасы, күлімсіреу сезімдері жүзінде көрініс таппайтын адамдар туралы да әңгіме басқа. Достарына басқа адамдарға эмоционалды, сонымен қатар когнитивтік тұрғыдан қолайлы ақпарат бермейтін адам әрқашан жағымды, ыңғайлы адам бола бермейді. Коммуникативтік жағдай кезіндегі адамның бет-әлпетіне, жекелей алғанда, күлімдеуіне бақылау жасау жалпы қарым-қатынастың ең бір маңызды пішіндерінің бірінен саналады.

Сонымен, күлімсіреу пішіндерінде, басқа да симптоматикалық ишаралар тәрізді екі **қолданыс типтері – физиологиялық және симптоматикалық** түрлері болады, олар эмоция сезімдерін білдіру құралдары ретінде қолданылады, ол – адресатқа саналы түрде кейбір ақпараттарды жеткізу. Алайда соңғы қолданыс шеңберіндегі күлімсіреулер үшін, әсіресе әлеуметтік-ақпараттық және этикеттік шеңбердегі күлімсіреу үшін айтарлықтай барынша жоғары функционалды мәнге көптеген тілдік бірліктер ие болады, олар жекелеп айтқанда, төмендегідей болып табылады: *күлкісін жасыру, күлкісін ұстау, күлкіден қашықтау, жүзінен күлкіні алып тастау. Елшілік бұл кезде тұрып қойған еді. Хатишы есіктің жанына келді, жүзінен күлкі сезімін өшірді және суық түрде «Қайырлы таң, Дақочи жолдас деді». (М. Алданов), сонымен қатар біреуді күлімдеп қарсы алу, өзінен күлкінің тиегін ағыту, Өзінен күлкінің тиегін ағытуы керек болды, бірақ ол егер тырысатын болса, барынша әдемі күлуге болады (М. Алданов), біреуді күлкімен сыйлау (немесе: тарту ету), ернін сәлемдік (немесе: қоштасу) күлкісіне икемдеу.*

Келтірілген және соларға ұқсас мысалдармен келетін тілдік бірліктер коммуникативтік ишаралар тәрізді күлімдеулер беттің саналы және бақыланатын белгілері болып табылатындығын айғақтайды, әртүрлі өмірлік жағдайлардағы адамдардың күлкіні түйсіну және оған бақылау жасау дәрежесі әртүрлі бола тұрғанына қарамастан, ол осындай болып қалыптасады.

Белгілі болғандай, көптеген мәдениеттер бейвербалды, оның ішінде эмоционалды қалыптағы айрықша әлеуметтік және мәдени үлгілерге немесе көріністерге ие болып табылады. Нақты бір мәдениетке қатысты болып табылатын адам оның сәйкес келетін көріністермен бекітілген ережелері мен пішіндерін жақсы біледі және олармен келісе отырып әрекет етеді. Аталған мәдениет өкілдерінің ұстамдары нормаларға айқын нұқсан келтіретін жағдайда, онда бұл анықталған коммуникативтік міндетті орындау үшін жасалады немесе санасыз түрде іске асырылады. Сол кезде нормативті емес мінез-құлық не стандартты емес түсіндірмеге ие болады немесе басқа адамдар тарапынан этикалық және эстетикалық бұрыс, физикалық және



психологиялық жағымсыз, сонымен қатар қоғамға теріс әсер ететін әрекет ретінде айыпталады.

Американдық мәдениет, мәселен, адам жағымды әсерлерді бастан кешірмей тұрса да, олардың жүздеріндегі күлкілерді жоғары бағалайтын және мақұлдайтын құндылықтар жүйесі ретінде бүкіл әлемге белгілі. Көптеген ұлттар, мәселен, мұндай бейвербалды мінез-құлықты жағымсыз теріс, шынайы емес және жалған қасиет ретінде бағалап, американдықтарға қырын қарайды. Мұндай мінез-құлықтың мақсаты американдықтың оған кездесуге келген бейтаныс адамға немесе өз досына кездесудің қолайлы болғандығын, одан бір қажетті нәрсе алғандығын көрсету және бұл адамдардың бәрі жақсы екен деп, көңілі орнына түсуі үшін де қажетті. Американдық коммуникативтік күлкілер, өз бағдары бойынша белсенді болып табылады, өйткені олардың көбісінің семантикалық құрылымдық жағынан бір моральдық міндеттерді көрсетуші бөлшектері бар болып табылады, ол: «мен сізге бір жақсы нәрсені көрсетуге дайынмын» дегенді білдіреді. Ал, айталық, жапондық мәдениетті адресат сенің жүзіңнен ешқандай да жаман сезімнің табын көре алмайтындай болса, ол құрметті мінез-құлық болып есептеледі, жекелей алғанда, себебі ол сенің бетіңдегі қайғы табынан ыңғайсызданып қалуы мүмкін, сондықтан сөйлеуші адам жанына батқан мұң сезімін білдірмеу үшін де күлімсіреп отыруы керек. Осылайша, егер американдық күлкінің ең бір негізгі міндеті және қызметі қалыпты коммуникацияны жасау және жөнге қою болса, әлеуметтік жапон күлкісі, сөз болып отырған **mikoniko**ның басты қызметі – басқаның сезімдерін қорғау, «сақтау». **Mikoniko күлкісі** этикеттің сан ғасырлық өңдеуінен өткен қаншама замандардан бері келе жатқан өнімі болып табылады, ол американдық мәдениет белгісіне қарағанда, барынша пассивті болып табылады, өйткені онда «сіз үшін қолайсыз сезім тудырғым келмейді» деген жасқаншақ сезім бұқпантайлап жатады. Бұдан бөлек, коммуникативтік мінез-құлықтың жапондық этикеттік нормасына сәйкес, адресат үшін жанына бататын және қатты әсер ететін ақпарат бұл жағдайда тыныштандыру белгісі болып табылмайды, жапондықтардың өздері айтқандай, сыпайылық белгілі болып та табылады.

Күлімсіреу ишарасын семиотикалық тұрғыдан жүктелген тілдік бірлік ретінде қарастырған барынша жеткілікті көптеген зерттеулер орын алған.

Чарльз Белл, ағылшын анатомы, физиолог және хирург, суретші, адам жүзіндегі эмоция көріністеріне алғашқы болып қызығушылық танытқандардың біреуі. Күлкіні зерттей отырып, Ч.Белл олардың көптеген мыңдаған әртүрлі белгілерді – тыныш қайырымдылық күлкісінен және төменгі еріннің қыбырсыз күлкісінен өз-өзіне сенімді атаққұмарлық немесе өкіну күлкісіне дейінгі мағыналарды беретіні туралы тұжырымға келді [1].

Адам және жануарлардың бет-әлпетіндегі эмоциялар мен олардың көрінісін зерттеумен сонымен қатар Чарльз Дарвин де айналысты. Өзінің атақты кітабында (Дарвин 1872/1965) ол *әдейі күлімсіреуге* тоқталды және

адамдағы барынша айқын эмоциялар көз және мимика көрінісінде шығады деп тұжырым жасады, ал мимикалық ишаралардың ішіндегі ең экспрессивті болып табылатыны – күлкі.

Күлімсіреудің пайда болуы туралы Блертон-Джоунздың жұмысында да айтылады (Блертон-Джоунз 1972), мұнда мектеп жасындағы балалардың күлімсіреулеріне зерттеулер жасалған және балалардағы қарым-қатынас барысындағы күлімсіреудің әлеуметтік мәнділігі тіркелген, сонымен қатар бақылау нәтижелері алынған. Осында күлкінің маңызды функциясы – **тыныштандыру** қызметі көрсетілген [2].

Р. Краут пен Р. Джонстон жануарлардағы күлкілер бір ұжымды өмір сүріп жатқан бір биологиялық түр өкілдерімен өзара байланыстың кернеулілігін жөндеуге арналған белгі ретінде қабылданады, сондықтан «адамдар арасындағы күлкі де басқа адамды тыныштандыруға немесе сабыр етуге шақырған жағдайда туындауы керек» деген ережеге сәйкес келеді [3]. З. Фрейд, алайда күлімсіреуді емшектегі баланың мимикасына теліген, ол анасының омырауын еміп, тойғандығын білдірген белгі деп қабылдайды.

Бұлар, сонымен қатар Дж. ван Хофф пен С. Пройшофттың күлімсіреу мен күлкінің әлеуметтік қызметтеріне арналған, еріннің пішіні мен орналасуының маңызды рөлдерін көрсетіп берді, күлімсіреудің негізгі түрлерін орындау кезіндегі ашылған ауыз бен ақсқан тістің қажеттілігін ұқтырды [4].

**Симптоматикалық эмблема-күлкілер** эмоция және олардың беттегі көрінісі бойынша мықты маман, атақты психолог П. Экман мен оның әріптестерінің көптеген еңбектеріне арқау болды. Олар жоғарыда аталып көрсетілген басқа да ғалымдардың еңбектері сияқты антропология, психология және физиология аймағында жатыр, бірақ лингвистика аймағында емес [5].

**Коммуникативті эмблема-күлкілер** негізінен олардың интерактивті және әлеуметтік қызметтерімен байланыста зерттелді. Осылайша, Краут, Джонстон 1979 жылғы аталған еңбектерінде қуаныш сезімі мен оның күлкі түріндегі көрініс арасындағы әуестік арақатынасты зерттеді. Авторлар табиғи өмірлік жағдай – мекемелерде басқа адамдармен кездесу, театрларда және басқа да қоғамдық орындарда адамдармен жүздесу, стадионда немесе спорт аренасында сүйікті команданы қарсы алу және т.б. жағдайлар барысындағы адамдардың мінез-құлықтарына бақылау жасады, олар қуаныш немесе бақыт сезімінің ұйытқысы болып табылады, яғни ойын кезінде сәтті соққы жасаса немесе сүйікті жанкүйерлік танытып жүрген команда гол соқса, сол кезде қуаныш пен бақыттың тасқыны ойнап, адамға күлкі немесе күлімсіреу сезімін сыйлайды. Бірақ жымыиыстар коммуникативтік өзара байланыстар кезінде әрқашан адамдардың жолсерігі бола білген, мәселен, таныс адамдарды кездестіру кезінде, бір команданың жанкүйерімен қуанышты бөлісу кезінде шаттыққа бөлену т.б. Мұндай күлімсіреулер кездесуден алған әсерді

білдіруге арналған ишаралар ретінде қарастырылады, олар алаңда болып жатқан жағдайларды басқаларымен бөлісуге бағытталуы да мүмкін. Бірақ осы кезде бір нәрсе түсініксіз болып қалады, бұл тек қана қуаныш күлкісі ғана болып қала береді ме? Р. Краут пен Р. Джонстон бақыланып отырған адамдарға зерттеліп отырған жағдай бірдей ме деген мәселеге жауап таба алмағандықтарын жазады [3, 1551 б.]. Олардың барлығы қуаныш сезімдерін бастарынан кешірді деген күннің өзінде, футбол немесе басқа ойындардағы есептің әртүрлілігі олардың сезімдеріне әрқалай әсер етулер мүмкін.

Адамның эмоциясы және эмоционалдық мінез-құлқы аймағына қатысты соңғы онжылдықтағы танымал эксперименттік зерттеулердің бірі Фернандес-Долс, Руиз-Белданың мақаласында көрініс тапқан [6]. Онда Испаниядағы жаздық Олимпиада ойындарында жеңіске қол жеткізген 22 спортшының (14 әйел және 8 еркек) оларды алтын алқалармен марапаттау кезіндегі бейвербалды мимикалық мінез-құлықтарының анализінің нәтижелері сипатталған. Авторларды чемпиондардың жүздеріндегі *күлімсіреу* сезімдері қызықтырған. Алдымен, бұл жеңімпаздар өздерінің толағай табыстарына масаттанып, мимика арқылы сезімдерін сыртқа шығарады, ол, ең алдымен, *күлімсіреу* сезімі арқылы көрініс табады деген болжам жасалған болатын. Бірақ барлығы дәл сол жорамалдағыдай бола қоймады.

Марапаттау кезінде мінез-құлықтың үш кезеңі белгіленіп алынды немесе бұларды эмоционалдық жағдайдың үш сатысы деп бағалауға негіз бар – спортшылардың тұғыр алдындағы көңіл-күйлері (күту жағдайы), марапаттау кезінде тұғырға шығуы (ресми адамдармен және бұқарамен өзара коммуникативті байланыс жағдайы) және тұғырдан түсу және оны көтеріп әкетудің алдында тумен бірге тұру және ұлттық әнұранның орындалуы (алдыңғы күшті эмоционалдық кернеуден арылудың коммуникативті емес жағдайы). Біз үшін маңыздысы авторлар келген қорытынды: (1) жеңістен келген қуаныш пен бақыт *күлкі* түріне өзінен-өзі айналған жоқ; олар басынан кешірген эмоциялар адамдардың жүздерінде *күлкі* сезімдері пайда болуы үшін жеткіліксіз. Көптеген спортшылардың жүздерінде *күлкі* тек екінші кезеңде ғана туындаған, оның ішінде де коммуникативтік өзара байланыс жағдайында ғана пайда болған; (2) бірінші және үшінші кезеңде көпшілігі тіпті де қуаныш және бақыт сезімдерін бастан кешіре алмаған немесе саналы түрде оларды жасырған, өйткені көптеген жеңімпаздардың жүздерінде бұл жағдайда *күлкі сезімі* байқалмаған (бірінші кезеңде тек 22 адамның төртеуінің ғана күлгені байқалған, ал үшінші кезеңде бірде-біреуі күлмеген); (3) қуаныш эмоциясының прототиптік көрінісі коммуникативтік және әлеуметтік тапсырмалармен тікелей байланысты болып келеді.

Басқаша айтқанда, бастан кешіріп жатқан сезімдерді білдірудің бейвербалды құралы ретіндегі күлкімен қатар басты түрде, адамдардың коммуникативтік өзара байланысымен қатысты әлеуметтік сарындар тұрады.

Әртүрлі ишаралық тілдер және мәдениеттер тарапынан күлкіні зерттеу күлкінің симптоматикалық қызметі **когнитивті** болып табылатынын көрсетеді – «ол бір нәрсені ойлау» және **эмоционалды аспект** – «бұл күлімдеушіге жағымды бір нәрсе», күлкі арқылы **басты түрде коммуникативтік және әлеуметтік құрамдастар түзіле бастайды**, біздің көз жеткізгеніміз де осы.

Аталған тұжырымды, қысқаша айтқанда, нақты тиянақты тұжырым ретінде емес, алдын ала жасалған болжам ретінде ғана қарастыру қажет. Өйткені **күлімсіреу-ишараларының лингвистикалық талдауы** енді ғана басталып келеді; әлі күнге дейін ол кинесика және лингвистика аймағындағы негізгі желінің жағында қалып келеді. А. Вежбицкаяның бет-әлпетінің семантикалық талдауы, жекелей алғанда, күлімсіреу-ишараларының семантикалық инварианттарын іздестіру бойынша еңбектерінен басқа, күлімсіреудің шынайы қолданылатын ишаралармен арақатынастары, олардың инварианттары туралы күлімсіреу-ишараларының семиотикалық талдаулары туралы бірде-бір еңбектер жоқ [7].

А. Вежбицкая зерттеулерінің қатарында **күлімсіреу** сөзіне түсіндірме береді. Ол бұл үшін, ең алдымен, күлімсіреу ишара ретінде тұтас және біртұтас нәрсе ретінде қарастырылады, ол бірліктер сыныбы емес, тек бір ғана бірлік дейді. Осылайша, ғалым өзінің монографиясында бетінде былай деп ой қорытқан: (күлімсіреу полисемантикалық бірлік болып табылмайды (оның жекелеген мәндерінің тіркелген жиынтығы болмайды) және контекстен тәуелсіз қалыптасқан мәндік инвариантқа ие болып табылады)». Және әрі қарай жалғастырады: (яғни жалпақ тілмен айтқанда, ауыз бұрыштары көтеріңкі болатын бет бұлшықетінің конфигурациясы, сонымен қатар мұндай конфигурация дйттеген жеріне жететін қозғалысты) келесі түрде тұжырымдауға болады: «мен қазір бір жақсы нәрсені сезініп тұрмын» [7].

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Белл, Ч.** Visible speech: The science of universal alphabets. – London : Simkin, 1844.
- 2 **Блертон-Джоунз.** Non-verbal communication in children. – 1972. – P. 271-296.
- 3 **Краут, Джонстон.** Social and emotional messages of smiling: an ethological approach. 1979.
- 4 **Пройшофт, Хофф.** The social function of «smile» and «laughter»: variation across primate species and societies. – 1997. – P. 171-190.
- 5 **Экман П.** Emotion in the human face. – 1982.
- 6 **Фернандес-Долс, Руиз Белда.** Are smiles a sign of happiness? Gold-medal winners at the Olympic games. – 1995.
- 7 **Вежбицкая А.** Emotion and facial expression: A semantic perspective. – 1995. – с. 227-258.

С. Мағжан

**Основные идеи просодического элемента «улыбки»**

Международный казахско-турецкий университет  
имени Х. А. Ясауи, г. Туркестан.  
Поступило в редакцию 06.01.16.

S. Magzhan

**Key ideas of prosodic feature «smile»**

A.Yesevi International Kazakh-Turkish University, Turkestan.  
Received on 06.01.16.

*В статье рассматривается семантическая типология просодического элемента улыбок.*

*Большая часть улыбок представляет собой прагматически освоенные жесты, то есть, напомним, единицы, ставшие устойчивыми и привычными для людей данного этноса или данной культуры. Они сравнительно часто используются и стандартно интерпретируются людьми в процессе устного общения, в то время как противопоставленные им прагматически не освоенные единицы употребляются в коммуникативном акте в гораздо меньшей степени и даже далеко не всегда распознаются как жесты. Прагматически освоенные улыбки входят в центр невербальной системы казахского языка тела, а неосвоенные – в ее периферию или вообще еще только находятся на пути в лексикон рассматриваемого невербального языка. Важным показателем того, что улыбка относится к прагматически освоенным жестам, является наличие у нее стандартного языкового обозначения в виде закрепленной номинации. Прагматически неосвоенные или плохо освоенные улыбки не имеют общепринятого языкового имени.*

*The article discusses the semantic typology of prosodic feature «smile».*

*Most of smiles are pragmatic mastered gestures, that is, the units that became stable and familiar to the people of the ethnic group or the culture. They are relatively often used and interpreted by people in the process of oral communication, while opposed to them pragmatically undeveloped units are used in the communicative act to a much lesser degree, and even are not always recognized as gestures. Pragmatically mastered smile is included in the center of the Kazakh non-verbal body language and undeveloped – in its periphery or even still are on the way to the lexicon of*

*the considered non-verbal language. An important indicator of the fact that a smile is a pragmatic mastered gesture is that it has a standard language designation in the form of a fixed category. Pragmatic undeveloped or poorly developed smiles do not have a universally accepted language name.*

ӘОЖ 419.992.71.

**С. Мағжан**

ф.ғ.к., доцент м.а., Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ.  
e-mail: magjan\_saule70@mail.ru

**ТАҢБА ИШАРАТТАРДЫҢ СЕМАНТИКАСЫ**

*Мақалада ым-ишараттар семантикасының ұқсас және қарама-қайшы мағыналары мәселесі айтылады.*

*Белгілі бір кинетикалық ишаратты таңдап алу сөйлеушінің тыңдаушыға деген көзқарасын сездіріп, байқатумен бірге сөйлеушінің қоғамдық жүйемен таныстығын, салт-дәстүрмен таныстығын көрсетеді. Мұндай жағдайда ым мен ишараттың семантикасы бірінші кезектегі орынға қойылып, ойдан шығарылмағаны жөн. Ал ым мен ишараттардың семантикасы халықаралық қатынастар кезінде өте актуальдана түсетіні түсіндіріледі. Ым мен ишараттың семантикасына байланысты интерпретациялау кезіндегі қателіктердің көбінесе ым мен ишараттардың формальды ұқсастықтарынан туындайтыны қарастырылады. Мұндай формальды ұқсастықтар үнемі кездесіп қалады. Осы жөнінде және универсалды параамалдардың болатындығы туралы зерттеушілер пікірлері келтіріледі.*

*Коммуникация кезіндегі тыйымдардың жиынтығы деп есептеліп кеткен этикет пен ишараттар жүйесін өзгелерден айырып тұратын айырым-белгілері туралы сөз қозғалады.*

*Кілтімі сөздер: бейвербалды, таңба, паралингвистика, поза, мәдениет, семантика, коммуникант, этикет, паравербал, экстравербал, арақашықтық, дене тілі, дауыс тоны, кинесика.*

Қазақстан қоғамы үшін әлеуметтік-экономикалық, саяси-мәдени өзгерістер мен бәсеке үдерісінде адам ресурсын сапалы дамытудың маңызы өте зор. Оны орындау үшін нарықтық экономикаға негізделген бәсекеге лайықты жаңа заманда жаңаша ойлайтын жеке тұлғаны дайындау

шарт. Қазақстан Республикасының Президенті – елбасы Н. Ә. Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары туралы: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек», – деп атап көрсетеді [1].

Ғалымдардың пікірінше, бейвербалды амалдардың тез өзгере қалуы, дұрысын айтқанда, бейвербалды амалдарды белгілі бір ұлт өкілінің басқа бір ұлттың тіліндегі мағынасымен толық және жетік игеріп кетуі, оңайлыққа түспейтін. Сондықтан да бейвербалды амалдар негізінен алғанда консервативті болып келеді деп тұжырым жасауға болады. Ал адамның жат тілдік ортаға түскенде бейвербалды амалдардың да табиғи тілмен бірге ығысып, бұрынғы мәнінен айрылып, маңызын біртіндеп жоятынын, біртіндеп, баяу болса да басқа мағыналы бейвербалды құралдармен орын алмастырып, параамалдардың өзінің табиғатының өзгере бастайтынын бақылаған орыс тіл білімінің зерттеушілері мынадай қорытындыға келеді: «Жестовая система, как нам известно, еще более устойчива, чем языковая. ... Будучи нередко сходными по форме и структуре, жестовые движения тела вдруг начинают значить для него нечто совершенно противоположное, а ставшие едва ли не автоматическими мануальная жестикуляция и выражения лица (например, улыбка, некоторые жесты глаз и бровей) и казавшиеся прежде естественными и нормальными, теперь часто привлекают к себе внимание окружающих и воспринимаются ими как странное или просто аномальное поведение» (Интернет, Паралингвистика сайты).

Коммуникант өзін қай топтың, қай халықтың, қай ұлттың өкілімін деп есептесе, өзін сол топқа лайық ұстап, этикеттік мазмұны бар тілдік белгілерді сақтауға тырысады. Ал мұндай шартты рәсім қатаң сақталатын тұста, ескермеу коммуникантты ол ортадан мүлде бөтен етіп көрсетеді [2, 52 б.]. Дәл осы мәселе ым-ишараттарға да қатысты.

Қазақ халқы өкілдерінің түрлі саяси, тарихи жағдайларға байланысты өз елінен ауып, Қытайға, Монғол жеріне, т.б. елдерге қоныс аударғанын білеміз. Шеттен келген қазақтардың ым мен ишараттарын жергілікті қазақтар жасайтын бейвербалды амалдармен салыстыра отырып, барлап қарағанымызда байқағанымыз, Қытайдағы отандастарымыздың сөйлескенде үнемі *жымиып тұруы, қоштасарда иіліңкіреп қоштасатындығы*, кейбірінің *оң қолын кеудесіне қойып барып басын бір-екі рет шоі* қазақы ишараттың өзгеріске ұшырауының белгісі секілді көрінді. Өйткені, қазақы менталитет бойынша кез келген адамға бас иіп қоштаспайды, тек жасы үлкен және аса сыйлы адамдармен қоштасар сәтте сәл ғана бас иіп құрмет көрсету ишараты бар. Тіпті бас июден гөрі құшақтасып қоштасу, қол алысып қоштасу дәстүрге енген. Ғалым А. Қобыланова қоштасу туралы мынандай мәлімет келтіреді: «Сөз этикетінің өз алдына дербес бір саласы – қоштасу. Оны дербес сала

дейтіміз – оның өзіндік мақсаты, арнайы жұмсалатын тілдік таңбалары, қолданылатын тұрақты орны болады» [2, 75-76 бб.].

Әрине, бейвербалды амалдардың мағыналық түрлерінің сан алуандығы кәдімгі тілдік лексемалардан бірде-бір кем емес. Мысалы, бейвербалды амалдар бір-бірінің аналогы бола алады, яғни бірінің орнына бірі қолданыла береді; бір-біріне синоним бола алады; бір-біріне омоним болады; бір ғана бейвербалды амал бірнеше мағынаны білдіре алады немесе көп мағыналы бола алады, т.б.

Енді бейвербалды амалдарға қандай амалдар жататыны туралы кейбір ғалымдардың пікіріне тоқталып, көзқарастарын саралап көрейік. Бейвербалды коммуникация құралдарына (Крейдлин классификациясы бойынша):

1 Ишараттық байланыс (контакт) жатады. Бұл контакт әр түрлі формада келеді, айталық, *итеріп қалу, алақанмен қағу, сипалау, жеңінен тарту, қолымен басу*, т.б. Мысалы:

... Нұржан қатарда отырған Аманжанның құлағына дыбыстады: – Біреуіміз үйге кіріп біліп шығайық. Қондыра ма екен? – Аманжан оның дәл құлағының түбіне айқайлаған *аузын қолғабымен баса қойды* (О. Бөкей).

Осы ишараттық контакт кезінде жасалатын бейвербалды амалдардың көп мағынаны, омонимдік мағынаны білдіретін түрлері бар. Айталық, *итеріп қалудың* бірнеше мағынасы бар:

а) жақсы көргендіктен итеріп қалу. Мысалы, – *Қуанғанынан көзі жарқ ете түсіп, – Шын айтасың ба? Кетші-ей!* – деп *итеріп қалды*. Немесе қуанғаннан итеріп қалу, бойын қуаныш билегендіктен итеріп қалу, т.б.

ә) қатты ашуланудың белгісі: *Қатты ашудан көзі ұшқындана жалт ете түсті де, жолдасын бар күшімен кеудеден итеріп қалды*.

б) орыннан қозғалып, әрі қарай жылжып отыруды білдіруі: *Мәкен әрі қарай жылжып отыр дегендей, Бейсенді итеріп қалды*.

2 Әңгімелесушілердің, сөйлесушілердің бір-бірінен алыс-жақын тұруы, диалог кезінде сөйлесушілердің арасындағы арақашықтықтан (дистанция) да коммуникацияның көмекші құралдарының саны көбейеді, толығып жатады. Бұл арақашықтық (дистанция) іскерлік қатынас жасаушы адамдардың немесе екі тараптың жүргізіп отырған әңгімесінің формальды я болмаса бейформальдылығынан және серіктестердің бір-біріне деген көзқарасының оң немесе онша емес, жөнді болмай, я болмаса теріс екені туралы мәлімет жеткізеді.

Сөйлесушілердің (тараптардың) қаншалықты дәрежеде әңгіменің өрбуіне мүдделі екендігі бейвербалды коммуникацияның бір құралы болып саналып жүрген арақашықтықтан байқалады.

Арақашықтық (аралық) немесе дистанцияға қарай қалыптасқан коммуниканттардың проксемикасының төрт түрі көрсетіліп жүр:

– **интимдік** арақашықтық (15-46 см);  
 – **индивидуальды** арақашықтық (46 сантиметрден 1,2 метрге дейінгі аралық);

– **әлеуметтік** арақашықтық (1,2 метрден 3,5 метрге дейінгі аралық);  
 – **қоғамдық** арақашықтық (3,5 метрден де көп).

3 Бағдарлық немесе бағдарлаушылық, бағыттаушылық (ориентациялық) құрал. Бұл жерде әңгімелесушілердің отырған немесе түрегеліп тұрған кездегі дене қалыптары, позалары маңызды болып саналады. Бағдар арқылы тараптардың бір-бірімен әріптес екендігі, я болмаса бір-біріне бәсекелестігі күшті болып тұрғандығын көріп, байқауға болады.

4 Дене қалыбы (позасы) тараптардың әлеуметтік жағдайын байқатады, сонымен бірге өзара бір-біріне деген қандай көзқараспен қарайтынын білдіреді.

Адамның позасы оның көңіл-күйінің куәсі, сондықтан поза кісінің эмоционалдық күйіне қарай өзгеріп тұрады. Адамның дене қалыбы, ым мен ишараттың эмоционалды мағынасы болатындығы ешкімнің де тарапынан дау тудырмайды. Бірақ сырт көзге позаны интерпретациялағанда адамның мәдениеттілігін, мәдени потенциалын, нақты бір жағдайда орындалуы тиіс жалпыға ортақ этикеттік шарттарды қалай құрметтейтіндігін, этикет үлгілерін қаншалықты дәрежеде сақтайтынын ескеріп отырса болғаны.

5 Бейвербалды құралдың келесі бір түрі адам мимикасы немесе бет-пішіні (ымы) арқылы оның эмоциясын өзгелерден жасырып, байқатқысы келмеген жағдайда қолданылады. Ішкі дүниесін сездірмей, өзгеге жандүниесін алдырмай тұрғанын я болмаса, керісінше, әдейі білдіргісі келіп, өз эмоциясының сырт көзге шалынуын іштей тілеп тұрғанын білдіретін көмекші бейвербалды амалдар болады.

Ым-мимика арқылы тілмен, яғни сөйлеу арқылы жеткізілуге тиісті хабарды оңай түсінуге болады. Мимиканың көмегімен ақпаратты тезірек ұғуға және әңгіме жүргізушінің әлдекімге деген қарым-қатынасы мен көңіл ауанының қандай, қай бағытта өрбитінін сезініп, бақылауға болатындықтан, мимика сөйленістің аса маңызды көмекші құралына айналған.

6 Ишараттардың сөйленіспен қатар орындалуы мүмкін. Мұндайда тыңдаушының белгілі бір информацияға ерекше көңіл бөлуі тиісті екені ишарат арқылы нұсқалады, тіпті кей жағдайда ишарат сөйленістің орнына жұмсала береді.

7 Паравербалды және экстравербалды сигналдар – бұлар да коммуникацияның бейвербалды құралдары болып табылады. Айтып тұрған сөздің бастапқы білдіруге тиісті мәні қандай интонациямен, қандай ритммен, тембрмен (дауыс ырғағымен) айтылуына орай өзгеріске ұшырауы әбден мүмкін. Бұл бейвербалды сигналдардың сөйлемнің мәні мен мағынасына тигізетін әсер-ықпалы зор екенін сездіреді.

Сөйленіс реңктері (оттенктері) адамның эмоциясы, оның өзіне сенімді-сенімсіздігі, адамның ұяңдығы мен ұялшақтығы туралы басқа біреуге, сырттай бақылаушыға сигнал жеткізеді. Сондықтан да дене тілі сөйленіспен қатар орындалатын әрі түсінілетін коммуникациялық **параллель тілге** жатады.

Паравербалды және экстравербалды сигналдар адамның ішкі жан-сезімін сыртқа шығарып, екінші бір адамға жеткізетін сигнал болғандықтан, адамның психомоторлық жай-күйін жеткізуші әрі сезімін сыртқа шығаратын белгісі секілді болып кеткен. Ғалымдардың айтуынша, адамның сөйлеуге, үндемей қалуға мүмкіндігі бар көрінеді. Бірақ үндемей қоюға шамасы жеткенімен, өзінің ым мен ишаратын өзгертіп, басқаша жасауына, тіпті болмаса ым мен ишаратты істемей қоюға, немесе жасырып қалуға шамасы жетпейтін көрінеді. Соған қарағанда, коммуниканттың түрлі қимылдарды мүлде жасамай қалуға тіпті мүмкіндігі қалмайтын кездері де аз болмайтын көрінеді, еркінен тыс қимылдар, ишараттар орындалып жатады.

8 Адамның көзімен түрлі-түрлі сигналдар жеткізіледі, әңгімелесушіге сигналдар арқылы белгілі дәрежеде хабар беріледі. Адамның көзі арқылы жіберілетін сигналдары қызығушылықтан бастап толығымен жек көруге дейін әртүрлі реңктері (оттенктері) бар сигналдар болып келеді.

Көзбен көрсетуге, әлдекімді нұсқауға және көп нәрсені байқауға болады. Көзбен білдіретін ишараттар үнемі сөйленіс коммуникациясымен қатарласа жүріп отырады. Көз және көз арқылы берілетін сигналдар – әңгімеге қатысушылар (тараптар) арасындағы қарым-қатынастың міндетті компоненті екені ақиқат әрі тілдесімнің қатысуын қажетсінетін көмекші құралы. Көзге байланысты санамаланған бейвербалды ишараттар мағыналық жағынан бай сөйленістің көмекші құралдары, олар тілдік коммуникацияның элементтеріне жататындықтан, мағыналық оттенктері мен проксемикасына орай міндетті түрде тілдік зерттеу нысанына айналып, зерттеушінің назарынан тыс қалмағаны жөн.

Қазақтың жетілген, стильдік тармақтары қалыптасқан, дамыған әдеби тілі бар екені белгілі. Осы әдеби тілдің функционалдық стиль түрлеріндегі коммуникацияның бейвербалды элементтерінің үлес-салмағы, мөлшері, қолданыс жиілігі туралы мәселе де қызықты. Көркем әдеби стилі, ғылыми стиль, публицистикалық стиль, ресми іс-қағаздар стилі, эпистолярлық стиль түрлерінде параамалдар қолданыла ма, жоқ па деген мәселе көтерген еңбекті қазақ тіл білімінде кездестірмедік. Бірақ өз тарапымыздан кейбір бақылаулар жүргізіп байқадық.

Енді соған аздап тоқталып көрелік. Ғылыми стильдің жазба түрінде ишараттарға орын жоқ. Ал лекция оқыған кезде, сабақты түсіндіруде ым мен ишараттың тілдік қатынаста қолданылмауы мүмкін емес. Біздің бақылауымызға сай нұсқау ишараттары (иек қағу, көзбен нұсқау, қолмен көрсету) өте жиі

қолданылады. Орыс тіл білімінде сабақ өту барысында қолданылатын ым-ишараттардың коммуникациялық қызметі Н. Т. Железанованың аталған еңбегінде біраз қарастырылған. Ресми стиль тұрғысынан алғанда бейвербалды элементтер – іскерлік кездесудің ажырамас бөлшегі.

Кездесу кезінде *қол алып амандасу* еуропалықтардың дәстүріне айналған болса, Жапонияда *иіліп құрмет көрсету қол алысудың орнына* жүреді. Яғни Жапонияда тәрбиеліліктің, дұрыс дәстүрге сай тәрбие көрген адамның белгісі – иіліп құрмет көрсету. Кездесуге келген жапондық тривиалды түрдегі құрмет белгісі ретінде бар болғаны 15 рет иілсе, адамның жақсы көзқарасын қалыптастыру үшін 45 рет иіледі, ал адамы ерекше құрметтейтінін 70 рет иілумен білдірсе, аса құрметті тұлғаны 90 рет иіліп қарсы алу дәстүрі бар. Бұл – жапондықтар үшін этикет, этикеттік норма.

Коммуникация кезіндегі тыйымдардың жиынтығы деп есептеліп кеткен этикет пен ишараттар жүйесін өзгелерден айырып тұратын айырым-белгілері туралы Т. М. Николаева: «Членит совокупность неречевых элементов по определенному образам на речь “членит совокупность неречевых элементов по новому основанию – допустимости / недопустимости употребления», – деп көрсетеді [3, с. 78-79].

Белгілі бір кинетикалық ишаратты таңдап алу сөйлеушінің тыңдаушыға деген көзқарасын сездіріп, байқатумен бірге сөйлеушінің қоғамдық жүйемен таныстығын, салт-дәстүрмен таныстығын көрсетеді. Мұндай жағдайда ым мен ишараттың семантикасы бірінші кезектегі орынға қойылып, ойдан шығарылмағаны жөн. Ал ым мен ишараттардың семантикасы халықаралық қатынастар кезінде өте актуальдана түседі.

Көбінесе ым мен ишараттың семантикасына байланысты интерпретациялау кезіндегі қателіктер ым мен ишараттардың формальды ұқсастықтарынан туындайды. Өйткені, өз мәдени ортасында белгілі бір ымға, ишаратқа қандай мән таңылса, өзге ортада, жат жерде, басқа қоғамда да сол мағына сол бір ым мен ишаратқа тән болады деп есептеуден формальды қателіктер жіберіледі. Мұндай формальды ұқсастықтар үнемі кездесіп қалады. Осы жөнінде және универсалды параамалдардың болатындығы туралы зерттеуші М. Ешимов өз жұмысында аса бір қызықты факторларды мысалға келтіреді. Оның айтуынша, қуаныштың беттегі көрінісі универсалды және оны барлық халық бірдей қабылдайды. Қуану кезінде *езу тартылып, көздің айналасында әжімдер пайда болады*. Қуаныш әлеуметтік байланыстарды, қатынастарды жеңілдетіп, оларды нығайта түседі. Бір адамның күлкісі екінші бір адамның бет жүзінде күлкінің пайда болуына себепші болады [4, 46 б.]. *Бас изеу* қазақ халқында, өзге біраз ұлттарда құптауды білдіргенмен, қайсыбір ұлттар құптауды *бас шайқау* арқылы жеткізеді.

Керісінше, семантикасы жағынан ұқсас ым мен ишараттар болумен қатар, мүлде қарама-қарсы мағынада жұмсалып, әрі қарама-қарсы мағынада

ұғылатын кинесикалық құралдар әр ұлтта бар, кездесіп қалады. Бұл жөнінде С. Бейсембаева: «Даже такие универсальные по значению жесты, как приветствие, прощание и другие, имеют массу вариантов выражения не только в разных национальных культурах, но и в пределах одной этнической культуры», – деп атап өтеді [5, с. 9].

Этикеттік ситуацияларда аса маңызды роль атқаратын бейвербалды құрал *ым* мен *ымдау* екені белгілі. Американдықтар мен еуропалықтар кездесу кезінде, іскерлік келісімдер кезінде қарсы тараптың өкілінің бетіне, ымына қарап көптеген қосымша ақпараттар ала алады. Өйткені ым түрлерінің де кәдімгі тілдік бірліктер секілді әр түрлі мәдени ортада қалыптасқан, белгілі бір ситуацияларға орай жұмсалатын өзіндік стандартты түрлері бар. Айталық, ағылшындар кездесу кезінде ешқандай ым мен ишараттың қолданысына жол берілмей, я болмаса бейвербалды амалдардың қолданысының тоқтатылғанын сезсе, онда қарсы жақтың әңгімені әрі қарай жалғастыруға мүлде құлқы жоқ, іскерлік әңгімені әрі қарай жалғастыруға қызықпайды деген қорытынды жасайтын көрінеді.

Коммуниканттардың дене қалыбы (позасы) этикет бойынша үлкен маңызға ие. Өзге ұлттардың тілдерінде ым, ишарат, дене қалыбының түрлі ситуациялардағы маңызы мен мәні, этикеттік жүйедегі алатын орнын зерттеу қолға алынуда. Бұл, біздіңше, аса құптарлық мәселе, осындай ізденістер қазақ тілінде де жалғасын табады деп ойлаймыз. Дене қалыбының семантикасы, коммуникативтік акт кезіндегі атқаратын функциясы бейвербалды амалдарға байланысты жазылған жұмыстарда қаралып та жүр. Бірақ негізінен көркем әдебиет тіліндегі байқалатын тілдік қолданысы, тілдік сипаты жөнінде көбірек айтылып жүргені белгілі. Іскерлік кездесу, күнделікті өмір ағымындағы функциясын қарастыру кенжелеу қалып барады. Айталық, іскерлік кездесу кезіндегі қолданылатын бейвербалды элементтерді арнайы қарастырған Е. Аллан өзінің жинаған ақпарат-мәліметтерін мынадай кесте арқылы ұсынады.

Кесте 1 – Таңба-ишараттар мағынасының әртүрлі мәдени ортадағы салыстырмалы сипаты

Таңбалар	Таңба-ишараттарды өзге (бөтен) мәдениет адамдарының түсінуі
Визуальды контакт (көз арқылы)	Адамның бетіне тік қарау қара түсті американдықтар мен испан тілінде сөйлейтін жастар үшін сыйламаудың белгісі болғандықтан тура қарамайды.
Дене тілі	Африка елдерінде бетпе-бет контакт жасау тым агрессивті болып есептеледі. Керісінше, Таяу Шығыс елдерінде әңгіме кезінде аралық қашықтықтың жақын болуы бетпе-бет әңгіме үшін қалыпты жағдай болып, бойлары үйренген. Ал еуропалықтар кездесу кезінде белгілі бір қашықтықты сақтауды әдетке айналдырған.

Дауыс тоны мен сөйленіс жылдамдығы	Испандықтар мен италияндықтар өзгелерге қарағанда тым тез сөйлейді. Американдықтар дауыстап, қатты сөйлеседі, өйткені ақырын сөйлесу сөйлесуші адамды сезіктендіреді, қауіп ойлайды.
Әңгіме тақырыбына қатыстылығы, байлаулылығы	Американдықтар мен немістер негізгі мәселеге бірден көшеді, негізгі мәселеден бастайды. Жапония мен басқа да азиялық мәдениеттің өкілдері мәселеге тікесінен көшуді дұрыс санамайды, кездесудің ең соңғы минутына дейін келісім- шартқа (контрактіге) қол қоймайды.

Қазақ халқының түсінігінде адамның бетіне тік қарау әңгімеге қатысып тұрған адамның адалдығын, шыншылдығын, өтірік емес, шынын айтып тұрғанын білдіреді. Адамның бетіне тік қарамайтын кісі туралы қоғамдық пікір жақсы емес. Тік қарамау ол адамның жасықтықтығымен бірге, кісінің өтірік айтып тұрғанын аңғартады, ішіне әлденені бүгіп қалды-ау деп ойлауға итермелейді. Ал сөйлесіп отырған адамдар бір-біріне бас түйістіре отырып әңгімелесуі олардың бір-біріне өте жақындықтарын, сырлас адамдар екенін дәлелдейтін позалар.

### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 «Қазақстан - 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті – елбасы Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – 2012 жыл.

2 **Қобыланова, А.** Қазақ сөз этикеті. – Алматы : Жоғары Аттестациялық Комиссияның баспа орталығы. – 2001. – 119 б.

3 **Николаева, Т. М.** Интерференция языковых и неязыковых коммуникативных средств в человеческом общении. – М. : Высшая школа, 1973. – 79 с.

4 **Ешимов, М. П.** Ым семантикасы: универсалды және ұлттық табиғаты: Филол. ғыл. канд. дис.: 10.02.02. – Алматы, 2004. – 127 б.

5 **Бейсембаева, С. Б.** Невербальные компоненты коммуникации в казахском языке: Дис. канд. филол. наук: 10.02.02. – Алматы : КазНУ, 2003. – 119 с.

06.01.16 баспаға түсті.

*С. Мағжан*

#### **Семантика жестовых знаков**

Международный казахско-турецкий университет имени Х. А. Ясави, г. Туркестан.  
Поступило в редакцию 06.01.16.

*S. Magzhan*

#### **Semantics of sign marks**

A.Yesevi International Kazakh-Turkish University, Turkestan.

Received on 06.01.16.

*В статье рассматриваются вопросы, касающиеся схожих и противоположных значений семантики различных жестовых знаков.*

*Использование определенных кинетических жестов в речи позволяет говорящему донести до слушателя свое мнение, заставить его прочувствовать его, а также показывает, что говорящий знаком с окружающей общественной системой и традициями. В таких ситуациях семантика жестов и знаков выходит на первый план, поэтому ни в коем случае нельзя о них забывать. Причем в международных отношениях семантика жестов и знаков становится еще более актуальной, на чем заостряется внимание в данной статье. Также рассматривается тот факт, что большая часть ошибок в интерпретации семантики порождается формальной схожестью этих знаков и жестов. В статье представлены взгляды и идеи исследователей, касательно указанной схожести знаков и жестов и наличия универсальных парадоксов.*

*В частности, затронуты вопросы о знаках, стоящих обособлено и входящих в систему жестов, запрещенных этикетом для использования в различных коммуникативных отношениях.*

*The article deals with the similarities and opposite semantic meanings of different gestural signs.*

*The use of certain kinetic gestures in speech allows the speaker to convey their opinion to the audience, to make them feel it, and it also shows that the speaker is familiar with the surrounding social system and traditions. In such situations, the semantics of gestures and signs comes to the fore, so in any case can not be forgotten. Moreover, in international relations, the semantics of gestures and signs becomes even more urgent, as emphasized in this article. We also consider the fact that most of the errors in interpreting the formal semantics is generated by the similarity of the signs and gestures. The article presents the views and ideas of the researchers, about the similarity of the signs and gestures, and the availability of the universal paraactions.*

*In particular, there are raised questions about the signs, standing isolated and in the system of gestures, prohibited for use in a variety of communicative relations.*

**Ш. Мажитаева<sup>1</sup>, Ж. Кабыкен<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.д., профессор; <sup>2</sup>магистрант, Академик Е. А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ.

e-mail: : S\_mazhit@mail.ru; sh-mazhit@inbox.ru

**АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ «ҚЫРЫҚ МЫСАЛЫНЫҢ»  
КЕЙБІР ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Мақалада қазақ әдебиетіне ХІХ ғасырдың екінші жартысында қалыптасып, ХХ ғасырдың басында сәтті жалғасын тауып, ерекше дамыған мысал жанры туралы қысқаша шолу жасалады.*

*Мысал жанрының дамуы бүкіл қазақ поэзиясын жаңа деңгейге көтерген қазақ әдебиетінің классигі Абай дәуірімен тұспа-тұс келеді. Осы мақаламызда рухани серпіліс кезеңінде Абай дәстүрін жалғастырған, мысалды әдебиетімізде жаңа биікке көтерген, ХХ ғасыр басында қазақ әдебиетінің, әдеби тіліміздің дамуына өзіндік үлес қосқан – Ахмет Байтұрсынұлының «Қырық мысал» атты жинағына кірген мысалдардың кейбір тілдік және стильдік ерекшеліктері қарастырылады.*

*Ахмет Байтұрсынұлының «Қырық мысал» жинағы – қазақ фольклорының алтын діңгегі іспеттес.*

*Кілтті сөздер: фольклор, мысал жанры, қазақ поэзиясы, А. Байтұрсынұлының «40 мысалы», мысал сюжеті.*

Мысал жанры қоғамдағы немесе жеке адамның бойындағы кейбір жағымсыз жайт, кемшілік, дерт, ұнамсыз мінез-қылықты ашық, тура санамай, аллегориялап сынап-мінейді. «Аллегория» – грекше астарлап айту, басқаша айту деген сөз. Яғни мысал – аллегория әлгідей кемшілік дертті көбінесе адамның емес, басқа бір хайуанаттың, құстың немесе бір заттың басында болған оқиға етіп суреттейді. Өзінің айтар идея, ой-пікірін жасырып, жұмбақтап айтады [1, 54 б.]. Әңгіме бір жәндік, бір зат туралы болғанмен, оның ар жағында адам бейнесі, адам ісі, адам мінезі тұрады.

Мысалдың алғашқы үлгілерінің пайда болуын біздің эрамызға дейін VIII ғасырдағы гректердің өмірінен байқаймыз. Олар белгілі бір ойды, пікірді дидактикалық мазмұнда айтып беретін әңгімелер түрінде көрінген. Бүгінгі күнде әдебиеттану ғылымында мысалдың тұлғасы әбден тұрақталып, қалыпты бір арнаға түсті. Осы үдерістің өзі ұзақ тарихи дамудың нәтижесі. Сондықтан да осы үлгідегі Лафонтен, Крылов, Абай мысалдарын жете бағалау үшін мысалдың алғашқы үлгілеріне жан-жақты таным қажет.

Мысалдың шығу тегі, типологиялық дамуы және оның бойында лирикалық, эпостық, драмалық, тіпті трагедиялық элементтердің кездесетіндігі ғалымдардың әртүрлі байлам жасауына әкелген. Мысалды халық ауыз әдебиетіндегі жануарлар эпосымен тығыз байланысты қарастырған Е. А. Костюхиннің пікірінше, теорияда мысал тек қана әдебиет жанрының бірі ретінде қарастырылмайды, сонымен қатар бір ойды берудің өзіндік формасы және тіпті жалпы сөз өнерінің іргелі формасы ретінде қаралады [2, 164 б.].

Эпостың шағын өткір жанры мысалдың қазақ әдебиетінде жедел дамып, әдеби үдерісте ықпалды маңызға ие болған кезеңі ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басы. Аталған кезең аралығында дүниеге келіп, дербес жанр ретінде қалыптасқан мысал қазақ әдебиетіне шығыстан да, сонымен бірге батыстан да енді деп айтуға әбден болады. Өйткені аталған кезеңде шығармашылық еткен қазақ қаламгерлері алдымен төл фольклорлық және әдеби мұрамыздан, қалай сусындап өссе, қалыптасса, соң олардың әрқайсысы білім алған ордаларының бағыт-бағдарына сай не батыс не шығыс әлемінің фольклорлық және классикалық әдебиет үлгілерімен танысып өсті. Осыған орай олардың шығармашылықтары алдымен ұлттық содансоң не шығыстық, не батыстық әдебиет үлгілерімен тығыз байланыста қалыптасты. Мысалы, Дулат Бабағайұлы, Майлықожа, Молда Мұса, Тұрмағамбет Ізтілеуұлы, Шораяқтың Омары секілді ақындардың мысал өлеңдері мен дастандары шығыс фольклоры және әдебиеті материалдарының негізінде шығыспен тығыз байланыста дүниеге келді деуге келеді [3, 62 б.]. Ал Ыбырай, Абай секілді ұлы ағартушы ақындарымыз бастаған Ахмет Байтұрсынұлы, Спандияр Көбейұлы, Бекет Өтетілеуұлы, Сәбит Дөнентайұлы қостаған келесі топ орыс әдебиетін оқып өсті, қалыптасты. Олардың дені, негізінен, орыс әдебиетінен мол аудармашылық жұмыс жасады.

Қазақ даласындағы сол бір қоғамдық тарихи мезгіл қазақ халқының рухани өміріне де әсерін тигізбей қойған жоқ. Міне, осы әлеуметтік өзгерістер мен рухани серпіліс мысал жанрының дамуына ықпал еткен негізгі факторлар еді. Жалпы, өміріндегі өзекті мәселелерді көтерер көсем сөз сияқты өтімді, өктем жылдам жанарлардың әдеби аренаға толық шықпай, шыққанның өзінде бүкіл халыққа мол дәрежесінде жетпей жатқан кезде халықты елдікке, бірлікке, оқу-білімге шақыруды ғибраттық сарында, табиғатында поэзиямен егіз мысал жанрының халық үшін маңызы ерекше болды [4, 96 б.].

Мысал жанрының дамуы бүкіл қазақ поэзиясын жаңа деңгейге көтерген қазақ әдебиетінің классигі Абай дәуірімен тұспа-тұс келді. Рухани серпіліс кезеңінде Абай дәстүрін жалғастыра мысалды әдебиетімізде жаңа биікке көтерген – Ахмет Байтұрсынұлы. Ахмет Байтұрсынұлы 1909 жылы Петерборда басылып шыққан «Қырық мысал» атты жинағы қазақ мысал жанрының алтын діңгегі іспеттес. Ол осы салада жарық көрген тұңғыш жинақ болатын. Бүкіл халық, әдеби орта жылы қабылдаған «Қырық мысал» жинағы



1933 жылы Орынборда, 1922 жылы Қазанда қайтара басылып, сол кезеңдегі мысал жанрының дамуына үлкен әсер етті. А. Байтұрсынұлы мысалдары сол кездің өзінде қазақ әдебиетіндегі өзгеше құбылыс ретінде танылды.

Ахмет Байтұрсынұлы «Қырық мысал» еңбегінде Ресей отаршыларының зорлық-зомбылығын, елдің тұралаған халін жұмбақтап, тұспалдап жеткізді. А. Байтұрсынов мысал жанрының қызықты формасы, ұғымды идеясы, уытты тілі арқылы әлеуметтің санасының оянуына ықпал етті. Ақынның азаматтық арман-мақсаты, ой-толғамдары кестеленген өлеңдері жұртшылықты оқуға, өнер-білімге шақыру, мәдениетті уағыздау, еңбек етуге үндеу. Ақын халықты қараңғылық, енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерден арылуға шақырды. Абайдың ағартушылық, сыншылдық дәстүрін жаңарта отырып, А. Байтұрсынұлы ХХ ғ. басындағы қазақ әдебиетін төңкерісшіл-демократтық дәрежеге көтерді. Сондай-ақ қазақ тіліне А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов, Ф. Вольтер, С. Я. Надсон өлеңдерін аударды [5]. Бұл аудармалар А. Байтұрсынұлының тақырыпты, идеялық-көркемдік деңгейі жоғары туындылар. Ел тағдырының келешегіне алаңдаулы ақын көп қырлы ісімен, даналық саясатымен қазақ жастарының рухани көсемі болды.

Мысалдарды А. Байтұрсынұлы салт жолымен айтылатын сөздер тобына жатқыза отырып, мынадай анықтама келтіреді: «Адамның ғамалын, мінезін, құлқын жанды, жансыз нәрселер арқылы салт-санасына сәйкес көрсетіп өнегелеу мысалдау болады» [6, 37]. Сонымен қатар ғалымның біз үшін маңызды ескертуі де бар: мысалдар көбінесе хайуандар шыққан ертегілерден алынады. Ондай ертегілерде хайуандарға адамша тіл бітіріп, адамша мінездеп, іс еткізіп, түрлі өнеге боларлық сипаттанған. Одан әрі ғалым пікірі келесідей: «Мысалда аңдар, құстар, хайуанаттар, өсімдіктер іс-әрекеті, мінезі арқылы адам бойындағы мінді, кемшілікті тұспалдап, әжуә күлкі етеді... Осындай шағын көлемді, оқиғалы, адамға сабақ болатын тағылымдық шығарманы мысал дейді» [6, 37 б.], – деп түйіндей түседі.

«Қырық мысал» жинағына енген мысалдар – көлемімен де, сюжеттік дамуымен де өзге сөз зергері туындыларынан дара. «Қырық мысал» жинағына жазған «Замандастарыма» деген кіріспесінде орыс классиктерінің мысалдарын тәржімелегені туралы айтып, аударманың мән-мақсаты, дәуір дүбіріне ілесу ниеті, қиындық жағдайларда орындағаны туралы айтады:

Орыстың тәржіме еттім мысалдарын,  
Өзірге қолдан келген осы барым.  
Қанағат азға деген, жоққа – сабыр,  
Қомсынып қоңырайма, құрбыларым!

А. Байтұрсынұлы Крылов мысалдарын жолма жол аудармай, еркін аударған. А. Байтұрсынұлы өлеңі Крылов нұсқасына жолма-жол сәйкес келіп отырмаса да, мағынасы жағынан әбден жақын және көркемдігі де өте жоғары. Мәселен, түпнұсқада:

Он бросился со всех четырех ног;  
Однако ж пропасти перескочить не мог:  
Стремглав слетел и – до-смерти убился.  
А что ж его сердечный друг?  
Он потихохоньку в овраг спустился  
И, видя, что уж Льву ни лести, ни услуг  
Не надо боле,  
Он, на просторе и на воле,  
Справлять поминки другу стал  
И в месяц до костей он друга оглодал [7] – десе  
Ал Ахмет Байтұрсынұлында:  
Желікті мына сөзге енді Арыстан,  
Қарғуға жар шетіне келді Арыстан.  
Жете алмай қарғығанмен ар жағына,  
Ішіне сайдың құлап өлді Арыстан.  
Түлкі ку құлап өлген досын көрді,  
Ақырын ойға түсіп, жақын келді.  
Атаусыз сүйген досын тастасын ба,  
Сол жерде кешікпей-ақ асын берді.  
Өлтіріп досын алдап Түлкі бұзық,  
Жеп жатыр өлісімен етін бұзып.  
Бір айдай азық етіп Түлкі жатты, деп аударып, ары қарай осы мәселеге қатысты өз көзқарасын былай тұжырымдайды:  
Сүйегін жан досының таза мүжіп.  
Досын көп тірілік пен амандықта,  
Түлкідей сөз беретін жарға жықпа –  
Әр іске амандықта айдап салып,  
Мүжітін сүйегінді жамандықта.  
Кісіге таза жолдас табу қиын,  
Көбін-ақ дос етеді мал мен бұйым.  
Досыңнан, дұшпаныңнан бірдей сақтан,  
Басында, сірә, Ахмет, болса миың.  
Ойлама шын достарың мол екен деп,  
Сөзіне ере берме жол екен деп.  
Досынды қиын іске қайрап тұрған –  
Білгейсің шын дұшпаның сол екен деп.  
Бұл жолдардан А. Байтұрсынұлының адамдардың жақсы және жаман қылықтары туралы, дос пен дұшпаныңды уақытында ажыраты білу туралы ой толғағанын көреміз.  
А. Байтұрсынұлы Крылов мысалдарының оқиғасын, тақырып желісін беруде де, тұрмыс табиғат суреттерін сипаттауда қазақ даласының, қазақ елінің

өмірімен қабыстыруды мақсат еткені және солай сипаттап бергені көрінеді. Айтайын деген ойын жеткізуді басты міндет санаған. Қоғамдағы жағымсыз құбылыстарды, адам бойындағы әр түрлі жайсыз қасиеттерді, мінез-құлықтарды тура сынамай, астарлап жеткізе білген. А. Байтұрсынұлының пікірінше, дұшпан тебеді – құлатады, дос түртеді – қол береді.

Шынында, айнымалы, дүние құмар, көрініп қалуға бейім жандар ортамызда бар-ақ. Біздің қоғамда доспын деп жүріп бір-ақ сәтте алдап кетер адамдар көп. Ақын солардан алданып қалмауға шақырады.

«Қасқыр мен тырна» мысалында адамдардың адамгершілік, қайырымдылық, адалдық, қиындыққа тап болған адамдарға қол ұшын беру, көмек көрсетуі және сол көрсеткен көмек, жасаған жақсылық дәл сондай жақсылықпен қайтады деген ой. Мысалда психологиялық екіұдайылық арқылы мысал персонаждарының арасындағы драмалық тартыс шиеленісіп, ондағы әрбір сөз, диалог ғибраттық оймен үндеседі. Басы балеге душар болған «қасқыр» сықылды өзіне керек кезде бұлбұлша сайрап, қиындығынан «тырнаның» көмегімен құтылып алып, соңында ештеңе көрмеген, тіпті білмеген қалып танытып жасаған жақсылықты ұмытып, «рақметтің» орнына, «тез кет» деп өзіне тап береді.

Өзімізге таныс қазақ мысалдарында да түлкі – қулық, айлакерліктің, қасқыр – қатыгез, қарақшылықтың, мысық – жалқаулықтың, есек – ақымақтықтың символы ретінде қызмет атқарады. Бір жағынан, қызықты форма, екінші жағынан, ұғымды идея, үшінші жағынан, қазақ тұрмысына ет-жақын суреттер ұласа келіп, бұл өлеңдерді төл дүниесіндей етіп жіберді. Әртүрлі аңдар, әртүрлі адамдар кейпінен хабар беріп, ишара тұжырым жасалады. Адамдардың мінезі, өмір ағысы, тағдыр сабағы, заман қабағына қатысты көптеген жайттарды әсіресе патша отаршылардың зорлық-зомбылығы, байлардың, жуандардың тепкісі, елдің азып-тозуына байланысты сарындарды Ахмет Байтұрсынұлы жұмбақтап, тұспалдап жеткізеді, кейде ашық дәл айтылатын ойлары да кездеседі. Алуан-алуан ойға жетелейтін «Қайырымды түлкі», «Ала қойлар», «Үлес», «Қартайған арыстан», «Өгіз бен бақа», «Ат пен есек» мысалдарында әлеуметтік-қоғамдық жағдайларды меңзейтін оқиғалар, адамдар психологиясымен сарындас әуездер, тағылымды, ғибратты тұжырымдар мол орын алады.

Сонымен Ахмет Байтұрсынұлы мысалға шығармашылық даралығымен келген жаңашыл суреткер болды. Ақын мысалдарының өзіндік бір ерекшелігі – уақиғаға құрылуы эпостық сарыны. Мысалы «Аңдарға келген індет» атты драмалық тартысқа құрылған мысалдың көтерген жүгі қайсібір шұбалаңқы поэмалардың сюжетінен салмақтырақ [6,56 б.]. Ахмет Байтұрсынұлы мысалдарының эпостық тынысты жазылуы жанр табиғатын түсінбей шашыраңқылыққа ұрыну емес, қайта әлемдік белгілі сюжет мазмұнын тереңдете мысалды драмалық сипатты шығарма деңгейіне көтеруінде.

Мақаламызда әдебиеттану мен тіл білімінде сөз болып келе жатқан мысал табиғаты жайлы, оның қалыптасу тарихы, көркем аударма, аударма жасаудағы тілдік айшықтау түрлері, ол жайындағы ғылымдағы теориялық пікірлер мен әртүрлі зерттеулерге қысқаша тоқталып өттік.

Ахмет Байтұрсынұлы – жанр табиғатын терең таныған адам. Ол өз мысалдарында фольклорлық жанрлық және көркемдік дәстүрді үйлесімді берген. Мысалдың сюжеттік ортақтығы сияқты фольклорлық дәстүрмен бірге, жанрлық дәстүрді, әртүрлі көркемдік тәсілдерді (пернелеу, ғибрат, персонаж, әңгімелеу, сатира, драмалық тартыс, сентенция) ұтымды пайдалана білген.

Ахмет Байтұрсынұлының «Қырық мысал» жинағы қазақ әдебиетін жаңа тақырыптар мен идеялармен, ойлармен, өрнектермен байытты. Абайдың ақындық дәстүрі ілгері жалғасты, заман талабына сай жігерлі поэзия туды.

Ахмет Байтұрсынұлы «Қырық мысал» кітабындағы мысал өлеңдер – осы жанр саласындағы қазақ әдебиетінде стильдік биіктен көрінген көркем туындылар екені даусыз.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Құнанбаев, А.** Таңдамалы шығармаларының жинағы ( «Ғасырлар даналығы» сериясы). – М. : Орыс раритеті, 2006.
- 2 **Костюхин, Е. А.** Типы и формы животного эпоса. – М. : Наука. 1987. –265 с.
- 3 **Жұбанов, Қ.** Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы : Ғылым, 1999. – 581 б.
- 4 **Әуезов, М.** Әдебиет тарихы. – Алматы, 1991.
- 5 **Сыздықова, Р.** Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар): Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы : «Ел-шежіре», 2014.
- 6 **Байтұрсынұлы, А.** Қырық мысал: Өлеңдер. – Алматы : Жазушы, 2001. – 120 б.
- 7 **Құнанбаев, А.** Шығармалары (Қара сөздер). – Алматы : Жалын, 1979. – 1982.

27.01.16 баспаға түсті.

*Ш. Мажитаева, Ж. Кабыкен*

**Некоторые языковые особенности «40 басен» А. Байтұрсынова**

Карагандинский государственный университет  
имени академика Е. А. Букетова, г. Караганда.

Поступило в редакцию 27.01.16.

**Some language features of «40 fables» of A. Baitursynov**

Academician E. A. Buketov Karaganda State University, Karaganda.

Received on 27.01.16.

*В статье сделан краткий обзор становления и развития жанра басни, проникшего в казахскую литературу во второй половине XIX века и получившего успешное развитие и распространение в начале XX века.*

*Авторы статьи отмечают, что развитие басни получило широкое распространение в период расцвета творчества классика казахской литературы Абая, вознесшего казахскую литературу на новый уровень.*

*Особое место отводится сборнику Ахмета Байтурсынова «40 басен», опубликованному в начале XX века, который сыграл важную роль в становлении жанра басни в казахской литературе.*

*В статье рассматриваются некоторые лингвостилистические особенности басен, вошедших в сборник «40 басен» А. Байтурсынова. Данный труд внес значительный вклад в развитие казахской литературы начала XX века, сохраняя нравственные и культурные литературно-поэтические традиции Абая.*

*The article made a brief overview of the formation and development of the genre of fables, penetrated the Kazakh literature in the second half of the nineteenth century and became a successful development and dissemination of the early twentieth century.*

*The authors note that the development of the fable is widespread in the heyday of creativity of Kazakh literature classic Abai, which ascended the literature to a new level.*

*Special attention is paid to the collection of Akhmet Baitursynov «40 fables», that was published in the early twentieth century and played an important role in the development of the fable genre in Kazakh literature.*

*The article discusses some features of linguostylistic fables, included in the collection of A. Baitursynov «40 fables». This work has made a significant contribution to the development of Kazakh literature of the early twentieth century, preserving moral and cultural literary and poetic tradition of Abai.*

ЭОЖ 37.016:809.434.2

**Б. М. Мәуленова, С. М. Сапина**<sup>1</sup>ф.ғ.к., доцент, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті; <sup>2</sup>ф.ғ.к., доцент, КАЗГЮУ Университеті, Астана қ.

e-mail: bota\_m68@mail.ru

**ТІЛДІ КӨПДЕҢГЕЙЛІ ЖҮЙЕМЕН ОҚЫТУ**

*Мақалада өзге тілді дәрісханада қазақ тілін үйретудің көпдеңгейлі «Қазақ тілі. Тілдарын» оқу-әдістемелік кешендері туралы сөз болады. Мақаланың мақсаты – қазақ тілін жүйелі түрде меңгертуге бағытталған осы көпдеңгейлі оқу-әдістемелік кешендердің сипатымен, құрылымымен, ерекшеліктерімен таныстыру. Авторлар кешендегі сабақтар материалының мазмұнын, ол материалдарды ұсынуда басшылыққа алынатын қағидаттарды көрсетеді. Тіл үйретудегі коммуникативтік, құрылымдық-семантикалық әдістердің артықшылықтарын дәлелдейді. Әр қағидатты түсіндіріп, оны оқу құралынан келтірілген мысалдар арқылы бейнелейді.*

*Кілтті сөздер: деңгейлік оқыту, көпдеңгейлі жүйемен оқыту, оқу-әдістемелік кешен, функционалдық грамматика, коммуникативтік бағыт, құрылымдық-семантикалық бағыт.*

Мемлекеттік тілді көпдеңгейлі жүйемен оқыту мәселесі арнайы қолға алынғалы бері көптеген оқулықтар, оқу кешендері, оқу-әдістемелік құралдардың жарық көргені белгілі. Сол еңбектердің нәтижесінде мемлекеттік тілді көпдеңгейлі жүйемен үйрету мен оқытудың тиімді әдістемелері жасалып, өзіндік дәстүрлі жүйесі қалыптасты. Осы тұрғыдан алғанда өзге тілді дәрісханада қазақ тілін үйретудің көпдеңгейлі «Қазақ тілі. Тілдарын» оқу-әдістемелік кешендері қазақ тілін дамытуға өзіндік үлес қосары анық.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитетінің тапсырысы бойынша Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында ҚР СТ 1928-2009 ҚР мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес өзге тілді дәрісханада қазақ тілін үйретудің көпдеңгейлі «Қазақ тілі. Тілдарын» А1 (2012 жылы), «Қазақ тілі. Тілдарын» А2 (2013 жылы), «Қазақ тілі. Тілдарын» В1 (2014 жылы), «Қазақ тілі. Тілдарын» В2 (2015 жылы) оқу-әдістемелік кешендері құрастырылып шығарылды. Аталмыш оқу-әдістемелік кешендер оқу құралы, жұмыс дәптері және әдістемелік нұсқаудан тұрады.

Көпдеңгейлі «Қазақ тілі.Тілдарын» сериясының «Қазақ тілі. Тілдарын» А1 кешені қазақ тілінің бастапқы деңгейін өздігінен оқып-үйренгісі келетіндерге; «Қазақ тілі. Тілдарын» А2 кешені қазақ тілін жаңа үйреніп жүрген және білімін әрі қарай жалғастырғысы келетін тіл үйренушілерге, «Қазақ тілі. Тілдарын» В1 – орта деңгей, білімін әрі қарай дамытқысы келетін көпшілікке, «Қазақ тілі. Тілдарын» В2 – қазақ тілінің орта деңгейін игерген және білімін әрі қарай дамытқысы келетін көпшілікке арналған.

Сабақ материалдары өмірдегі әлеуметтік-тұрмыстық қажеттіліктерден туындайтын коммуникативті міндеттерді шешуге қажетті функционалдық-грамматикалық құрылымдарды меңгеруді көздейді. Жеделдетіп оқыту курсы негізгі 16 сабақтан және жаттығуға арналған 38 практикалық сабақтан, курс мазмұны жиілік негізінде алынған лексикалық минимумнан, ыңғайлы кесте түрінде жасалған 16 функционалдық грамматикалық құрылымнан тұрады. Әр модуль функционалдық грамматика көмегімен коммуникативті міндетті шешуге бағытталған 4 сабақты қамтиды.

Қазақ тілін оқытудағы негізгі мақсат – тіл үйренуші адамның ойлау қабілетін біртіндеп қазақыландыру, сөйлеуге үйрету, сөйлесім дағдыларын қалыптастыру, тіл мәдениетін көтеру. Ол үшін түрлі грамматикалық және лексикалық құрылымдарды ұтымды пайдалана білген абзал [1, 13].

Мемлекеттік тілді көпдеңгейлі жүйемен оқытып, меңгерту ісінің соңғы нәтижесі тілді үйретуге арналған оқулықтардың, оқу құралдарының, түрлі оқу-әдістемелік кешендердің жасалу сапасына тікелей байланысты.

Көпдеңгейлі «Қазақ тілі. Тілдарын» оқу-әдістемелік кешендері қажеттілік пен нақты мазмұнға құрылған, тіл үйренушінің ұсынылған материалды игеру мүмкіндігі ескерілген.

Нәтижеге жетуге бағытталған тілді оқытудың көпдеңгейлі «Қазақ тілі. Тілдарын» оқу-әдістемелік кешендерінің басты қағидаттары – ықшамдылық, жүйелілік, бейнелілік, комбинаторлық, коммуникативтік бағыт, құрылымдық-семантикалық бағыт, «қарапайымнан күрделіге» ұстанымы, интерактивтілік, тіл кедергісінен жылдам өту. Енді осы қағидаттарды жеке сипаттайық.

**Ықшамдылық** дегеніміз – қазақ тілі функционалды синтаксис негіздерінің ыңғайлы кесте түрінде берілуі. Мысалы,

Кесте 1 – Ис-әрекеттің, қимылдың кімге/қайда/неге бағытталғаны+ қажеттілік модальдылығы [2, 16].

<b>Кімнің?</b>	<b>Ис-әрекеттің, қимылдың кімге/қайда/неге бағытталғаны, мақсаты</b>	<b>Сұрақтары</b>	<b>Қажеттілік модальдылығы:</b> <i>етістік+у+тәуелдік жалғауы керек/қажет</i>
----------------	--	------------------	--

Менің	Астанаға іссапарға	қайда/неге?	бар+у+ым керек
Сенің	әуежайға билетке		бар+у+ың керек
Сіздің	әуежайға билетті сатып алуға		бар +у +ыңыз керек
Оның	билетке алдын-ала тапсырыс беруге		бар +у +ы керек

**Жүйелілік** түсінуге жеңіл қолайлылық қағидасын жүзеге асыруды басшылыққа алады. Тіл деңгейлік (фонетика, лексика, морфология, синтаксис) тұрғыда емес, функционалды семантикалық өріс (ФСӨ) жүйесі ретінде ұсынылады. Функционалды синтаксис негіздерін меңгеру, түсіну тілді оқытып үйретудің жүйелілігін қалыптастырады.

Семантикалық блокқа топтастырылған грамматикалық құрылымдар бір модульде беріледі. Мысалы,

**Іскерлік әлемі. Мезгілдік қатынас**

**1-сабақ. Іскерлік**

*Әлдебір іс-әрекеттің орындалу уақытының ұзақтығының, созылыққылығының берілуі. Оқиғадан бұрынғы, алдында болған мезгілдің берілуі.*

**2-сабақ. Клиенттермен жұмыс**

*Әлдебір әрекет аяқталғаннан соң, басқа бір іс-әрекеттің болатын, басталатын немесе аяқталатын мезгілінің берілуі. Әлдебір іс-әрекеттің белгілі бір уақыт ішінде орындалу мерзімінің берілуі. Қайталанатын іс-әрекет мезгілінің берілуі.*

**3-сабақ. Ресепшнде**

*Әлдебір іс-әрекеттің басталу сәті мен аяқталуының берілуі. Әлдебір оқиғалар, іс-қимылдар аралығындағы мезгілдің берілуі [2, 50-80].*

«Тілдік деңгейлер арасындағы бар логикалық, мағыналық байланысты жандандыру тіл үйренушінің ассоциативтік, логикалық ойлауының дамуына әсер етеді. Өртүрлі деңгейдегі мағыналық жағынан байланысты тілдік бірліктерді бір блокқа біріктіру семантикалық жағынан жақын компоненттерді іздеу қағидасын тудырады, таңдау механизмдерін де оятады, тіл байлығын тиімді меңгеруге ықпал етеді» [3, 11].

**Бейнелілік** – тіл үйренушілерге қазақ тілінен білім беруде сүйенілетін жалпы дидактикалық қағидалардың бірі. Оқу кешеніндегі бейнелілік ұстанымы кесте, сызба, тақырыпқа қатысты түрлі-түсті суреттер, торкөздер, ұяшықтар, анықтағыш белгілер арқылы көрінеді. Олар тіл үйренушілердің тілдік кедергілерден өтуіне әсерін тигізеді, белгілі дәрежеде тіл үйренушілердің тілге деген қызығушылығын тудырады, грамматикалық құрылымдарды меңгеруде, лексикалық тақырыптарды жете меңгертуге

пайдасын тигізеді, тіл үйренушілердің бақылағыштық және сенімділік қабілетін арттырады.

**Комбинаторлық инновация** – бұрын пайдаланылмаған, белгілі әдістеме элементтерін жаңаша құрастыру. «Қазақ тілі. Тілдарын» оқу-әдістемелік кешенінде бұрын пайдаланылмаған бірнеше әдістеме элементтері бар. Солардың бірі – «Сөздік картасы». Мысалы,

Кесте 2 – Сөздік картасы [4, 30].

<b>Жаңа сөз</b>	кесте
<b>Жаңа сөздің мәтіндегі қолданысы</b>	Кестені материалдың бетін түгел бастыра немесе гүл шоғырына ұқсатып та әшекейлейді.
<b>Ассоциация</b>	ою-өрнек, біз, ине, жібек жіп, алтын, күміс, мата, әшекейлеу, безендіру, асыл тастар
<b>Синоним</b>	көркемдеп тігу
<b>Антоним</b>	-
<b>Анықтама</b>	Кесте – бұл тоқыма сияқты сәндік колөнерінің бір түрі.
<b>Сөйлем</b>	Анам кесте тігуді, сол сияқты тоқуды ұнататыны сонша, таң атқаннан кеш батқанға дейін осы іспен айналысып отыра береді.

«Сөздік картасы» тіл үйренушінің сөздік қорын кеңейтеді әрі жаңа сөздің мәтіндегі қолданысы негізінде грамматикалық жағынан дұрыс, мағынасы бар, өз алдына қолдануға болатын сөйлеу мәтінін құра білуге жетелейді.

**Коммуникативтік бағыт** ұстанымы – оқулықтың құрылымы коммуникативтік-функционалды негізге құрылғандығынан көрінеді. Көпдеңгейлі «Қазақ тілі. Тілдарын» оқу-әдістемелік кешендерінің оқу құралдарындағы грамматика коммуникативтік-функционалды белгілері бойынша жүйеленген.

Мысалы, тіл үйренуші В1 деңгейіне арналған «Тұрмыстық сала» модулінің «Әуежайда» деп аталатын бірінші сабағының лексикалық тақырыбына қатысты жаңа сөздерді пайдалана отырып, грамматикалық құрылымдармен (*қажеттілік модальдылығы + етістіктің шақтары*) сөйлеу мәтінін құрастырады:

Кесте 3 [2, 22].

?	+	-	Етістіктің шақтары
Сендердің көші-қон картасын толтыруларың керек пе?	Біздің көші-қон картасын толтыруымыз керек	Біздің көші-қон картасын толтырмауымыз керек	<b>Ауыспалы келер осы шақ</b>
Сіздердің көші-қон картасын толтыруларыңыз керек болып тұрма?	Біздің көші-қон картасын толтыруымыз керек болып тұр.	Біздің көші-қон картасын толтыруымыздың керегі жоқ/ болып тұрған жоқ.	<b>Нақ осы шақ</b>
Олардың көші-қон картасын толтырулары керек болды ма?	Олардың көші-қон картасын толтырулары керек болды	Олардың көші-қон картасын толтырулары керек болмады/ болған жоқ	<b>Өткен шақ</b>

Оқу құралы өмірдегі әлеуметтік-тұрмыстық қажеттіліктерден туындайтын, коммуникативті міндеттерді шешуге қажетті коммуникативтік-функционалды грамматиканы меңгертуді көздейді, яғни көпдеңгейлі «Қазақ тілі. Тілдарын» оқу-әдістемелік кешендері қажеттілік пен нақты мазмұнға құрылған, тіл үйренушінің ұсынылған материалды игеру мүмкіндігі ескерілген.

**Интерактивтілік** – таным әрекетін ұйымдастырудың арнаулы формасы. «Интерактив» деген сөз ағылшынның «interact» («inter» – «өзара», «act» – «әрекет ету») деген сөзінен шыққан. Яғни, интеракция – жеке индивидтердің, топтың, жұптың өзара біріккен әрекетте бір-біріне алма-кезек әсер етуі.

Көпдеңгейлі «Қазақ тілі. Тілдарын» оқу құралдарында тілдік қатынасты үш түрлі жолмен (жұптық, топтық, ұжымдық) немесе дәстүрлі қалыппен іске асыратын тапсырмалар берілген..

Келесі **құрылымдық-семантикалық бағыттың** артықшылығы - тілдік материалдар концентрлікке құрылуы, яғни, а) оқу материалдарында деңгейден деңгейге өтудегі сабақтастық қағидаты сақталып отырады; ә) бастапқы деңгейде берілген қарапайым тақырып, тапсырмалар одан жоғары деңгейде көлемі, қиындығы жағынан ерекшеленеді, яғни «қарапайымнан күрделіге» ұстанымы бойынша қарапайым сөйлесу үлгілерін игеруден күрделі сөйлесу түрлерін игеруге бағытталады.

Төменде кешендегі деңгейлер арасындағы лексика-грамматикалық тақырыптар сабақтастығын көрсететін мысалдар беріліп отыр:

Кесте 4 – Лексикалық тақырыптар сабақтастығы [5], [2], [4].

<i>A2</i>	<i>B1</i>	<i>B2</i>
<i>Өзім туралы</i>	<i>Өзін-өзі таныстыру</i>	<i>Жұмысқа орналасу (өтініш жазу, тәжірибе жинақтау, ЖОО білім алушыларын жұмысқа орналастыру)</i>
<i>Білім</i>	<i>Білімді жетілдіру</i>	<i>Қазіргі заманғы тұлға</i>
<i>Жұмыс орны Кеңседе</i>	<i>Ұжымым Мекеменің құрылымы Мекеменің міндеті</i>	<i>Кәсіби этика</i>

Кесте 5 – Грамматикалық тақырыптар сабақтастығы [5], [2], [4].

<i>A2</i>	<i>B1</i>	<i>B2</i>
<i>грамматикалық құрылымдар + ауыспалы келер\ осы шақ;</i> <i>грамматикалық құрылымдар + нақ осы шақ;</i> <i>грамматикалық құрылымдар + өткен шақ</i>	<i>грамматикалық құрылымдар + ауыспалы келер\ осы шақ;</i> <i>грамматикалық құрылымдар + нақ осы шақ;</i> <i>грамматикалық құрылымдар + өткен шақ;</i>	<i>грамматикалық құрылымдар + әрекеттің жасалуға бейімділігі;</i> <i>грамматикалық құрылымдар + әрекеттің басталуы;</i> <i>грамматикалық құрылымдар + әрекеттің созылуы;</i> <i>грамматикалық құрылымдар + әрекеттің жүзеге асуы</i>

Әр деңгейде грамматикалық құрылымдар етістіктің шақтарымен сабақтастықта қолданылады. Бастапқы деңгейде берілген қарапайым тақырып, тапсырмалар одан жоғары деңгейде көлемі, қиындығы жағынан ерекшеленеді, мысалы,

Кесте 6 – Өзіне бағытталған іс-әрекеттің берілуі [2, 60]

<b>Әрекеттің жасалуға бейімділігі</b>	<b>Әрекеттің басталуы</b>	<b>Әрекеттің созылуы</b>	<b>Әрекеттің жүзеге асуы</b>
Туристер өзеннің суымен жуынғалы жатыр/жуынайын деп жатыр/жуынбақшы	Туристер өзеннің суымен жуына бастады	Туристер өзеннің суымен жуынып жатыр	Туристер өзеннің суымен жуынды

«Қазақ тілі. Тілдарын» оқу әдістемелік кешендері – тілдік деңгейлер өзара сабақтастықта жасалған басқа да қазақ тілі оқулықтарымен үйлесе отыра, көпдеңгейлі оқыту жүйесі талаптарына сай мемлекеттік тілді оқытуды жандандыруға мүмкіндік беретін жаңа үлгідегі тіл құралы.

Қорыта келгенде, көпдеңгейлі оқу-әдістемелік кешендер қазақ тілін оқыту әдістемесінің мынадай ұстанымдарына негізделуі қажет:

- кешен мазмұнының өзектілігі;
- кешен мазмұнының жүйелілігі;
- кешен мазмұнының сабақтастығы;
- кешен тиімділігі;
- кешен бейнелілігі;
- түсінуге жеңіл қолайлылығы;
- саналылық пен белсенділік;
- берілген материалдың тіл үйренушінің қабылдауына сәйкестігі.

Бұл көрсетілген ұстанымдар өтілетін тақырыпқа, тілдің жекелеген тақырыптарының ерекшеліктеріне байланысты қолданылуы және олардың өзара байланыстылығы мен сабақтастылығы сақталуы қажет.

Мемлекеттік тілді көпдеңгейлі жүйемен оқыту сатылап дамуға, тіл үйренушіге өз қабілетін жетілдіруге мүмкіндік туғызу және дұрыс, сауатты, мәдениетті сөйлесе білу мүмкіндігін қалыптастыру, оны іске асыра білуге ықпалын тигізуі тиіс.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Жақсылықова, К.** Мемлекеттік тілді көпдеңгейлі оқыту мәселесі жайында. // Әдістеме әлемінде. Ғылыми-әдістемелік жинақ. – Алматы, 2008. – 143 б.

2 Қазақ тілі. Тілдарын. Оқу құралы (B1). – Астана, 2014. – 295 б.

3 **Күзекова, З.** Қазақ тілінің функционалды практикалық грамматикасы. Оқу құралы. – Астана : Фолиант, 2015. – 180 б.

4 Қазақ тілі. Тілдарын. Оқу құралы (B2). – Астана, 2015. – 350 б.

5 Қазақ тілі. Тілдарын. Оқу құралы (A2). – Астана, 2013. – 296 б.

08.01.16 баспаға түсті.

*Б. М. Мауленова<sup>1</sup>, С. М. Сапина<sup>2</sup>*

**Обучение языку по многоуровневой системе**

<sup>1</sup>Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева;

<sup>2</sup>Университет КАЗГЮУ, г. Астана.

Поступило в редакцию 08.01.16.

**Multilevel system of language teaching**<sup>1</sup>L. N. Gumilyov Eurasian National University.<sup>2</sup>KAZGUU University, Astana.

Received on 08.01.16.

*В данной статье рассматривается многоуровневый учебно-методический комплекс по обучению казахскому языку. Целью статьи является ознакомление со структурой и спецификой учебно-методического комплекса. Основное внимание в работе авторы акцентируют на содержание материала уроков, раскрывают основные принципы при подборе учебного материала. Кроме того, в статье выделяются и описываются принципы учебно-методического комплекса, приводятся примеры, доказываются преимущества коммуникативного и структурно-семантического методов при обучении языку.*

*The given article indicates academic methodological complex of different levels in teaching Kazakh language. The purpose of the article is to introduce the structure and specifics of academic methodological complex. The authors note the readers' attention to the content of lessons, and show the main principles of selection of educational materials. Additionally, the principles of academic methodological complex are distinguished and described here, examples are given, and advantages of communicative and structural-semantic methods of teaching a language are being proved in the article.*

**P. M. Mуталиева<sup>1</sup>, P. M. Mуталиева<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.к., профессор, қазақ филологиясы кафедрасы, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.; <sup>2</sup>қазақ тілі мен әдебиеті оқытушысы, О. Жандосов атындағы негізгі орта мектеп, Оңтүстік Қазақстан облысы, Қазығұрт ауданы

**БАЛЬЗАК, ДОСТОЕВСКИЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЖАЗУШЫЛАРЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ПОРТРЕТ ЖАСАУ ШЕБЕРЛІГІ**

*Мақалада Бальзак, Достоевский, Набоков және қазақ жазушылары М. Әуезов, Ж. Аймауытов, Б. Майлин, Ф. Мүсірепов шығармаларындағы «қол», «қоз» сөздерінің образды түрде қолданылуы салыстырмалы түрде талданады.*

*Кілтті сөздер: Әдеби байланыс, деталь, бейнелілік, шеберлік.*

Қазіргі әдебиетші ғалымдар пікіріне сүйенсек, кез-келген жазушының көркемдік әлемін бір ұлт әдебиеті көлемінде немесе бір ел әдебиеті арнасында толық танып, игеру қиын [1, 163]. Сондықтан, қазақ жазушылары шығармаларындағы шеберлік мәселелерін орыс, батыс әдебиетімен салыстырмай тұра алмаймыз.

Сөзімізді Бальзактың «Евгения Гранде» романынан бастасақ, шығармадағы психологизм, деталь, образ жасау шеберлігіне тәнті боласыз. Достоевский Бальзактың осы шығармасын оқып, көп нәрсені үйренгені жайдан-жай емес шығар. Бұл туралы Достоевский шығармашылығы туралы зерттеулерде былай айтылады: «К началу 1844 года был закончен перевод повести Бальзака «Евгения Гранде». Он стал для писателя «практическим семинаром по искусству романа»» [2, 401].

«Евгения Гранде» романындағы сараң Гранде образын ашатын көптеген мысалдардың бірі ретінде мына біреуіне тоқталайық:

– Та-та-та-та! – сказал Гранде. – Уже начинаются глупости. Мне досадно смотреть на ваши холеные, белые руки. Он показал племяннику свои руки, похожие на бараньи лопатки, которыми наградила его природа.

– Вот руки, не вашим чета, руки, созданные для того, чтобы собирать золото! [3,57]. Гранденің қолының қойдың жауырыны секілді жалпақ болуы, жай қол емес, уыстап алтын жинауға арналған сараңның қолы екені көңіл аудартады.

Романда «қол» сөзі тағы басқа мағынада былай қолданылады: «Люди доверили свое имущество Гильому Гранде, полагаясь на его доброе имя

и честность, а он, взявши все, разорил их, и теперь они слезы кулаками утирают» [3, 59]. Мұндағы «жұдырықтарымен көз жастарын сүрту» сөзі – адамдардың Гильомға деген ашу-ызасын білдіретін образды сөз.

«Жұдырық» сөзі Достоевскийдің «Идиот» романында да кездеседі: «Какой-то огромный вершков двенадцати господин, тоже необычайно толстый, чрезвычайно мрачный и молчаливый и, очевидно, сильно надеявшийся на свои кулаки» [4, 121]. «Господин с кулаками, вероятно полагая, что пришла минута, начал что-то ворчать» [4, 123]. Достоевский кара күшіне сенген кейіпкерді, мәселені жұдырығымен шешіп жүрген адамды жоғарыдағы детальдармен дәл бере білген. Жазушы таныс емес кейіпкердің болмысын бір ғана детальмен жеткізген. Зейнолла Қабдолов айтқандай, «Детальдың басты бағалығы – дәлдігінде. Дәлдік деген не? Дәлдік – шындыққа жанасымдылық» [5, 98].

Орыс және американдық жазушысы Владимир Набоковтың «Қапас құрсауы» романында мынадай қолданыс бар: «Кречмар, мұнда кімнің қожайын екенін аңғара алмай, қолын жуып жатқан адам құсап ысқылап тұрған Горнге қарсы жүрді. Горн қолын әлі ысқылап сабындап тұр» [6, 273]. Горнның қолын ысқылап тұрғаны жай адамға елеусіз нәрсе шығар. Бірақ талантты жазушылар бәрін байқағыш, аңғарғыш келеді. Қол қимылы адамның әр түрлі психологиялық халін білдіреді. Таныс емес жерге қонаққа келген адамның ыңғайсызданып тұрғандағы қимылы бұл сөйлемде де дәл берілген.

Ғабит Мүсіреповтің «Оянған өлке» романында Жұман байдың портретін былай келтіреді: «Көлденені күректей мұқыл тырнақты саусақтары келінің сабындай жұп-жуан» [7, 6]. Мұндағы он жеті мың жылқысы бар Жұман бай да – Бальзактың Гобсек, Гранделері секілді сараң. Автор оның тұлғасын ерекше етіп сомдаған. Оның тырнақтарының күректей, саусақтарының келінің сабындай болуының өзі кейіпкердің ұнамсыз екенін аңғартады.

Осы шығармада он екі мың жылқысы бар Игілік байдың портретінде де оның саусақтары былай суреттеледі: «Шойын кеуделі, аю жоталы, бүруге біткендей жүндес сом саусақты, қастары қиғаш-қиғаш біткен қара кісі – Игілік би паң да, тәкәппар да емес» [7, 13]. Игілік – жаңашыл бай, заңды да, басқасын да білетін сауатты бай, сондықтан оның қолынан бәрі келеді. «Бүруге біткендей жүндес сом саусақты» деген сөздердің мәнісі осыны білдіреді. Ал Жұман байдың жылқысы көп болса да, Игілік секілді сауатты, жаңашыл емес. Саусақтары келінің сабындай болғанымен, қолынан келері жоқ. Игілікпен алысуға шамасы келмейді, бар ашуын үй ішінен алатын адам.

Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романында кейіпкерлердің кәдімгі амандасуы өзгеше айтылады: «Бекболат Тыпанды тани кетті. Екі қолымды бергенім қата болды ма деп, жеңін сыбанып, қалақтай алақанын Тыпанның жып-жылы, жұмсақ уысына қырынан сұға қойды» [8, 214]. Бекболат ауыл

жігіті болғандықтан, оның қолы қалақтай болуы заңды. Жазушы екі адамның амандасуын жай айта салмай, «қырынан сұға қойды» деген образды сөзді қолданған.

Кейіпкерлердің көздерінің сипатталуы образды ашуда ерекше рөл атқарады. Бальзактың «Евгения Грандесінде» Гранденің Евгенияға қарағаны былай берілген:

– Ты и не знала дяди, чего же ты плачешь? – сказал ей отец, бросая на него взгляд голодного тигра, – таким же взглядом он, вероятно смотрел на свои груди золота [3, 50]. Гранде қызының Шарльге деген сезімін аңғарып қойғандықтан, осындай көзбен қарады. Дүниеқоңыз адам алтындарына күнде қараса да, оның көзі аш жолбарыстың көзі секілді боп тұрады.

Ғабит Мүсіреповтің «Сөз жоқ, соның іздері» әңгімесінде көзге байланысты мына бір деталь ұтымды қолданылған: «Үш бұрыштанып келіп қалған жылан көз маңдайымды тесіп кетер ме деп едім, тесе алған жоқ» [9, 349]. Осы сөйлемде жазушы маскүнем адамның ішкенде көз пішінінің үш бұрыш болып өзгеріп кететінін дәл аңғарған.

Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романында да ішкен адамдардың көздері былай сипатталады: «Қонақтар қызарып-қызып сөйлегенде бірінің иығына бірі асылып, көздері кішірейіп, бірін-бірі тізеге салып қап, стақанды кейбірі түсіріп алып, шылымдар да қалай болса солай, үстелде жатып қалатын күйге ұшырады» [8, 220]. Мұнда да ішкен адамның көз пішіні өзгеріп, кішірейіп кететіні айтылған. Жалпы, ішкен адамдардың қимылдары да басқаша күйге ауысатынын Аймауытов нақты көрсеткен.

Ғ. Мүсіреповтің «Оянған өлке» романында барған үйінде көзімен жан-жағын тіміскілеп отыратын бір кейіпкердің көздері былай суреттеледі: «Көзінің құйрықтарына ақтаған тарыдай бірдемелер жинала береді. Барған үйінде тіміскіленіп дағды алған көзі олай-бұлай жүйткіп қалғанда, әлгі ақталған тарының бір түйірін ала қашқан тышқанға да ұксап кетеді...» [7, 22].

Осы романдан көзге байланысты тағы бір мысал: «Теңгеліктер жарқырай дөңгеленіп барып Ордабайдың алдына құлады. Ордабай оны балағының астына тықты, сол теңгеліктермен бірге Сандыбай көзі де сол балақтың астына кіріп барады» [7, 118]. Сандыбай карта ойнаймын деп бір құлынды биесін ұтқызады. Оның көздерінің балақтың астына кіріп кетуін осылай түсінуге болады.

Бейімбет Майлиннің «Раушан-коммунист» повесінде мына бір кейіпкердің көз пішіні де ерекшелігімен назар аудартады: «Кішкене көзі сықсып, күліп тұрғанын да, кейіп тұрғанын да адам айыра алмастық» [10, 58]. Сирек кездесетін портрет. Мүмкін, басқа жазушы «сықсыған көз» деген қолданыспен шектелер ме еді?

Мұхтар Әуезовтің «Қилы заман» повесінде тілмаштардың көздері кең мағынада сипатталады: «...өңі жылтыр, қарны томпақ тілмаштар. Соңғыда



маңайына қарайтын екі түрлі көз бар. Бірі – жар төсегін арамдап қойған, жүрісі сұйық тоқалдай жағына, жалтандай, жорғалай қарайтын жасқаншақ көз. Бұл – приставка, судьяға, жәрмеңке ұлығына қарайтын көзі. Екіншісі – сыздана, кесірлене, керги қарайтын, асқақ, мақтаншақ, жемге қадалған қомағай көз. Ол – қазаққа, елге қарайтын көзі» [11, 274]. Осы мысалдағы «көз» сипаттамаларына тілмаштардың бүткіл болмысын ашып беретін сөздер жинақталған.

Әуезовтің «Оқыған азамат» әңгімесінде дүниекоңыз кейіпкердің біреудің байлығына қараған көздері былай берілген: «...қарсыдағы Мақсұттың үйіне Жұмағұл қомағайланған көзбен қарай түсті» [11, 36]. Жұмағұлдың ойы – Мақсұттың үлкен үйін тезірек иемдену. Дүние табу үшін оқыған азамат екенін дәлелдейді, өйткені әке-шешесінің берген тәрбиесі сондай.

Қорыта айтқанда, жазушының кейіпкер бейнесін ашудағы, портрет жасаудағы тіл шеберлігіне көптеген мысалдар келтіре беруге болады. Біз тек бірер қырын ғана көрсетуге тырыстық.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Дәдебаев, Ж.** Қазіргі қазақ әдебиеті. Лекциялар курсы / Ж. Дәдебаев. – Алматы : «Қазақ университеті», 2003. – 284 б. – ISBN 9965-12-516-3
- 2 **История русской литературы XIX века.** Вторая половина. Учебное пособие / под редакцией профессора Скатова Н. Н. – Москва: «Просвещение», 1987. – 608 с.
- 3 **Бальзак, О.** Евгения Гранде. Роман / О.Бальзак. – М. : «МОСТЭП и К», 1992. – 239 с. – ISBN 5-88536-003-0
- 4 **Достоевский, Ф. М.,** Собрание сочинений в 12 томах. Т 6. Идиот. Роман / Ф. М. Достоевский. – М. : «Правда», 1982. – 662 с.
- 5 **Қабдолов, З.** Екі тормдық таңдамалы шығармалар. Т 2. Сөз өнері / З. Қабдолов. – Алматы : «Жазушы», 1983. – 456 б.
- 6 **Набоков, В.** Машенька. Лужин қорғанысы. Қапас құрсауы. Әңгімелер / В. Набоков. – Астана : «Аударма», 2005. – 407 б. – ISBN 9965-18-135-7
- 7 **Мүсрепов, Ғ.** Оянған өлке. Роман / Ғ. Мүсрепов. – Алматы : «Қазмемкөркемәдебиет», 1953. – 502 б.
- 8 **Аймауытов, Ж.** Бес томдық шығармалар жинағы. Т 1. Романдар / Ж. Аймауытов. – Алматы : «Ғылым», 1996. – 328 б. – ISBN 5-628-01318-8
- 9 **Мүсрепов, Ғ.** Таңдамалы үш томдық. Т 1. Повестер мен әңгімелер / Ғ. Мүсрепов. – Алматы : «Жазушы», 1980. – 541 б.
- 10 **Майлин, Б.** Повестер мен әңгімелер / Б. Майлин. – Астана : «Елорда», 1999. – 364 б. – ISBN 5-7667-6485-5
- 11 **Әуезов, М.** Қорғансыздың күні. Әңгімелер, повестер / М.Әуезов. – Алматы : «Атамұра», 2002. – 432 б. – ISBN 9965-05-657-9

18.01.16 баспаға түсті.

*Р. М. Муталиева<sup>1</sup>, Р. М. Муталиева<sup>2</sup>*

### Мастерство создания портрета в произведениях Бальзака, Достоевского и казахских писателей

<sup>1</sup>Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар;

<sup>2</sup>Основная средняя школа имени О. Жандосова, Южно Казахстанская область, Казыгуртский район.  
Поступило в редакцию 18.01.16.

*R. M. Mutalyeva<sup>1</sup>, R. M. Mutalyeva<sup>2</sup>*

### Skill of creating a portrait in the works of Balzac, Dostoyevsky and the Kazakh writers

<sup>1</sup>S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar;

<sup>2</sup>O. Zhandosov basic secondary school, South Kazakhstan region, Kazygurt district.  
Received on 18.01.16.

*В статье дается сравнительный анализ образного применения слов «рука», «глаза» в произведениях Бальзака, Достоевского и казахских писателей.*

*The article discusses the use of the words «hand», «eye» in the works of Balzac, Dostoyevsky and the Kazakh writers with comparative method.*

**А. Т. Оналбаева<sup>1</sup>, К. Т. Жанузакова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>д.фил.н., <sup>2</sup>д.фил.н., и.о. профессора, Казахский государственный женский педагогический университет, г. Алматы

e-mail: a.onalbaeva@mail.ru

**ПРОКСЕМИЧЕСКИЙ АСПЕКТ НЕВЕРБАЛЬНОЙ КОММУНИКАЦИИ**

*Работа посвящена исследованию невербальных средств общения, особое внимание уделяется проксемике, науке о пространстве коммуникации, его структуре и функциях. Проксемическая организация общения в исследовании затрагивается в двух аспектах: в аспекте обычного официального и неофициального общения. В работе также рассматривается социально-иерархический параметр расположения коммуникантов во время официального общения (начальник-подчиненный), возрастной параметр, влияющий на пространственное расположение во время неофициального общения, социально-коммуникативный фактор.*

*Ключевые слова: невербальная семиотика, коммуникация, речевой акт, сфера общения, социокультурная стратификация, проксемика, проксемическая организация общения*

Проксемическая организация общения в нашей статье затрагивается в двух аспектах: в аспекте обычного официального и неофициального общения, и в аспекте ритуализованных коммуникативных ситуаций, рассматривается социально-иерархический параметр расположения коммуникантов во время официального общения (начальник-подчиненный), возрастной параметр, влияющий на пространственное расположение во время неофициального общения, социально-коммуникативный фактор, влияющий на пространственное расположение в замкнутом пространстве (за дастарханом), национально-культурный фактор («жол») пространственного расположения коммуникантов.

Так как невербальное поведение, его функции раскрываются в контексте общения, взаимного восприятия людьми друг друга, то необходимо указать на пространственно-временную организацию общения, а также выделить пространственно-временные характеристики невербального поведения партнеров как форму и способ его существования в общении. Пространство и время общения являются основой и первым условием любых взаимоотношений людей. В процессе общения пространственно-временные характеристики

реализуются в ряде понятий, одним из них является проксемическая дистанция. Так, выделены стереотипные для североамериканской культуры (Е. Холл) четыре расстояния приближения человека к человеку:

а) интимное расстояние, используемое при общении самых близких людей, составляет от 0 до 45 см;

б) персональное расстояние, используемое при обычном общении со знакомыми, равное от 45 до 120 см;

в) социальное расстояние, используемое при общении с незнакомыми людьми при официальном общении;

г) публичное расстояние от 400 до 750 см при выступлении перед различными аудиториями [1].

Российские психологи выявили факторы, влияющие на изменение проксемического расстояния. Это фактор *возраста*, а именно: при общении с лицами старше по возрасту расстояние увеличивается, при общении с лицами намного младше по возрасту расстояние уменьшается; это фактор *знакомства-незнакомства*: при общении с незнакомыми людьми мы стараемся держаться от них подальше, при общении со знакомыми людьми дистанция уменьшается; это фактор *лиц, включенных, либо не включенных «в личную сферу говорящего»*. По Н. Ю. Апресяну, в личную сферу говорящего входят сам говорящий и все, что ему близко физически, морально, эмоционально или интеллектуально... [4], это фактор психического состояния тревожности, которая стимулирует реакцию избегания, проявляющуюся в увеличении проксемического расстояния. Как показывают наши наблюдения и анализ материала, извлеченного из художественных фильмов, вышеназванные факторы, влияющие на изменение проксемического расстояния, релевантны и для казахской культуры.

Как указывает В. А. Лабунская, на выбор дистанции в общении влияют социальный престиж коммуникантов, национально-этнические признаки, пол, возраст, характер взаимоотношений партнеров, экстравертированность-интравертированность и др [1]. Как иллюстрацию того, что на выбор проксемической дистанции влияет характер взаимоотношений, можно привести пример, когда при проведении международных научных конференций, совещаний, конгрессов стараются учесть характер взаимоотношений между странами и определить в соответствии с этим места представителей этих стран. Так, например, организаторы подобного вида общения стараются создать максимально далекое расстояние между представителями оппозиционно настроенных друг против друга таких стран, как Израиль и арабские государства, Армения и Азербайджан и т.д.

К перечисленным выше факторам, влияющим на проксемическую дистанцию, следует добавить регион проживания, так, южане предпочитают более близкую проксемическую дистанцию, северяне – более отдаленную

проксемическую дистанцию. Интересный пример – как по проксемической дистанции определили преступника (северянин или южанин) находим в детективном романе Ч. Абдуллаева. Эксперт анализирует видеосъемку, где подозреваемый снят со спины: «Он англичанин, хорошо знает нравы, принятые в Южной Европе. Обратите внимание на момент, когда кто-то из туристов его о чем-то спрашивал, он поворачивается и подсознательно чуть отступает – ведь жители Великобритании и Северной Европы разговаривают друг с другом на расстоянии вытянутой руки, а итальянцы и испанцы беседуют на гораздо более близком расстоянии» [2].

Вторым понятием проксемики является *пространственная организация общения*, которая непосредственно связана с фактором «ситуация общения» и «характер общения». В официальной ситуации общения пространственное расположение коммуникантов зависит от характера общения. Так, если партнеры по общению являются эксплицитно или имплицитно соперничающими, то они предпочитают садиться «друг против друга». Если же в общении партнеров доминирует дух кооперации, то предпочтительным выступает позиция «на одной стороне стола». Если же общение является либо случайной беседой, либо представляет обыденный разговор, люди предпочитают позицию «наискосок». В случае, когда беседа имеет регулятивный характер, основными вербальными единицами акта коммуникации выступают директивы (указание, приказ, распоряжение), то типичной является позиция «на противоположных сторонах по диагонали».

В этой связи интересна схема, приведенная в работе В. А. Лабунской, где по итогам психологического эксперимента выделены наиболее приемлемые для общения позиции сидящих за столом людей с указанием процента испытуемых [1].




Рисунок 1 – Пространственная организация сидящих за столом

Приведенная схема отражает пространственные позиции, характерные для официального общения двух коммуникантов, когда же общение носит групповой характер при различии в социальном статусе коммуникантов, то здесь актуализируется еще одно проксемическое понятие «главная

пространственная позиция», которое выражается казахским *төр*, русским *во главе стола*, место руководителя либо человека, председательствующего на заседании, совещании, обсуждении.

*Главная позиция* – это обычно место за столом напротив входа в помещение. Далее коммуниканты располагаются в соответствии со своим служебным положением, должностью, значимостью.

При официальном коллективном общении (общее собрание, конференция и др.) главная позиция – это президиум.

Когда же речь идет о неофициальном общении, то проксемика общения регулируется такими социально-демографическими параметрами, как возрастное соотношение коммуникантов, место в системе родственных отношений, параметр «знаком-незнаком», и выражается в предоставлении наиболее почетного места в жилище, либо более комфортной и безопасной позиции вне жилища (сидячее место в автобусе, менее шумное и более безопасное место на улице и т.д.).

Следующим проксемическим понятием выступает понятие «*персональное пространство*», Р. Соммер [3] определяет это как пространственную сферу вокруг человека, очерченную мысленной чертой, которую другим не следует переступать. Мерой персонального пространства является расстояние, на которое к данному человеку может приближаться другой человек. Персональное пространство исследователями рассматривается как одна из форм регуляции пространственного контакта между людьми.

В казахстанской лингвистике проксемическое понятие персонального пространства не было объектом специального исследования, но наши наблюдения показывают, что персональное пространство варьируется в зависимости от таких параметров, как региональные характеристики коммуникантов. У жителей северных и восточных регионов Казахстана персональное пространство характеризуется большим расстоянием, нежели у жителей южного региона страны.

На персональное пространство влияет и социальный статус: чем выше социальный статус человека, тем большим расстоянием определяется его персональное пространство. Данное проксемическое понятие значимо в том плане, что нарушение персонального пространства создает дискомфорт для человека, он старается быстрее завершить общение [4].

Итак, объектом нашего исследования являются средства невербального общения. При этом базовым понятием выступает невербальное общение, под которым мы понимаем использование невербальных средств в ходе визуального непосредственного, межличностного взаимодействия. Нами целенаправленно рассматривается проксемика, в научно-понятийный аппарат которой, помимо установившихся понятий проксемической дистанции, пространственной организации общения, персонального

пространства общения, мы вводим понятия, отражающие специфику казахской проксемики: төр, босаға, жол [5].

## СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1 **Лабунская, В. А.** Невербальное поведение (социально-перцептивный подход). – Ростов-на-Дону, 1986. – 136 с.

2 **Апресян, Н. Ю.** Модель «Смысл –Текст» на современном этапе: теория и приложения // Фонетика и нефонетика. К 70-летию Сандро В. Кодзасова. – М. : Языки славянских культур, 2008. – С. 87-103.

3 **Sommer, R.** Personal space: Behavioral basis of design. – N.Y., 1968.

4 **Абрамова, Ю. Г.** Психология среды: источники и направления развития // Portalus.ru.

5 **Оналбаева, А. Т.** Стратификация невербального общения в социокультурном контексте: дисс. ... докт. филол. наук: 10.02.19. – Кокшетау, 2010. – 258 с.

Поступило в редакцию 28.01.16.

*A. T. Onalbayeva, K. T. Zhanuzakova*

### **Бейвербалды қарым-қатынастың проксемикалық мәні**

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.  
28.01.16 баспаға түсті.

*A. T. Onalbayeva, K. T. Zhanuzakova*

### **Proxemic aspect of nonverbal communication**

Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty.  
Received on 28.01.16.

*Мақала бейвербалды амалдарды зерттеу мәселесіне арналған. Сонымен қатар еңбекте бейвербалды қатынастың проксемикалық мәніне аса назар аударылып, олардың құрылымы мен тілде атқаратын қызметі зерттеледі. Зерттеуде ресми және бейресми қарым-қатынаста қолданылған бейвербалды амалдардың проксемикалық мәні сипатталады.*

*The work is dedicated to the study of non-verbal communication, special attention is given to proxemics, the science of space communication, its structure and functions. Proxemic organization of communication in the*

*study is dealt with in two ways: in terms of regular formal and informal communication.*

ӘОЖ 801.31.4

### **Ф. Т. Саметова**

ф.ғ.к., тілдер және журналистика кафедрасының профессоры, Қайнар академиясы, Алматы қ.

e-mail: sametova73@mail.ru

## **«ЭТНОС» ЖӘНЕ «ҰЛТТЫҚ МІНЕЗ» КОНЦЕПТІЛЕРІНІҢ МАЗМҰНЫ ТУРАЛЫ**

*Мақалада «этнос» және «ұлттық мінез» ұғымдары қалыптасуы туралы ғалымдардың зерттеулері айқындалып, бұл концептілер корреляциялық қатынаста екендігі қарастырылады: этностың қалыптасу шарттары территория, мәдениет және тілмен бірігіп, тарихи құрылған қауымдастық ретінде оның арнайы психологиялық ерекшеліктерін анықтайды.*

*Кілтті сөздер: концепт, ұғым, этнос, ұлттық мінез.*

Қазіргі ғылымда «этнос» термині ауқымды түсіндіріледі және әлеуметтік, биологиялық және әлеуметтік-мәдениеттік ұғымдар ретінде қарастырылады. Этностың мәселелерімен ХХ ғасырдың басы мен ортасында орыстың С. М. Широкогоров, Л. Н. Гумилев, Ю. В. Бромлей, А. Г. Здравомыслов сияқты ғалымдары айналысты. Ресей этнографиясында «этнос» сөзінің суперэтностармен қатар кішігірім халықтар үшін де қолданылғаны бізге мәлім. Қазіргі заман түсінігі бойынша «этнос» сөзі «әлем халықтары» ұғымымен теңбе-тең, және де ол «халық», «ұлт» сөздерінің синонимдері ретінде қабылданады. Ғылымда бұл саланың барлық зерттеулері қазіргі этнологияның басыңқы екі бағдарына жатады. Сонымен, бұл феноменді зерттеудің бірінші бағдары Л. Н. Гумилевтің этнос сөзін «биологиялық бірлік» ретіндегі түсінуімен, ал екіншісі – Ю. В. Бромлейдің этнос туралы ілімімен «әлеуметтік мәдениеттік құбылыс» ретінде ұсынылды.

Қазіргі уақытта этностың қалыптасу тұжырымдамаларын мынадай екі типке бөлуге болады: 1) этностарды «шығу тегі, тағдыры, тілі, мәдениеті, ділі бойынша біріккен адамдар қоғамы» ретінде қарастыратын антропогендік биогенетикалық өлшем; 2) этностар тұрғылықты жерлері бойынша бір-бірінен алшақ болуына қарамастан «тілі, мәдениеті, дәстүрі, этнонимі

ортақ сипатқа ие болған қоғамдар» ретінде қарастырылатын әлеуметтік мәдениеттік туыскандық [1; 3].

Л. Н. Гумилевтің еңбектеріндегі этнос теориясы С. М. Широкогоровтың этнос туралы ілімінің жалғасы болып табылады және этносты «биологиялық бірлік», «табиғи қауымдастық» деп қарастырады: яғни, «этнос – бұл өзін басқа ұқсас ұжымдарға қарсы қоятын, толықтыру түйсіктерімен анықталатын және өзіндік мінез-құлық таптауынымен ерекшеленетін тұрақты, табиғи қалыптасқан адамдар ұжымы» [2; 570]. Ғалым адам мен табиғаттың өзара әрекеттеріне ерекше көңіл бөледі, ландшафттың адам ағзасына тигізетін ықпалын басып айтады, табиғи ортаның адам мінезі мен әдебін қалыптастыратынына және тілдік қоғамдастықтағы ұйымның құрылуына мүмкіндік туғызатынына сенеді. Этнос мәдениеті әлеуметтік құбылыс ретінде қарастырылғанымен, өзі қоғамдастық өмірінің табиғи ландшафтпен және әлеуметтік қарым-қатынастармен байланыстылығы нәтижесінде географияға қатысты құбылыс ретінде айқындалады. Ғалым этноста психологиялық бастаманы белгілейді, өйткені адам қоғамдастықтарға оның психикасына қатысты «халық рухы», «ата-баба дауысы» сияқты категорияларының негізінде қалыптасады. Бір этнос өкілдерінің басқа қауымдастықтарға қарама-қайшылығы этнос мәнінің негізгі айқындаушы белгісі болып табылады. Қауымдастық өзіне ұқсас қоғамдардан ерекшеленген уақыттан бастап өзін бөлек этнос ретінде сезіне бастайды. «Біз – біз емеспіз» антитезасы бір тілдік қоғамдастықтың екінші қоғамдастықтан бөлінуінің көрсеткіші болып табылады және өзін белгілі ішкі құрылымы бар дербес қоғам ретінде көрсетуге себептеседі. Этноста ішкі құрылымның болуы «ұжым мен жеке адамның арасындағы қарым-қатынасты айқындайды»; осыдан «этнос» ұғымының негізін қалайтын мінез-құлық таптауыны шығады [2; 570].

Ю.В. Бромлейдің этнос туралы «мәдениет (тіл) және психика ерекшеліктері ортақ, сондай-ақ өзіндік сана-сезімімен ерекшеленетін, белгілі бір территорияда тарихи қалыптасқан адамдар жиынтығы» деген көзқарасы ресейлік этнологияда кеңінен таралғанын айта кеткен жөн [3; 6]. Ғалым этнос компоненттерінің жүйесін құрушылардың бірі ретінде этнос мүшелерінің шығу ортақтығы туралы көзқарасты санауды ұсынады. Белгілі бір қоғамдастықтың өкілдері тығыз шоғырланған территорияның болуы этностың қалыптасуының негізгі талаптарына жатады. Академиктің түсінігі бойынша, этнос – бұл әлеуметтік экономикалық құбылыстармен байланысы бар тұтас жүйе, әлеуметтік мәдениеттік құбылыс. Сонымен, мәдениет, сана-сезім, тіл этникалық сипаттама ретінде айқындалады, ал ортақ территория, экономикалық байланыстар және мемлекеттік этнос қалыптасуының әлеуметтік құбылыстары болмақ. Этностың уақытқа қызмет жасауы этникалық сабақтастық пен ұрпақтар байланысының күшеюіне себепкер болатын ақпараттық байланыстардың диахрондық түрімен қамтамасыз етіледі.

Этностың өз аталымы оның бірігу себептерінің бірі болып саналады. «Русь» сөзінің шығуы туралы барлық болжамдар екі топқа бөлінеді: 1) этноним славяндардың ежелгі аймағында пайда болды; 2) этноним басқа тілдерден алынды. Бірінші топтың жақтасы Б. А. Рыбаков өз зерттеулерінде сөздің этимологиясын Днепр өзенінің бір саласының атауы болып табылатын Рось гидронимімен байланыстырады және бұл сөздің VI-XI ғасырлар аралығындағы фонетикалық өзгерістерін мысалға келтіріп, славяндық Русь сөзінің шығуын дәлелдейді. Ерте заманда бұл сөз «рось» деп айтылған және Рось өзенінің жағалауында өмір сүрген славян тайпасының атауы болған. Жылнамалар бойынша, алтыншы ғасырда – «рось» халқы, тоғызыншы ғасырда – «российские племена», он бірінші ғасырда – «Правда Роськая» деп аталған. Түрлі славян тайпаларынан қалыптасқан славян халқы «племя рось» атауын алды [4; 156]. Көріп отырғанымыздай, бұл сөздің шығуы славян тайпаларының мемлекеттік ой санасымен тығыз байланысты.

Орыс тарихының білгірі В. О. Ключевскийдің ойынша, «Русь» атауы мынадай жолдан өткен: алдымен белгілі территория атауы болған, кейін – өзімен аттас территорияда өмір сүрген халық атауы. Ол ең алдымен географиялық құбылыс, яғни славяндар шоғырланған белгілі бір территория ретінде қабылданған, кейін бұл атау саяси мағынаға ие болды – Русь өзінің билеушісі мен территориясы бар қауымдастық ретінде қабылданды. Тек кейін келе бұл атау этникалық мазмұнға ие болды, өйткені оның атауымен этнос ретінде қалыптасқан славяндардың барлық шоғырланған жері атала бастады.

Ю. С. Степанов өзінің «Русь» сөзі этимологиясын зерттеуінде академик В. О. Ключевскийдің дәлелдеулерін сендірерлік және өзінің зерттеу нәтижелерімен сәйкес деп санап, оның көзқарастарын ұстанады. «Русь» сөзі орыс мемлекетінің атауы ретінде этнографиялық атауы болып пайдаланылған: русь – бұл тайпа; әлеуметтік атауда: русь – қауым; географиялық атауда: Русь – мемлекеттің белгілі бір бөлшегі; саяси атауда: Русь – мемлекет. Оның пікірінше, осы сөз фин тілінен алынған және ол «Скандинавия келімсектері» дегенді білдірген. Фин тілінде бұл «жасак» дегенді білдірген. Соның нәтижесінде ғалым *Русь, друг, дружина* сөздерінің арасындағы туыстық байланыстарды енді орыс тілінде қарастырады [5; 7].

«Русский» сөзі зат есімге айналған сын есім болып табылады және «Русь еліне жататындар» дегенді білдіреді. А. А. Мельникованың зерттеуі бойынша, әр тілдің грамматикалық категориясында қоршаған әлемді қабылдау әдісі қаланады. Ең алдымен «русский» сөзі «росстарға бодандық» дегенді білдірді, кейін «Русь еліне жататындар» деген мағынаға ие болды. Ғалым тілде нақты осы терминнің орнығуын орыс этносының бірегейлігімен түсіндіреді, яғни «орыс ұлты басқа ұлттардан ерекшеленеді» [6; 6]. «Русский» – тұлғаның анықтамасы, «русский» - бұл этникалық қатыстылық емес, ол ділдің белгілі бір ерекшелігі. Қоршаған болмыстың тілдік талдауының ерекшелігін түсіну

үшін, этностың мәдени ұстанымын білу керек. Орыс этносының тарихы бір тілдік қауымдастыққа үндескен бірлестіктер тұратын территорияда өмірлік кеңістікті игерудің ерекше әдісін растайды. Ұқсас арнайы ерекшеліктері бар осы қауымдастықтың көпшілік өкілдеріне тиесілі діл ерекшелігі «русский» сөзімен бірігеді [6].

«Этнос» термині қазіргі қазақстандық ғалымдарды да толғандырады, өйткені қазіргі қоғамның этностық және этносаралық үрдістерін теңбе-тең бағалау терминді түсіне білуге байланысты. Егер «ұлт», «халық», «этностық» ұғымдарының нақты түсініктемелері бар болса, ғалымдардың «этнос» терминіне қатысты ой-пікірлері әр түрлі.

Этнос пен этностық мәселелерімен қазақстандық ғылымда Х. Арғынбаев, Д. Кішібеков, А. Н. Нысанбаев, Н. Э. Масанов, М. Қозыбаев, Н. А. Әлімбаев, М. С. Мұқанов, А. Сейдімбек, А. Қодар, Н. Бәйтенова, О. Х. Аймағамбетова сияқты ғалымдар айналысты.

Д. Кішібековтің зерттеулерінде «этнос» ұғымы ұжыммен өмір сүру формасы ретінде қарастырылады, ол табиғи қалыптасады, оның тұрақтылығы өзіндік туындау механизмімен қамтамасыз етіледі. Бұл механизм, ғалымның түсінігі бойынша, өз қоғамының, тілінің, дәстүрінің әлеуметтік нормаларын келесі ұрпаққа қалдыру үдерісі. Бір тіл мен ортақ территорияның болуы өзіндік туындаудың басты шарты болмақ. Этнос адамдар қоғамдастығы ретінде ортақ мәдениет элементтеріне ие. Олар: дін, әдет-ғұрып, дәстүр, өнер. Ғалымның пікірі бойынша, этностық сана-сезім қоғамдастықтың негізгі белгісі болып табылады: «өзін басқа қауымдастықтардан ерекше сезінетін адамдар жиынтығы» [7; 228].

Н. Бәйтенованың ойынша, «этнос – шығу тарихының ортақ аңызы бар және басқалардан мінез-құлық таптауынымен, сана-сезімімен, этнонимімен ерекшеленетін, өзін оларға қарама-қайшы көрсететін күрделі динамикалық жүйе» [8; 39]. «Этнос» терминінің күрделілігі бұл ұғымдағы әлеуметтанулық, биологиялық, географиялық және психологиялық құбылыстардың араласуымен түсіндіріледі. Әр этнос динамикалық құбылыс болып табылады, яғни белгілі даму кезеңдерінен өтеді. Әрине, этнос – бір-бірімен және қоғаммен байланысқан адамдар қауымдастығы. Басқа ғалымдардың пікірлерімен келісе отырып, зерттеуші «өздері» және «бөтен» болып бөліну қағидаты этностың ерекшелік белгісі болып табылатынын айтады. Бұл орайда, этнос құрылымын келесі белгілер құрайды: «өздерін» «бөтендерге» қарсы қою, шығу тегінің ортақтығы туралы аңыздың, аталған қауымдастық мүшелерінің мінез-құлық таптауыны мен сана-сезімнің болуы.

Этнос ұғымын қазақстандық этнопсихолог О. Х. Аймағамбетова былай деп түсіндіреді: «этнос биологиялық та, әлеуметтік те құбылысқа жатпайды, ол биосфера мен социосфераның арасында жататын құбылыс» [9; 15]. Зерттеушінің пікірінше, этнопсихологиядағы «этнос» терминінің

түсіндірілуі этникалық қауымдастық психологиясының ерекшеліктерін ескеру керек. Этнос әлеуметтік ағза ретінде территория біртұтастығы, тіл мен ортақ психологиялық жүйенің негізінде қалыптасады.

А. Сейдімбектің пікірінше, қазақстандық ғылымда этнос туралы: «ортақ тілі, мәдениеті, қауымдастықты, бірлікті сезінетін психикасы бар, олардың тарихи Отаны болып табылатын белгілі бір жерде туып-өскен адамдар ұжымы этноним болып саналады» деген ұғым қалыптасқан [10; 93]. Кез-келген жеке қауымдастық этносқа айналмайтыны бізге мәлім. Этнизация теориясына сәйкес, этностың қалыптасуы үшін, топтың өмір салты және өндірістің шаруашылық мәдениеттік үлгісі ескеріледі. Нақты осы екі құбылыс этносты саралау қасиетімен бөленген. Қауымдастықтың даму барысында топты басқаларға ұқсастыратын және этностың сол қасиетін ерекшелейтін ерекше басымдық пайда болады. Бұл орайда, «этнизация – қоғамдық топтың саяси, мәдени, экономикалық жағынан даму белгілері бойынша топтар конгломератынан ерекшеленуі [10; 122]. Қоғамның өзіне ғана тән қасиеттерді сіңіріп алуына себепкер болатын «біз» және «олар» оппозициясы этнизацияның негізгі белгісі болып табылады.

Қазіргі әлемдік және қазақстандық ғылымдағы «этнос» терминіне берілген көптеген анықтамалардың ішіндегі жан-жақты деп келесі анықтаманы санаймыз: «Этнос – адамдардың табиғи және тарихи жолмен қалыптасқан тұрақты қауымдастығы. Тіл, территория, тарих, экономика, рухани және материалдық мәдениет, сана-сезім, діл, дін, психология, демография ортақтығы этностың негізгі пайда болу шарты болып табылады. Этнос құрылымында этникалық ұйтқы, шалғай ұйымдар және ұлт өкілдері айрықшаланады» [11; 389]. Бұл анықтама «этнос» ұғымының негізін жасаушылардың болуымен сипатталады. Этностың әлеуметтік мәдениеттік білім, құрылымдық құбылыс ретіндегі ұғымы оның қазіргі этнология көзқарастарына сәйкес. «Қазақ этносы» ұғымы «қазақ халқы» ұғымына синонимдес және екі мағына береді: этникос және этностық әлеуметтік ағза. Біз қазақ этникосы деп шетелдегі қазақтардың этностық қоғамын түсінеміз, ал этностық әлеуметтік ағзаға өз туған мемлекетінде тұратын қазақтарды жатқызамыз. Біз қазақстандық ғылымда М. Абсаттаровтың берген мына анықтамасын толық деп санаймыз: «Қазақ этносы – бұл өзін басқа этностық құрылымдардан мәдени және психикалық тұрғыда, бірлік және тұтастық сезімімен ерекшеленетін, негізінен Қазақстан территориясында өмір сүретін адамдардың тұрақты топтасуы» [12; 12].

«Қазақ» этнонимінің тарихы өте бай және күрделі. Осы күнге дейін олардың шығу тарихы мен мәні туралы нақты нұсқалары жоқ. Этнонимдер зерттеуші В. А. Никонов ұсынған жіктелу бойынша, бірнеше топтарға бөлінеді. Сонымен, этноним өзіндік аталуы өздерін бөтендерге қарсы қоятын ең ежелгі семантикалық үлгісі болып табылады. Келесіге тайпа тотемін, ата-баба есімін,

этностың белгілі территорияға қатыстылығын, қауымдастық өмір сүретін жердің атауын білдіретін этнонимдер жатады. Тағы бір этнонимдер тобын сол қауымдастыққа тән ерекшеліктер (сыртқы белгілері, мінездері, әдет-ғұрыптары) белгілейді. Ғалымның айтуынша, этнонимдер тіл заңдылықтарына бағынатын сөздер болып табылады. Этнонимдер тарихы тіл заңдылықтарынан байқалады [13; 112]. Бізді қазақстандық ғалымдардың этнонимия бойынша еңбектері қызықтырады. Қазіргі этнологияда этноним белгілі этнос сана-сезімінің сыртқы көрінісі болып табылады деген пікір қалыптасқан. Этностың идентификаторы ретіндегі этнонимдер рөлі туралы пікірді Р. С. Амренова ұстанады: «этнонимдер халықтар туралы ойлардың орталығы болып табылады, мұнда тілдік және этностық сана-сезім айқындалады» [14; 9].

Қазақ этносының өзіндік аталуы орыс деректерінде *қырғыз*, *қайсақ*, *қырғыз-қайсақ*, *жергілікті адамдар*, *бұратаналар* деп тіркелген, яғни бұл жерде патшалық Ресей шенеуніктерінің «әкімшілік фабрикациялары» анық байқалады (Г.Ф. Благова). «Қырғыз» термині қазақтарға әдейі орыс казактарының атауы отарланушы халықтың атауынан ерекшелену үшін берілген. А. Левшин қазақтарға өздеріне жат (қырғыз) және көршілеріне үйреншікті емес атауды беріп жатқанын күйінішпен жазған. Орыс тіліндегі «казак» сөзі түркі тілдерінен алынғаны баршаға мәлім. Сондықтан, «казак» сөзін халық атауы ретінде, және орыс тіліндегі «казак» ұғымын саралау керек.

В. Радлов сөздігінде «казак» сөзі «еркін адам», «ғажап оқиғалар іздеуші», «ел кезуші» дегенді білдіреді [15]. Г. Ф. Благованың зерттеулерінде «казак» сөзі И. И. Срезневскийдің сөздігінде «жалданбалы батырақ» мағынасында кездесетіні айтылады. Кейін орыс тілінде бұл атаумен барлық «орыс ұлтынан шыққан үйсіз дала қаңғыбастары» атала бастады. XVII ғасырға дейін «орыс мемлекетінің шет жағаларында тұратын еркін адамдар» «казактар» деп аталған. Ғалым «казак» сөзінің тағы бір мағынасын атайды – ол «жеңіл қаруланған еркін аттылар». Халықтың өзіндік атауы мен оның орыс деректеріндегі мағынасы арасындағы «табиғи емес алшақтық» (Г. Ф. Благова) орыс казактары атауының қазақ халқының этнонимінен бөліну әрекетінің нәтижесі, сондай-ақ, екі түрлі қазақ және қырғыз халықтарының бір халық етіп теңдестіруі қателік болып табылады. Патшалық биліктің көптеген шенеуніктері қазақ пен қырғыз өкілдерін негізсіз бір тайпа деп санаған. Тек 1925 жылдан бастап қазақтарды өзінің этнонимі бойынша атай бастады, ол республика атауына тіркелген болатын: Қазақ Кеңес Социалистік Республикасы, қазіргі Қазақстан Республикасы. В. П. Юдиннің пікірінше [16], қазақ халқының тарихы туралы мағлұматтар негізделетін деректердің түсіндіруі араб, монғол, түрік, парсы және славян сияқты әр түрлі тілдерде жазылған.

Этностардың тарихи даму барысында бір этнос өкілдерін басқалардан ерекшелейтін адамгершілік құндылықтары, өмірлік ұстанымдары, мұраттары өзгеріп отырған. Бірақ біздің ойымызша, этностың белгілі мінез қасиеті

бірегей болып қала береді, ол даму мен эволюцияның барлық кезеңдерінде өзіндік болады.

Ұлттық сипат мінездің өзіндік және жалпы ерекшеліктерінің симбиозы болып саналады, оның бірегейлігі «адам психикасы қасиеттерінің білінуі жиынтығының нәтижесі» болып табылады [4; 149].

Ұлттық сипат этностың негізгі психологиялық белгілерінен, этностық қоғамның белгілі кезеңдегі тарихи дамуынан қалыптасады. М. О. Мнацакян ұлттық сипатты «аталған қауымдастық өкілдерінің көпшілігіне тән психологиялық негіздің тұрақты ерекшеліктері» ретінде айқындайды [4; 192]. Ғалым «ұлттық сипат» пен «діл» ұғымдарының ортақтығын айтып, сол орайда оларды бір-бірінен бөледі. Сонымен, ұлттық сипатта ділге қарағанда психикалық қасиеттер басым, ұлттық сипатта сана-сезім элементі, мәдени және рухани бастаулар бар. Мінездің тарих және мәдениетпен өзара байланысына ерекше назар аударылады. Бұл ұлттық сипаттың тарихи оқиғалармен бөлек категория ретіндегі өзара әрекетімен түсіндіріледі [4; 198]. Бірақ бұл қасиетпен қатар ұлттық сипат қоғам мүшелерін өз мәдениетінің негізгі ережелеріне сәйкес іс-әрекет жасауға ынталандыратын қарым-қатынас жүйесі ретінде айқындалады.

С. В. Лурьенің пікірі бойынша, қазіргі этнопсихологтар ұлттық сипатты этностың динамикалық даму барысында қарастырады, өйткені тарихи даму барысында ғана ұлттық сипаттың тұрақты және өткініш ерекшеліктерін анықтауға болады. Адамдардың ортақ мәдени іс-әрекетке бірігуі «мәдени сценарийлер» арқылы болады [16; 86]. Ғалым «этностық константалар» ұғымын ұлттық сипатты анықтаудың негізгі белгісі деп санайды. «Этностық константалардың» орналасу кестесінен орыс этносын сараптау кезінде ұлттық сипатты бөлуде ғалым келесі суреттемені береді: орыстар өздерін рақымдылық иесі етіп көрсетеді; орыстарды қоршаған кеңістік отарлануға тиісті территория ретінде қарастырылады, ал онда тұратын халықтар бодандықта болу керек; олардың әрекет шарттары өздерін әділ күш ретінде сезінуге әкеледі; әрекет әдістері – олардың ұлы қайырымдылық алдындағы адамгершілік міндеті; жау бейнесі – а) өздері қорғануға тиісті жау, б) жаудан біреуді қорғау керек; камқоршы бейнесі – Құдай [17].

Кейбір ғалымдар православиелік дінді, табиғатты, мәдени алмасуды және олардың өзара ықпалын орыс ұлттық сипатының негізгі қалыптастырушы факторлары деп санайды. З. В. Сикевичтің айтуы бойынша, орыс халқының бірегейлігіне келесі ерекшеліктер білінді: жер мен мемлекет негізі; орыс мәдениетінің шекті жағдайы; орыстың айтыс-тартысты ойлары; ақиқатшылдық; мінез шектілігі. Орыс мәдениетінің шекті жағдайы орыстардың үйренгіштік қасиетін тудырды. Бұл қасиет орыс болмысына тән қасиет. Орыс мінезінің келесі бірегейлі құбылысы болып орыс ой-санасының пікір-таластығы саналады. Орыстар кез келген жағдайда пікір таластыруды

жақсы көруімен батыстың ойлауынан ерекшеленеді. Бұл орайда «Ресейдің жеке жолы» бірінші жоспарды ұстанады: «Ресей – Еуропа да, Азия да емес, ол өзге бір дүние» [18; 46]. Орыс келісімді мойындамайды, оның ой-санасы бойынша, ымыраға келу ар-намысқа қарсы тұрумен тепе тең. Келесі құбылыс – ол адамның ерекше адамгершілік күйін қарастыратын ақиқатшылдығы. Адамгершілік ұлттық сана-сезімнің бір бөлігі ретінде айқындалады. Оның қалыптасуына діннің де ықпалы бар. Шіркеу іс жүзінде мемлекеттік мекеме болып, мемлекеттік мүдделерді уағыздайтын. Ғалым орыс халқының ұлттық психологиясының негізі деп, мінез шектілігі деген факторды санайды. «Шектілік», яғни радикализм – ерікті, бірақ тәуелді адамға тән қасиет. З. В. Сикевичтің тұжырымдауынша, еркіндік пен азаттықтың айырмашылықтары бар. Қазіргі Ресейдің түсінігі бойынша, азаттық – ол ынтымақтастық пен диалог емес, ол «біреуді азаттығынан айыру үшін, оған өзінің азаттық туралы түсінігін еркін тықпалау» [18; 48]. Сонымен, ғалымның суреттемесінде орыстың ұлттық сипаты дуалистік болып көрінеді, мұнда Еуропа мен Азия бейнелері шатысады: «орыс халқының консерванттық ерекшеліктері бар «азиялық» бейнесі мен әр жеке тұлғаның құқығын мойындайтын «европалық» бейненің арасындағы күрес» [18; 49].

К. Касьянова ұлттық сипатты «халық сана-сезімінің маңызды элементі» ретінде қарастырады [19]. Ғалым орыстың ұлттық сипатын «эпилептоидтық типтің ерекшеленген тұлғасы» терминімен суреттейді. Сәйкесінше, бұл теріс мінезді адам: ол қырсық, мінезі қатты болып келеді; егер кедергі жасамасаң, өз жұмысын жақсы істейді; ашушаң, бірақ сонымен қатар байсалды және төзімді болады. Бұл типтің айрықша белгісі – біріншіден, жұмысты жұмыс берушінің талабы бойынша емес, өзінің жеке әдісімен және өзі қалаған уақытта істеу қабілеттігі; екіншіден, өзін, топты және өзінікі етіп қабылдаған идеяларды ұйымдастыра білуі болып табылады. К. Касьянованың ойынша, орыс мінезінде эпилептоидтан алынған қасиеттер көп, мысалы, «бәсеңдік және реакцияны кедергілеу қабілеттігі»; жұмысты өз ырғағымен және өз жоспарымен істеуге талпынысы; ойы мен іс-әрекеттің (артқы ой) «жабысқақтығы»; бір істен екінші іске қиын көшуі [19].

Қазақ этносының ұлттық сипаты Н. Елікбаев, К. Жүкеш, А. Ғали, К. Б. Жарықбаев, Ф. Жармақина, Ж. Кадина сияқты ғалымдардың еңбектерінде зерттеледі. Ұлттық психологияны зерттеушілердің алғашқыларының бірі Н. Елікбаев болып табылады. Оның пікірінше, ұлттық сипат халық өмірі мен оны қоршаған орта жағдайының көрсеткіші болып табылады. Адам мінезіне климаттық жағдайлар, тұқым қуалаушылық емес, оған халық сипатының белгілі ерекшеліктерінің жиынтығы ықпал жасайды. Мінез психологиялық категория сияқты адамның іс-әрекеті мен қылықтарына ықпал жасайтын кейбір ерекшеліктердің үйлесуімен түсіндіріледі. Ғалым бірнеше жүзжылдықтар ішінде қалыптасқан ұлттық сипатты «аталған халықтың

өкілдеріне тән мінез-құлық формаларында байқалатын рухани бейнесі ерекшеліктерінің жиынтығы мен олардың өмір сүруінің әлеуметтік тарихи жағдайының көрінісі» ретінде түсінеді [20; 89]. Этностың дүниетанымы ұлттық сипаттың бейнесінде көрінеді. Бұл ерекшелік өз бейнесін аталған қоғам өкілдерінің мінез-құлықтарынан да табады. Ғалымның ойынша, ұлттық сипатқа қоғамдастық өкілдерінің еркі ықпал етеді. Сол ерік адамдардың сана-сезімі мен көңіл-күйлерінен байқалады. Зерттеуші көңіл-күйді белгілі бір күш ретінде сипаттайды. Бұл күш Н. Елікбаевтің ойынша, қандай да бір әрекетке ынталандыруға қабілетті және «ұлттың нығаюына себептеседі» [20; 89]. Зерттеуші қазақ мінезінің жақсы жақтарына ізгі істер жасауға, қоғамда бейбіт өмір сүруге көмек болатын ақыл мен білімнің болуын жатқызады. Жаман жақтарға сатқындықты, сарандықты және мылжыңдықты жатқызады. Түсініспеушілік пен жалғыздық этнос өмірінде «қайғылы» деп саналған. Жалғыздық табиғи апат немесе соғыс сияқты белгілі себептердің нәтижесінде болуы мүмкін. Бірақ жалғыздық сұрапыл құбылыс болып келеді, өйткені адам қоғамнан алыстайды. *Жалғыздың үні шықпас* деп ата-бабамыз бекер айтпаған. Қазақтың ұжымдық санасы үшін бұл тек табиғи апатпен өлшенетін нәрсе.

Қазақ этносының сипатын суреттеуде зерттеуші К. Жүкеш көп үлесін қосты. Көптеген ғалымдарға көмекші кітап болып саналатын оның қазақ этносының ұлттық психологиясы жайындағы еңбегінің мәні теңдессіз. Зерттеуші бұл еңбегінде мінездің мына ерекшеліктерін тек қазақ халқына тән деп санайды: жауынгерлік мінезді; өнерге бейімділікті; қонақжайлықты; балаларға деген сүйіспеншілікті; үйренгіштікті. Сонымен, ғалым қазіргі Қазақстан территориясында өмір сүрген ата-бабамыздың мінезі қызба және албырт – *жауынгерлік мінезі* болғанын айтады. Оның сөздеріне көшпенділердің *ереуіл ат пен егеулі найза* атты ұраны дәлел бола алады. Ғалымның айтуынша, бұл мінез ерекшелігі көшпенділерге байтақ жерімізді сақтап қалуға септігін тигізді [21; 63]. Екіншіден, ғалым қазақтың психологиялық ерекшеліктерінің қатарына өнершілдікті де жатқызады: «тұрмыс пен табиғат қазақты өнерге бейім етсе, дәстүр қазаққа өнерді міндет етті» [21; 64]. Үшіншіден, қазақтар қонақжайлығымен ерекшеленеді. Сонымен қатар зерттеуші бұл қорытындысын былай деп дәлелдейді: әрине, әр халық қонақжай болып келеді; бірақ өзге халықтардың қонақжайлығы негізінде адамгершілік идеялары жатса, қазақ үшін ол жеке бір философия. Оның негізінде мынадай әлеуметтік экономикалық және демографиялық себептер жатыр: қоныстардың бір-бірінен алшақтығы ақпарат жетіспеушілігін туғызған, сондықтан алыстан келген қонақ сыртқы әлемнің хабаршысы ретінде қабылданған. Төртіншіден, балаға деген ерекше сүйіспеншілік байқалады (*қазақ – балажан халық дегені осыдан*): қазақтар өзінің тарихи жолында халықтың аздаған санымен қиын-қыстау



замандарды бастарынан кешкен, сондықтан олар көшпелі өмірдің сұрапыл кездерінде жанұя бақыты болып саналған балаларды бағалай білген. Осыдан шаңырақтың көпбалалы болуына ықылас танытқан. «Шөп болсаң да көп бол» деп бекер айтылмаған. Бесіншіден, зерттеуші ұлттық сипаттың үйренгіш, еліктегіш ерекшелігін атап айтады. Сипаттың бұл ерекшелігін оң және теріс деп екі түрлі түсіндіруге болады. Басқа халықтардан күнделікті өмірде көмек болатын қасиеттерді қабылдап алу қабілеттігі қауымдастық өміріне оң ықпалын тигізеді. Бірақ сонымен қатар қазақ этносына тән сипаттың ерекшеліктерін сақтап қалу шарт.

Белгілі тарихшы А. Ғали «қазақтың жаңғыру» идеясын қазақ арманы деп санайды. Ғалымның пікірінше, ол үшін қоғамда іске асып жатқан отарсыздану үдерісін тездетіп, этностық және конфессионалдық сана-сезімнің оңалтуын өткізу керек. Бұл әрекет ұлттық сипаттың жоғалған қасиеттерін қайтаруға, қазіргі қазақтарда сақталған ерекшеліктерден айырылмауға себеп болады. Қазақтарға тән ерекшеліктерге мыналар жатады: 1) қазақтар өз мемлекеттігін сақтап қалған этнос болып табылады, өйткені қазақтың бар тарихы тәуелсіздік үшін күреспен айқындалады; 2) қазақтың халықаралық саясатта өз орнын тапқан ұлт зиялылары бар; 3) қазақтар бейбітшілікті сүйетін халық; 4) сонымен қатар, қазақтар қолға қару алып, өз жерін қорғай алатын жауынгер халық; 5) қазақтар әрқашан ауызша мәмілеге келуді қанағат тұтатын, себебі айтылған сөздің орны қазақ үшін іс-қағаздан да жоғары болған; 6) қазақ билікті қасиетті санаған, бірақ ол абсолютті күш болған жоқ; 7) қазақ мемлекеттігі өзінің жайдарылығымен және демократиялығымен айқындалады; 8) қазақтың пидалық ерекшелігінің өз қасиеттері бар: «ол тәуелсіз және дара, билік үшін тым аямпаз болып келеді» [22; 99]; 9) қазақ этнос комплементарлығы қоғамның бірлігі мен ұйымшылдығынан байқалады.

Профессор С. Қасқабасов ұлттық сипаттың ерекшеліктеріне табандылық, қонақжайлық, төзімділік сияқты қасиеттерді жатқызады. Профессордың пікірінше, қазақтар сыртқы эмоциялық ықпалдарына оңай ере қоймайды. Сондықтан, қазақтар өмірдегі күнделікті жағдайларға олардан шеттетілген сияқты қарайды. Қазақтардың *Бас кеспек бар, тіл кеспек жоқ* принципіне бағынатыны туралы тұжырым А. Ғалидің демократиялық пен жайдарылық ұлттық сипаттың ерекшеліктері деген сөзімен үндеседі. С. Қасқабасов: «қазақтардың ең жақсы қасиеті – *қанағатшылдық*, ал ең жексұрыны – *жалқаулық*», – деп айтады [23].

Сөйтіп, қазақ халқының «ұлттық сипаты» ұғымында өзінің даму тарихы бар. Әрине, ұлттық сипат тарихи даму барысында болып жатқан жағдайларға бейімделіп, өзгерістерге ұшырайды. Қазіргі қазақтарда ұлттық сипаттың бейнесі егеменді және тәуелсіз мемлекеттің даму принциптеріне сәйкес болу керек. Қазақ этносының оң және теріс жақтары бар. Бұл құбылыс әмбебап

болып келеді, себебі ол жер шарындағы барлық адамға тән. Бүгінгі қазақ нарықтық өмір жағдайларында аман қалғысы келсе, өзінің жақсы қасиеттерін жоғалтпай, оның қазіргі замандағы динамикалық дамуына себептесетін қасиеттерді иеленуі қажет.

Жалпы «этнос» және «ұлттық мінез-құлық» ұғымдары корреляциялық қатынаста: этностың қалыптасу шарттары территория, мәдениет және тілмен бірігіп, тарихи құрылған қауымдастық ретінде оның арнайы психологиялық ерекшеліктерін анықтайды.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Ешич, М. Б.** О понятии «этничность» // Встречи этнических культур в зеркале языка: (в сопоставительно-лингвокультурном аспекте) / Научный совет по истории мировой культуры. – М., 2002.

2 **Гумилев, Л. Н.** Этносфера: история людей и история природы. – СПб., 2002.

3 **Бромлей, Ю. В.** Очерки теории этноса. – М., 1983.

4 **Мнацакян, М. О.** Нации и национализм. Социология и психология национальной жизни: Учебное пособие для вузов. – М., 2004.

5 **Степанов, Ю. С.** Константы: Словарь русской культуры: Изд. 2-е, испр. и доп. – М., 2001.

6 **Мельникова, А. А.** Язык и национальный характер. Взаимосвязь структуры языка и ментальности. – СПб., 2003.

7 **Кшибеков, Д.** Ментальная природа казахов. – Алматы, 2005.

8 **Байтенова, Н.** Межэтническая интеграция (социально-экономический анализ). Учебное пособие. – Алматы, 1998.

9 **Аймагамбетова, О. Х.** Основы этнопсихологии: Учебное пособие. – Алматы, 2003.

10 **Сейдимбек, А.** Мир казахов. Этнокультурологическое переосмысление: Учебное пособие. Перевод с казахского языка. – Алматы, 2001.

11 **Нысанбаев, А. Н.** Философия взаимопонимания. – Алматы, 2001.

12 **Абсаттаров, М.** Казахский этнос: на перекрестке истории // Евразийское сообщество. Экономика. Политика. Безопасность. Концепт «русский»: гендерный аспект. – 1995. – № 11-12.

13 **Никонов, В. А.** Этнонимы. – М., 1970.

14 **Амренова, Р. С.** Коннотативно-культурные доминанты этнонимов казах и русский: Диссертация на соискание ученой степени кандидата наук. – Алматы, 2004.

15 **Радлов, В. В.** Опыт словаря тюркских наречий. В 4 т. – СПб., 1888-1909.

- 16 Юдин, В. П. Центральная Азия в 11-18 веках глазами востоковеда. – Алматы, 2001.
- 17 Лурье, С. В. Историческая этнология: Учебное пособие для вузов. – М., 1997.
- 18 Сикевич, З. В. Русские: «образ» народа (социологический очерк). – СПб., 1996.
- 19 Касьянова, К. Особенности национального характера. – <http://www.Hrono.Ru/libris/lib.K/kasyanO.html>. – март 2010.
- 20 Еликбаев, Н. Е. О национальной психологии казахской нации. – Алма-Ата, 1991.
- 21 Жүкеш, Қ. Ұлттық психологияның сипаты: көмекші құрал. – Алматы, 1978.
- 22 Гали, А. Контуры казахской национальной идеи. – Алматы, 2004.
- 23 Каскабасов, С. А. Особенности национального характера // Байтерек, 7.05.2009.

15.02.16 баспаға түсті.

Ф. Т. Саметова

**О содержании концептов «этнос» и «национальный характер»**

Академия Кайнар, Алматы.  
Поступило в редакцию 15.02.16.

F. T. Sametova

**On the concept of «ethnos» and «national character»**

Kainar Academy, Almaty.  
Received on 15.02.16.

*В статье освещаются исследования ученых о формировании понятий этнос и национальный характер, делаются выводы о том, что концепты «этнос» и «национальный характер» находятся в отношениях корреляции: условия формирования этноса как исторически сложившейся общности людей, объединенных территорией, культурой в широком смысле слова, языком, детерминируют его специфические психологические черты, которые обнаруживаются как типичные для данной общности в каждом отдельно взятом его представителе.*

*The concept of «ethnos» and «national character» are correlated: the conditions of formation of ethnicity as a historical community of people united by the territory and culture in the broadest sense, and language,*

*determine its specific psychological traits that are shown as typical for a given community in each individual representative.*

ЭОЖ 818.992 71

**Д. Қ. Сартбаева<sup>1</sup>, М. Б. Шайхыстамова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.к., доцент; <sup>2</sup>PhD докторанты, Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ.  
e-mail: 83\_malika@mail.ru

**XV-XVIII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН  
ЗЕРТТЕУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Мақалада галым Б. Кенжебайұлының зерттеу еңбектеріндегі XV-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиетін зерттеудің кейбір мәселелері жайында сөз етілді.*

*Кілтті сөздер: Б.Кенжебайұлы, қазақ хандығы, дәуір, түрік халықтары, Алтын Орда, жырау, поэзия.*

Қазақ әдебиетінің бастау бұлақтарын анықтау, тарихын кезеңдерге бөлу жолындағы ізденістерде қазақ әдебиеттану ғылымы ұзақ жолдардан өтті. Жиырмасыншы жылдардың соңына қарай қазақ әдебиетінің өткендегі даму жолдарын зерттеп, дәуірлерге бөліп, ғылыми жүйеге түсіруге ұмтылған еңбектер көріне бастады. А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышы» (1926) қазақ әдебиетін ғылыми тұрғыдан тұтастай алып, теориялық, тарихи тұрғыдан зерттеудің жолдарын алғаш рет жүйелеген еңбек болды. Мұнда жалпы әдебиетті ауыз әдебиеті және жазба әдебиет деп екіге бөліп, ары қарай тағы да іштей түрлерге, жанрларға жіктеген. Қазақтың жазба әдебиетінің тарихын «діндар дәуір», «ділмар дәуір», «сындар дәуір» аталған кезеңдерге бөлген. Діндар дәуірге араб, парсы үлгісіндегі діни бағыттағы әдебиетті, ділмар дәуірге орыс әдебиетінен өнеге ала бастаған кезден бергіні, сындар дәуірге Абайдан кейінгі кезді жатқызған. Мұнда әдебиеттің тарихын кезеңдерге бөлуге алғаш рет әрекет жасалынып, ғылыми ұстаным ретінде хронология емес, әдебиеттің негізгі бағыты, мазмұны, сыйпаты алынғандығы көрінеді. Сөйтіп, А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышында» тұңғыш рет қазақ әдебиетінің тарихын кезеңдерге бөліп, оны дәуірлеудің өзіндік принциптері ұсынылды. Осы мәселеге орай, профессор Бейсенбай Кенжебайұлы арнайы мақала жазып, қазақ әдебиетінің тарихын төмендегіше дәуірлеуді ұсынды:

«Бірінші – қазақ хандығы тұсындағы әдебиет. Яғни, XVIII ғасырдың ақырына дейінгі әдебиет.

Екінші – XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы әдебиет.

Үшінші – XIX ғасырдың екінші жартысындағы әдебиет.

Төртінші – XX ғасырдың алғашқы 20 жылындағы әдебиет.

Бесінші – Кеңес әдебиеті» [1].

Б. Кенжебайұлының бұл дәуірлеуінде бұрынғыларға қарағанда, көп ілгерілеу бар. Соның ең бастысы – қазақ әдебиетінің тарихын XV ғасырдан, яғни қазақ хандығы құрылған кезден бастау керек деген ұсынысы. Бейсекеннің ұлт бар жерде оның әдебиеті де бар деген ұстанымды басшылыққа алып, қазақ әдебиетінің тарихы қазақ хандығы тарих сахнасына шыққан кезден басталады деуі сол тұстағы қазақ әдебиеттану ғылымы үшін үлкен жаңалық, үлкен ілгерілеу болды.

Б. Кенжебайұлы Мұхтар Әуезов айтқан біртіндеп ілгерілеу саясатын методологиялық басшылыққа алғандай. «Қазақ әдебиетінің тарихы XVIII ғасырдан басталады» деген пікір барлық жерге бірдей өгіп, мектепте де, жоғарғы оқу орындарында да әбден орнығып, бағдарламаларға, оқулықтарда тасқа ойып қашалғандай етіліп жазылып әбден қалыптасқан сәтте кеңес идеологиясының қырын қарайтынын біле тұра қазақ хандығы тұсындағы әдебиет мәселесін батыл көтерді. Алдыңғы екі буын білімпаздар, қаламгерлерді сипап кеткен кеңес машинасы оталып тұрған сәтте Б. Кенжебайұлының қыркыншы (1941) жылдар беделінде «Социалистік Қазақстан» газеті бетінде «Қазақ әдебиетінің тарихы туралы» [1] мәселе көтеріп, мақала жазуы, «Қазақ тілі мен әдебиеті» жинағына «Қазақ әдебиетін дәуірлеу мәселелері» деген атпен проблемалық екі көлемді мақала «Қазақ әдебиетінің тарихы туралы», «Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет» [2, 35 б.] жариялауы асқан батырлық болатын.

Топтастырылып жарияланған екі мақала әдебиет тарихы жайындағы ғылыми ойды көп ілгері оздырды деуге болады. Әрине, ғылыми жұртшылық ғалымның хандық дәуір әдебиеті жайында айтқан пікірін қабылдауға дайын емес еді. Әйтпесе мақалада хандық дәуір әдебиетінің көп мәселесі шешімін тапқан болатын. Ал, дәуірлеу мәселесіне келсек, бүгінгі көзқараспен қарап, қазақ жазба әдебиеті тарихын XV ғасырдан бастапты ғой деп көңіліміз қоңылтақсуы мүмкін. Бірақ «қазақ хандығы тұсындағы әдебиет» аталатын империя шымбайына бататын тұтас дәуірді тұлғалап атын айқайлатып ғылымға енгізу, ең бастысы ол кезең әдеби мұрасын «қазақ жазба әдебиетінің» қазынасы ретінде қарастыру үлкен жетістік, ғылымдағы төңкеріске бара-бар рухани ілгерілеу еді.

Ғалым 1943 жылы «Қазақ әдебиетінің тарихын дәуірге жіктеу туралы» – аталатын мақаласында бірінші тармаққа «Бұрынды-соңды ауыз әдебиетіміз» – деп аталып, екінші буынға «Ертедегі жазба әдебиетіміз (бұған ертедегі жазу-сызу нұсқаларынан бастап, XV ғасырдың ортасына дейінгі жазба әдебиетіміз) жатады» [3, 14 б.] – деп тағы да ілгерілеу жасапты. Өкініші мақала

жарияланбаған. Мәселе кейін қайта қойылды. Сол себепті ғалымның бұл еңбегіне біз кейінірек қайыра ораламыз. (Еңбек жүйелі болу үшін де осылай етуді жөн көрдік). Алайда, алдын-ала айтып өтетін жайт - осы екі мақала өзінің мәселе қоюымен, халық әдебиеті мен жазба әдебиеті жігін ажыратуымен, жазба әдебиет нұсқаларын соқталауымен, ол кезең поэзиясы жанрын анықтау, өлеңдік құрылысына байсалды пікір айтумен Бейсембай Кенжебайұлын «Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет» аталатын жарқын дәуір, жақсы кезең әдеби мұрасынан алғашқы және үздік зерттеушісі ретінде көрсетті. Алда да Б. Кенжебайұлын «Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет» зерттеушісі ретінде қарастырғанда сүйенеріміз, негізінен, осы екі еңбек болады.

Алтын Орда – түрік халықтары ынтымақ-бірлігінің соңғы көрінісі. Қоғамдасқан қауым, гүлденген мәдениет бесігі. Біртіндеп ру-ұлысқа, тіпті шағын топтарға жіктеліп бөлінуді бастан кешеді. Түрік халықтарының қаншасыншы мәрте ыдырауы екенін бір құдай білсін. Алтын Орда дәуірінде жасалған мәдени мұраларға зер салған кісі олардағы тілдік, салт-дәстүрлік жіктелісті аңғаруы мүмкін. «Ежелгі әдебиет пен таза қазақ әдебиеті арасын жалғастырып жатқан «алтын көпір» секілді». Алтын Орда дәуірінде туған әдеби ескерткіштер жалпы түркологияда бірсыпыра зерттелген. Қазақ әдебиетінде осындай құнарлы дәуір әдебиетін ұлттық әдебиеттану ғылымында профессор Б. Кенжебайұлы бастап зерттеп, шәкірті Алма Қыраубаеваға аманат еткендей еді. Дәуір әдебиеті ескерткіштерін профессор Алма Қыраубаева табысты зерттеп, бірсыпыра еңбек беріп кеткені көңіл қуантады.

Алтын Орда дәуіріне сабақтас кезең – Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет. XV ғасырдан бірсыпыра туыс халықтардың жеке отау тігіп бөлініп шығуы басталады. Қазақ хандығы – «қазақ» аталатын халық тағдырындағы бір шешуші кезең. Ұлттық мәдениеттің қалыптасу кезеңі. Мәдениетіміздің бұл кезеңіне қатысты тарихи жазба, шежіре, ақын, жыраулар мұрасы бар. Фольклорға айналып кеткен қаншама туындылар бар. Ол бай материалдарға қарап отырып қазақ жұртының сол кезеңдегі мекен-жайы, өмір-тіршілігі, ой өрісі, тіршілік философиясын тануға болады.

Профессор Б. Кенжебайұлы табан тіреп зерттеген дәуір – қазақ хандығы тұсындағы әдебиет тарихы. Б. Кенжебайұлы бұл кезең әдебиетін қаншалық және қай дәрежеде зерттеді деген сұраққа жауап іздейміз.

Ежелгі әдебиетті проблема ретінде аренаға алып шыққаны секілді Б. Кенжебайұлы ең алдымен, қазақ хандығы тұсындағы әдебиетті күн тәртібіне мәселе ретінде тұңғыш көтерген ізашар оқымысты:

Күні бүгінге дейін Б. Кенжебайұлы бұл дәуір әдебиетін мәселе ретінде көтеруші ретінде ғана қалып келеді. Ал біздің ойымызша, Б. Кенжебайұлы мәселе қоюшы ғана емес, ол қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиеттің нақтылы зерттеушісі. Оған ғалымның «Едіге батыр» жыры туралы [4, 119-132 б.], «Қазақ

әдебиетінің тарихы туралы» [1], «Абылай» [5], «Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет» [2] секілді зерттеу мақалалары, тарихи очерк кітабы дәлел.

Әрбір дәуірдің әдеби процесін анықтау үшін ол кезеңнің тарихи сипатын жете білу шарт. Әсіресе ерте дәуірді зерттегенде әр кезеңнің тарихи сипатын алға тарта отыру жөн-ақ. Әдебиетші Б. Кенжебайұлы ұстанған бір шарт осындай.

Хандық дәуір әдебиетін зерттеуде де ол осы жолды ұстанған. Қазақ хандығы кезіндегі тарихи жағдайды ыждағаттай зерттеуді алғы мақсат тұтқан. Олай ету заңды да. 1) Б. Кенжебайұлы зерттеген қыркыншы жылдарға дейін қазақ хандығы қазақ зерттеушілері тарапынан өз дәрежесінде зерттелмеген; 2) Дәуірдің тарихи келбетін анық танымай тұрып, оның онсыз да бұлдыр әдебиетін тану, бұлдыр сағым арасынан ажыратып алу қиынның қиыны. Осындай себептермен Б. Кенжебайұлы қазақ хандығы тұсындағы әдеби процесті зерттемес бұрын сол дәуірді тарихшы ретінде қарастыра бастады. «Абылай» аталатын кітап жазғанда да, «Едіге батыр» жыры туралы зерттегенде де, «Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет» жөнінде толғанғанда да ол алдымен тарихи деректерге зер салып, дәуір ерекшеліктерін ашуға ден қойды.

Жәнібек пен Керей бастап қазақ руының 1465 жылы Алтын Ордадан бөлініп Шу өзені мен қара Ертіс аралығына келіп қоныс тебуінен олардың хандық болып құрылуы, сырт елдермен жасаған қарым-қатынстары, халықтың ақсүйек, қарашы, құл секілді әлеуметтік жіктерге бөлінгеніне дейін анық жазады. Керей, Бұрындық, Қасым, Шығай, Тәуекел, Есім, Жәңгір, Тәуке, Болат, Әбілмәмбет, Абылай... дегендей хандық жүйені тарих тілімен жүйе-жүйесімен келіп, олардың қазақ халқына сіңірген еңбегін баяндап береді. Мемлекеттік құрылымы, сыртқы, ішкі саясаты, шаруашылық қалпы жадығатталады.

Хандар жөнінде көп дерек келтіріп, бай мәліметпен сөйлейді. Көп материалды оқып игергендіктен қазақ хандығы жөнінде білімді сөйлейді. «Абылай да қазақтың бұрынғы бірсыпыра хандары сияқты қазақ халқының өз алдына ерікті мемлекет болып тұруы жолында күреседі. Ақырында, қазақ бір мықты мемлекетке бағынбай, өз алдына мемлекет болып тұра алмайтынына көзі жеткен соң қай жағына, кімге бағыну халыққа қолайлы болады деп, біресе Қытайды байқап, біресе Орыс патшалығын байқап, олармен кезектесіп келісім жасап, көп толғанып жүреді.

С. Мұқанов бір мақаласында Абылайдың осылай жүруін ол предательдік етіп жүрді дейді. Бұл жала. Абылай предательдік етіп жүрмеді, әлгі айтқан оймен жүрді» [5, 15 б.] – дейді.

Қыркыншы жылдары қазақтың азаматтық тарихы әлі жүйелі жазылмаған қазақ әдебиеті тарихи материалдары жөнді жиналмаған, шығармашылық тұлғалары түгелденбеген еді. Сонда да, Б. Кенжебайұлы хандық дәуірдің

Сыпыра жырау, Асанқайғы, Бұқар жырау сынды үш ұлы тұлғасы жайында материал тауып, олар жайында тың пайымдаулар жасайды.

Аталған ақын, жыраулар бұрын тарихта болмаған (әсіресе Сыпыра жырау, Асан ата), халық қиялдан шығарған аңыз адамдар ретінде айтылар еді. Б. Кенжебайұлы аталған зерттеуімен, олардың тарихта болған нақты адамдар екенін анықтады.

Сыпыра жырау, Асан ата бұрын батырлар жырында, әйтпесе аңыз әңгімелерде абыз, аңыз кейіпкерлер ретінде танылған еді. Б. Кенжебайұлы өз зерттеуімен оларды тарих аренасына алып шықты.

«Сыпыра жырауды алсақ, оның тек аты ғана сақталған. Сыпыра жыраудың аты «Едіге батыр» жыры мен «Ер Тарғын» жырында ғана аталады. Ол – «Едіге батыр» жырында да, «Ер Тарғын» жырында да әрі ақын, әрі ақылшы болып көрсетіледі» [6, 16 б.] – дейді. Өмірі, шығармалары жайында жарытымды дерек жоқ.

«Асанқайғы жөнінде де осылай» [6, 17 б.]. Ол жөнінде де мардымды дерек жоқ.

Деректің жоктығына қарап, кейбіреулер оларды тарихта болмаған дейді. Бейсекең ондай келеңсіз пікірге қарсы.

Сыпыра жырау жөнінде:

«Сөз жоқ, Сыпыра жырау тарихта болған адам, тарихта болғанда қазақ хандығының алғашқы кезінде, хан ордасында, ханның ақыны, ақылгөйі болған адам...» [6, 17 б.] - дейді.

Асанқайғы жөнінде:

«Асанның асыл түбі ноғай деймін,

Үлкендердің айтуы солай деймін.

Бұл сөзге анық қанық емес едім,

Естігенім, тақсырау, солай деймін.

Тегінде ноғай, қазақ түбіміз бір,

Алтай, Ертіс, Оралды қылған дүбір.

Орманбет хан ордадан шыққан күнде,

Асан ата қайғырып айтыпты жыр – деген ел аузындағы сақталған өленді келтіріп, одан мынадай түйін түйеді.

«Бұл жыр:

1) Асанқайғының қазақ екенін;

2) тарихта болған адам екенін, болғанда ноғайлы елінің бөлінуі және қазақ хандығының құрылу кезінде болғанын;

3) ноғайлы елінің Орманбет хан өлген соң, 1456 жыл шамасында бөлінгенін, қазақ хандығының жоғарыда көрсетілген 1456 жыл шамасында құрылғанын айқын дәлелдейді» [6, 18 б.].

Қыркыншы жылдары ғалым жоқтан бар жасағандай, тарих қойнауында сақталып қалған бірді-екілі деректі там-тұмдап аренаға алып шығып,

одан қазақ әдебиеті тарихын байытарлық қорытынды жасайды. «Біз әдебиетіміздің тарихы туралы сөз қылғанда: шығармалары жоқ екен деп, әдебиет мұраларында аттары аталатын ақындарымызды, қара басы туралы дерек жоқ екен деп, Асанқайғының атына байланысты әдебиет мұраларын ескермей, аттап кете алмаймыз. Оларды әдебиетіміздің тарихына енгіземіз, тексереміз» [6, 19 б.] – дейді.

Қыркыншы жылдардың биігінен қарағанда, бұл – көреген пікір, жазба әдебиетін, тарихын ең болмағанда XV ғасыр деңгейіне көтерсем, ілгерілетсем, тереңдетсем деген әзіз жүрек үні, тарих қопарған, арғы-бергі жазбаларды оқыған білімпаздың сөзі. «Жазба әдебиетінің тарихы XVIII ғасырдан басталады» – деп қасарыспай-ақ, сол қыркыншы жылдары, жалған намысшылдықты қойып, Б. Кенжебайұлы айтқан осындай жетелі пікір жетегіне ергенде қаншама шаруа жүзеге асқан болар еді.

3 том, 6 кітаптық «Қазақ әдебиеті тарихы», «Ежелгі әдебиет» мұрасынсыз, тіпті XV ғасырға ниет қылмай, XVIII ғасырдан бастап жарық көрді. Енді М. Мағауин, Ж. Тілепбергенов, М. Жармұхамедов, Ө. Күмісбаев, С. Дәуітов секілді ғалымдар кезінде Б. Кенжебайұлы сілтеген өңірге қарай жылыжып, тиянақты зерттеу жүргізу үстінде.

Өзі айтқандай, ғалым одан әрі Асанқайғы және Бұқар жырау өмірі, шығармашылық тағдырына тоқталады. Екі тарау, екі жүйе материалдар өз уақытындағы мейлінше тың дүниелер.

Асанқайғыны аңыз кейіпкерден нақты тарихи адамға айналдырып өмірінен дерек тауып, әдеби мұрасын сөз еткен тұңғыш зерттеу – осы Б. Кенжебайұлы еңбегі. Зерттеуші бұл еңбегінде қазақ хандығы тарихынан Асанқайғы толғауының тақырыбын туғызды, Асанқайғы толғаулары табиғаты арқылы қазақ хандығының жай-күйіне барлау жасайды. Олай ету әрі логикалық жағынан қисынды, әрі әдебиетті талдау тәсілі ретінде оңтайлы. Өйткені хандық кезеңде өмір сүрген ақын не айтса да ханға қарата айтады. Ол қарапайым көптің бірі емес, ханның идеологы. Б.Кенжебайұлы ақынның бұл мінезін «Асанқайғы тек ақын емес, сонымен қатар, ақыл-ой кемеңгері. Ол ханға тек жай толғау айтып қана қоймайды, сонымен қатар заманын, ханның қылығын, саясатын сынап, оған ақыл айтып, кеңес береді» [6, 20 б.] – деп айқындайды.

Ақынның «Күйрығы жоқ, жалы жоқ, Құлдан қайтіп күн көрер?», әйтпесе «Мұнан соң қилы-қилы заман болар. Заман азып, заң тозып, жаман болар» – деп басталатын шерлі толғауларын замана рхымен сабақтастырып түсіндіреді. Ақыры, ғалым өз ойын «Асанқайғы, Асанқайғының шығармалары өз тұсының айнасы, ол өз дәуіріндегі қазақ халқының тұрмысын, салтын, мұңын, тілегін көрсетеді. Асанқайғы – заманының ақыны, ақыл-ой кемеңгері. Ол қазақ халқының қамын қайғырды, болашағын болжады, ол қазақ халқының тыныш еркін, бақытты тұрмысын көкседі. Асанқайғы бізге осы жағынан қадірлі,

осы себептен де ол біздің әдебиетіміздің тарихынан құрметті орын алады» [6, 22 б.] – деп қорытады.

Асанқайғы өмірі, һәм шығармашылығы жөнінде айтылған бұл пікірлер қыркыншы жылдар межесінен қарағанда батыл байламдар, ілгерішіл ой қорыту болатын. Әрбір пікір өзіне дейін айтылған ойлармен салыстырып барып бағаланады десек, Б. Кенжебайұлының қыркыншы жылдары айтқан ой-пікірлері өз уақытындағы тың, аса құнды пікірлер.

Келесі тарау – Бұқар жырауға арналған. Бұқар Б. Кенжебайұлына дейін де зерттелген, кейін де бірсыпыра қарастырылды. Алда да зерттелер. Өйткені «Бұқар шын мәнісінде жыраулық поэзияның ең соңғы көрнекті өкілі» (М. Мағауин) [7, 129 б.].

Бейсембай Кенжебайұлы Бұқар жырау мұрасын поэтикалық сыр-сипаты тұрғысынан жарқыратып ашуды мұрат тұтпаған. Ол, алдымен жырауды «Бұқар жырау сарай ақыны еді» – деген пікірден аршып алды. Хан ордасында болғанымен халық қамын жегенін, ханға қарап (беттеп) сөйлегенімен халық мұң-мұқтажын айтқанын ашып көрсетті. Одан кейін ғалым Бұқар жырау мұрасын тақырыбына орай топтастырды. Бұқар жырау шығармаларын:

- 1) өз тұсындағы қазақ халқының күй-жайы;
- 2) қазақ халқының өзара ынтымақ-бірлік табуы;
- 3) бейбіт өмір сүруі;
- 4) Асанқайғы жұмбағын шешуі;
- 5) дәуірге баға беруші, алдағыны болжаушы секілді тақырыптарды жіктеп шығарды.

Бұқар секілді ұлы жырау мұрасын таптық тұрғыдан қарап жүрген сәтте Б.Кенжебайұлының оны шыққан тегіне, табына қарамай халық қамқоры, әдеби мұрасын халық қазынасы ретінде бағалауы уақытындағы үлкен жетістік болатын.

Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиетті зерттеуге арнаған еңбегінде Б. Кенжебайұлы актуальды тағы екі мәселені қозғайды. Оның бірі – «ақын», «жырау», «жыршы» шығармашылық тұлғасына байланысты. Бұл проблемада Б. Кенжебайұлы өзіне дейінгі академик – жазушы Сәбит Мұқанов, академик Қ.Жұмалиев тарапынан айтылған пікірлерді сынады. Ақын, жыршы, жырау-тұлғалары бір емес. Бейсекең айтқандай, олардың әрқайсысын әртүрлі дәуір, қилы кезең, әлеуметтік қажеттілік тарих сахнасына алып шыққан, өз қызметтерін атқарған олар уақытқа орай өзгеріп отырған. Сол сияқты Б. Кенжебайұлы қыркыншы жылдары «Қара өлең», «жыр», «толғау» секілді өлең өлшемдері жөнінде де пікір қозғайды. Абайға дейінгі қазақ өлең өлшемі екі-ақ түрлі деген пікірге қарсы шықты.

Абайға дейінгі өлең өлшемі кем дегенде үш түрлі болуға тиісті деп, жоғарыда айтқан «қара өлең», «жыр», «толғау» жөнінде толғанысты пікір айтты.

«Өлеңнің өлшемі түрлі халық өміріне, халықтың тұрмыс-салтына нық байланысты» - дейді ғалым. Қазақ халқының қазақ хандығы тұсындағы өмір салтын алсақ, мұның екі түрлі өзгешілігі:

1) ол көшпелі болды; қазақ даласының ол шетімен бұл шетіне үдере көшіп жүрді. Көшерімді жел білсін, қонарымды сай білсін дегеннің кебінде болды;

2) халық өмірінде жаугершілік күшті болды: аттаныс, жорық, соғыс, шабыс есепсіз көп болды.

Халықтың осы тұрмыс салтына лайық соларды суреттеуге, үдере көшкен елді сұрапыл соғыс, жорық шабуылдарда сол күйінде бұлжытпай суреттеуге, жырлауға көбінесе қолайлы өлең-өлшемі, өлең түрі жырмен толғауы еді [6, 32 б.] деді. Ғалым пікірін елеусіздеу айтқанымен әдебиетке өте тың пікір, жаңа ой әкеліп отыр. Демек, қазақ хандығы тұсындағы шығармашылық тұлға – жырау, оның жанры толғау, сол тұстағы шығармашылық тұлға – ақын (жыршы), оның жанры жыр дегенді айтып отыр. Ғалымның бұл пікірі де көп ілгерілеушілік.

Ақырында, ғалым қазақ хандығы тұсындағы әдебиеттің негізгі ерекшеліктерін былай қорытты: Бірінші қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет атадан балаға ауысып көбіне ауызша жетті. Бірақ, ауыз әдебиеті емес, «бұл әдебиет мұралары қазақ хандығы тұсында шыққан, кімнің атына байланысты болса, сол шығарған шығармалар, тек олар ауызда сақталып келгендіктен ептеп өзгертілген деп білуіміз керек» [6, 34 б.], халық көшпенді өмір салтына орай хандық дәуір әдебиетінің «бәрі дерлік жыр, толғау, тақпақ. Дегенмен, осы жыр, толғау, тақпақ жанрлардың өзінен де сол заманның суреті, рухы байқалады», орта ғасырлардағы әдебиетте діни сарын араласып, бағыт туғызып отырушы еді, жаугершілік заман әдебиеті одан ада, көшпелі тұрмыс, қиын жағдай оған мұрша бермеген. Хандық дәуір поэзиясы – «халық мұны, қайғылар жыры». «Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет үстірт қарағанда сарай–орда әдебиеті сияқты. Бірақ, асылында олай емес. Қазақтың қазақ хандығы тұсындағы әдебиеті сарай-орда әдебиеті емес, халық әдебиеті» [6, 34-35 б.].

Ойланып оқыған, үніліп зерттеген кісіге ғалым тарапынан айтылған бұл ойлар, жасалған бұл қорытындылар өте маңызды. Шолу-тезис түрінде айтылса да бір дәуір әдебиетінің ең маңызды–маңызды мәселелерін қозғап, түйіп айтып беріп отыр.

Біз де Б. Кенжебайұлының қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиетіне қатысын қорытындылайық.

1) Б. Кенжебайұлы қазақ хандығы дәуірі әдебиеті деген терминді әдебиетке енгізді.

2) Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиетті (қазақ әдебиетін) зерттеу мәселесін күн тәртібіне көтерді.

3) Ол дәуірдің тарихи келбетін ашты.

4) Ол дәуірдің рухани мұрасын фольклор емес, дербес шығармашылық екені, оның жазба әдебиет үлгісі ретінде танылуы, мойындалуы қажеттігін айтты.

5) Сыпыра, Асан тұлғаларын аңыздық сипаттан реалды қалыпқа алып шықты, тарихи тұлға ретінде танытты.

6) Қазақ хандығы тұсындағы әдебиеттің тақырыптық ерекшелігі, поэтикалық рухы жайында толғанды.

7) Жанрлық ерекшелігін ашты.

8) Өлең өлшеміне ой жүгіртті.

Осының баршасы, Б.Кенжебайұлын қазақ хандығы дәуіріндегі қазақ әдебиетін әдеби проблема ретінде қозғаушы көшбасшы ғана емес, сол дәуірдің әдеби сыр-сипатын нақты зерттеген, шама-шарқынша ашқан зерттеуші ретінде мойындатады.

Бәрін бірдей бір кісі зерттеп тауысуы шарт та, мүмкін де емес. Осындай күрделі кезең әдебиетін зерттеуді Б. Кенжебайұлы бастап, М. Мағауиндей дарынды шәкіртерін шұғылдандырып баулыды. Ол айрықша жеміс берді. «Қобыз сарыны», «Алдаспан» секілді маңызды, кәделі еңбектер өмірге келді, әдебиетіміз қазына байлыққа кенелді.

Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет-күрделі әдебиет. Ешбір халық әдебиетіне ұқсамайтын әдебиет. Тектестікке байланысты қарақалпақ, ноғай әдебиетімен ғана ортақтасатын сәттеріміз бар. Бұл жөнінде қарақалпақ әдебиетшісі К. Мәмбетов қазақ ғалымы, профессор Б. Кенжебайұлына арнайы хат жазып, теңдік сұраған. Б. Кенжебайұлы қазақ хандығы дәуірінің кейбір тұлғаларының ортақ жерін баяндап, олардың да зерттеуі қажеттігін айтыпты [8]. Қазақ оқымыстысынан бата алған К. Мәмбетов ұзамай өз елінде «XVI-XVIII ғасырлардағы қарақалпақ әдебиеті» [9] – аталатын зерттеуін жариялады. Кейін ол кенеулі еңбекке айналып, «Әйемги қарақалпақ әдебиаты» - деген монографияға ұласты.

Қырқыншы жылдары қазақтың азаматтық тарихы әлі жүйелі жазылмаған қазақ әдебиеті тарихи материалдары жөнді жиналмаған, шығармашылық тұлғалары түгелденбеген еді. Сонда да, Б. Кенжебайұлы хандық дәуірдің Сыпыра жырау, Асанқайғы, Бұқар жырау сынды үш ұлы шығармашылық тұлғасы жайында материал тауып, олар жайында тың пайымдаулар жасайды.

Аталған ақын, жыраулар бұрын тарихта болмаған (әсіресе Сыпыра жырау, Асан ата), халық қиялдан шығарған аңыз адамдар ретінде айтылар еді. Б. Кенжебайұлы аталған зерттеуімен, олардың тарихта болған нақты адамдар екенін анықтады.

Алтын орда, қазақ хандығы дәуіріндегі қазақ әдебиеті мәселелерімен бұл күнде бір Мұхтар Мағауин, әйтпесе Алма Қыраубаева ғана айналыспайды. Олар Бейсембай Кенжебайұлы ізіне ілесе шығып, алғаш зерттегендер.

Кезінде қарсы болғанымен, кейін Қазақстан Ғылым академиясы М. О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты ғалымдары да бұл мәселені дұрыс түсініп, қосыла зерттеді. Ә. Дербісәлин, М. Жармұхамедов, Ө. Күмісбаев секілді зерттеушілер еңбегін осы бағытта қабылдауымыз керек. Ж.Тілеповтың «Қазақ поэзиясының тарихилығы», «Елім деп еңіреген ерлер жыры» секілді зерттеулер сол Б.Кенжебайұлы салған ізді әрі апарған еңбектер.

Демек, бұл күнде қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиетін зерттеуде профессор Б. Кенжебайұлы дәстүрі халықаралық деңгейдегі ізденіс деп қорытындылаймыз.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Кенжебаев, Б.** Қазақ әдебиетінің тарихы туралы // Социалистік Қазақстан. – 1941. – № 139.
- 2 **Кенжебаев, Б.** Қазақ әдебиетінің тарихын дәуірге бөлу мәселесі // Қазақ тілі мен әдебиетінің мәселелері. – Алматы : ҚБМБ, 1941. – Б. 3-10.
- 3 ҚРМОА – 1739, Опись № 1, 15-іс.
- 4 **Кенжебаев, Б.** Едіге батыр // Әдебиет және искусство. – 1940. – № 7, 8.
- 5 **Кенжебаев, Б.** Абылай. – Алматы : ҚМББ, 1943. – 21 б.
- 6 **Кенжебаев, Б.** Асау жүрек. – Алматы : Жазушы, 1975. – 168 б.
- 7 **Мағауин, М.** Алдаспан. – Алматы : Атамұра, 2006. – 312 б. – ISBN 9965-34-386-1.
- 8 Үй архиві. Арнайы бума (хаттар).
- 9 **Мәмбетов, К.** XVI-XVII ғасырдағы Қарақалпақ әдебиеті. – Әмудария. – 1974. – № 1.

13.01.16 баспаға түсті.

*Д. Қ. Сартбаева, М. Б. Шайхыстамова*

**Некоторые проблемы изучения казахской литературы XV-XVII вв.**

Международный казахско-турецкий университет  
имени К. А. Ясауи, г. Түркістан.  
Поступило в редакцию 13.01.16.

*D. K. Sartbaeva, M. B. Shaikhystamova*

**Some problems of research of Kazakh literature of the XV-XVII centuries**

A. Yesevi International Kazakh-Turkish University, Turkestan.  
Received on 13.01.16.

*В статье рассматриваются некоторые проблемы связанные с исследованием казахской литературы XV-XVIII вв. в научных трудах ученого и писателя Б. Кенжебаева.*

*The article considers some problems of research of Kazakh literature of the XV-XVIII centuries in B. Kenzhebayev's works.*

ӘОЖ 81:002

**А. Қ. Таусоғарова**

филол.ғ.к., доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.  
e-mail: aiauzhan@mail.ru

## ГАЗЕТ ЖАРИЯЛАНЫМДАРЫ ЭТНОСТЕРЕОТИПТЕРІНІҢ КОНТЕНТ-ТАЛДАУЫ

*Мақалада Қазақстандағы жалпыұлттық республикалық газет «Егемен Қазақстан» және саяси-қоғамдық тәуелсіз газет «Қазақия» материалдарындағы этникалық стереотиптерге контент-талдау жасалады.*

*Этностереотиптердің сандық көрсеткіштеріне сапалық талдау жасау барысында «Егемен Қазақстан» және «Қазақия» газеттері жарияланымдарында көрініс берген этностереотиптердің көпұлтты мемлекеттегі ұлттардың этникалық сәйкестілігінің сақталуына, этниканы топтастыруға, этниканың ортаға бейімделуіне, бастысы, қоғамда этникааралық үйлесімді қарым-қатынастың орнығуына оң ықпал ететіні анықталды.*

*Кілтті сөздер: этностереотип, БАҚ жарияланымдары, контент-талдау, сандық көрсеткіштер, этникалық лексемалар.*

Этникалық сәйкестіліктің сақталуына, этниканы топтастыруға, этниканың ортаға бейімделуіне, бастысы, этникааралық қарым-қатынастардың үйлесімді дамуына қызмет ететін этникалық стереотиптердің қоғамдық санада және тұлғалар сана-сезімінде қалыптасуында БАҚ-та жарияланатын этникалық ақпараттардың рөлі зор.

Бұл орайда көпұлтты мемлекеттер қатарында табылатын Қазақстан Республикасындағы этникааралық қарым-қатынастар үшін маңызды этностереотиптерді зерттеуге арналған жақын шетелдік психология ғылымы бойынша Л. С. Назырованың еңбегі [1] тек Шығыс Қазақстандағы тұрғындардың өзіндік тілдік санасындағы этностереотиптерді қарастырумен

шектеледі де, бастысы, масс-медиадағы этностереотиптер және олардың тілдік құралдары мен Қазақстандағы ұлт өкілдері тілдік санасындағы көріністері, ұлтаралық қарым-қатынасқа оң/теріс ықпалдары зерттелмейді. Ж. Б. Абильдинованың [2] «Языковые средства экспликации этнических стереотипов русских, казахов и немцев (на материале русскоязычных анекдотов)» кандидаттық диссертациясында орыс тілді анекдоттардағы этностереотиптер зерттеледі. Ал отандық зерттеушілердің еңбектері масс-медиадағы этностереотиптерді негізгі зерттеу нысаны ретінде қарастырмайды. Р. Карымсакова, Ж. Амирова [3] авторлығында жарық көрген шағын көлемдегі еңбектер этностереотиптерден гөрі, ұлтаралық қарым-қатынастардың БАҚ-та жариялану мәселелеріне арналған.

Көптеген этностардың басы қосылған Қазақстан масс-медиясында көрініс тапқан этностереотиптердің сандық және сапалық жағынан тыңғылықты зерттелмеуі осы тақырып аясында ғылыми ізденістерге жол ашып отыр.

Менталитет, мінез, ақыл-ой т.б. көптеген типтік қасиеттер тұрғысында белгілі бір этникалық қауымдастыққа байланысты көпшілік санасында туындайтын бірдей ассоциациялар мен біршама тұрақты стандартты түсініктер ретінде қарастырылатын этникалық стереотиптердің өмір сүруінің формасы – тіл. Бұл тұрғыда ассоциативтік эксперименттер мен сұрастырымдар үдерісінде белгілі болып жататын этникалық стереотиптер зерттеулер нәтижелері тұжырымдары ретінде тілдік тұрғыдан рәсімделгенде бірыңғай анықтаушы мүшелер мен этнонимнің предикативтік қатынасы түрінде берілетінін көреміз: «американцы – предприимчивы, способны, материалистичны, честолюбивы, прогрессивны; англичане – спортивные, способны, соблюдают условности, любят традиции, консервативны; евреи – умны, корыстолюбивы, предприимчивы, скупы, способны; итальянцы – артистичны, импульсивны, страстны, вспыльчивы, музыкальны; ирландцы – драчливы, вспыльчивы, остроумны, честны, очень религиозны и т. д.» [4, 21].

Осы орайда «Егемен Қазақстан» және «Қазақия» газеттері жарияланымдарының этникалық мазмұндық-мағыналық бағыттылығын анықтау үшін «мәтіннің және басқа да ақпарат көздерінің өзіндік мазмұндық сипаттамаларын анықтау және бағалау әдісі», «әлеуметтік болмыс қасиеттері мен жай-күйі туралы, оның ішінде, жарияланым мәтінінің дереккөзі туралы мәтін мазмұнын талдау арқылы қорытындылар (тұжырымдар) жасауға мүмкіндік беретін зерттеу техникасы» я «мәтін түріндегі ақпаратты сандық көрсеткіштерге ауыстыру» тұрғысынан анықталатын контент-талдау (англ. content analysis, нем. Content-Analyse, фр. analyse du contenu - мазмұн, мән) [5, 129] қолданылады да, этникалық тақырыптардағы жарияланымдар және олардағы этникалық лексемалар, этностереотиптер мен авто-, гетеростереотиптердің лексика-семантикалық, сондай-ақ тілдік ерекшеліктері зерттеледі.

Сөйтiп, контент-талдауға «Егемен Қазақстан» жалпыұлттық республикалық газетi мен «Қазақия» тәуелсiз, қоғамдық-саяси газеттерiнiң 2015 жылдың қаңтарынан осы жылдың маусым айлары арасындағы сандарындағы «Елдер мен халықтар туралы, сондай-ақ ұлттық немесе этникалық салт-дәстүрлер мен ұлттық этникалық құндылықтар туралы, оның iшiнде, этникааралық қарым-қатынастар, этникалық саясат, сондай-ақ қазiргi қоғам өмiрiнiң барлық салалары тұрғысындағы (экономика, спорт, медицина, педагогика т.б.) аталмыш этниканың әлеуетi (жетiстiктерi, кемшiлiктерi, ерекше қасиеттерi, дағдылары)» [6, 44] туралы этникалық ақпараттар iшiнен тек этникалық менталитет, халықтың өзiне тән мiнез-құлық қасиеттерi туралы, сондай-ақ саяси-әлеуметтiк т.б. мәселелердi қарастыруға арналғанымен, мазмұнында этникалық стереотиптерге орын берiлген этникалық ақпараттар ғана алынды.

Жалпыұлттық республикалық «Егемен Қазақстан» газетiнде титулды ұлт – қазақ халқының тарихы, мәдениетi және ондағы көшбасшы тұлғалар, ұлттық құндылықтарға арналған айдарлармен (рубрика) бiрге, қазақстандық патриотизмге үндейтiн «Менiң елiм – Қазақстан», «Мәңгiлiк ел» идеясы, «Бiздiң Отанымыз – бiрлiктiң берекелi бесiгi» т.б. рубрикалар, Қазақстан халықтары ассамблеясы, түрлi этномәдени бiрлестiктер мен орталықтар мәлiметтерi мен түрлi этностар туралы жарияланымдарға орын берiлген. «Қазақия» тәуелсiз, қоғамдық-саяси газетiнде де қоғам өмiрiнiң түрлi салалары (ел экономикасы, әлеумет, тарих т.б.) бойынша ақпараттармен бiрге, этникалық жарияланымдарға арналған «ұлттық мүдде» айдары (рубрикасы) бар. Осындай сан салалы тақырыптарды қамтитын аталмыш газеттердегi тек этникалық стереотиптер көрiнiс беретiн этникалық ақпараттарға құрылған жарияланымдардың сандық үлесi 1-кестеде көрсетiлген.

Кесте 1 – «Егемен Қазақстан», «Қазақия» газеттерiндегi этностереотиптер көрiнiс тапқан жарияланымдардың сандық көрсеткiшi

Масс-медиа басылымдарының атауы және газеттің сипаттамасы	Барлық саны 01.2015 ж. – 06. 2015 ж.	Тікелей этностереотиптерге құрылған жарияланымдар	Этностереотиптер жанама қамтылатын жарияланымдар	Титулды ұлт (казак) туралы этностереотипті жарияланымдар саны	Түрлі этностар туралы этностереотипті жарияланымдар саны
«Егемен Қазақстан» газеті, жалпыұлттық республикалық газет, казак тілінде күн сайын шығады; таралымы - 135 мың шамасында.	121	9	10	14	5



Қазақия газеті - таралымы – 17777 дана; қоғамдық-саяси апталық газет, тәуелсіз газет, республикаға, сонымен қатар алыс және шетелдерге де тарай алады, орыс және қазақ тілдерінде шығады.	26	3	8	11	-
---	----	---	---	----	---

Этностереотиптер жанама қамтылатын жарияланымдар (Саяси-әлеуметтік т.б. мәселелерді қарастыруға арналғанымен, мазмұнында этникалық стереотиптерге орын берілген)

Титулды ұлт – қазақ халқының этникалық менталитеті, халықтың өзіне тән мінез-құлық қасиеттері туралы этностереотипті жарияланымдардың «Егемен Қазақстан» газетіндегі саны – 5, «Қазақия» газетіндегі саны – 11.

Түрлі этностардың менталитеті, халықтың өзіне тән мінез-құлық қасиеттері туралы этностереотипті жарияланымдардың «Егемен Қазақстан» газетіндегі саны – 14.

«Қазақия» газетінде титулды ұлт (қазақ) туралы этностереотипті жарияланымдарға орын берілгенімен, тікелей түрлі этностардың менталитеті, халықтың өзіне тән мінез-құлық қасиеттеріне арналған этностереотипті жарияланымдар көрініс бермейді.

«Егемен Қазақстан» газетіндегі этникалық менталитет, халықтың өзіне тән мінез-құлық қасиеттері туралы, яғни тікелей этностереотиптерге құрылған жарияланымдар: 1. Ж. Шәмші. Итке төрден төсек салатындар (Егемен Қазақстан, 13.01. 2015, № 6, 16-бет); 2. Т. Нұрахметұлы. Қазақ десе, көз алдыма Абай атам келеді (Егемен Қазақстан, 14.01. 2015, № 7, 3-бет); 3. М. Магомедова. Қазақ жеріне ұзатылғаным еш өкінбеймін (Егемен Қазақстан, 27.01. 2015, № 16, 2-бет); 4. Е. Смайыл. Туғанбайдың түріктері (Егемен Қазақстан, 28.01. 2015, № 17, 11-бет); 5. Д. Бауыржанұлы. Еңбекті еншілеген ел (Егемен Қазақстан, 04.04. 2015, № 65, 9-бет); 6. Д. Анаш. Зілзала зардабын тартқан армяндар (Егемен Қазақстан, 23.04. 2015, № 74, 5-бет); 7. Д. Бауыржанұлы. Көршінің ісі керемет (Егемен Қазақстан, 16.05. 2015, № 90, 7-бет); 8. А. Төлеуханқызы. Могиканның соңғы тұяқтары (Егемен Қазақстан, 19.05. 2015, № 91, 9-бет); 9. Н. Кенжеғараев. Абай іздеген ел (Егемен Қазақстан, 27.05. 2015, № 97, 9-бет).

«Қазақия» газетіндегі нақты этникалық менталитет, халықтың өзіне тән мінез-құлық қасиеттері туралы, яғни тікелей этностереотиптерге құрылған жарияланымдар саны – 3. Олар: Дос Көшім. Біз – қырсық халықпыз! (04.06. 2015); Эльдар Жумагазиев. Какой ты, современный казах? Қазақия, 05.01. 2015; Сайлау Байбосын. Қазақ және құлдық сана, Қазақия, 16.04.2015.

«Қазақия» газетіндегі саяси-әлеуметтік мәселелерді қарастыруға арналғанымен, мазмұнында жағымды және жағымсыз этникалық стереотиптерге орын берілген, яғни этностереотиптер жанама қамтылатын

мақалалар саны – 7; Олар: 1) Өмірзақ Ақжігіт: Өкіметке қазақ керек емес — Герольд Бельгер, (09.02.2015); 2) Жұмамұрат Шәмші. Жеміс деп желпілдетпейікші... (08.05.2015); 3) С.Ерғали Жайық оқиғасы ел іргесін бекітті, 16.04.2015; 4) Басқа елдің тәуелсіздігі үшін күресу, (23.01.2015); 5) Дина Имамбаева Жемқорлық қайдан жабысты, қалай жұқты?, (02.04.2015); 6) Аристократизм – парасаттылыққа ұмтылыс, 14.05.2015; 7) Әбдірашит Бәкірұлы. Қазақтың ұлттық намысы қашан оянады?, 10.03.2015.

Егемен Қазақстан газетіндегі саяси-әлеуметтік т.б. мәселелерді қарастыруға арналғанымен, мазмұнында этникалық стереотиптерге орын берілген, яғни этностереотиптер жанама қамтылатын жарияланымдар жарияланымдар: 1. Б. Тайжан. Корей жұрты (Егемен Қазақстан, 30.01. 2015, № 19, 2-бет); 2. Ж. Шөпегүл. Дәнекер: Қазақтың шаңырағын шалқытқан башқұрт қызы (Егемен Қазақстан, 12.02. 2015, № 28, 3-бет); 3. Қ. Түменбай. «Орыс» Қасымбек (Егемен Қазақстан, 18.02. 2015, № 32, 13-бет); 4. О. Жүнісұлы. Аға досым – Лю Чан (Егемен Қазақстан, 25.02. 2015, № 37, 11-бет); 5. Ә. Қаңтарбай. Көш тізгінін сенімге берген дұрыс (Егемен Қазақстан, 06.03. 2015, № 44, 3-бет); 6. Қ. Ескендір. Талайды тәнті еткен түрік елі (Егемен Қазақстан, 02.04. 2015, № 59, 7-бет); 7. Ж. Түймебаев. Қазақстан-Түркия: түбі бір туысқан елдер (Егемен Қазақстан, 15.04. 2015, № 68, 12-бет); 8. Л. Қажымова. Жомарттық пен мейірімділік (Егемен Қазақстан, 23.04. 2015, № 74, 9-бет); 9. Т. Сүйінбай. Қазақ – елдегі этноспен қазақша сөйлессін... (Егемен Қазақстан, 23.04. 2015, № 74, 11-бет); 10. Е. Сұлтанов. Татулығы жарасқан үлгілі отбасы (Егемен Қазақстан, 01.05. 2015, № 81, 9-бет).

Кесте 2 – «Егемен Қазақстан» газетінің 2015 ж. қаңтар – маусым айларындағы басылымдарында көрініс тапқан этностереотиптер

Этникалар / территориялық бірліктегі халықтар атаулары	Этникалық стереотиптер	
	автостереотип	Гетеростереотип
Қазақ	Үмітшіл; кеменгерлік және әулиелік қасиеттерге сенім артады; негізі – тәуекелшіл емес; қанағатшыл; көнбіс; көнтері; он ойланып, бір кесетін халық; қазақ еріншектік	Бауырмал, жақсылықты ұмытпайды, үлкенді сыйлау қасиеті тән, ізгілікті, басқа ұлттарға құрмет көрсетеді; ұйымшыл; бір-біріне қол ұшын беретін бауырмал
Түрік	мұсылман халық	Қайсар, қамқор, мейірімді, еңбекқор, пысық, іскер
Орыс	-	Бірбеткей, бірақ ретті жерінде иіледі; жомарт; барды ұқсата білетін іскер
Неміс		Алдын ала ойлайды; іскер

Қытай		Еңбекқор; төзімді; үнемшіл; отбасы құндылығын бағалайтын халық
Кәріс	Бауырмал, жақсылықты ұмытпайды, үлкенді сыйлау қасиеті тән, ізгілікті,	Еңбекқор
Еврей	Зиялы; парасатты; пайымды	Мейірімді; жомарт
Эстон		Ұлтжанды; табанды; күрескер

Сөйтіп, Егемен Қазақстан газетіне жүргізілген контент-талдаудың сандық көрсеткіштеріне қарағанда, этникалық сәйкестіліктің сақталуына, этниканы топтастыруға, этниканың ортаға бейімделуіне, бастысы, этникааралық қарым-қатынастардың үйлесімді дамуына қызмет ететін этникалық стереотиптер көрініс тапқан жарияланымдар басқа да тарих, экономика, спорт, мәдениет, қоғам мәселелері тақырыптарына арналған жарияланымдарға қатынасында 15,7 пайызды құрайды.

Қазақия газетінде бұл мәселе бойынша көрсеткіш 42,3 пайызды құрайды. Қазақия газетінде этникалық менталитет, халықтың өзіне тән мінез-құлық қасиеттері туралы арнайы жарияланымдар тек титулды ұлт қазақ халқына арналады.

Кесте 3 – Қазақия газетінде көрініс тапқан этностереотиптер

Этникалар атаулары	Автостереотиптер	
	Жағымды	Жағымсыз
Қазақ	Қиындыққа төзімді, бұйығы қазақтар, күрескер халық, рухты, түрікшіл, бауырмал, қазақ жаны зұлымдыққа, жамандық атаулыға қарсы, жаңалыққа құмар, жаңа жағдайға көнгіш, тез бейімделгіш, тез шешім қабылдағыш, тәуекелге бел буа алады <i>еркіндік сүйгіш рухта, табиғаты таза, біреуді тегіне қарап кемсітуді, бөлектеуді білмейді</i>	жалтақ қазақ, кең қолтық қазақ, жалған намысқойлық, шын намыссыздық, басқаға қызыққыш, еліктегіш, басқаның ығына жығылғыштық, құл мінез (жігерсіздік, бөтенге бас ұрғышпыз, біреудің көңілін тапқыштық, көнбіс, кеңпейіл, кейде асыра кеңпейіл, келеңсіз; дархан, дарақы), қырсық, <i>мәселені тамыр-таныстық арқылы шешуге бейім, мақтаншақ.</i>

Кесте 4 – Қазақия газетіндегі өзге ұлттар туралы гетеростереотиптер

Этникалар атаулары	Гетеростереотиптер	
	Жағымды	Жағымсыз
Орыс	-	орыстың шовинистік көзқарасы
Неміс	Адамгершілікті, аяушылықты түсінетін халық, еңбекқор, жинақылық я ұқыптылық	-
кавказдықтар	-	Жеңіл пайда іздеушілер, құзырлы органдармен сыбайластыққа бейім, ақшалы, әлімжеттікке бейім

Егемен Қазақстан газеті бойынша контент-талдаудың нәтижелері: тікелей және 28жанама этникалық стереотиптерге құрылған барлық 19 жарияланым – 15,7 %, оның ішінде, титулды ұлт – қазақ халқына қатысты этникалық стереотипке құрылған 14 жарияланым 73,6 пайызды, ал өзге этностарға арналған 5 жарияланым 26,4 пайызды құрайды. «Егемен Қазақстан» газетінде титулды және өзге этностарға қатысты жағымсыз автостереотиптер де, жағымсыз гетеростереотиптерде орын алмаған. Тек «ит жетектеген ағылшындар» деген этностереотип аталмыш ұлттың тілдік санадағы типтік образы болып табылады, және олардың сүйікті ісінің қазақтар мәдениетіне қарама-қайшылығы этникааралық қарым-қатынаста емес, мәдениаралық қатынастар үдерісінде эмпатия (өзге мәдени ерекшелікке түсіністікпен қарау) үшін қызмет етеді деп ойлаймыз. Аталмыш газетте этностереотиптерге құрылған этникалық ақпараттардың сандық және сапалық талдаулары Егемен Қазақстан газетінің титулды және өзге ұлттар этникалық сәйкестілігінің сақталуына, этника өкілдерінің өзара топтасуына, этникалардың ортаға бейімделуіне, бастысы, этникааралық қарым-қатынастардың үйлесімді дамуына оң ықпал етеді деп қорытуға болады.

Қазақия газеті газеті бойынша контент-талдаудың нәтижелері: тікелей және жанама этникалық стереотиптерге құрылған барлық 11 жарияланым 42,3 % және олар негізінен титулды ұлт – қазақ халқына қатысты этникалық стереотипке құрылған. Көпұлтты Қазақстандағы масс-медиа басылымдарының бірі болып табылатын «Қазақия» апталық газетінің басылымында орын алған этностереотиптердің сандық қатынасында басым үлесті осы елдің титулды ұлты – қазақ халқы туралы автостереотиптер алады, оның ішінде, жағымсыз этностереотиптердің саны жағымдыға қарағанда басымдау. Басқа 3 халық туралы жағымды және жағымсыз гетеростереотиптердің сандық үлесі өзара шамалас.

Аталмыш екі газетте орын алған *қазақ егемендігі, қазақ элитасы, қазақ тектілігі, қазақтың ұлттық намысы, қазақ хандығы, қазақ этнонимі, қазақ тарихы, қазақтың асыл арыстары, қазақ зиялылары, қазақ автономиясы, қазақ даласындағы Ұлы аштық қырғыны* сияқты түрлі этникалық кілт сөздер мен этникалық лексемалар қатысқан қазақ халқының тарихы, мәдениеті, ғылымы, экономикасы, таихи тұлғалары т.б. туралы этникалық ақпараттар аталмыш этникалық ұлттық тұтасып-бірігуінде, халықтың өзін этникалық сәйкестендіруінде маңызды бағдар болса, басылым беттерінде кездесетін *орыспизгылды шенеуніктер, орыстілділер, шала қазақтар* сияқты тіркестер осы үдеріске теріс ықпал етуі мүмкін. Қазақия басылымында осы елдегі титулды ұлт қазақтар туралы жағымды / жағымсыз автостереотиптер үлесінің жоғары көрсеткішке ие болып, ал басқа халықтар туралы этникалық ақпараттар үлесінің мүлдем төмен әрі жағымды және жағымсыз гетеростереотиптер санының өзара шамаластығы, ал Егемен Қазақстан газетінде Қазақстанды мекен ететін этностар туралы жағымсыз этностереотиптердің орын алмауы елдегі үйлесімді этникааралық қарым-қатынастың кепілі деп ойлаймыз.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Назырова, Л. С.** Особенности национальных стереотипов русских и казахов: На примере Республики Казахстан: Дис. . канд. психол. наук: 19.00.05 / Л. С. Назырова. – М., 2001. – 242 с.

2 **Абильдинова, Ж. Б.** «Языковые средства экспликации этнических стереотипов русских, казахов и немцев (на материале русскоязычных анекдотов)»: дисс. на соискание ученой степени кандидата филологических наук. – Тобольск, 2011. – 142 с.

3 **Карымсакова, Р., Амирова, Ж.** Соблюдение принципов политкорректности при освещении в средствах массовой информации межэтнических и межконфессиональных отношений: Методология мониторинга публикаций СМИ по проблемам межэтнической и межконфессиональной розни // Политкорректность в СМИ Казахстана. – Алматы, 2010. – 11-73 бб.

4 **Кон, И. С.** Психология предрассудка: О социально-психологических корнях этнических предрассудков // «Новый мир». – № 9. – 1966. – С. 19-27.

5 **Сүлейменова, Э. Д.** ж.б. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі. Словарь социолингвистических терминов / Шәймерденова Н. Ж., Смағұлова Ж. С., Ақанова Д. Х. – Астана: «Арман-ПВ» баспасы, 2008. – 392 б.

6 **Малькова, В.** Освещение этничности в СМИ в свете конфликтологии // в кн.: Прикладная конфликтология для журналистов. – М. : Права человека, 2006. – 158 с. – Б. 42-67.

27.01.16 баспаға түсті.

*A. K. Tausogarova*

### Контент-анализ этностереотипов в газетных публикациях

Казахский национальный университет  
имени аль-Фараби, г. Алматы.

Поступило в редакцию 27.01.16.

*A. K. Tausogarova*

### Content-analysis of ethnostereotypes in mass media publications

al-Farabi Kazakh National University, Almaty.

Received on 27.01.16.

*В данной статье проводится контент-анализ этностереотипов на материале общенациональной республиканской газеты «Егемен Казахстан» и общественно-политической независимой газеты «Казахия».*

*В процессе качественного анализа количественных показателей этностереотипов, отражающихся в публикациях газеты «Егемен Казахстан» и «Казахия», определяется их положительное влияние на сохранение и защиту этнической идентичности, на этноинтеграцию и этническую адаптацию, главное, на установление гармоничного межэтнического отношения в многонациональном обществе.*

*In this article the content analysis of ethnostereotypes on the material of the national republican newspaper «Egemen Kazakhstan» and political independent newspaper «Kazakhiya» is carried out.*

*In the course of the qualitative analysis of quantitative indices of the ethnostereotypes which are reflected in the publications of the newspapers «Egemen Kazakhstan» and «Kazakhiya» their positive influence on preservation and protection of ethnic identity, on ethnointegration and ethnic adaptation, and particularly, on establishment of the harmonious interethnic relations in multinational society is defined.*

**А. К. Трушев<sup>1</sup>, Б. Б. Кабышев<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>студент, <sup>2</sup>профессор, д.фил.н., Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар

e-mail: trushev56@mail.ru

**ЛИТЕРАТУРНЫЙ ЯЗЫК ПОЭТОВ XV-XVII ВЕКОВ**

*В статье рассматривается литературный язык поэтов XV-XVII веков. Описываются языковые особенности поэтов того времени, таких как Асан Кайгы, Казтуган, Шалкииз и т.д. Научное исследование указывает на вклад в литературу и в литературный язык казахского языка поэтов тех времен. Сопоставляются разные взгляды ученых по теме развития казахского литературного языка.*

*Ключевые слова: история литературного языка, языковые особенности поэтов, устная форма литературного языка.*

В эпоху культурно-духовной жизни казахского народа в основу языка поэзии, которая тянется со времен образования казахского народа и только образовавшегося языка, легла устно развитая литературная речь. Его использовали как художественную литературу, в виде поэзии, так же для проведения устных споров в отраслях власти, ханских приказах и в документах, связанных с международными отношениями.

Ряд казахстанских ученых не поддерживает, что в это время существовал литературный язык, поскольку литературный язык показал себя лишь в 18 веке, начиная с Бухаржырау. По их мнению, у существовавших в то время казахских жырау не было своих жанровых характеристик и стилистических особенностей. В основном встречались дидактически-бытовые опыты, существовавшие в фольклоре, такие, как «арнау», «қоштасу», «өсиет», которые бытовали с давних времен.

Однако ученый Р. Сыздык считает, что в этот период существовал устно развитый литературный язык [1, 112]. К такому выводу автора подтолкнула книга «XV-XVIII ғасырдағы қазақ поэзиясы» (1982), «Ертедегі әдебиет нұсқалары» (1967), «Алдаспан» (1971), «Ақберген» (1972) и дополнительные материалы, напечатанные в других сборниках. В эти сборники входят творения Асанкайгы, Казтуган, Доспанбет, Шалкииз, Сыпыра жырау, которые передавались из уст в уста.

